

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ  
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ  
120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«ХІХ СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,  
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ  
«ХІХ САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»,  
ПОСВЯЩЕННОЙ 120-ЛЕТИЮ  
АКАДЕМИКА К. И. САТПАЕВА**

**ТОМ 3**

**ПАВЛОДАР  
2019**

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58  
Ж66

**Редакция алқасының бас редакторы:**

Ахметова Г.Г., филос.ғ.к., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

**Жауапты редактор:**

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**

Абишев К.К., Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.Қ., Эрназаров Т.Я., Бергузинов А.Н., Муқанов Р.Б., Каюмова М.С., Мажитова А.Ә.

**Жауапты хатшылар:**

Абдырова А.О., Амангельдинова М.М., Гасымова Т.Г., Еликпай С.Т., Ельмуратова Б.Ж., Жамбулова Б.Т., Жумабаева Г.М., Жумабекова Д.К., Жумадилов Н.Ж., Искакова З.С., Калиева А.Б., Капәнова М.М., Касенова А.Ж., Каскабасова А.А., Кашканова Р.С., Коспаков А.М., Мажитова А.Ә., Мамытова С.Н., Молдабаева С.К., Мусабекова Н.М., Мусина А.Ж., Оғузбаев А.Е., Рахимов Е.К., Садық Н.Е., Сембаева Н.Т., Сергазина З. М., Тайбулатов К.М., Титков А.А., Торайғыров Е.М., Улихина Ю.В., Ысқақ Б.Ә., Юн А.А.

**Ж66** «XIX Сәтбаев оқулары» жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының : халықар. ғыл. конф. мат-дары Академик Қ. И. Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019.

ISBN 978-601-238-907-4  
Т. 3 «Оқушылар». – 2019. – 488 б.  
ISBN 978-601-238-910-4

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-238-910-4 (Т. 3)  
ISBN 978-601-238-907-4 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры,  
филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі**

**Құрметті «Сәтбаев оқуларына» қатысушылар!**

Сіздерді игі дәстүрге айналған «XIX Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясының ашылуымен құттықтаймын!

Бүгін қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың ізін басқан жастарға қош келдіңіздер дейміз! Ғылыми шараны халықаралық деңгейде ұйымдастыру біз үшін зор мәртебе, үлкен мақтаныш!

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мақсаты – асыл азамат, ірі тарихи тұлға, академик, ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, сол арқылы үлгі, өнеге көрсету.

Қ. И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің күдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашанырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он тоғызыншы мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың ізбасарларына даңғыл салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашанырағы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашан да дарынды, білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға дайын.

Әрине, мен конференция қатысушыларына нәтижелі диалог құруларына, оның нәтижесі Қазақстандағы зерделенетін мәселелердің жай-күйі мен келешекте жақсы түсінуге мүмкіндік беретін нақты ғылыми қорытындылар шығаратынына жүректен тілектеспін.

**С. Торайғыров атындағы  
ПМУ ректоры**

**Г. Ахметова**

**11 Секция. Этнология**  
**11 Секция. Этнология**

**КИИЗ ҮЙ ӨЛШЕМДЕРІ**

ӘЗІМБЕКҚЫЗЫ Г.  
 11 сынып оқушысы, № 22 ЖОББМЛ, Семей қ.  
 ОЛЖАХАНОВА Қ. А.  
 математика пәнінің мұғалімі,  
 № 22 ЖОББМЛ, Семей қ.  
 ЫХСАНОВ М.  
 технология пәнінің мұғалімі,  
 № 22 ЖОББМЛ, Семей қ.

Киіз үй – қазақ халқының осы дәуірге дейінгі негізгі баспанасы. Киіз үй сүйегі «қаңқасы» – киіз үйдің үш өлшемді кеңістік сұлбасын шығарып тұрған шаңырақ, уық, кереге, есік «мандайша, табалдырық, босаға» деп аталатын мүшелерінен тұрады. Киіз үй сүйегінің барлық өлшемдерін кереге санымен шаңырақ өлшемі артқылы шығаратыны туралы, әсіресе, шаңырақ шеңберінің ұзындығын киізүй шеңбер ұзындығын үштен бір бөлігіне тең болатыны ел аузында айтылатын шаңырақ өлшемі кереге санына кереге басына тәуелді.

Алты қанатты киіз үй сүйегіне жасалған өлшеулер мен зерттеулерден туындаған қортындылар кигіз үй сүйегінің дайындау заңдылықтарын анықтауға мүмкіндігін берді және зерттеу жұмыстарымен қортындысы киіз үй сүйегінің өлшемдері бір заңдылыққа бағынатындығын байқатты.

1.2 Шаңырақ өлшемі.

Шаңырақ өлшемі –  $A = 1$  метр.

Шаңырақ шеңбер ұзындығы-Ш

Кереге саны- К

$Ш = KA$

Алты қанат үй шаңырағының диаметрі  $D = 6/3,14 = 1,91$  м.

Кигіз үй шеңберінің ұзындығы - С

Киіз үйдің белдеу арқылы  $(6 \cdot 3) + 2$  м = 20 м

Киіз үй шеңбер ұзындығы шаңырақ шеңберінің үш есе артық.

$C = 3Ш + T$  (2)

T – тұрақты сан, киіз үй есігінің ені, 130 см.

$C = 3Ш + T = (3 \cdot 6) + 1,30 = 19,30$  см.

Кереге саны «К» үй иесінің қалауы бойынша – анықталады.

$K = Ш/A$  (3)

А саны 1-ге болған жағдайда кереге саны шаңырақтың метрлі көлемі санына тең болады.

Мысалы:

Үй иесі шеберге алты қанатты үйге сұраныс жасады дейік.

Кереге саны – 6

Шеңбердің ұзындығы - 6 м.

Шаңырақ диаметрі- 1,91 м,

Үй шеңберінің ұзындығы -19,30 м.

Осылар арқылы киіз үй сүйегінің қалған мүшелерінің өлшемдері анықталады.

Кереге биіктігі h шаңырақ шеңберінің, ұзындығын Ш бестен бір бөлігіне тең

$h = Ш/5$  (4)

Шаңырақ шеңберінің ұзындығы 6 м;  $h = 6/5 = 1,2$  м.

Жайылған кереге ұзындығы үш өлшеміне тең.

$ЖК = 3 \cdot A$  (5)

$ЖК = 3 \cdot 1 = 3$  м.

1.3 Уық өлшемі.

Уық иінің бұрышы

Зерттеу тәжірибелерінің нәтижесінде уық пен еден жазықтығының арасындағы бұрыш 45 градусқа жуық екені байқалады.

Кейбір зерттеу жұмыстарында бұл бұрышты 60 градусқа, 72 градусқа тең деген қате пікірлер кездеседі. Ол бұрыш 45 градустан үлкен болса үй тым шошайып, сәнсіз болып көрінер еді. Ал бұрышты сол мөлшерден азайту шық-шылау, жаңбырлы кездерде үйге тамшы таму мүмкіндігін көбейтеді.

Уық ұзындығы.  $У^* = 2 (R \text{ үй} - R \text{ ш}) (R \text{ үй} - R \text{ ш})$  (6)

Мысалы:

Қанат саны -6

Шаңырақ шеңбер ұзындығы -6м

Шаңырақ диаметрі -  $6/3,14 = 1,91$  м шаңырақ радиусы -  $1,91/2 = 0,95$  м

Киіз үй шеңбер ұзындығы -19,30 м

Киіз үй диаметрі -  $19,30/3,14 = 6,33$  м

Киіз үй радиусы -  $6,33/2 = 3,16$  м

Уық ұзындығы –  $2(3,16 - 0,95)(3,16 - 0,95) = 2(2,21 \cdot 2,21) = 9,77$

$У = 3,1$  м.

Уық иені кереге биіктігі, үштен бір бөлігіне тең

$Уи = h/3$  (7)

$U_i = 1,2/3 = 0,4\text{м}$

Киіз үй биіктігі

$h_{\text{үй}} = (h_k + U_i) + (R_{\text{үй}} - R_{\text{ш}})$  (8)

$h_{\text{үй}} = (1,2 + 0,4) + (3,16 - 0,95) = 1,6 + 2,21 = 3,81\text{м}$

Кереге басы

Жайылған кереге ұзындығы 3 метрге тең болғанда, бір кереге де уық байланатын 16-17-18 бас болғаны тиімді деп есептеледі.

Алты қанатты үй керегесінің басы  $(6 \times 17) = 102$  бас

Уық саны

Керегеге бекітілетін уық саны – 102 бас

Маңдайшаға бекітілетін уық саны 5-7

Барлық уық саны  $102 + 5 = 107$

Шаңырақ көзі

Шаңырақ көзі уық санына тең. Шаңырақ шеңберінің ұзындығы алты қанатты үйде – 6м

Шаңырақ көздерінің арасы  $600 : 107 = 5,60$  см

Үй мен шаңырақ шеңберінің ұзындығы және кереге мен уық биіктіктері арқылы киіз үй кигіздерінің өлшемдерін (үзік, туырлық, түндік, іргелік) анықтау қиындыққа түспейді. Шаңырақ көзі қиық конус формалы бұрғымен (бас жағы 2 см, түп жағы 2,5 см) ойылады. Шаңырақ көзі остерінің арасы 5-6см жобада тесіледі

Киіз үй дөңгелегінің ауданы.

Алты қанатты үйдікі 28 шаршы метр.

Қорытынды: Киіз үй – көшпенділер үшін табиғаттай сұлу, кеңістікке үйлесімді шағын әлем. Бұл ретте киіз үйді адамзат баласының ұзақ тарихында жасалған материалдық мұраларының ішіндегі бірдей айғақтарының бірі деп қарауға болады. Киіз үйдің ішіне кіргенде іргесі төңіректегі көкжиекті, уық – шаңырағы аспан күмбезін елестетсе, ішкі – сыртқы безенген көркі әсемтабиғатты жоқтатпайтындай әсерге бөлейді. Киіз үй сан мен сапаны қамтыған тағылымы биік, танымы терең, табиғи көркем туынды. XX ғасырда қазақ мәдениетінің баға жетпес мұрасы – киіз құны мен маңызы төмендеді.

Осы зерттеуімде мынадай қорытындыға келдім:

1 Мектеп бағдарламасында киіз үй тақырып болып енгізілсе

2 Халқымыздың ұмытуға қараған киіз үй жасау технологиясы жаңғыртылса;

3 Жеке кәсіпкерліктер киіз жасау технологиясын жандандырып, халыққа пайдалануға кең көлемде шығарса.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Атамның жеке архиві.
- 2 Дүйсембинова Р.Қ. Мектеп этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру. - Алматы: Ғылым, 2000.
- 3 Қани М. Қазақтың көне тарихы. Алматы: Жалын, 1993.
- 4 Доспамбетов Ә. Қырық қазына. – Алматы, 1997.
- 5 Қалиев С., Оразаев М. Қазақ халқының салт-дәстүрі. – Алматы, 1994.
- 6 Ақпанбет Ф. Дүние өлшеммен жасалған.
- 7 Арынов Т. Қазақтың киіз үйінің түрлері туралы. // Жұлдыз, № 11, 1993.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӨМІРІНДЕГІ «ҚАРА ҚАЗАННЫҢ» ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

АСКАРОВА А., ИСКАКОВА А.

5 сынып оқушылар, Дарынды балаларға арналған  
Абай атындағы № 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

СЕКЕНОВА М. Ж.

тарих пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы  
№ 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Кәдімгі қара қазанның басқа ыдыстарға қарағанда қазақ өмірі мен мәдениетінде алатын орны мүлде жоғары екені мәлім. Өйткені олар күнделікті тіршілік құралы. Қазақ дастарқанына түсетін тағамдардың барлығы да (қымыздан басқасы) ең алдымен осы қазаннан өтеді. Халық жай ғана қазан демей оны «Қара қазан» деп қастерлеп айтады. Бұл жерде қара сөзі қасиетті, киелі, берекелі деген ұғымды білдіреді (қара шаңырақ, қара орман). Қазан-тоқшылық пен берекенің, ырыс-несібенің айғағы, қасиетті киелі ыдыс саналған. Бірақ, өкінішке орай қазіргі өскелең ұрпақтың біразы ғана болмаса, көбі «қара қазанның» мәнін түсінбейді. Сол себепті осы тақырыпта ғылыми жоба жазуды жөн көрдік. Қара қазан талай қазақты аштықтан аман алып қалып, жаугершілік кезеңде талай қазақты қырып салғанда, қазан астына жасырынып қанша бала тірі қалғанына тарих куә. Біз солардың ұрпақтары емес пе едік? Кешегі күнімізді ұмытуға болмайды. Біз тарихтан сабақ алуымыз керек, сонда ғана мықты ұлт боламыз.

Қазіргі заман талабына сай көштен қалмай жаһандану үдерісіне қосылып жатырмыз, бірақ ең бастысы біз ата-бабаларымыздың ұлттық құндылықтарын, рухани мұрамызды жоғалтпауымыз керек. Сол кезде

ғана біз аталарымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қалдырып кеткен жеріміздің тәуелсіздік туын жоғары желбіретіп, «Мәңгілік Ел» бола аламыз. Сол дәстүрдің бірі «қара қазанның» халқымыздағы орны. Біздің бабалар қарапайым қазан арқылы үлкен философиялық ой-толғамдарды жеткізген. Қазақта «қара қазан, сары баланың қамы» деген әспетті бір атау бар. Тіпті, баһадүр Махамбеттің жырында да: «Қара қазан, сары баланың қамы үшін қылыш сермедік», – дейтін сөздің мағынасы тереңде жатыр. Ал: «Қазан шайқалса, ырыс шамданады», – деген аталы сөздің астарында бір ұлттың ырысы, бүтін ұлыстың тіршілік нәрі қарапайым қара қазанда тұрғанын, ол шайқалса, я төгілсе елдің ертені қараң екенін байқатады.

XIX ғасырдағы көптеген зерттеушілер назарына (сақтардың қола қазандары) ие болып, қазандар туралы деректер А. Рейнек, Н. М. Яндренцевтің еңбектерінде қамтылды. 1910 жылғы В. А. Городцовтың зерттеуінде бейнеленді. Аталған зерттеулерде қазандардың шығу территориялары туралы бірнеше көзқарастар, ой-тұжырымдар келтірілген [1, 125 б.].

В. В. Радловтың, И. А. Кастаньенің зерттеу мақаларында кең далада, қорғандардан табылған қазандар қамтылып, А. Н. Бернштамның археологиялық зерттеулерінде Ю. Спасскаяның ерте көшпенділердің материалдық мәдениетіндегі қазандар жан-жақты зерттелді [1, 69 б.].

Қазақстан территориясында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде және кездейсоқ табылған заттар құрамындағы қазандар туралы археолог ғалымдар К. А. Акишев, Г. А. Кушаев, П. Агапов, М. Кадырбаев, К. М. Байпақов, С. Г. Жұмабекова жариялаған зерттеулері бұл заттарды жүйелеп, сипаттаудағы қомақты еңбектер.

Е. Ю. Спасская XX ғасырдағы 50-ші жылдары Қазақстан мен Қырғызстандағы мыс қазандардың тізімін жасаған. Осы ғасырдың 80-ші жылдары Н. А. Бокавенко ерте көшпенділер қазандарын жіктеген еді. Е. А. Плетнева, Г. А. Федоров-Давыдов, М. Л. Швецов зерттеулері кейінгі көшпенділердің археологиялық материалдары зерттеу барысы, қазанның атқаратын қызметі, орнын нақты түрде түсінуге негіз береді [2, 16 б.].

Түркілердің дәстүрлі дүниетанымында, мәдениетінде ошақ тұрақтылық, әлемнің мәнін бейнелейді. Қазан-молшылық беруші, рудың, елдің сақтаушысы, қорғаушысы символы болды. Ілгеріде рудың ең соңғы өкілінің қайтыс болуын, оның отының сөніп, қазанының сынып жоғалуымен бейнелеген. Қазанның тұғырының мықты болуы кең ауқымды символ болды. Мықты қазан тұғыры адамның, ру, елдің, берік өмірін бейнелейді. Қазанды «бас» ретінде

түсіну, заттың негізгі орнын айқындау, өмірдің негізі ретінде қарау түркілердің дүниетанымында ерекше орын алды.

Қазан – игерілген кеңістіктің негізгі көрсеткіші болды. Оның оты бар ошақта тұруы жаңа отбасының құрылуын бейнелейді. Қазан – отбасының молшылығын, ырысын көрсетеді. Ошақта, тұғырында нық, берік тұрған қазан – тұрақтылықты бейнелесе, қиратылған, төңкерілген қазан – бақытсыздықтың, өлімнің көрінісі болатын. Төңкерілген қазан өліммен теңестіріліп, қайтыс болған адамның қабірінің аяқ тұсына қойылып отырған.

Қазан түркілердің дәстүрлі дүниетанымындағы рәсімдеріне енгізілген. Осыған сәйкес төңкерілген қазан – жер ананың қойнауына, ата-бабасына жақындығын бейнелеген. Жабық, төңкерілген қазанның астында болу, өлімсіз сау қалудың кепілі болды. Жоңғар шапқыншылығы кезінде елдің басқа да жауынгерлік кезеңдерінде баласын жаудың қаһарынан қорғаған аналар, оларды төңкерілген қазанның астына тығып кететейін көріністер көптеген аңыздар мен шығармаларда кездеседі. Шапқан жаудың қазанның астын байқамауы мүмкін емес. Анасы баласын өлімнен құтқарғанда жоғарыда аталған дәстүрге сүйеніп, арашаны қазаннан іздеген. Ұрпағын Жаратушының, жер ананың, ата-бабасының арашасына қалдыра отырып, шапқан жаудың да қасиетті межеден аттап өте алмайтынына сенімді болған болар. Дәстүрлік түркілік дүниетанымда жабық, төңкерілген қазанның астында болу өлімсіздіктің символы болса, қазанның астындағы адамды өлтіру қалыптасқан дәстүрді бұзу еді. Жаудың төңкерілген қазанын көтеру де, жасалынбайтын әрекет болатын. Қазанның адам өмірімен байланысы оның қасиетімен ұштасып отырды. Түркілердің дүниетанымында, жалпы тұрмысында қазан рудың, елдің, отбасының орталығына қойылған. Қазанның орнатылуы кеңістікті игерудің маңызды көрінісі саналды. Бір жерден екінші жерге көшкенде қазан, баспана бірге алып жүріліп отырды. Мұндай құндылықтарды рәсімдерде қолдану кеңістікті игерумен байланысты болды. Баспана, ошақ, қазан рулық территорияның орталығын бейнелеген. Түркілердің баспанасы әлемнің мәдени символы болса, онда орналасқан қазан бас, бастаушы, жетекші, орталық сипатына ие.

Тувалықтардың тілінде «бас» және «қазан» түсініктері бір «бас» сөзімен бейнеленеді екен. Оңтүстік Сібір түркілерінің рәсімдерінде қалыңдықтың басына қазан беру болған, яғни ұзатылған қыздың басына қазан төлеу, қазақтардың «Жеті Жарғысындағы» «қара қазан» төлеумен ұқсастық тапқандай. Бұл екі жағдайда қазан жаңа өмірді, кеңістікті иегеретін негізгі, басты, бірінші зат ретінде адам

өміріне пара-пар қабылданып отыр [6, 4 б.]. Қазан баспана секілді, табиғи-шаруашылық өмір сүру сипатына сай үнемі қолданылып отыратын бұйымнан, үлкен символдық маңызы бар затқа айналды. Көшпелі өмір салты жауынгершілік заман тезінен өткенде қазан басшы, бірінші рөлінен айырылған жоқ.

Бұрын жауласқанда қазан, шаңырақ сындырып кек алған. Ертеректе қазанын сындыру – отбасын ойрандаудың, қазанын төңкеру – аштықтың, масқаралаудың белгісі болған.

Ерте замандағы «Ер Төстік», «Құла мерген» жырларында қазанға байланысты деректер көп кездеседі. Мысалы, «Құла мерген» жырында дария астынан алтын қазан іздеуді (ерте көшпелілер дәуіріндегі) сол кездегі тайпалардың батыс, оңтүстік бағытта жылжуымен байланыстыруға болады. Жырда:

«Сөз тыңда құлақ салып, балам маған

Астында дарияның алтын қазан.

Әкелсең сол қазанды ерлік қылып,

Берейін Күнсұлуды қосып саған...» - деген ежелгі жыр жолдары ерлік заманында қазанның негізгі рөл атқарғанын, қоныс аудару, жаңа жайылымдар, мол байлық іздеу, жорықтарға шығу – өмір тынысының бір түрі болғанын айғақтайды.

«Құла мерген» жырындағы теңіз астындағы қазан іздеуді Ә. Х. Марғұлан тайпалар демократиясының бірлігін сипаттау деген. «Қазан мықты болса, ел де мықты [1, 136 б.]. Қазан шаңырақ сияқты бүтіндіктің белгісі, ол құрыса ел де құриды. Қазанды қасиеттеуді – темірге табынудың бір түрі деп көрсетеді.

Ежелгі жерлеу орындарын зерттеген ғалымдар жерлеу рәсімі кезінде әдейі сындырылған қазандарды кездестірген. Заттарды сындыру, «өлтіру» рәсімі ерте темір дәуірінде де болды. Ол адамның, белгілі бір қоғам мүшесінің, қолбасының, патшаның қайтыс болуын, дүниеден өтуін бейнеледі.

Мындаған жылдар көшпелілер мәдениетінде қазан ерекше орын алып, тарих сахнасына біріне-бірі ұласа келген тайпалардың қасиетті затына айналған. Сақ, ғұндар, үйсін-қаңлы, қыпшақтар бұлар заттай мәдениетінде қазан қою дәстүрі болған көшпенді тайпалардың тізбегі. Қазақ халқының әдет-ғұрпында, аңыз-жырларында сақталып, қадірленген зат.

«Оғызнамада» Садыр Қазан VII-X ғғ. Сыр мен Қазығұрт тауларын қоныстанған оғыз-қыпшақтардың ұлы қорғаны болған. Осы ел қорғаны болған батырдың атының қазан қойылуын қазанға байланысты іс-әрекеттен өрбіген деген тұжырым бар [6, 5 б.]. Қазанды бірлікпен,

басқару, биліктің символымен ұштастыра қараған, ел бірлігі үшін аянбай ерлік көрсеткен ерге қойылған ат болса керек.

Қалың әскерді басқаратын бас қолбасшы жүрген жерде ортақ қазан да ере жүрген. Бас қазан тұрған жер Қазан, қазандық деп аталатын болса, сол қазанды өз қосында ұстаған бас сардарға «Қазан» титулы берілетін. Тайпалар арасындағы соғыс, көшпенді тайпалардың Еуразия даласындағы қозғалысы да, қазандардың кейінгі көшпенділермен бірге жаңа жерлерге баруына негіз болды.

Баспана-ошақ-қазан түсініктерін қарастырар болсақ түркі тілдес кейбір халықтарда (тувалық, хакас, алтайлықтар, шорлар) қазанның орналасуына байланысты кеңестік және уақыт түсініктері бар. Сібірдің түркі халықтарында «қайнаған қазан» туу, өмірге келу бейнесінде қабылданып, қорғаушы, өмірді сақтаушы, молшылық символы болды. Қазанның беріктігі – бақыттың тұрақтылығының кепілі ретінде қабылданған.

Қазанның рәсімдік қызметі, олардың күнделікті тұрмыстағы қызметімен қатар жүрді. Құрбандық шалуда рәсімдерде қасиетті зат ретінде қолданылды.

Қазақ халқының қазанға қатысты ырымдары көп. Қазақ қызға ешқашан қазан бермеген, қайтыс болған адамның моласы бұзылса, түске кіріп мазаласа, басына қазан апарып қойған. Сол сияқты, қайтқан кісінің соңынан тұқымдары ауру-сырқаусыз белгісіз себептермен өле берсе құран оқытып, басына қазан төңкерткен. Біздің халқымызда қазанға қатысты тағы бір бар, суға батып кеткен адамды қазан арқылы, адам суға кетсе, үйіндегі қазанын төңкеріп суға жібереді. Алланың құдыретін қараңызшы, әлгі қазан адам батқан жерді айнала жүзіп тұрады. Қазақтың таным-түсінігінде қазанның алатын орны ерекше. Мысалы, Түркістандағы тайқазанды алсақ, бұл тайқазан берік дәстүрден тамыр алып, исламдық мәнмен астасқан көне мұрамыз, бұл тайқазан-тұтастығымыздың, игілікті істердің символы. Тайқазан сонау 1399 жылы сирек кездестетін жеті түрлі асыл металдың қоспасынан құйылған. Кімде кім қазанға су толтырып, және соны адамдар ішіп, шөлін қандырса, Алла тағала жұмақта оған арнап хауыз дайындайды деген хадис бар. Соған қарағанда бұл тайқазан кесененің бір бұрышына жай жәдігер ретінде қою үшін жасалған сияқты. Бұрындары сақ елінің бірлігі бұзылып, ел ішін алауыздық жайлай бастапты. Сол кезде ел көсемдері халықтың басын біріктіру үшін үлкен қазан куюды бұйырады. Сақ сарбаздары жебелерінің мыс масағын жинап, балқытып, содан алып қазан құйған. Сол қазанға пісірілген тағамнан дәм татқан сақтар өкпе-наздарын ұмытып, қазан басында қайтадан татуласқан.

Мұны тарихтың атасы Геродот жазады, қазан қазақтың қорғаны да болды («Ақтабан шұбырынды Алақакөл сұлама») заманында босқан халық бауырындағы баласын төңкерілген қазан астына жасырып аман алып қалған.

Қазан туралы мақал-мәтелдер де қазақ халқында аз емес. «Қазанға түскен, қапқа түспейді», «Қазанға тиме, қарасы жұғар, балаға тиме, бөлесі жұғар», «Тентекті тентек десең бөркі қазандай болады», «Қазанның күйесі жұғар, ақымақтың бөлесі жұғар», «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса», «Қазан асулы, ас пісулі», «Азансыз молда болса да, қазансыз қатын болмайды», «Қара қазан қазанға: «Ойпырмай, бетінді тазала!», «Қасығы сынған қазанна ұрттайды», «Астапыралла!» дегеннің қазаны тез қайнайды», «Қараның баласына қазан менен сөз керек», «Төренің баласына әнші менен көз керек». Осы мақал-мәтелдерге қарап, атаулы ыдыстың қазақтың салт-дәстүріндегі ерекше орнын көруге болады. Қазақ халқы қара қазанды қасиетті деп санайды. Қазанның қақпағын жауып қояды. Қазанды қызға бермейді. Қазанды көшкенде тастамайды. Алып жүруге мүмкіндігі болмаса садақа беріп қазанды көміп кетеді. Себебі, «үйдің ырысы кетеді» деп санаған [8, 12 б.].

Атақты ғалым Әлкей Марғұлан да қазанның қасиеті туралы өз пайымын ортаға салып кеткен. Онда ғалым «Құламерген» жырының желісіне ерекше назар аудара келе, қазанға байланысты арнайы: «Қазан мықты болса, ел де мықты. Қазан – шаңырақ сияқты, бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды», – деп жазады. Міне, мұнда да қазанның құрсағы күтқа толы анадай елді асыраушы, шын мәніндегі ырыстың ұйыған ошағы екенін аңғарамыз. Әрине, мұнда ол құрыса, ел құриды деген сөзді былайғы жұрт та түсінсе керек. Яғни, қазанынан асы кеткен елдің күші кететінін тарихта кескілесіп ұрыс салған әр екі тарап жақсы түсінген. Сол үшін жауласқан елді азық-түліктен тарықтыруға тырысыпты. Шамасы келсе, қазан-ошағын төңкеріп, қазынасын талап кетуді мақсат етіпті.

Қазан-ошақ төңкеру демекші, аталмыш дүниені төңкеріп қою ежелден жаман ырымға баланыпты. Мәселен, шаңырақта адам қалмай, бәрі о дүниелік болса, үйдің қазаны төңкеріліп қойылған. Бұл салттың әуелгі мәнісі – «шаңырақта енді түтін түтететін адам жоқ» дегенді білдірген. Енді бір тұрғыдан келгенде, осы қазан төңкерілуінің өзі көшпенді халық санасында шартты түрде соғыс зұлматын көзге елестететін бейнеде жатталып қалғаны бар. Олай болуының бір себебі, қаншама ұрпақ ел басына екіталай күн туған алағай-бұлағай шақта осы қара қазанның астын паналап аман қалды.

Оның ар жағы әке мен шешеден тірідей айырылған баланың жау кете анырап, дала босып кетуіне әкелмеді ме? Ел мен елді ақтан қос шынарының мейірім шуағын жоқтаудан асқар қасірет жоқ. Сондықтан ел аузындағы «Қазаның төңкерілісін» деген қарғыс та осы жағдайларға байланысты айтылған.

Жақсылыққа жаны құмар, ізгілікке көңілі жомарт қазақтың «енші» дәстүріндегі бір жайтты атасақ, ер баласы еншісін алып бөлек шыққанда да үлкендер сол отауға әуелі сый ретінде үлкен қазанды алып баратынын болған. Ондағы мақсат та, тілек те біреу – отынан қазан, үйінен қонақ арылмасын деген пейіл ғана.

Ол ол ма, Ұлыстың ұлы күні айтылар тілектің қайсысы «қазаның аққа толсын» деген ақжарма сөзден оңаша айтылып еді, тәйірі? Сосын барып, «қамбаң дөнге толсын» деген жүрекжарды тілек жұптасып айтылады емес пе? Былайша айтқанда, қазанның тоқтығы тек қу құлқынның тоқтығын ғана күйттей айтылған жалаң тілектің жадағай сықпыты емес-ті. Тиісінше, ақты – қасиетті сүтті тілге тиек ету арқылы ырысын, берекен, қасиетін артсын деп көп тілектен ақжармасын асырып айту бар онда [4, 16 б.].

Қасым хан мен Есім хан тұсындағы заңдар бойынша кісі өлтірген айыпкердің шаңырағы ортасына түсіріліп, қара орманы бүлдірілгенге дейін таланып, өзі өлім жазасына тартылып отырған. XV–XVI ғасырлардағы аса қатал да, аяусыз төгілген қанға қан төгіп, кек алу қазанмен байланысты шешіліп отырды. Шаңырағын ортасына түсіру, ошағын қирату, қазанын төңкеру дала дәстүрінде аса қасиетті сол қоғамның адамды адам ретінде бейнелейтін белгісінен айыру болар.

Уақыт өте Тәуке хан заманында бұл заң жеңілдеді. «Қанға қан» жойылып, орнына күн төленіп, жеті айып кесілген. Тәуке ханның Жарғысы бойынша «күн дауымен байланысты ережелерде» осы мәселе қаралып, «қазан сындырмай» яғни, кек алып, қан төкпей оның орнына жәбірленген жаққа қазан беріп (төлеп) келісімге келген. «Жеті Жарғыдағы» кек алуға беретін символ нәрселер ішінде «қара қазанның» болуы осыдан. Жарғыда өлім жазасына тартылған адам жеті айып төлеп құтыла алған. Оның біріншісі – қара қазан төлеу. Қазан төлеу айыпкердің шаңырағының ортасына түскенінің белгісін білдіреді. Бұл белгі белгілі бір символдық сипатта жасалғанымен, қоғам мүшесі үшін ауыр рухани жаза еді. Жалпы айтқанда «тірідей өлтіру» деуге болады. Құн дауына байланысты «қанды кек», «қанды мойын құныкер», «ежелгі дұшпан», «ескі жау» ұғымдары қалыптасқан қаталдықтарды тоқтатты. Қазақ қоғамының мүшесіне тән, белгілі бір қоғам мүшесінің құқы өлім жазасына кеспей, шектеді. Қоғам мүшесі

өзі өмір сүрген ортадағы әдет-ғұрыптарға негізделіп, өмір сүрген субъект ретінде жасаған қылмысы үшін өз жазасын алды [3, 65 б.].

Бұл жерде «қара қазан» шаңырақ, отбасы түсінігімен қатар тұр. Айып ретінде «қара қазан» төлеу отбасынан айырылу түсінігімен бірдей болса керек. Аса қатал да, қатыгез, аяушылықты білмейтін әскери сипатта қанға қан, жанға жан алу, аса қасиетті де, қадірлі қара қазан төлеумен алмастырылса – бұл қазанның қоғамда алатын орнын бейнелегендей. Өзгенің қанын төккен айыпты адам қоғамның толыққанды мүшесі ретіндегі қадір-қасиетінен айырылады. Бұлар: отбасының ойрандалуын символдық түрде бейнелеу, қоғамның мүшесі, жауынгер ретіндегі салмағынан айырылу, толық рухани жойылу ретінде көрініс береді. Қазақ қоғамының даму деңгейінің жоғарылауы қазанын сындырып, отбасын ойрандамай, қазанын төңкеріп, аштық, масқараламай, қан төкпей, қазан берумен алмастырылудан байқалады.

«Абылай аспас Сарыбел», «Ботақан туралы» аңыз-әңгімелерде қара қазан айтылады. М. Ж. Көпейұлы, В. В. Радлов жинаған аңыздарда Абылайдан кек алуға жүз батырымен келген Бекболат бидің үш ойы Абылайды өлтіру, әйелін ат құйрығына байлау, қазанын қак айыру болған. Абылай хан кек алуға келген батырларының алдында өрістегі сиырды, асулы қазанды қалдырып кетеді. Қанды кек алу ойын ұққан соң, қазанын беріп, береке-бірлік сақтауды шешті. Келген жақ қасиетті қазаннан аттап өте алмай бітімге келген.

Қазақ халқының даналығын нақыл, жұмбақ сөздерінен, ертеден келе жатқан дәстүрдің ұрпақ сапасындағы сабастығын ел арасындағы кездесетін пікірлерден-ақ байқауға болады. «Қазаным сынып қалған» деген сөз адамның отбасындағы, өміріндегі қайғысын білдіргін. Ел әрқашанда қазанның бүтін үлкен болғанын қалаған, қастерлеп ұстап дәріптеген. Ел арасында сақталған ертегі, жырлардағы қазан туралы деректер-оның көшпенділер өміріндегі алатын орынын жоғарылата түседі. Қазақтардың әдет-ғұрпындағы қазанның ерекше екенін қазақ қоғамының дамуында «Алтын ғасыр» аталған Тәуке хан заманында ел арасында қолданған қоғам сұранысын бейнелеген «Жеті жарғыда» қазан түсінігінің орын алуы нақтылай түседі. Өмір талабы, сол кезеңдегі әлеуметтік мәселерді шешу – «қара қазанға» мән беруді талап еткен.

Отбасы, ұрпақ, ел қамы, қару алып ерлікке ұмтылу-ертеден атадан-балаға мирас болып келе жатқан еркіндік пен ерліктің белгісі. Қазанға деген ерекше көзқарастың қалыптасуын болуын негізгі өмір салты көшу-қонымен, көшпелілікпен байланысқан қазақтардың ата заңында бейнеленуі де растайды. Жоғарыда келтірілген деректерден «қара қазан» жай ыдыс қана емес, сакральді мәнге ие болғанына көз жеткіздік.

Қара қазан арқылы қазақ халқы арасында патриархалдық феодалдық заманда дау-дамайды да шешіп отырған, сондай-ақ еншіге алдымен қара қазан беру, мәйіттің зиратына қазанды төңкеріп қою сияқты салт-дәстүрлерді де орындап отырған. Тіпті қазанын сындыру, қазанынан айырылу ең ауыр жазалардың бірі болған. Сондықтан қара қазанның қасиетін қазіргі жастар білуге міндетті, бұл ата-бабаларымыздың мәдени мұрасы. Түтінін түтетіп, қазанын сақтап отырған отбасы ғана берік отбасы бола алады, саликалы ұрпақ тәрбиелей алады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұстапаева Д. Асыл мұра қасиеті Тайқазан 2003, Алматы.
- 2 Темірбаев Б. Қазақтың қара қазаны // Қазақ тарихы / - 2015.
- 3 Түменбай Қ. Қара қазан // Жұлдыз, 56-77 б. 2012. - № 10.
- 4 Армысың, өз-Наурыз Астана, «Зерде» баспасы, 2010.
- 5 Қара қазан қасиеті // Фибрат, 9-12 б. 2018, №3.
- 6 Қасиетті қара қазан // Ел-Ана, 3-5 б. 2017, 14 наурыз.
- 7 Әлпейісова Қ. Киіз үй, қазан және шаңырақ туралы: Үшкір бұрыштарға ұрынбай өмір сүру философиясы // Егемен Қазақстан 8-9 б. 2018, 28 шілде.
- 8 Қазақтың ыдыс-аяқтары // Вақ.kz 2014, 8 қазан.
- 9 Қазан қандай болған дұрыс? // Ақтөбе 5-7 б. 2010, 15 шілде.

#### КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОСТЮМ

БАЙТЕЛИНА С. Ж.

ученик 6 «А» класса, Школа-лицей № 266, Кызылординская обл.,  
Казалинский р-н, кент Айтеке би

ШАЛТЕН Б. Қ.

учитель технологии и художественного труда, Школа-лицей № 266,  
Кызылординская обл., Казалинский р-н, кент Айтеке би

Казахский национальный костюм начал формироваться около 5-6 веков назад. Именно в это время самобытность казахов можно назвать сформированной. Она и отразилась в национальной одежде этого народа. Современный вариант казахского национального костюма не только долго формировался, но и постоянно изменялся. Соседствующие с казахами народы сильно влияли на местную моду. Свою лепту внесли татары, русские, среднеазиатские народности. Но во все времена казахская одежда отличалась большим разнообразием декоративных элементов и украшений, запахом справа на лево,



каёмкой. Украшением служили вышивка и национальные узоры, кроме того казахи верили, что они оберегают от злых сил.

*Можно выделить следующие отличительные черты в казахском костюме:*

1 верхняя одежда имеет характер распашной и всегда запахивается на левую сторону. Это присуще мужским и женским костюмам;

2 приталенный крой;

3 женские костюмы богато украшены оборками, роскошной бахромой и каймой;

4 присутствие высоких шапок, которые украшаются драгоценными камнями, а также перьями или вышивкой;

5 вышивка отражает национальный орнамент, выполняется в виде люрекса, узорчатого тканья;

6 распространены материалы – кожа, мех, шерстяное сукно, войлок.

Для пошива лёгкой одежды и нижнего белья использовались хлопчатобумажные ткани. Их доставляли торговцы по шелковому пути, вместе с ними казахам поставлялась парча, шёлк, бархат и другие дорогие ткани. Верхняя одежда шилась из козжих, жеребчых, сайгачьих шкур, были популярны изделия из овчины.

Цвета казахского костюма традиционно были и остаются яркими и сочными. Они свидетельствуют о богатстве, достатке, роскоши. Это все оттенки зелёного, синего, золотого, красного, которые можно увидеть и в женских, и мужских нарядах. Элементы национальной одежды используются и современными казахскими дизайнерами при создании традиционной одежды. В них отдается дань старине, поэтому наряды выходят как раньше яркими и броскими. Особенно украшают богатые орнаменты.

Ткани национального костюма казахов зависят от степени богатства владельца. О достатке говорит парча, тонкий шёлк, мягкий бархат, ценные меха. Ими оторачивалась верхняя одежда, края головных уборов. Широко применялись шерстяные и хлопчатобумажные ткани.

И мужская, и женская одежда всегда была приталенного кроя. Изделия по традиции расширяются к низу. Также халаты могут быть прямыми, рукава длинные. Халат – шапан – основной и древний вид одежды казахов, один из составных элементов казахского национального костюма. Шапан носили и мужчины и женщины. Халаты шили не только из замши, но и из привозных шелковых,

шерстяных и хлопчатобумажных тканей. У мужчин традиционной одеждой являются широкие шаровары. Крой платьев для девушек и незамужних женщин длинный, приталенный, украшен оборками и воланами. Головные уборы имеют конусообразную форму.

Национальные казахские наряды для детей – это уменьшенные модели взрослых костюмов. Они такие же яркие, красивые и богаты украшениями.

При изготовлении различных элементов казахского национального костюма широко была распространена вышивка гладью. Гладью вышивали кимешеки, суконные мужские штаны. С большим мастерством вышивали тамбуром - петлей в петлю. В вышивке тамбуром и гладью использовались геометрические и растительные узоры, иногда контурные изображения человека и животных, иногда целые сюжеты.

Богатству украшений казахи уделяют много внимания. Они отличаются разнообразием материалов и манерой выполнения. Их используют во всех предметах одежды. Например, нашивки и на халатах, и на обуви, и на головных уборах.

В зависимости от достатка использовались такие металлы, как золото, серебряные, бронзовые украшения. Из драгоценных камней казахи предпочитали сердолик, перламутр, жемчуг, кораллы, а также цветное стекло.

Особенно выделяются перстни. Они носят разные названия, которое зависит от формы. Например, существует кольцо «птичий клюв». Браслеты, подвески и серьги, могут быть кованными и очень массивными.

Украшения нужны были для придания оригинальности и выделения ранга владельца костюма, также они были и самостоятельными элементами. Для людей разных возрастов, семейного положения, ранга существуют разные виды украшений. Отличаются они и по территориальному признаку.

Национальное свадебное платье казахской невесты носит сложное название Той Узату койлек. Оно шьётся из дорогих тканей, таких как шёлк или атлас, органза или тафта. На нём обязательно присутствует казахский орнамент и нежная вышивка. Её создают из бисера, оформляют золотыми шнурами и лентами. Свадебный наряд, что в древние времена, что сегодня, отличается оригинальным головным убором. Его называют саукеле. Такое убранство было актуально вплоть до 19 века. Саукеле шьётся в форме конуса, длиной около 70 см. Как обычно оно украшено драгоценностями. Для этого использовали

монеты, кораллы, жемчуг, золотые вставки, драгоценные камни, бляхи. К убору прилагались украшения для подбородка и подвески на виски. До спины от убора свисала лента, сотканная из золотых нитей и обшитая бахромой. На затылке было приятно изображать символ благоденствия – рыбу голову. Поверх свадебного убора принято надевать бархатный или шёлковый платок. Свадебный головной убор принято носить в течении первого года семейной жизни. Затем его достают только по большим праздникам. Саукеле не только красивый, но и очень дорогой головной убор. В давние времена за него давали до 100 лучших скакунов. А мастера трудились над таким убором не меньше года. До сих пор по казахским приданиям считается, что чем богаче будет саукеле у невесты, тем счастливее и удачнее сложится ее семейная жизнь. Поверх свадебного платья невеста может одеть камзол. Он шьётся в тон платью, его тоже украшают орнаментами, монетами, камнями. Цвет ткани свадебного платья играет интересную роль. Вместо привычного нам белого цвета казахи предпочитают и красный, и синий цвета. Красный символизирует юность, жизнь в её самом расцвете. Синий – это символ мирного неба над головой, тепла и уюта. Он говорит о непорочности и чистоте. Если дата свадьбы выпадает на теплое время года тогда чаще используются белые, розовые, кремовые оттенки. Ни один казахский свадебный наряд не обойдется без украшений. Это и браслеты, и кольца, и ожерелья, и подвески.

Разнообразны мужские и женские головные уборы казахов. Некоторые мужские головные уборы делали из войлока. Из них наиболее традиционный и старинный - калпак, представляющий собой островерхий войлочный головной убор. У казахов высокая шляпа из белого войлока называется ак калпак. Такая же шляпа с загнутыми вверх широкими полями называется аир калпак. Парадные белые шляпы ак калпак вышивали белым шелком, обшивали серебряным галуном по тулье и украшали по краю шнуровым швом. Разновидностью калпака является тельпек. Следующий головной убор, элемент казахского национального костюма, – это разновидность весеннего и осеннего мужского головного убора – шапка – борык. Борык – древнейшее слово, происходит от слова «боры» – волк. Волк, как известно, древний тотем тюркских племен. По форме шапка борык бывает круглая с высоким конусообразным верхом или из нескольких клиньев с усеченным верхом, всегда оторочена мехом выдры, соболя, мерлушки. Шапки типа борык носили и девушки, только у них они были украшены подвесками и пучком перьев филина, цапли или павлина. Тюбетейка

- такая - головной убор, один из элементов казахского национального костюма. Тюбетейка представляет собой легкую летнюю шапочку из бархата, парчи или глазета. В старину их обшивали по краю мехом бобра, выдры, белки, украшали серебряной и золотой тесьмой.

Женщины носили юбки белдемше. С ними надевались халаты или камзолы.

Другой вариант – это платье, юбка которого была расклешённой. Оно носило название кулиш койлек. Российский костюм повлиял на создание другого фасона платья, жак койлек. В нём использовался отложной воротничок и популярная тогда плиссированная кокетка.

Бешмет, то есть камзол по-казахски может быть самых разных цветов, шьется утепленным для холодного времени года и стягивается поясом. Под верхней одеждой казахи носят жейде – белье, пошитое из хлопчатобумажной ткани. Реже используется шёлк. Поверх костюма мужчины надевают шубу или длиннополюй халат, чтобы защищаться от холода.

Особенной частью и женского, и мужского костюма казахов всегда были пояса. Их шили из разных тканей. Существовали специальные праздничные модели, искусно расшитые и украшенные подвесками, полудрагоценными камнями.

Казахская национальная обувь отражает кочевую жизнь этой народности. Из-за необходимости в постоянной перемене мест в ней преобладают высокие сапоги. В широкие голенища удобно заправлять штаны для большей сохранности тепла.

Сапоги для летнего периода могли быть на каблуке. В старину носки шились загнутыми. Молодые девушки носили обувь с украшениями в виде аппликации и вышивок.

У юношей был популярен каблук около 8 см. Пожилые для удобства носили мягкие сапожки без каблука. Сверху на них надевались галоши или туфли из кожи.

Бедные люди, пастухи носили сапоги из войлока с кожаной подошвой. Малоимущие слои населения были вынуждены носить обувь на подошве сандалий, которая представляла собой кожаную подошву, которая крепилась к ноге ремешками.

Казахи ценили шкуры куланов, сайги и тигров, а также темные меха - енота, выхуоля, соболя, куницы и белые - горностая и хорьков. Самыми дорогими мехами были меха соболя и куницы, остальные ценились дешевле. Из шкур шили шубы. Общее название шубы у казахов - тон. Шубы из меха пушных зверей назывались «ишик». Меховая шуба, крытая высокосортным шелком, была

одним из самых дорогих предметов в приданом невесты. Она называлась «бас тон». Казахи знали технику изготовления шуб из лебяжьего пуха, пуха гагар и цапель. Шубы из меха покрывались сукном, шелком, парчой и т.д. и различались по названию ткани или по ее цвету. Только знатные люди носили шубу, крытую синим сукном и отороченную бобром - кок тон.

Шили шубы и из шкур домашних животных. Делали шубы и из козьих шкур. Из них выщипывали длинные волосы, оставляя подшерсток. Шуба из таких шкур называлась кылка жаргак. Из козьих шкур казахи выделяли замшу и шили из нее халаты, легкие плащи и штаны. Халаты и шаровары украшались вышивкой шелком. При вышивании мелких узоров на казахском национальном костюме мастерицы пользовались специальными прямоугольными или круглыми пяльцами в зависимости от очертания орнаментального рисунка или формы вышиваемого изделия. Вышивали иглами и шилом с крючком (для тамбурной вышивки) такие элементы казахского национального костюма, как женские и мужские головные уборы - желек, кимешек, саукеле, тельпек, такию, оборки женского платья, а также нагрудные украшения - омырауша, алка, замшевые плащи, халаты, шаровары.

Войлок один из традиционных материалов верхней одежды в казахском национальном костюме.

Кроме овечьей шерсти в одежде казахов широко использовалась верблюжья. Старинным видом одежды является шекпен - скатанный из верблюжьей шерсти широкий и сравнительно длинный плащ для защиты от дождя, бурана, любой непогоды. Шекпены делали из неокрашенной шерсти (желтые, белые) и окрашенной в синий, пурпурный и другие цвета. Парадные шекпены, как правило, были из окрашенной шерсти, их швы обшивались галуном.

В казахском национальном костюме отражены древние традиции казахов, связанные с их этнической историей, экономическими, социальными и климатическими условиями.

Сегодня национальная одежда казахского народа сохранилась в аулах. Её продолжают носить люди старших поколений. А также она является источником вдохновения для современных дизайнеров и модельеров.

Современные казахские костюмы отличаются изяществом, тонко подчеркивающим красоту и гордость казахского народа. Главная их особенность в национальных орнаментах, которые выделяют казахский стиль в любом фасоне одежды.

## ЛИТЕРАТУРА

- 1 Маргулан М. С. Казахское прикладное искусство. – Алма-Ата, 1986.
- 2 Бойко Е. А. Полная энциклопедия рукоделия. – Москва, АСТ: Астрель, 2007.
- 3 Интернет сайт «Мастер класс».

## ПРАЗДНИКИ БРИТАНИИ И КАЗАХСТАНА

ҒАЛЛАМ Ә., САЯСАТ А.

5 «М» сынып оқушылары, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі,  
Павлодар қ.

КАЗАНГАПОВ А. К.

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі,  
Павлодар қ.

Изучать иностранные языки – это жизненная необходимость. Но знание лишь языка – это недостаточно. Язык – лишь первое условие, необходимое для общения.

Знание английского языка важно не только как способ общения, но и как способ познания разных культур: достаточно сложно полноценно общаться и понимать друг друга, если смотреть на мир лишь с точки зрения своей собственной культуры.

Для того, чтобы лучше понять другой народ недостаточно только знание языка, очень важно познакомиться с культурой народа его традициями, ценностями, понять его мировоззрение и мировосприятие, суметь посмотреть на мир его глазами. Праздники и традиции составляют важную часть жизни любого народа. Ведь это история и наследие страны.

Во все времена у разных народов праздник был особым событием, его выделяли среди остальных будних дней, и он имел особое значение в жизни семьи, всего общества, страны. На протяжении долгих лет в праздничной культуре сохранилось множество памятных дат, и появилось немало способов отмечать ту или иную дату. Не смотря на то, что все праздники в какой-то мере разнообразны, многие из них имеют между собой нечто общее.

Праздники всегда существовали в культуре разных народов, а ныне существуют в культуре разных стран. Каждый день на нашей планете гремит какой-нибудь праздник. К праздникам готовятся, о

них помнят и не забывают. Они создают праздничную атмосферу и собирают людей вместе.

Праздники - неизменные спутники народной жизни. Праздники для нас – это возможность доставить радость близким людям. Праздник происходит там, где его чувствуют, где его ждут.

Известный русский учёный И. Снегирёв писал о понятии «праздник» так: «Само слово праздник выражает упразднение, свободу от будничных трудов, соединённую с весельем и радостью. Праздник есть свободное время, - знаменательное действие, принятый способ совершения торжественных действий».

Новый год для англичан – гораздо менее важный праздник, чем Рождество. Они считают его продолжением рождественских дней. Празднование Нового года (англ. New Year) в Великобритании отмечается не так торжественно и повсеместно, как в Казахстане и странах Европы. Этот праздник более любим в Шотландии, чем в Англии и Уэльсе.

В канун Рождества на центральной Трафальгарской площади Лондона устанавливают главную елку страны. Еще в 1841 году в Англии королевой Викторией был издан декрет о разрешении установления главной елки. Последние десятилетия новогодняя елка доставляется из Норвегии в знак благодарности норвежцев за помощь британцев в освобождении Норвегии от нацистских оккупантов во время Второй мировой войны. Новый год в Великобритании неразрывно связан с древними традициями и поверьями. В Великобритании большое распространение имеет обычай «Впускания Нового года». Жители британских островов впускали обычно в дом, Новый Год, делая это так: когда часы начинают отсчитывать последние в этом году 12 секунд, открывали заднюю дверь дома выпуская Старый Год, а с последним ударом часов – открывали переднюю дверь, чтобы в дом вошел Новый Год.

Самый главный обычай этого зимнего праздника, который неизменно почитают англичане - традиция первого гостя, которое называется «first foot». В Шотландии считается, что первый человек, который зайдет в дом после наступления Нового года, значительно повлияет на финансовое состояние. Согласно этому поверью, если после полуночи в дом зайдет темноволосый мужчина, то следующий год будет для этой семьи удачным. Если же в первой в дом войдет женщина или светловолосый мужчина, это предвещает неудачи в наступающем году. Гость должен принести с собой хлеб, уголек, щепотку соли, который символизирует тепло и достаток. По обычаю,

первый гость, войдя в дом, молча проходит к камину и кидает туда уголёк, после того, как он сожжёт уголёк в камине, все поздравляют друг друга, а гостя, принесшего удачу, обязательно нужно угостить хорошо. Этот обычай означает, что в доме будет царить покой и благополучие. Обычно все новогодние украшения остаются в доме с Рождества - к ним относятся веточки остролиста, омелы и плюща, которые вешают над дверью, на люстры и настольные лампы.

Британцы также чтят семейные традиции, поэтому многие из них встречают Новый год в кругу семьи за празднично накрытым столом. Традиционное блюдо - это, конечно, индейка - блюдо под соусом из крыжовника либо фаршированная под овощным гарниром. Также на столе обязателен пудинг. Пудинг готовят из хлебных крошек, муки, сала, изюма, яиц и различных пряностей. Перед подачей пудинг обливают ромом, поджигают и пылающим ставят на стол. Традиционный английский новогодний напиток - пунш. К излюбленным новогодним лакомствам британцев относятся ещё: яблочный пирог, овсяные лепёшки круглой формы с отверстием посередине, сыр кеббен, а из горячих блюд - жареный гусь, бифштексы. В Шотландии также выпекают необычный песочный торт с миндалём, орехами, марципановыми фигурками и национальными символами из сахара.

Звучит тост «Your good health!» - За ваше здоровье! «Happy New Year!» – С Новым годом!

В Англии Деда Мороза зовут Санта Клаус. В новогодние дни для детей в театрах разыгрываются представления на сюжеты старинных английских сказок. Перед сном дети ставят на стол тарелку для подарков, которые им принесет Санта Клаус, а в башмаки кладут сено - угощение для ослика.

Всю новогоднюю ночь уличные торговцы продают игрушки, свистульки, пишалки, маски, воздушные шары.

Новый год в Казахстане является главным праздником года – самым долгожданным и самым красивым праздником. На Новый Год принято дарить подарки, ставить в доме красивые елки, украшать их разноцветными шарами и гирляндами. По истине - это самый красивый праздник в году. Новый Год с нетерпением ждут в каждом доме, к нему долго и тщательно готовятся.

Подготовка к празднику начинается в середине декабря. Улицы, магазины, фирмы и предприятия украшаются гирляндами, игрушками и плакатами, на улицах появляются украшенные елки. Почти в каждом городе на главной площади устанавливается главная елка города,

украшенная игрушками, электрическими гирляндами. Кроме этого, устанавливаются красивые ледяные скульптуры, снеговики и фигуры Деда Мороза (каз. Аяз ата) и Снегурочки (каз. Акшакар).

Существуют народные поверья, как нужно встречать новый год. Самая известная поговорка гласит: «Как Новый год встретишь, так его и проведешь». Поэтому прилагаются все силы, чтобы встретить его весело, с друзьями и родными. Говорят также, что перед праздником следует вернуть все долги.

Существует поверье, что Новый год нужно встречать в новом белье, тогда болезнь не приступит. Важным компонентом новогодней ночи является загадывание желаний. Говорят, что самые сокровенные желания, загаданные в новогоднюю ночь, обязательно исполнятся в Новом году. Существует также способ загадывания желания, который гарантирует почти 100 % его исполнение. Пока часы бьют 12, нужно написать желание на листочке бумаги, сжечь его, размахать пепел в бокале шампанского и выпить его.

Празднование начинается около 23 часов, семья садится за празднично накрытый стол. Незадолго до 12 произносят тост «за старый год». Без 5 минут 12 по телевизору и радио на всех каналах транслируется традиционное новогоднее обращение главы государства к народу Казахстана, затем с боем курантов, часы бьют 12, исполняется национальный гимн, все пьют шампанское и поздравляют друг друга с Новым годом. Это самые радостные и волнующие минуты года!

Многие жители затем выходят на улицы, идут поздравлять друзей и знакомых, и просто встречающихся на улицах людей, запускают праздничные фейерверки, хлопушки, зажигают бенгальские огни. На площадях города у главной елки устраиваются праздничные представления с песнями, танцами, народ веселится до утра. Для большинства эта ночь становится действительно незабываемой!

Стол в Новый год казахстанцы стараются накрыть разнообразно и красиво. Существует поверье, что новогодний стол по своему обилию должен быть щедрым праздничным столом, как бы обеспечивает благополучие на весь следующий год и считается залогом богатства семьи.

Второй Новый год, празднуемый в Казахстане, это Наурыз мейрамы. Отмечают его в соответствии с восточными традициями 22 марта.

Наурыз мейрамы («рождение весны») – это долгожданный и радостный праздник у казахского народа – это торжество весеннего обновления, любви, плодородия и дружбы.

В народе верили, что чем размашистее будет отпразднован праздник Наурыз, тем счастливее пройдет год. Отсюда – изобилие праздничных традиций и обрядов. Накануне Наурыза в Казахстане было принято убираться в домах, расплачиваться с долгами, мириться тем, кто поссорился, поскольку, как утверждали пожилые казахи, когда наступает время Наурыза, все недуги и неудачи должны обходить их стороной.

В ночь перед торжеством в знак пожелания обилия молока, урожая и дождя все емкости заполнялись молоком, айраном, зерном, ключевой водой, а в день Наурыза все старались быть в хорошем настроении, при встрече обнимались с друг другом, желали друг другу счастья.

Празднование Наурыза начиналось традиционной встречей рассвета, связанного с древним ритуалом – «Если увидишь родник – расчищай его исток». Встречая рассвет, все жители по традиции, взяв в руки лопаты, кетмени, собирались в условленном месте у родника или арыка и расчищали его. После этого всем народом под руководством старейшин высаживали деревья. При этом по установившейся традиции говорили: «Пусть останется в памяти от человека дерево, нежели стадо», «Срубил одно дерево – посади десять!».

После исполнения ритуальных обрядов три человека в качестве жыршы – зазывалы ходили по улицам, площадям, дворам и приглашали всех на торжество. Они облачались в красочные, праздничные одежды. Это могли быть персонажи казахских сказок – Алдар Косе, Жиренше и красавица Карашаш.

Потом начиналось веселое и торжественное представление. Все веселились, поздравляли друг друга с наступлением Нового года, желали друг другу добра, пели песни, которые в старину были сложены специально для этого праздника – Наурызжыр, устраивали соревнования мужчины с женщиной, дуэль в скороговорках – жанылтпаш, отгадывании загадок – жумбак.

В эти дни готовилось много праздничных угощений, которые символизировали достаток и богатство в наступающем году. В полдень на установленном месте у селения резали быка и варили из его мяса кушанье под названием «бель-котерер», что переводится как «выпрямляющий стан», поскольку бык являлся одним из самых сильных животных, и пища из него приносила людям силу и выносливость. Дастархан накрывали в каждом доме. Трапеза начиналась ближе к полудню, до и после которой мулла читал молитвы, чтя память предков. По завершении старший по возрасту из присутствующих давал благословение (бата), чтобы из года в

год в семье была благодать. У казахов при праздновании Наурыза непременно считалось присутствие числа «7», олицетворяющего семь дней недели – единицы времени вселенской вечности. Пред аксакалами ставили 7 чаш наполненных традиционным Наурыз-коже, приготовленным из семи сортов семи видов злаков, состоящий из 7 ингредиентов, символизирующих 7 элементов жизни. Это вода, мясо, соль, жир, мука, злаки (рис, кукуруза или пшеница) и молоко, которые символизируют радость, удачу, мудрость, здоровье, благосостояние, скорость, рост и божественную защиту.

На основе изученных теоретических материалов нами были сделаны следующие выводы. Праздники – это история и наследие страны, и они имели огромное значение для развития человеческого общества вперед. Праздники сближают людей, они поддерживают чувство коллективизма. Праздники требуют уважительного отношения к себе и уважительного отношения людей друг к другу, проявление гостеприимства ко всем.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Бородулина Н. В. Мифы и легенды народов мира. М., 2011.
- 2 Смирнова Н. С. Об источниках и вариантах казахского героического и сказочного эпоса // Вести АН КазССР, 1953.
- 3 Американа. Англо-русский лингвострановедческий словарь. Издательство «Полиграмма» 1996 г.;
- 4 Edvin Hartlend. English Fairy and Folk Tales. Легенды старой Англии. М., 2007.
- 5 Электронный ресурс. <http://www.greenwich-hotel.ru/blog/english-christmas/>
- 6 Электронный ресурс. <http://www.2uk.ru/holidays/holid20>
- 7 Электронный ресурс. [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/pravoslavnyie-jiteli-kazahstana-prazdnuyut-rojdestvo-226262/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/pravoslavnyie-jiteli-kazahstana-prazdnuyut-rojdestvo-226262/)
- 8 Электронный ресурс. <https://www.bnews.kz>.

## БЕСІК – КИЕЛІ МҮЛІК

ЖАПИШОВА Ж. Ө.

5 сынып оқушысы, Академик Қаныш Сәтбаев атындағы  
мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені,  
Баянауыл ауданы, Мұса Шорман ауылы  
МАСАЙНОВА К. Б.

өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, Академик Қаныш Сәтбаев атындағы  
мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені,  
Баянауыл ауданы, Мұса Шорман ауылы

Бірінші сыныпта оқып жүргенімде, отбасымызда дүниенің есігін ашып нәресте келді. Әр қазақ отбасы дүниеге келісімен бабадан қалған салт-дәстүрді орындайды. Менің әжем бар. Сондықтан да болар сәбидің кіндігі түскеннен кейін туған-туыстарды шақырып, бесікке бөлеу рәсімі орындалады. Менің бұл рәсім жайлы білетінім өте аз болғандықтан маған бәрі қызық әрі керемет болды. Ата-бабамыз мұра етіп қалдырған қазақтың салт-дәстүрлері қандай әдемі! Қарт-шежіре демекші, маған әжелерімнің бесік жайлы айтқандары біраз. Алайда мен бесік жайлы көбірек білгім келіп, қызығушылығым артып, мені ерекше сезім жетеледі. Мен бесіктің шығу тарихын, бесіктің пайдасын, бесікке байланысты тыйымдар мен ырымдарды, бесіктің бүгінгі күндегі рөлі туралы зерттеп білуге бел будым. Зерттеу барысында әжелермен сұхбат жүргізіп, көптеген әдебиеттер мен энциклопедиялардан мәлімет алдым.

Бесік-жаңа туылған бала үшін, қасиетті мүлік, алтын ұя болып есептеледі. Қазақ халқында бесікте тербелмеген адам жоқ. Қазіргі коляскалардан қарағанда, бесіктің пайдасы әлде қайда көп. Атам қазақ баланы босқа бесікте тербетпеген. Ал туылған баланы бесікке салу-қазақ халқы үшін мәртебелі, қасиетті дәстүр болып есептеледі. Қазақтар балаларын бесікке жатқан кезеңнен бастап тәрбиелейтін. Баланың денесі түзу болып өсуіне бесіктің пайдасы көп [1, с. 64].

Аңызға сүйенсек, ең алғашқы бесік Жетісу мен Алтайдың бойын мекен еткен Айдархан бидің кезінде пайда болған. Айдархан бидің әкесі, төңірекке белгілі Мизам баба, қазақ даласына ағаш отырғызумен, орманды көбейтумен айналысса керек. Өзі сүрген ғұмырында еккен көшетталдардан үлкен бау-бақшалар өсіп шығыпты. Мизам бабаның о дүниеге сапар шеккенінен хабардар қытайлар, бақилық бабаның еңбегін көреалмаушылықпен өртеп жіберіпті. Сол уақытта Мизам бабаның баласы, Айдархан би, алыс ауылға сапар шегіп кеткен екен. Би түсінде әкесін көреді, лезде бір сұмдықтың болғанын сезген ол, үйге қарай аттың басын бұрады. Ауылға асығыс жетіп, ну орманның

орнында шөл далаға айналған ауылын көріп қатты қапаланады. Бірақ жылдар өте береді. Айдархан би үйленіп, ең тұңғышы туылады. Бірақ туыла сап, сәби тоқтамай жылай береді. Оған шартарапқа аты шыққан емшілер де көмектесе алмайды. Бір күні бала жылауын тоқтатады. Әкесі қуанып кетіп, жүгіріп үйге кірсе, оны ақ шапан киген бір қария өрттен ама қалған сынық бұтақтарға жатқызып, сәбиді тербетіп отырады. Айдархан би жақын келгенде, ақсақал ғайып болады. Оның орнында қалған ағаш бұтағымен Айдархан, қазіргі «бесік» деп айтылып жүрген бұйымды жасайды. Осылайша, «бесік» көшпелі қазақ халқының ажырамастай мұрасына айналады.

Бесіктің құрылымы алып жүруге жеңіл, ықшам және берік. Бұл үй шаруашылығымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, көшіп-қонып жүргенде, баланың өзінің де денінің сау болып өсуіне де тиімді. Айталық:

Біріншіден - қол-аяғын ербендетіп бос жатқан сәбидің ұйқысы тыныш болмайды. Ұйқысы қанбаған баланың зердесі толық жетілмейді.

Екіншіден - баланың мазасыздығы ананың психологиясына әсер етеді. Бұндай жайсыздық сүт арқылы сәбиге беріледі. Сондықтан бесікке жатпаған бала болашақта сабырсыздау болады.

Үшіншіден - баланы бесіктен шешкен кезде сәби керіліп-созылып, рахаттанады. Денесінің әртүрлі күйде болуы оған демалыс сыйлайды.

Төртіншіден - сәбидің тұла бойы таза болып, тазалыққа бойы үйренеді.

Бесіншіден - бесікті баланың денесіне дымқыл, сыз дырмайды. Құрғақ болады. Ол мықты денсаулық кепілі. Әрі қол-аяғы сыптай болып өседі.

Алтыншыдан - бесік белгілі бір ырғақпен ғана тербетіледі. Баланың жүйкесі бір жүйе, тәртіпке түседі.

Жетіншіден - бесіктегі балаға ана әлдіі әбден сіңеді. Қайырымды мінез қалыптасады. Бесік жырын тыңдаған баланың қанына ұлттық қасиет дариды.

Сегізіншіден - бесік сәбиді сырттан келетін кері энергия немесе тіл-көзден сақтайды.

Бесік туралы айтқанда, баланы бесікке салу ырымы жайлы айтып кетуіміз керек. Өйткені ата-бабамыздан қалған қайсы бір дәстүрді алып қарасаң да, белгілі бір маңызы әрі пайдасы бар. Кіндігі түскен баланы бес күннен кейін бесікке салады. Бесікке салу рәсіміне ауыл-үйдің әйелдері шақырылады, олар өздерінің шашуға деген заттарын ала келеді. Ал бесікке салу жолы ауылдағы ұлын ұяға, қызын қияғы қондырған, өнегелі әжелерге, әйелдерге

тапсырылады. Алдымен бесіктің жабдықтарын орын-орындарына қояды. Содан кейін бесікті адыраспанмен аластап шығады.

Ананың ұйқысы тыныш болу үшін және жын-шайтанды қуу мақсатымен адыраспанды отқа жағып, түтетіп, баланы бесікке бөлерден бұрын бесікті айналдыра ырымдайды. Кейде бесіктің бел ағашына қыздырылған темір тигізіп те ырымдайды. Сосын баланы бесікке бөлерден бұрын «тыштырма» ырымы жасалады. Бесіктің түбек тесігі арқылы бауырсақ, көмпит және басқа тәтті дәмдер жапа тармағай астына тосылған алақандарға тасталады. Басқарушы әйел, «тышты ма?» дегенде, қасындағы әйелдер іле-шала «тышты» деп шу ете түседі. Әрбір жақсылықты үнемі шашу шашумен қарсы алатын халқымыздың бұл дәстүрі балаға бесік құт дарытсын деген ниетпен туған рәсім. Бұдан кейін бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе жабылады. Бірінші-бесік көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тоң жабу, жүген және қамшы сияқты бұйымдармен жабады. Тоң, шапан жабу ержеткенде халықшыл болуына, жүген тез өсіп, ат үстіне ойнақ салсын. Кебенек пен қамшы-ел қорғайтын ер болсын деген тілек. Бесікке бөлеу рәсімінің соңында бесік жыры айтылады. Осы «бесік жыры» арқылы халқымыз өзінің сол бөбекке деген тілегін, үмітін, жақсы адамзат болып, өмірден өз орнын тапса деген арманын білдірген.

Әлди, бөпем, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем.

Қонақ келсе қой бөпем,

Құнан қойды сой бөпем.

Бармақтары майысып,

Түрлі ою ойысып,

Ұста болар ма екенсің?

Тандайларын тақылдап,

Сөйлегенде сөз бермей,

Шешен болар ма екенсің?

Сол сияқты бір өлеңінде Ильяс Жансүгіров:

Бөл-бөл бөбек, бөл бөбек,

Бөріден бөстек ки, бөпем.

Ерінбей еңбек ететін,

Еліңе бол елгезек.

Елгезек болсан иісін

Ендеше саған екі емшек, -

Бұл өлеңде бөбекке қойып отырған ана шарты жеке бастың қамын ойлау емес, еткен еңбегін қоғам игілігіне жұмсалатын болсын деп бала алдына қойылған халықтың мақсаты етеді [2, с. 44].

Бесікке қатысты тыйымдар мен ырымдар.

1 Бос бесікті тербетуге болмайды.

2 Бесікті сатуға болмайды. Бесікті саудаламайды, Айтқан бағасына сатып алу керек.

3 Кез келген адамға беруге болмайды.

4 Аяқ астына тастауға болмайды.

5 Бесіктің өзін отпен аластап қояды.

6 Бос бесікті еш уақытта жабусыз қалдырмау керек. Үстіне ақ мата жауып, ең болмағанда ұршығына орамал байлап қою қажет.

7 Бесіктің теріс жағына отырмайды.

8 Бесік жасайтын шеберлер ынсапты болуы тиіс. Киелі дүниенің баған аспандатпауы керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» энциклопедиясы. – Алматы: Алматыкітап, 2006. – 64 б.

2 Қалиев С. Халық педагогикасын насихаттаудың маңызы мен мәні. Мұрагер журналы, 1992. – 44 б.

### ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ – ТЕРМЕ ТОҚУ ӨНЕРІ

НАМАЗОВА А. М.

география пәнінің мұғалімі, Лекер ЖНББМ,  
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Лекер с.

ҚАБДРАХМАНОВА З. Р.

8 сынып оқушысы, Лекер ЖНББМ,  
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Лекер с.

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, бірте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдар әсемдігі, өрнегі тұрмысқа мән берумен адамдарға рухани ләззат әкелген. Көз салып байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлі-түсті ою-өрнек, оның орналасуы адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қолөнерін шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларын арқау еткен. Өнер туындыларының бет бедеріне ширатыла түскен ғажайып өрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шерткендей. Қазақ

қолөнерінің түрі, сапасы, өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты.

Шебердің келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Шебердің қолынан шыққан бұйымдар күнделікті тіршілікпен қатар сол заманның ортақ қолөнер мәдениетінің баға жетпес үлгісі. «Шебердің қолы ортақ» деген мақал ел ішінде бекер айтылмаса керек. Нағыз шеберлікке жету үшін табандылық, іскерлік, талғампаздық, білім қажет. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнердің алуан түрлерін ойлап тапты. Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы» өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-анамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін ұрпақтан ұрпаққа үйретіп келген.

Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден келе жатқан қолөнер саласының бірі. Бұл тамаша өнер қазіргі заманда жалғасын тауып, көрші халықтардың өнер шығармашылықтарымен толысып, дамып, әсемдігімен, көркемдігімен көз тартып, эстетикалық талғамда өркендей бермек.

Ғасырдан ғасырға, атадан балаға өзінің өміршеңдігімен үзілмей жетіп, жетіліп отырған қасиетті тоқыма өнерінің баға жетпес айтулы туындылары – кеше мен бүгіннің ертеңге қалдырар асыл мұрасы.

Алаша – бүктеуге, жинауға, алып-салуға қолайлы мүлік. Мұны ұсталатын орнына қарай әрі енді, әрі көлемді етіп жасайды. Өрмекпен тоқылған алашаның ені әдетте 40–45 сантиметрден аспайды. Сондықтан бірнеше кесіндісін біріктіре құрауға тура келеді. Бұл үшін шебер тоқылған материалдың ұзына бойы мен енін өлшеп, одан кейін неше бойы кесіп, құрау қажеттігін есептейді. Әдетте өрмек жіптерінің 35–40 сантиметрдей тоқуға келмей қырқылады. Мұны «өрмектің қырқындысы» дейді. Алашаның бойларын құрау үшін осы қырқынды жіпті пайдаланған жөн. Бұл жіптер ақ, қара, қызыл, – 4 түсті делік. Ендердің жапсар бойын осы 4 түсті жіпті кезектестіре отырып бұзау тіс тігісімен аралықтарын 1–2 сантиметрдей етіп қосымша сыналана еңгізілді де алашаның көлемі үлкейе түседі. Терме тоқудағы өткермелеу, ілмектеу, мәймөңкелеу жұмыстарының барлығы да есептеп санау арқылы, әрбір ілінген жіп санын ұмытпай есте сақтау арқылы орындалады. Термелеп тоқу әдісі қазақтың өрмек өнерінің ең көп тараған және көркем дүниелерді тоқуға ең бір қолайлысы деп саналады.

Қайыра теру тәсілімен тоқу құрылатын өрмектің ерсі жібі мен қарсы жібі 3–4 түсті бояулармен боялады да, бұлардың екеуі бірдей теріліп, өрмектің екі жағынан тоқылып шығады.



«Кежім теру» немесе «бұқар теру» тәсілі көп түсті және әр түрлі өрнектен теріліп жасалатын басқұр мен алаша тоқу үшін қолданылады. Мұндағы өрнектер ерсісі мен қарсысындағы әр түрлі жіптерден теріліп, бір жіп осы бірнеше түсті жіптерден терілген өрнектің астында бос қалып отырады. «Орама теру» тәсілдерімен де басқұрлар, алашалар тоқылады. Мұндай жағдайда өрнектің ерсісі, қарсысы және арқауы бәрі бір түсті жіппен құрылып тоқылады. Бұған көбінесе ақ не қызыл түсті жіптер қолданылады. Тоқу барысында әр түсті жіптерден өрнек салынып, оны жібі өрнектің ерсісіне қолмен оралып, арқаумен бекітіліп отырылады. Бір теру тәсілі тек ғана басқұр тоқуға қолданылады. Мұндай басқұрлардың ерсі мен қарсы жібі көбінесе бірыңғай ақ жіппен, кейде қызыл жіптен құрылады да, өрнегі қызыл, қара, көк және басқа түсті жіптер теріледі. Мұның бәрін қазақтың қарапайым өрмегімен жіңішке лента тәріздендіріп тоқиды. Тақыр тоқу немесе тақыр кілем тоқу әсіресе Қызылорда облысында көп дамыған өнер Оған түк орамай, өрнек беретін жіпті ерсі мен қарсының өз бойында бояп алады да, жай өрнек әдісімен тоқи береді. Тақыр кілемді кейде жіптерін боямай - ақ, ақ жіп пен қара жіпті кезек келтіріп тоқиды. Сөйтіп көлденең жолақ, кейде ұзын жолақ, сондай-ақ кеңірдек өрнектер тоқылып шығады. Түктеп теру әдісімен еңсіз шағын кілем, кілем, қоржын, түрлі төсеніштер тоқылады. Мұндай өрнектің өрнектеуіш жіптері ерсі мен қарсыға аралас бойлай тоқылады. Бой жіптер қатарында тұрған өрнектеуіш жіп өрнек бетінде бос қалып отырады да, соңынан ол кеселмен қырқылып тасталады. Осыдан өрнек бетінде түк пайда болады. Осыдан біраз уақыт бұрын timeturk.com сайты түрік қолөнершісі әлемдегі ең ұзын алаша тоқығаны туралы хабар таратқан еді. Хатай провинциясының тұрғыны, алаша тоқудың шебері Абдолла Акар Гиннестің рекордтар кітабына енуді алдына мақсат етіп қойыпты. Muslim.kz сайтының жазуынша, ол бұл алашаны бел жазбай 39 күн тоқыған екен. Алашаның ұзындығы - 35 м, ені - 80 см, ал қалыңдығы - 1 мм.

Терме тоқу өнерінің құрылысы: Әр халықтың рухани әлемі ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен бастау алады. Ал өнердің дамуы халқтың өнерімен тығыз байланысты. Ұлттық қол өнердің жиынтығы бұл киіз үй. Киіз үйдің қанқасы ағаштан, жабындысы киізден, төсеніші тағыда алаша деп аталады.

Алашаның өнегіне байланысты бірнеше түрі бар:

- 1 Ала теру
- 2 Қызыл теру

3 Алалша жүз теру

4 Орталы тегеріш

5 Шым иеру

Алаша қой жүнінен иіріліп, боялып, ширатып арнайы құралдармен тоқылып дайындалады. Алаша тоқитын құралдар мыналар:

Қылыш, адарғы, серу ағаш, мосы ағаш, күзу жіп, көтеру ағаш.

Алаша құру-Алаша құру үшін 3-4 адам керек. Үшбұрыш формасында 3 қазық қағылады. Ұзындығы алашаның көлеміне қарай дайындалады.

Күзу байлау-Күз жіп ешкінің қылынан алдын ала иіріп дайындалады. Күзу байлайтын адам екі қазықтың ортасында отырып, ерек жіп пен ұрғашы жіптің арасын айырып отырады. 2-3 қыз жіпті жүгіріп айналдырып жүреді, Күзу байлайтын адам алашаға салынатын өрнектің жібін санап, түсін тандап есептеп отырады. Тоқылатын өрнек әр түрлі ұзындықта болады. Тоқитын кезде екі қабатталып жататыны ескеріліп, 5-7 метірлік бөлмеге құрылады.

«Рухани жаңғыру – ұлттық өрлеудің ұлы күші» «Мен халқымның тағлымы мол тарихы ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт - дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын». Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы мазмұны мен мәні аса терең тарихи құжат іспетті. Мақаланың атауының өзі айтып тұрғандай, болашаққа атқарылар іс – қимылдарымыз айшықтап берген құнды бағдарлама болып есептеледі.

Рухани жаңғыру аясында Лекер негізгі мектебінде «Туған жер» арнайы жобасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының өлкетану аясында қыздар арасында терме тоқуды үйрендім.

Осы дәстүрлі өнерді жалғап келе жатқан санаулы жандардың бірі бізге үйреткен Толеухан Жайнагүл апай терме бауды тоқудың қыр-сырын үйретті.

Мен бірден қызығушылық танытып, ұршықты қолыма алғаш рет ұстап жіптерді ширатып алдым, содан тоқитын құралды мектептің ішіне орнатып күнде мектепке келіп термі тоқуды жалғастырдық. Тоқылатын баудың ою-өрнегі мен оның түстері шебердің үнемі ойында жүреді. Бұл іс табандылық, логикалық, математикалық есеп пен асқан зеректілікті талап етеді. Әйтпесе, баудың пішіні ою өрнегі шықпайды. Қолданбалы қолөнерін тиімді әдістерін сабақта қолдану.

Қазіргі өмір талабы – оқу тәрбие процесін түбегейлі өзгерту. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыра отырып сапалы,

әдепті ұрпақ тәрбиелеу. технология сабағында іс жүзінде нақты жұмыс жүргізілетіндіктен, оны меңгеру үшін ерінбей еңбек ететіндей төзімді және жинақы болу керек. Ал бұл көп оқушының шамасы келе беретін қасиет емес.

Бүгінгі жастарға оқу міндет,  
Тек қана оқуменен өнер білмек.  
Өнер-білім, адалдық, ар-намысты,  
Жоятын надандық қой, жаман індет.  
Бар қиынды тек қана ғылым жеңбек,  
Оқыса басқа елдердей қатарға еңбек.  
Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек.

– деп Абай атамыз жырлаған. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірге кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Ұлттық қолданбалы қолөнерді тәрбие құралы ретінде пайдалана білу барысында, халқымыздың үлгі-өнегесі, салт-дәстүрін ұрпақ санасына сіңіруде үлгі боларлықтай педагогикалық іскерлік, шеберлік, шығармашылықпенен еңбек ету қажет.

Қорытынды:

Сөз соңында айтарым, халқымыздың салт – дәстүрлері мен әдет ғұрыптары – қазақ елінің кескін келбет, болмыс бітімі. Рухани жаңғыруымыздың ең тиімді тетігі. Ғасырларға созылған тарихымыздың айнасы. Сондықтан да біз оларды жадымыздан шығармай жаңғыртайық. Қазіргі заман талабына сай халықтың қолөнері жаңарып, жаңа технологияларды қолданып, жұқа киізге түрлі ою түрлерін салып, киім түрлерін тігіп кие бастау өнері жетілуде, жаңалықтар ашылып, халқымыздың сүйікті қолөнерлері келешекте де қолданыстан шықпайды деген сенімдемін. Қазіргі заман талабы бәсекеге қабілетті алған білімінді өмірде пайдалану. Осы қол өнерді үйреніп алсам болашақта пайдасы тиеді деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Пайдалы кеңестер» журналы.
- 2 «Мектептегі технология» журналы.
- 3 Нұрғалиева Р. Н. Шаңырақ, 1991
- 4 Қасиманов Р. Қазақ қолөнер. 1996
- 5 Шебердің қолы ортақ. Энциклопедия.
- 6 «Технология» оқулығы. 5-9 сынып.

#### КӘРІ ЖІЛІКТІҢ КИЕСІ

ҚАБДУАХИТ Н. С.

5 сынып оқушысы, Нығманов атындағы ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Жанабет селосы  
АДУОВА А. Т.

Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, Нығманов атындағы ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Жанабет селосы

Қазақта төрт түлік мал сойғанда оны 12 жілікке бөлшектейді. Сол бөлшектердің бірі кәрі жілік аталады. Етті, өте мығым, оңайлықпен шағылмайтын қатты сүйек болғандықтан оны тұрмыстық дүниелерге пайдаланады және оған қатысты түрлі наным бар. Қаржілік деп те аталады. Малдың қолындағы ең төменгі, жерге тік шаншылған, тоқбас жілікке тұтасатын жілік. Ол малдың алдыңғы кеуде бөлігін көтеріп, жерге табан тіреп таянақтау, кәрі жілік бұлшық еттері арқылы қолдың бүгіліп, жазылуына қозғаушы күш қалыптастырады. Әрі оның «Қаржілік» деп аталуы қолдың, білектің қарына ұқсатудан болса керек. Кәрі жіліктің сыртқы тұрқы бүкірейген ақсақалды кісінің тұрқына ұқсаса, айдар басымен иіліп келген көрінісі бейне адырналы садаққа ұқсайды. Ол мал жіліктерінің ішіндегі ең қатты, шағылмайтын сүйек. Ондағы бұлшық еттер сіңірлі көрінгенімен, жегенде тым жұмсақ келеді.

Тарихи-археологиялық зерттеулерге негізделгенде, ертедегі тайпалар садақтың жебе ұшын ірі малдың тісі мен осы кәрі жіліктің сүйегінен де жасаған. Қазақ дастарқанындағы кәрі жілік малдың қол жіліктерінің ішіндегі ең кәделісі есептеледі. Жолы бас, жамбастан кейінгі үшінші орында тұрады. Табаққа дербес аталы жілік есебінде түсе алады. Қырғыз халқы жілікті «Ер жігітті қырық жолдан қағады» деп, кәделі есептемейді.

Салт-дәстүрге бай халқымыз ықылым заманнан бері ырым-тыйымдарға баса мән берген. Соның ішінде ас дайындап, табақ тартуда кәрі жіліктің қасиетіне ерекше маңыз қойды. Жақында әулетіміздің өмірден өткен үлкендерінің әруағына Құран бағыштап, ағайынға ас берген едік. Осы жолы табақ тартуға аса мән бердім. Кімге қандай жілік қою керектігін, оның қаншалықты маңызы бар екендігін ұқтым. Әрбір жіліктің өзіндік орны, тәрбиелік мәні бар екен. Мәселен, жастайымыздан «кәрі жілікті жастарға жеуге болмайды» дегенді естіп өстік. Бірақ ешқайсысымызды «неге?» деген сұрақ мазаламапты. Оны кімнің жегеніне де назар аудармаппыз. Тіпті, кімге тартылатын кәделі сый екеніне қызықпаппыз.

«Қазанға ет салғанда кәрі жілікке баса мән беру қажет. Алдымен, «бісімллә» деп осы жіліктен бастап салады. Еттің барлығын ұстап тұратын қасиеті болғандықтан, құда табаққа салмайды. Қонаққа, бөтен адамға емес, керісінше үй иесіне немесе ағайынға береді. Мұның себебі «кәрі жілікте шаңырақтың құты бар» деп ырымдалады. Сондай-ақ, өсіп келе жатқан қыз балаға «оң жақта отырып қаласың» деп ұстатпаса, «сүр бойдақ боласың» деген сеніммен бойдақ жігітке бермейді. Қазақта бас пен кәрі жілікті ерекше қастерлеп, үлкендерге ұсынған. «Кәрі жілік болмаса, бастың қадірі болмайды» деп, екеуін бір қазанға асатын болған. Егер бас пен кәрі жілікті бірге аспаған болса, 9 аю айдаған, 50–30 дүре соққан және үлкен ірі қарадан айып қоятын болған.

«Әкесі тірі бала бас мүжімейді» деп, басты жастарға бермейді. Ал кәрі жілікті балаларға ерте қартайып кетеді деп бермейтін болған. «Кәрі» сөзі ұлы, үлкен, қастерлі деген ұғымды білдіріп тұрған соң оны балаларға бергенде құны қалмайды деп тек жасы үлкен кісілерге тартқан. Кәрі жілікте тұрған түк те жоқ. Тек үлкен мен кішінің арасындағы жарастық пен мәдениетті қалыптастыру мақсатында осындай ұғым қалыптасқан. Бұл – қазақтың ас мәзірін ұстана білгенінің, әр адамның қоғамдағы өз орнының болғанының көрінісі, – дейді этнограф Болат Бопай.

Мал сойылып, ет асылғанда кәрі жілікті үйдің үлкені мүжіп, тазалап қояды. «Мал-жанымның амандығы үшін» деп босағаның оң жағына байлайды. Бұл – береке мен ынтымақ, құт пен ырыс өз шаңырағында мәңгі тұрақтайды деген ырым.

Этнографтардың сөзіне сүйенсек, қазақта оң босағаға ілінген кәрі жілік тіл тиюден, көз сұғынан, ит-құстан сақтайды деген наным бар. Сондай-ақ, босанатын әйелдің айналасына үйдің төбесінде ілініп тұрған кәрі жіліктерді әкеліп қоятын болған. Сүйектерді санаған аяғы ауыр әйелдің толғағы жиілейді деген сенім психологиялық амал ретінде қолданылса керек.

«Бұдан басқа, кәрі жілікті асып жеген күні түнде оны далаға тастамайды. Халқымыздың ескілікті ұғымынша кәрі жілік құрық ұстаған күзетші, мал-жанды бөле-жаладан аман сақтаушы, ел қорғаушы батырдың бейнесі деп түсінген. Ауыл көшкен күні қариялар керегеге ілінген кәрі жіліктерді қой қораның төріне, қора төңірегіндегі жартас қуысына, тал-теректердің бұтағына арнайы іліп кетеді. Ердің алдыңғы қасына да іліп қоятын болған. Мұндағы басты себеп – ағаш, шөп қыстырылған кәрі жілік түн ішінде бейне құрық ұстаған күзетші секілденіп, малды, ер-тұрманды ұры-қарыдан,

жаудан, қасқырдан қорғайды деп сенгендіктен», – деп жазады этнограф Болат Бопай өзінің «Қазақ кәдесі» кітабында.

Қазақта кәрі жілік ел басын сақтайды, күзетеді деп оған тіс тигізбей, мүжиді де, «кестетокыр» деген біз сүйегінің қуысына ши, шырпы, шыбық сияқты жінішке ағашты көлденең қыстырып, оны оң жақ босағаға, шаңыраққа, қорасының айналасына жіппен байлап іліп қояды. Сөйтіп кәрі жілік тіл тиюден, көз сұғынан, ит-құстан сақтайды деп нанады, – деп жазады этнограф Болат Бопай өзінің еңбегінде.

Ел арасында бұл туралы аңыз да бар. Оны бізге Білім беру ісінің үздігі, еңбек ардагері Нұридиден Есмағамбетов айтып берді. «Ертеде бір байдың қорасын қырық қарақшы торуылдапты. Бірақ, қанша тырысса да, малын ала алмаған екен. Байдың қорасын қарулы жасақ күзетіп тұрыпты. Бірақ, таң ата қарауылдар көзден ғайып болады екен. Ұрылар тылсым жайды түсінбейді. Ертесіне біреуін тыңшылыққа жұмсайды. Ол байға жолаушы кейпінде келіп сыр тартады. Байдың жалғыз ұлы мен бәйбішесінен өзге ешкімі жоқ екен.

Тыңшы қайта келіп:

– Байдың малын күзететін не жалшы, не күзетшісі жоқ. Бәрін барладым. Көршілерінен де сұрадым. Ешбір жасағы жоқ. Бізге елестеген болуы керек, – дейді. Ұрылардың басшысы:

– Ендеше, бүгін шабамыз, – деп атқа қонады.

Бұл жолы да ұрылар қораға тақап келгенде қарулы жасаққа кезігеді. Ұрылардың бірнешеуі жараланып, кейін шегінеді. Ертесіне ұрының басшысы байға өзі барып:

– Байеке, мен ұры едім. Он күн болды сіздің малыңызды торып жүргеніме. Бірақ, қоранызды күзеткен қалың әскер алдырмайды. Күндіз көзден ғайып болады. Не сыр, не киеніз бар, айтыңызшы? – деп ағынан жарылыпты. Бай ұрыны ертіп алып, қорасында ілулі тұрған кәрі жілікті көрсетеді:

– Әкем марқұм дүниеден өтерінде: «Кәрі жілік көрсен, қорана байла. Малыңа қорған болады» – деуші еді. Өсиетін орындап, кәрі жілік іліп қойдым. Содан бері малға қасқыр да шаппады, ұры да түспеді, бірде-бір малым жоғалмады, қайта мыңғырып өсіп келеді. Соның шарапаты болмаса, менде басқа кие жоқ, – дейді. Құдіретке бас иген ұрылар баймен дос болыпты. Ниетінен қайтып, адал кәсіпке көшіпті деседі» дейді ардагер атамыз.

Кәрі жілікті жеуге болмайтының мәні мұншалықты тереңде жатқанын ойламаппыз. Мұны естіген соң өзім де қосымша мәліметтер іздеп көрдім. Жоғарыдағы аңыздан бөлек мынадай аңызды да оқыдым. Сіздерге де керек болар деген оймен жариялағанды жөн көрдім.

«Ертеде байдың жалғыз ұлы болыпты. Ол керуен тартып, қалаға саудаға аттанады. Сапарға шығар кезде әкесі: – Балам, мына кәрі сүйекті қойнына салып ал. Қауіп-қатерден аман боласың, – дейді. – Әй, әке-ай, сенің-ақ ырымың таусылмайды екен, – деп ұлы селсоқ қарайды. Бірақ әке көңілін қимай, көп қапшықтың біріне лақтыра салады. Межелі жеріне аман-есен жетіп, саудасын жасап елге қайтады. Жолда керуенге қаракшылар шабуылдайды. Бала не істерін білмей, қатты сасады. Сол кезде арт жағынан қарулы жасақ пайда болып, қаракшыларға қарсы ұмтылады. Тонаушылар сескеніп, кейін шегінеді. Қапылыста бір қаракшының қаңғыған оғы баланың аяғына тиіп, жараланып қалады. Ғайыптан пайда болған жасақ керуенді аман-есен елге жеткізеді. Бірақ ел шеті көрінгенде көзден ғайып болады. Бала үйіне келіп, әкесіне болған жайды баяндайды. Сонда әкесі: – Ұлым, ырымның сырын енді түсінген боларсың. Кәрі жілікке Құдай осындай қасиет дарытқан. Сен балалық қылып, кәрі жілікті көп қапшықтың біріне салып алдың. Сонда да керуенің Ғайып Ерен Қырық Шілтеннің шылауында болды. Егер ықыласың күшті болғанда жебе де дарымас еді, – деген екен. Осыдан бастап ел аузында «Кәрі жілік ер жігітті қырық жолдан қағады» деген сөз қалыпты».

Міне, бұл кәрі жіліктің қасиеті жайында ертедегі ата-бабалардың сана-сезімінен туындаған аңыз. Соғымның кәрі жілігін күні бүгінге дейін халқымыз әр жылы келетін ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне арнап, сақтауы, наурыз күні данагөй қариялар наурыз батасын жасап, жас етпен қосып ауыз тиюі де осы түсініктен қалған. Көктемге аман-есен жеткізген кәрі жіліктің қасиеті деп сенеді. Наурызкөжеге салынатын кәрі жілікке данагөй қариялар бата беріп, жаңа жылды қарсы алады. Ұлтымыздың сыйлы қонағына кәрі жілік ұсынуы – лайым ата-баба әруағы қолдасын деген ниет. Ал «Қаржіліктің жасын берсін» деген тілек ол сүйектердің ішіндегі ең ұзақ сақталатын және лақтыруға келмейтін мүше болғандықтан пайда болса керек. Ата-бабаларымыз қонағына кәрі жілікті ұсынуда ата-бабаның әруағы қолдап, жаратқан жар болсын, іргең берік, байлық берекен ырысты, бәле-қазадан аман бол, ғұмыр жасың ұзақ болсын деген ізгі тілекті көзде ұстаса керек.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қайтыс болған кезде бейітінің ішіне қырық кәрі жілік қойған екен. Діни сенім бойынша, кәрі жілік қабірді қорғап жатады деседі. Бұл жайында Дихан Әбілевтың естелігінде: «Мәшекеннің бейіті 2 бөлмелі үй түрінде салынған. Төргі үйінде шкаф тұр, ондағы екі қатарда араб-парсы тілінде жазылған 60 кітап жиюлы екен. Шкафтың үстінен тірі күнінде қолданған ер-тоқымын қойыпты. Үйдің онтүстік жақ қабырғасында қойдың 40 кәрі жілігін ілген екен

(діни сеніммен қарағанда 40 жілік күзетші болу керек). Осы төргі үйдің астын биіктігі 2 метр, ұзындығы да сондай өлшемде терең етіп қаздырған екен. Мәшһүр Жүсіптің денесі осы айтылған жерде жатыр. Сақал-шашы сол қалпында, денесі сары екен. Тірі күнінде толық адам болған болу керек. Кеуде сүйегі өте көтеріңкі, іші аздап қабысыпты. Сол жақ аяғы кішкене семіңкірейін депті, өйткені сол аяғының өкшесін (етін) бірдеңе жеген сияқты», – деп жазады. Әулиенің діни кітаптары, ыдыс-аяқтары, ер-тоқымы мен ат әбзелдерін және басқа да өзі тұтынған заттарын сағанасына қойдыруы, олай-бұлай жүрген жолаушылар пайдалансын деген ниеті екен.

Ел аузындағы аңыздардың астарында бір шындық жатқаны ақиқат. Олай болса, бүгінде ұмыт болып бара жатқан ата-дәстүрдің бұл түрін қайта жаңғыртып, оны ұрпақтар сабақтастығында кеңінен қолдана білсек игі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ұлы тұлғалар сериясы. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. – Алматы, 2013.
- 2 Электрондық ресурс. <https://baribar.kz/77480/kari-zhiliktinh-kiesi-turaly-bilemiz-be/>
- 3 Ана тілі газеті. 19 - Ақпан, 2015.

#### ҰЛТТЫҚ КИМДЕР – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ АЙНАСЫ

ҚАЗАНҒАП Ж. С., ЕЛЖАСОВА А. Е.

10 сынып оқушылары, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.

ЗАУАТ Р.

тарих пәнінің мұғалімі, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.

Қазақ халқының қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып, бірге қайнасып келе жатқан бай қазына. Оның бір ұшы туысқан Орта Азия халықтарының және орыс халқының қолөнерімен де ұштасып жатыр. Қолөнердің басты бір саласы – киім тігу. Ұлттық киімдердің қалыптасуы мен түр - сипаты халықтың наным-сенімдері мен көрші ұлттармен мәдени-экономикалық байланысы әсерінен жылдар бойы өзгеріп отырды. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қолөнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де аз емес. Олардың кейбіреуін

ескінің көзі қарттар күнделікті киіп жүрсе, енді біреулерін қыз ұзату, келін түсіру тойларында ойын-сауыққа пайдаланады.

Қазақ халқы салт-дәстүрлерімен қатар, ұлттық киімге байланысты ырымдар мен тыйымдарды ұстанған. Ежелгі заманнан бастап, ата-бабаларымыз «бастан бақ таяды» деген ырымға сене отырып, бас киімдерін жерге тастамай іліп қойған. Бас киімнің төбесін басып кимейді, оны айырбастамайды, ешкімге сыйламайды, саппайды. Сыйлыққа тек киілмеген, жаңа бас киім алып беруге болады.

Аяқ киімді төңкеріп қоюға немесе теріс киюге болмайды. Ата-бабамыздың пайымдауынша, аяқ киімді теріс киген адамның жолы болмай, жамандыққа ұшырайды. «Етік жолға бастайды, шалбар (жастансан) сорға бастайды» деген наным бойынша жорықта басқа жастанатын ештеңе болмағанда, етігін жастанып жатқан. Сұқ тиген баланы ұлтаракпен үш рет ұрып, ұшықтаған. Жаңа ұлтаракты аяқ киімге саларда алдыңғы жағының басын бойлата тіліп, иесінің «жолын ашу» ырымын жасаған.

Дәстүр бойынша, қыз ұзатылар сәтте жеңгелері әкесінің үйіне арнайы келіп, үкілі тақиясының орнына басына сәукеле кигізіп, енесінен байғазы алған. Жаңа түскен келін кемінде бір жыл желек жамылып жүреді. Сонымен қатар, «шарғы салу» салты бойынша ұзатылған қыз сінлісіне «ендігі кезек сенікі, бақытыңды тап» деген ниетпен орамал тарту етеді. «Келіннің беті айдай жарық болсын, жемісті ағаштай ұрпағы көп болсын» деп ырымдап, жыршы келіннің бетін оң қолымен қызыл торғын орамал оранған қамшымен ашады. Күйеу жігіт қалыңдығын алып бара жатқанда оның етегінен басып, шапанын алып қалады.

«Жағалы киім» ретінде және ұлттық киім ретінде қазақтар ежелден шапанды бағалап келген. Адамға құрметін, сыйластығын білдіретін «шапан кигізу», «иығына шапан жабу» деген дәстүрлер бар. Бұрын хандар батыр, билерге құрмет көрсету нышаны ретінде, арнайы тіктірткен шапанды олардың иығына жапқан, сонымен қатар түрлі мемлекеттік қатынастарды бекіту белгісі ретінде де шапан жіберетін болған. Ханның өзі киген шапанын сыйға алу – қазақ халқында үлкен мәртебе. Қазіргі таңда да түрлі той - салтанаттарда қадірлі адамдарға, сыйлы қонақтарға шапан жабу ғұрпы ғасырдан - ғасырға ұласып келе жатыр.

Құдандалық салтында да шапан кигізу, киітке «жағалы киім беру» - құрметтеудің және құдалық, жекжаттық қатынастың белгісі, айғағы ретінде саналған. «Жігіт түйе» аталатын кәдеге екі түйе және міндетті түрде сырт киім мен ер-тұрман беріледі. Баланы бесікке


салғанда бесіктің үстіне жеті түрлі сырт киімдерді (шапан, тон, ішік, тайжақы т.б.) жабатын ырым бар. Киімнің жағасын басу – жамандық пен зұлымдық шақыру деп сенген. Киімді бісмилла деп оң қолдан, оң аяқтан бастап киеді, сол аяқтан, сол қолдан бастап шешеді. Киімді желбегей жамылуға болмайды. Өйткені аруақтар жеңсіз кебін киіп, кебінің желбегей жамылып үйге кіреді деп сенген. Тек екі қолы жоқ, мүгедек адам киімді желбегей жамылады. Тозбаған киімді тастау да – жаман ырым. Егер адам оны кигісі келмесе біреуге сыйлауы керек.

Ұлттық киім – қазақ халқының көркіне көрік қосқан сәндік үлгісі. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі ұлт мәдениетінде сыйсияпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген. «Ең әдемі киім – ұлттың киімі» - деген ұлы адамдар. Жапондар кимоносын келістіріп жүр. Шотландықтар да қалар емес. Әлемдік жұлдыз ер-азаматтарының өзі шотландық юбканы арланбай киіп, осы арқылы сәнқой екендерін дәлелдейді. Ал қазақ ұлттық киімдерінің тарихы Ұлы дала көшпенділерінің тарихымен тығыз байланысты. Көшпенділер өздерінің бірнеше мыңдаған жылдар бойы ұласып келе жатқан салт - дәстүрін, киім кию мәдениетін, ғажайып өркениетін мұра ретінде жас буын өкілдеріне қалдырды. Осы таңға дейін алтындай құны кетпес қазынамыз қазіргі күнде тек той – думандарда, наурыз мейрамында ғана киіліп жүр. Ал күнделікті өмірде біз бүрмелі, тана, шытырма, жармалармен сәнділенген көйлекті, жүн бетін ішіне қаратып, кең етіп тігілген, оюлы шалбарды кие алмаймыз. Неге?

Мемлекеттік тілде білім алып жүрген оқушыларға ұлттық оюмен әшекейленген мектеп формасын неге кимеске деген ойдың жетегінде отырып, ақылдасып бір шешімге келдік. Қазіргі кездегі тұрмыста қазақ ұлттық киімдері қолданылмайды. Ұлттық киімге сұраныс жоқ, өйткені бүгінгі таңда қажеттілігі жоқ. Ұзын бүрмелі көйлек, үкілі бөрік тағы басқа киімдер күнделікті өмірде киюге ыңғайсыздық тудырады. Жас ұрпақтың ұлттық киімдер жайлы білімдері таяз. Сондықтан мектеп құндылықты танып білуіне мүмкіндік береді. Егер ұлттық киімдердің үлгілері ұлдарға, қыздарға костюм ретінде тігіліп саудаға шықса, қазақ мектептерінде, яғни мемлекеттік тілде оқитын мектеп оқушылары мектеп формасы ретінде киер еді.

Біз мемлекеттік тілде оқытылатын сыныптары арасында анкеталық жұмыс өткізе отырып, «Келешекте ұлттық үлгіде тігілген мектеп формасын киюге қалай қарайсыздар?» деген сұрақ қойдық. Мемлекеттік тілде оқытылатын сыныптарында жалпы оқушылар саны 154. Олардың 89-ы қыз болса, 65-і ұл.

Диаграмма 1



Кесте 1 – Анкета нәтижесі:

Оқушы	Иә	Жоқ	Барлығы
Қыздар	80%	20%	100%
Ұлдар	65%	35%	100%

Анкета қорытындысы бойынша 72,5 % оқушы келісiмiн бердi. Олардың iшiнде 58 % қыздар, 14,5 % ұлдар. Бұл сауалнама нәтижесiне оқушылардың пiкiрiне қарай отырып, осы идеяны iс жүзiне асыру, сонымен қатар ою-өрнекпен сәнделген мектеп формасын кию, қазiргi оқушылардың ұлттық мәдениетi мен мұраның ұмытылып қалмауына жол бермейдi. Себебi ою-өрнекпен әшекейленген қолданбалы өнердiң барлық туындылары өзiндiк стильдерiмен ерекшеленедi. Қолданбалы өнердiң әртүрлi пәндерiнде ою-өрнектер өзiнiң ерекшелiгiн сақтай отырып, тек қана нақты өзiне тән тәртiпте орналастырылады.

Еуразия даласын қоныс еткен көшпелi ел қазақтардың басқа халықтарға ұқсамайтын киiм үлгiлерi табиғи ерекшелiктер мен көшпелi тiршiлiкке сәйкес қалыптасты. Халқымыздағы тарихының, ой дүниесiнiң қайталанбас көрiнiсi - қазақ киiмiнiң ою-өрнегi мен әшекейi. Ол бiздiң ұлттық мәдениетiмiз.

Қорытындылай келе, қазақтың ұлттық киiмдерi этникалық тарихы, экономикалық, әлеуметтiк және климаттық жағдайлары бойынша қазақтардың ежелгi дәстүрлерiн бейнелейдi. Ғасырлар бойы қазақтың ұлттық киiмдерi қарапайымдылық пен ұтымдылықпен ерекшелендi.

Бүгiнгi Қазақстан мәдениетi дамыған, алдыңғы қатарлы мемлекет. Қазақстанның болашағы жас буын өкiлдерiнiң қолында. Келешек ұрпақ ата-бабаларымыздың өткенiне, тарихына, салт-

дәстүрiне, өнерiне қызығушылықпен қараса, оны танып бiлгiсi келсе, бұл үлкен жетiстiк.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетi. Алматы: Алматыкiтап, 2006.
- 2 Асанова А. Қазақтың ұлттық киiмдерi. Каталог - оқулық.
- 3 Қаралұлы А. Ұлттық дүниетаным.
- 4 Жәнибеков Ө. Қазақ киiмi. Алматы, 1996.
- 5 Балақаев М. Қазақ тiлiнiң мәдениетiнiң мәселелерi. Алматы: Қазақстан, 1965.
- 6 Захарова И. В., Ходжаева Р. Д. Казахская национальная одежда. 1964.

### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ-ГИГИЕНАЛЫҚ ТЫЙЫМ СӨЗДЕРIНIҢ ЕРЕКШЕЛIКТЕРIН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА ТЫНЫС БЕРУ

КАРАБАШЕВА А. Ю.

10 сынып оқушысы,

Дарынды балаларға арналған № 8 лицей-мектебi, Павлодар қ.

Әр ұлттың тарихи дамуында ерте заманнан қалыптасып келе жатқан рухани асыл мұрасы әдет-ғұрпы, салт-дәстүрi бар, олар арқылы халықтың күн көрiсi, тұрмыс-салты, мiнез-құлқы ерекшелiктерi мен дүниетанымының сыр сипаты айқын көрiнедi. Ата-бабаларымыз өздерi тiршiлiк етiп отырған орта, табиғат, тұрмыс-тiршiлiк болмысын, ел-жұрт арасындағы қарым-қатынас, жақсы-жаман кезеңдердi ой елегiнен өткiзiп, әр кез оған деген өз көзқарасын бiлдiрiп отырған. Халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрi жеткiншек ұрпақты адалдыққа, адамгершiлiкке, жақсылыққа үндеп, олардың сана-сезiмiн, дүниетанымдық қабiлетiн дамытуды көздейдi. Халқымыздың ғасырлар бойы жасасып, бiзге жеткен асыл мұралардың бiрi – тыйым сөздер. Олардан халқымыздың әдет-ғұрпы, наным-сенiмiн ғана бiлiп қоймай, бойымызға тәлiм-тәрбие сiңiреміз.

Қазақ ғылымында ғалым А. Салқынбай тыйымды былай сипаттайды «Тыйым – ұлттық дүниетанымның көрiнiсi, қазақ халқының табиғатты тану жолындағы өмiрден түйген тәжiрибесiнiң сөз түрiндегi бейнесi» деген [1, 38 б.]. Қазақ тыйымдары – далалықтардың, яғни ата-бабаларымыздың қалдырған мол мұрасы.

Өзіндік қалыптасу, даму жолы бар. Тыйымдар мен ырымдардың даму сипатын олардың қалыптасуы мен ішкі танымдық ерекшелігіне қарай ғалым А. Салқынбай былайша жүйелейді:

1 Көне кезеңде пайда болған қазақтық тыйымдар;

2 Ислам діні енгеннен кейін пайда болған тыйымдар [1, 42 б.].

Көне замандарда пайда болған тыйымдар, негізінен, қазақты түсініктер мен танымдарды, ұлттық пайымдаулардың сипатын танытса, мұсылман діні енгеннен кейін пайда болған тыйымдарда ислам дінінің әсері мен ықпалы мол болады. Мысалы: дүйсенбі күні жаңа киім киме, біссимила демей ас жеме, құран оқығанда жалаңбас отырма, құран оқығанда аяқ айқастырма, жұма күні аруақтарға арнап иіс шығар, жұма күні көшуге болмайды, аяқты құбылаға қаратып жатуға болмайды т.б. Ырымдар мен тыйымдар халқымыздың әлеуметтік өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде жас буын тарапынан бұлжымай орындалып отырған. Тыйым сөздер заң ретінде қабылданып, құқықтық норма деңгейінде қолданылған. Халқымыз ырым-тыйым сөздерді пайдаланып, баршаға бірдей, міндетті түрде орындатқан. Мұның өзі қоғамдағы үлгі-өнеге, әдептіліктің негізгі қағидасы болып қалыптасқан. XIII ғасырда қазақ даласын аралаған Еуропа саяхатшысы Платон Карпини қазақ халқының жазылған конституциялық заңы болмағандықтан, әділеттілік пен әділетсіздікті, адалдық пен арамдықты, жақсылық пен жамандықты ажырататын әдет заңы бар екенін жазады. Бұл әдет заңы — тыйымды бұзған адамның кінәлі саналатынын, кінәға тартылатынын сипаттап жазады. «Егер кімде-кім осы шарттарды орындамаса, - деп жазады П. Карпини, - ондай адамды жазаға кеседі. Не ол адам көп мал төлеп (ақы) барып, бақсыға күнәсін аластатуы керек» [2, 32 б.].

С. Кенжеахметұлының «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» атты кітабына сүйенсек, тыйым сөздерді тәрбиелік мағынасына қарай былай бөлген: үй тұрмысына, қоршаған ортаға, іс-әрекетке қыз балаға, әйелге, бала, бала тәрбиесіне, нанға, бесікке, ыдыс-аяқ, тағамға, киім түрлеріне, киім киюге, жол жүруге, табиғат құбылыстарына, әдептілік пен ізеттілікке, малға және т.б қатысты деген [3]. «Бүйірін таяну – қайғының, жағын таяну – мұң-шердің, жүресінен отыру – әдепсіздіктің белгісі» деп танып, оған тыйым салған. Демек, тыйым – халықтық педагогиканың құрамдас бөлігі. Тыйым үлгілері мен сөздері ел ішінде өте көп.

Ғалымдардың пайымдауынша, тыйым сөздер қолданылу мазмұнына қарай: адамның түрлі қарым-қатынасына, табиғаттағы тылсым күштердің киесі ұруына қатысты, аруақтың қаһарынан, пәле-жаладан қорғануға арналған тыйым сөздер деп бөлінеді.

Тыйым сөздердің медицина саласында алатын орны ерекше. Ең бастысы – денсаулық. Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол адам өміріндегі ең бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөле қарау қажет, оны орынсыз ысырап етпеу керек, үнемі денсаулықтың қорын көбейтіп отыру керек. «Ең басты байлық – денсаулық» деп халық бекер айтпаған. Сол себепті әр адам ең бастысы өзінің жеке бас гигиенасы аса көңіл бөлу керек, олар – дене тазалығы, шаш, тырнақ күтімі, тіс және ауыз гигиенасы, киім-кешек және аяқ киім тазалығы. Гигиена – аурулардың алдын алуға және денсаулық сақтауға көмектеседі. Гигиена грек сөзі «Gugieinos» - емдеу, денсаулық әкеледі деген мағына береді, профилактика деген ұғым [4]. Тыйым сөздердің мазмұнынан тәрбиенің бірнеше түрін көруге болады. Атап айтсақ, тұрмыстық-шаруашылық, еңбек, мәдени-гигиена, экологиялық тәрбие, әдеп мәдениеті деп қарауға болады. Ал мәдени-гигиеналық тақырыбындағы тыйым сөздерді жеке алып жіктедік:

а) *Тазалыққа тәрбиелеу.* Тазалық тәрбиесінде жас ұрпақтың дені таза, тәні сау болып өсуі үшін жеке бас тазалығын сақтауға арналған тыйым сөздердің орны ерекше: шелектегі суға аузыңды салма, саусағыңды аузыңа салма, шашыңды аяқ астына тастама, сыпырғышпен ұрма, шалбарыңды жастанба, дәрет суын аяқ асты төкпе, құдыққа түкірме, тамақтың үстінен аттама, итке ожаумен ас құйма.

ә) *Эстетикалық тәрбие.* Эстетикалық тәрбиеге қатысты адамның сыртқы көрінісінің жарасымдылығы мен жүріп-тұру әдебіне байланысты бір алуан сөздер бар: шашыңды жайма, тақымыңды көрсетпе, езуіңді керме, талтайып отырма, шаш-тырнағыңды өсірме, бөркінді теріс киме, кіндігіңді ашпа.

б) *Киім кию және ұқыптылық.*

- бас киімді теріс киюге, кез келген жерге тастай салуға болмайды, биікке іліп қою керек. Әсіресе, аяқ астына тастамау керек. Мұның себебі, бастан бақ тайып, бас ауруына тап болады. Басы айналып, тілі байланып, иманы қашады. Адам баласынан қадірлі, ақылынан қасиетті ештеңе жоқ.

- киімнің жағасын басуға болмайды.

- қыз бала басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі болып саналады.

- тозбаған киімді тастауға болмайды.

- қыздарға ер баланың киімін киюге болмайды. Жаман ырым.

в) *Баланы қауіптен сақтапдыратын тыйымдар:* отпен ойнама, оттан аттама, пышақты шалқасынан қойма, пышақтың жүзін жалама, аяқ-қолыңды жіппен байлама, түнде суға барма, жүгіріп үйге кірме.

Медицина (лат. medicina: medicus - дәрігерлік, емдік) – адамдардың денсаулығын сақтау мен нығайту, сырқаттарды емдеу мен аурудың алдын алу, денсаулық және жұмысқа қабілеттілік жағдайында, адамзат қоғамында ұзақ өмір сүруге жетуді көздейтін тәжірибелік іс-әрекеттің және ғылыми білімдердің жүйесі [4].

Ата-бабамыз тыйым сөздерді бала тәрбиелеу үшін ғана пайдаланбаған, оның денсаулығына, қауіп-қатерден аман-есен сақтап қалуына, тазалықты сақтауына, ұқыптылыққа, өз-өзіне дұрыс қарауына, жүріп-тұру әдебіне де көп көңіл бөлген. Тыйым сөздерді медицина тұрғыдан қарасақ, онда – санитарлық-гигиеналық нормалар, тазалық сақтау, қауіп-қатерден сақтану (өрттен, апаттан, т.б.), адамның денсаулығына әсер ететін әрекеттер жатады. Төмендегі кестеде бірнеше тыйым сөздерді алып оның дәстүрлік танымын және қазіргі медицинадағы көрқарасын салыстырып көрдік:

Кесте 1

№	Тыйым сөздер	Дәстүр танымы	Медицина көзқарасы
1	Саусақ, қолды орынсыз ауызға салуға болмайды.	Әдепсіздік белгісі.	Түрлі ауру шақыратын микробтар ауызға түсуі мүмкін.
2	Бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге болмайды.	Жақсылықтың барлығы адамның мандайына жазылады деп есептеледі. Сондықтан бас киімнің орны ерекше.	Бас киімді әрқашан таза, ұқыпты ұстап, төрге іледі. Бұл – тазалық сақтау белгісі.
3	Ыдыста беті ашық қалған тағамды жеуге болмайды.	Беті ашық қалған тамақты «сайтандар аралап кетеді» деп, тамақтың беттерін жауып жүру керек.	Өйткені зиянкестер, жәндіктер түсіп кетуі мүмкін.
4	Суға түкірмейді.	Өйткені су, ауа, күн, от сияқтылар адамзатқа қажетті құндылық. Оны сақтауға міндеттіміз.	Адам түкірігінде көптеген зиян микробтар болуы мүмкін.
5	Аяқ-қолды жіппен байлауға болмайды.	Себебі бұл қол-аяғы байланған тұтқынды еске салады.	Жіппен байлаған кезде, аяқ-қолдың тамырлары кесіліп кетіп, адам көп қаннан айырылуы мүмкін. Бұл адам өміріне өте қауіпті.
6	Басты шайқауға, тісті қайрай беруге болмайды.	Жүйке ауруына шалдыққан адам ғана осылай істейді.	Басты көп шайқай берсе, басы айналып, адам есінен танып қалуы мүмкін. Ал тісін қайрай берсе, тістері түзеу болмай, қисық өсуі мүмкін.
7	Адамға қарай түшкіруге, түкіруге болмайды.	Бұл қылықтардың барлығы әдепсіздік болып саналады.	Адам түкірігінде көптеген зиян микробтар болуы мүмкін.
8	Екі езуді керуге болмайды.	Себебі бұл әдепсіздік болып саналады.	Егер езуін көп керіп жүрсе, аузы үлкейіп кетуі мүмкін.

9	Екі қолды төбеге қойып отыруға болмайды.	Басына қайғы-қасірет түскен адам ғана екі қолын төбесіне қойып отырады.	Адамның төбесінде көптеген жүйке тамырлары бар, сондықтан адам басын сақтап жүру керек.
10	Жакты таянбайды.	Қайғы-қасіреттен әбден қажыған адам ғана жағын демеу етіп, таянады.	Жакты таянған кезде, тістің өсуіне әсер тиеді, тістері түзеу болмай, қисық өсуі мүмкін.
11	Өтірік жылауға болмайды.	Бұл – қайғы-қасірет шақыратын жаман ырым.	Көп жылау адамның жүйке жүйесіне әсер етеді, ол психологиялық және физиологиялық ауруларға алып келуі мүмкін.
12	Кір киімді киюге болмайды.	Бұл әдепсіздік болып саналады.	Киімді әрқашан таза және ұқыпты ұстаған жөн. Бұл гигиеналық норма.
13	Қолды жумай, тамақ жеуге болмайды.	Тамақ жеудің алдында және сонында қонақтардың қолына жылы су құйылады. Қолға су құю оң жақтан солға қарай орындалады. Қол жуғанда қолдың әрбір саусағын жеке-жеке жуады.	Бұл гигиеналық норма. Жуылмаған қолда көптеген микробтар болады.
14	Тамақты асығып ішуге болмайды.	Тамақ ішер алдында «Бисмиллаһи раһмани раһим» деп нанды сындырып, ауыз тигеннен кейін басқа тағамды жейді. Бұл сөз «Мейірімді Алланың атымен бастаймын» деген сөз.	Асығып ішкен тамақ, асқазанда тез қорытылмайды, ішегінде тұрып қалуы мүмкін. Адам денсаулығына әсер тиеді.
15	Ыстық тамақты, шайды үрлеп суытпайды.	Тамақтың құты кетеді.	Ыстық тамақ, шайды үрлеген кезде бетін күйдіріп алуы мүмкін, сол себепті біраз суығанша күту керек.
16	Тамақты немесе шайды өте ыстық немесе салқын күйінде ішуге болмайды.	Тамақты аз-аздан алып, асықпай шайнап жейді.	Ыстық тамақ не шай асқазанға барған кезде көптеген ауруларға апаруы мүмкін, сол себепті суытылған тамақты жеп, шайды ішу керек.
17	Тамақты шынтақтап жатып, түреген тұрып немесе тым еңкейіп отырып жеуге болмайды.	Тамақты отырып жеген дұрыс.	Дұрыс отырып желінбеген тамақ асқазанда көпке шейін қорытылмайды.
18	Бейіт басында немесе жанында жеуге болмайды.	Ал көшеде, базарда, көлікте мүмкіндігінше көпшіліктің назарын аудартпай тамақтанған дұрыс.	Далада жеген тамаққа шаң-тозаң түсіп кетуі мүмкін.
19	Жуылмаған көкөністер мен жеміс-жидектерді жеуге болмайды.	Өйткені жуылмаған тамақтан адам ауруға ұшырайды.	Бұл антисанитария.
20	Тамақ жеп отырған адамды орнынан қозғалтпайды.	Әдепсіздік болып саналады.	Тамақ ішіп отырған адамға бөгет жасауға болмайды, тамақ дұрыс қорытылмай, асқазанға ауыр тию мүмкін.




Халық медицинасында тыйым сөздерге былай түсініктеме береді:

1) Үлкендер «Бақаны өлтірме» деп тыйым салған, бұны – «Жаңбыр жауады» деп өлтіртпеген. Қазіргі медицина жағынан қарастырсақ: медицинада бақаның терісінде адамның денсаулығына қажетті көптеген биологиялық белсенді заттар бар дейді; ертеде бақаны сүттің бетіне қойса, сүт көпке дейін бұзылмайды екен, яғни қазір сүттен жасалған тағамдарға пайдаланады; халық медицинасында бақаны көптеп пайдаланады екен [5].

2) «Қасты жұлуға болмайды» деген тыйымға көптеген дәлелдер бар: шаріғат бойынша адам баласына қас жұлуға тиым салынған, өйткені шаріғатта сырт көзге әсем көріну үшін қас жұлу дұрыс емес [6].; дәрігерлер анықтағандай, қастың әр талын жұлған кезде мидің бір бөлшегі өледі деген. Нәтижесінде, өз-өзіне зиян жасап жүргендей боласын; медицина факультеттерінде оқытылатын Uvies Maskog профессордың «Эмбриология» кітабында былай жазылған: «Адам пайда болғанда алғашқы шаштар: эмбриондық дамудың төртінші кезеңінде қас бірінші болып өседі [7, 207].

Сонымен, тыйым сөздерді көне мұрамыз етіп сақтап, жас ұрпақтың санасына қазақ халқының ауыз әдебиетін жаңаша жолмен жаңғыру мақсатында Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында «Дала фольклорының антологиясы» бағыты бойынша тыйым сөздерді заманауи цифрлық форматта жаңа тыныс берілді, бұл – мобильді қосымша, қойын кітапшасы, олардың көмегі арқылы жас ұрпақ тыйым сөздер жайлы мағлұмат ала алады:



Сурет 1

Тыйым сөздерді тақырып бойынша саралап, медицина саласының бірі – гигиена тақырыбындағы тыйым сөздердің мән-мағынасы анықталды. Жас ұрпақтың санасына өзіміздің табиғатымызға тән салт-дәстүрімізді жаңаша жолмен жаңғыру өз маңыздылығын көрсетті.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Салқынбай А. Тіл. Таным. Білім. – Алматы: Эверо, 2008.
- 2 Ахметова З. «Дәстүр». 2011 ж.
- 3 Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. - Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012.
- 4 Электрондық ресурс. <https://kk.wikipedia.org>
- 5 Электрондық ресурс. <http://herbalis.ru>
- 6 Электрондық ресурс. <http://alashainasy.kz>
- 7 Электрондық ресурс. <https://ok.ru>
- 8 Электрондық ресурс. [Baq.kz](http://Baq.kz)
- 9 Электрондық ресурс. <http://www.arba.ru>

#### ТАЛҚАН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

КАРТАШОВА Л. А.

10 сынып оқушысы, № 1 қазақ орта мектебі, Ақсу к.

АПСАЛИКОВА А. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 1 қазақ орта мектебі, Ақсу к.

Халқымыздың қашанда қонақжайлылығымен, жомарттығымен танымал екені баршамызға мәлім. Және қонақ күту дәстүрі де өзінше бір мектеп. Қазақ халқының дастарқанын күнделікті және әдет-ғұрыптарға байланысты тағамдар деп екіге бөлуге болады. Қай халықтың болмасын дастарқаны, сол халықтың тұрмыс салтына, әдет-ғұрыптарына, тіршілік-тынысына қарай қалыптасатыны белгілі. Өйткені дәстүр, салт дегеніміз әрбір халықтың әдет-ғұрпына, ескідегі және соңғы ғасырдағы дүние тану ұғымына, діни нанымдарына, қоғамдық құрылысына қарай қалыптасқан.

Тары-талқанның өндірісін ұршықтай иіре ала алмай отырмыз. Ата-бабамыз тұтынған ұлттық асты көршіден алып жатырмыз. Күнделікті тағамды рационымызға кеңінен енгізе алмай отырғандықтан сұранысқа алаңдаймыз ба әлде талқанды көрі-кұртаң жейтін ас деп қораш көреміз бе екен? Қалай дегенмен де әп-сәтте дайын бола салатын, тойымды да сіңімді «сарталқан» мен «майсөктің» «Роллтон» мен «БигБоннан» артық ас екені анық.

Талқан (орыс. талкан, ағылшын. talkan) – қуырылған бидай, тары, т.б. келіге түйгенде немесе диірменге тартқанда жасалатын майда ұнтақ. Бидайды тары мен арпаны қуырып алған соң келіге түйіп, кол диірменге тартып, елеуішпен елеп, майда ұнтақ жасайды. Талқанды сорпаға, сүтке, майға, қаймаққа жаныштайды, оларды жанышқан талқан немесе аттас көже, ботқа дейді.

Талқан – көптеген тағамдарға таптырмайтын шикізат. Одан быламық, ботқа, атала дайындауға болады. Сондай-ақ сүтке, қаймаққа, сарымайға, сорпаға, суға бұлғап желінеді. Ол асығыста оңай дайындалатын тағам.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» талқан – қуырылған бидай, тары т.б. келіге түйгенде немесе диірменге тартқанда жасалатын майда ұнтақ деген анықтама берілген. Талқанның түрі көп: олар – қуырған талқан, сарталқан, майталқан, ақ талқан, жиде талқан, алма талқан, құрғақ талқан [2, 664 б.].

Тары-талқан атамыздың асы десек, артық болмас. Себебі, осы бір дәнді дақылдың тарихы тым әріде жатыр. Қазақ фольклорында бұл тағам түрі ауызға көп алынады. Мәселен, «Ертөстік» ертегісінде батырдың алыс сапарына анасы арнайы тары қуырып береді. Тары сабанының азықтық сапасы бидай сабанынан екі есе артық екендігін ескерсек, 1 келі тары сабанында 0,41 азықтық өлшем, 23 грамм сінімді протеин болады. Тары жармасының құрамында крахмалдың мөлшері 81 пайыз, белоктыкі 12 пайыз, ал май мен қант жеке-жеке 3,5–0,15 пайызды құрайды. Тіпті, ондағы ақуыздың мөлшері күріш, қарақұмық жармаларынан едәуір көп. Сондықтан болар «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» деген сөз тектен-текке айтылмаса керек. Ертеректе жолаушылап шыққан қазақтың қоржынға тары-талқан салып жүретіні де сондықтан. Тіпті, ашаршылық жылдары Жетісу жерінде «Біз де келдік Кегенге (Райымбек ауданы), Кеген жақсы дегенде, Тары менен талқан жоқ, Суға шылап жегенге...» деген жыр кең тараған. Осыдан-ақ тарының қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі маңызын байқауға болады.

Қазақтар дәнді дақылдар өсіріп, асқа пайдаланған. Көшпелі қазақтар дәнді дақылдарды көбінесе, отырықшы халықтардан айырбасқа алып отырған. Қуырылған тары, бидай, жүгеріні шөйдің тәттілігіне пайдаланған. Тарының тас диірмен арқылы ұнтақталған талқанын сүтке, суға езіп жеген. Талқанды жүгері, бидайдан жасаған. Талқанның сары майға араластырып жасалғанын «жент» дейді [3, 257 б.].

Талқан – қуырылған бидайдан, арпадан жүгеріден ұнтақталып дайындалады. Ерте кезде талқан дайындаудың екі тәсілі болған. Бірі – кол диірменге тарту, екіншісі – келіге тую. Екі тәсілмен дайындағанда да талқанның майдаланып, байқалып қоятын түйіршіктері болады, оны «талқанның сағы» дейді. Талқанның сағын бөліп алу үшін жайпақ табаққа салып екшелейді. Сонда сағы талқанның бетіне бөлініп шығады да, ұнтағы астында қалады. Бетіндегі сақты алып тастай отырып, талқанның ұнтағын бөліп алады. Талқан аса дәмді әрі құнарлы тамақ. Оны майға, кілегейге, қаймаққа кеулеп жеуге де, шайға салуға да болады. Талқан салған шай қою болады әрі тез суиды. Оны жентке қосады. Талқаннан әзірлейтін тамақты «сарталқан» немесе «майталқан» деп атайды. Сарталқан дайындағанда талқанды қойдың құйрық майына немесе жылқының майына араластырып, баяу жанған отқа қойып қуырады. Талқанды құмшекер салып дастарқанға құрғақ күйінде қоюға да болады. Оны кебегі көк тазартылмаған бидай ұнынан (2 не 3 сорт ұннан) әзірлеуге де болады. Ол үшін аздап май жағылған қазанға шақтал ұн салып ақырындап қуырады. Қуырылып қызыл-күрең тартқан ыстық талқанға сары май және құмшекер қосады, сонда ол өте дәмді болады. Оны балалар да сүйсініп жейді. Ұн талқанын майға, кілегейге, сүтке араластырып жеуге, шайға салып ішуге болады. 1 кг тал-қанға–200 г құмшекер, 200 г май қажет [1, 185 б.].

Халқымыз тарыны – «жауынгер дақыл» деп атайды. «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» деп бекер айтпаған. Сөктің тағамдық қасиеті мен түрлі ауруларға пайдасын білген. Ұзақ аурудан әлсіреген кісіні ашыған көжемен көтерген. Тары көже әрі сусын, әрі тамақ болады. Бозада ашытады. Қуырылған бидайдан, арпадан жүгеріден ұнтақтап дайындалады.

«Талқан – көктеген және термоөндеуден өткен бидай, қара бидай, сұлы және арпадан жасалған өнім. Күш беретін құнарлы тағам әсіресе, балаларға, жүкті әйелдерге, қарттарға пайдалы. Поволжье, Орта Азия, Оңтүстік Сібірдің көшпелі халықтарының көне рецептілері негізінде арнайы технологиямен әзірленген.

Талқан – зат. Қуырылған бидай, тары т.б. келіге түйгенде немесе диірменге тартқанда жасалатын майда ұнтақ [2, 664 б.].

- қуырған талқан – (монғ.) майға ұнын көбірек етіп салып қолбақырға майды ысытып қуырған талқан. Қуырған талқан сарғайып піседі. Қуырған талқанды чайға салып жейді (монғ.)

- ақ талқан – (түрікм.: Таш., Тедж., Мары) жүгеріні келіге түйіп жасаған талқан. Сендерде а қ т а л қ а н істей біле ме? (Түрікм., Тедж.)

- жиде талқан – (Қарақ.) жидеден жасалған талқан. Келіге түйіп, езіп жаншып жасайды. Бұрын ж и д е т а л қ а н жасау деген көп болатын (Қарақ.)

- ақ талқан – зат. Ең соңғы түйілген талқан [3, 254 б.].

- алма талқан – (Қост., Жанг.) бидай талқаны. Біздің үйде алматалқан көп ақ (Қост., Жанг.)

- құрғақ талқан – (монғ.) бидайды ұнтап, түйіп жасаған түрі [3, 254 б.].

Бүгінде сол тары таңсық ас болып барады. Тіпті, тары өңдеу, оны нарыққа бейімдеу, осы арқылы кірісін еселеп, тұрмысын жақсарту жолына түскен қаракөздер қаншама? Зерттеу жұмысын бастамас бұрын мен Ақсу қаласының және Лебязжі ауданының картасымен таныстым. Карта бойынша маршрут құрдым.

Лебязжі ауданында талқан жасайтын адамдарды және талқанның қай түрін жасайтынын анықтау мақсатында мен құрған маршрутым бойынша жолға шықтым. Тілектес, Қызылқоғам, Черное, Шәмші, Шабар, Әйтей батыр, Жанатаң, Жамбыл ауылдарына бардым.

Талқау жасау шеберлерінің айтуы бойынша, ерте кезде талқан дайындаудың екі тәсілі болған. Бірі – кол диірменге тарту, екіншісі – келіге тую. Көбінесе олар ата-бабаларымның талқан дайындау кәсібін жалғастырып келеді.

Талқанның адамға пайдасы бар ма? Сұраққа жауап алу үшін Ақсу қаласының ауруханасына барып, бас дәрігермен сұхбаттастым. «Кұнарлы дәм» деп атайтын бұл тағамның жарнамасы ең алдымен емділігімен байланыстырылады. Талқан тек құнарлы тағам ғана емес, емдік қасиеті мол азық. Күніне 200 грамм талқан жеген кісі қан аздығы ауруынан құлан-таза айығады екен. Ертеде ата-бабаларымыз талқанды сусамыр дертін емдеуге пайдаланған. Жалпы, ежелден-ақ, ұлттық тағамдар қатарында талқанның орны ерекше болған. Оны сәбиден бастап қарт кісілерге дейін сүйсініп жеген. Талқан күш-қуат берумен қатар, қартаю үдерісін баяулатады, ағзаны жасартады дейді дәрігерлер. Күш беретін құнарлы тағам әсіресе, балаларға, жүкті әйелдерге, қарттарға пайдалы. Талқан – сіңімді әрі дәмді. «Ыстық су күй да, жей бер. Сүтке пісір де балаға бер»-деген жарнамалар бекер айтылмаған.

Тарының дәні ғана емес, сабаны да пайдалы. Ауыл-шаруашылығында пайдаланса, мол өнім алуға болатыны белгілі. 1 кг тары сабанында 0,41 азықтық өлшем, 23 г сіңімді протеин болады. Ал тары жармасының құрамында 81 % крахмал, 12 % белок, 3,5 % май, 0,15 % қант бар. Мұндағы белоктың мөлшері күріш, қарақұмық

жармаларынан едәуір көп. Тарыдан жасалған тағамдар адам ағзасына күш-қуат беріп, иммунитетті көтереді. Бір кесе сүтке тары бөктіріп жеген адам күні бойы тоқ жүреді. Отыз күн ораза кезінде халықтың тары-талқан жейтіні де сондықтан. Оның құрамы микроэлементтерге бай. Сүйекті, тырнақты, шашты қатайтып, жарақаттың тез жазылуына, терінің жақсаруына алып келетіні белгілі.

Сондай-ақ, тары асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартып, ағзадан шлактардың шығуына әсер етеді. Құндылығы, дәмділігі жағынан арпа мен сұлы жармасынан асып түседі. Тағамдық қасиеті мен түрлі ауруларға пайдасы мол. Құрамында темір мен С дәрумені көп болғандықтан тарыдан жасалған тағамдарды жиі жейтін болсаңыз, қан айналым жақсарады, нәтижесінде қан қысымын реттейді. Сонымен қатар, тары ағзаға қажетті фтор, магний, марганец секілді элементтердің орнын толықтырады. Тарыға май, қант және мейіз, кепкен өрік қосатын болса, пайдасы да күшейе түседі. Жас ана сүтті шәйға тары салып ішсе, сүті молайып қоюланады, баланың да тамағы тоқ болады.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша, тарының емдік қасиеті қазіргі медицинада дәлелденген. Ол күш-қуат берумен қатар, бауырды, бөтекенің жұмысын жақсартып, терлетуге әсер етеді. Қыздырып басқан тары ісікті басып, тіс ауырғанды тоқтатады. Ерте заманнан тарының емдік қасиетін білген емшілер бауырға таптырмас ем деп білген.

Халқымыз тарыны – «жауынгер дақыл» деп атайды. «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» деп бекер айтпаған. Сөктің тағамдық қасиеті мен түрлі ауруларға пайдасын білген. Ұзақ аурудан әлсіреген кісіні ашыған көжемен көтерген. Тары көже әрі сусын, әрі тамақ болады. Бозада ашытады. Қуырылған бидайдан, арпадан жүгеріден ұнтақтап дайындалады.

Талқан, бірден ұлттық тағам, екіншіден экологиялық сапалы өнім. Аталған өнімді Лебязжі ауданының талқан жасаушы шеберлер тұтынушыға ұсына алатынына біз қуаныштымыз. Кәсіпкерлер алдағы уақытта талқанды тек тары мен бидайдан ғана емес, дәмді дақылдардың өзге түрлерінен де дайындауды ойластырып отыр. Талқан тек құнарлы тағам ғана емес, емдік қасиеті мол азық. Оны зерттеу барысында анықтадым.

Жұмыс барысында арнайы маршрут құрып, ауыл-ауылды аралап, көп мәлімет жинадым, картотека жасадым. Әр шебердің талқан жасаудың өз әдісі бар екен. Мұра ретінде жалғасып келе жатқан бұл кәсіп еңбекқорлықты, шыдамдылықты, тиянақтылықты қажет етеді.

Талқан жасайтын құралдардың бірі бұл кол диірмені. Байқағаным, олардың түрлерінде, құрылысында өздеріне тән

ерекшеліктері бар. Оны келесі суреттерден қарастыруға болады. Ұқсастығы: барлығы ағаштан жасалған диірмендер.



Зерттеу барысында тас диірменін ешкімнен кездестірмедім.

Қорыта келе «Ұлттық тағамымыз талқанды күнделікті тұтынатын азық-түлік тізіміне енгізіп, ас мәзіріне қосайық деген ұсыныс айтқым келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Национальная кухня казахов. Глемисов Х. А., Алма-ата, «Кайнар», 1990. 185 б.

2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 14-том, 664 б.

3 «Сен білесің бе?» энциклопедиясы, Қ. Ж. Райымбеков, Қ. Т. Байғабылова, Алматы: «Аруна» баспасы, 254 б.

### ИЗ ГЛУБИНЫ ГРЕЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ПРИИРТЫШЬЯ

КОЛОМИЕЦ Е. А.

воспитаник греческого отделения, Школа Национального возрождения имени К. Даржумана, г. Павлодар

Цель данного доклада – изучение и сохранение фольклора – как исторического наследия греков Прииртышья. В основу исследования положена гипотеза, что если понтийский греческий фольклор не востребован в современном мире и многие произведения уже забыты, да и сам понтийский язык является вымирающим диалектом греческого языка, то по итогу нашей исследовательской работы, собрав уникальные сведения о греках Прииртышья мы внесем весомый вклад в изучение и сохранение понтийской культуры.

Для достижения цели изложенной гипотезы определены следующие задачи:

- изучить научно-популярные, художественные издания, интернет-ресурсы по теме проекта, материалы областного архива;

- провести и описать практические исследования, обобщить полученные результаты;

- создать сборник (видеоролик) понтийского фольклора.

Как известно, по географическому положению греки делятся на несколько групп. Греки, проживающие непосредственно на Балканском полуострове в Греции, называют себя эллинами; потомки греков, переселившиеся на берега Черного моря, на Кавказ и в Малую Азию, стали именоваться понтийскими греками. Греки, населяющие Казахстан и Павл. Область являются потомками понтийских греков.

На долю греков выпало немало испытаний. Самая трагическая страница истории понтийского народа - геноцид 1916-1923 гг. Но пройдет совсем немного лет и вновь, греки познают разорение и страшное слово «депортация». В ходе своей работы нами были опрошены представители греческой диаспоры чьи семьи были депортированы в Казахстан.

К концу 1930-х гг. в республике их насчитывалось уже 1349 человек. Депортированных греков доставляли в республику в течение 8 лет. В Павлодарскую область попали множество греческих семей, а именно в Иртышский и Железинский районы, (совхоз Северный, Суворовский, Кутузовский). Жили греки также в Панфилово и других местах.

В годы депортации греческому народу пришлось нелегко, но несмотря ни на какие трудности и оторванность от родины, греки не потеряли свой язык, культуру, бережно сохранили обычаи, традиции. Их соблюдение украшает нашу жизнь, делает ее гармоничной. Семейные традиции и обычаи являются неотъемлемым атрибутом семейного счастья и благополучия.

Раньше роды принимала повивальная бабка. Новорожденного обмывали остуженной кипяченой водой. для защиты от «сглаза», привязывали на колыбель уголь, завернутый в красную ткань, а на ручку ребенка надевали браслет из разноцветных камешков. Ребенка крестили по истечению сорока дней. Крестными первенца становились те, кто держал венец на свадьбе родителей. Крестная мать шила крестильную рубашку, покупала одежду и полотенце для ребенка. Крестный отец приносил крестик и оплачивал обряд крещения. Мать при крещении не присутствовала. После сорокового дня она шла в церковь, на причастие и молитву. После крещения крестные родители передавали ребенка матери, которая, прежде чем взять его на руки должна была встать перед ними на колени и отблагодарить. В греческих семьях ребенка принято называть в

честь старших родственников. Как правило, мальчику дают имя дедушки по отцу, а девочке – бабушке по отцу.

В старину о будущей свадьбе родители мальчика и девочки договаривались буквально с колыбели, считая такие браки более прочными. Свадебные ритуалы начинали проходить за неделю до венчального воскресенья. В пятницу, заходя в каждый дом, представители жениха и невесты приглашали гостей. С особой почтительностью, дважды молодые звали на свадьбу своих крестных родителей. С самого утра в воскресенье жениха и невесту одевали к венчанию. На всю округу раздавались звуки музыки. Молодые, преклонив колени, просили родителей принять их в дом.

В каждой греческой семье строго соблюдаются церковные обычаи и таинства, к которым относятся очень серьезно. Самое распространенное время для посещения службы - это воскресенье. И, конечно же, праздничные богослужения. Для всех христиан мира Рождество Христово, Новый год и Крещение являются одними из основных праздников. В канун трех основных праздников колядующие идут по домам и поют песни (колядки) с рождественскими, новогодними или крещенскими пожеланиями.

Греческая Пасха — это, пожалуй, самый главный праздник для греков. Все это время греки вместо обычного приветствия говорят друг другу: «Χριστός Ανέστη!» (Христос Анести!) и в ответ слышат: Αληθώς Ανέστη! (Алисос Анести!)

Поздно вечером в храмах начинается Пасхальная служба без всякого освещения, и верующие от Благодатного Огня начинают зажигать свечи, которые потом обязательно принесут домой. Принято перед входом в дом этой свечой окрестить свою дверь, а дома уже зажечь от нее лампадку перед иконами.

Понтийскими называются традиционные танцы Понта). Некоторые из них продолжают исполняться и сегодня. Наиболее известные понтийские танцы – это военный танец сера, махери, кочари сераница, тригона, тик, омал. Особенностью понтийского танца является то, что благодаря простым движениям присоединиться к танцующим может любой желающий.

Одним из самых известных понтийских инструментов является кемендже или понтийская лира. На понтийской лире играют стоя или сидя. Часто музыкант становится в круг танцующих и вместе с ними играет и танцует под аккомпанемент большого барабана (даула).

Даульщик всегда играет стоя, не зависимо от того, находится ли он в открытом или закрытом помещении. Даул висит на левом

плече так, чтобы справа находилась кожаная поверхность, которая издает самый низкий звук. По этому месту он ударяет специальной деревянной палкой, которую держит в правой руке, и в такт наносит все сильные удары. Как правило, игра на музыкальном инструменте сопровождалась народными песнями.

Кто хоть однажды слышал, как поют греки - навсегда прикипит душой к нашей самобытной песенной культуре. У греков песня всегда жила с народом, трудилась с людьми и весело гуляла, шла бесстрашно на смертный бой, защищая свой дом и род. И всякий раз – побеждала!

Что можно сказать о понтийской кухне? Она очень простая. В основном в ней преобладают крупы, молочные продукты и различная зелень. Мяса практически нет, т.к. скотину держали в основном для изготовления кисломолочных продуктов и резали ее только в очень особенные случаи - свадьбы, крещения и большие христианские праздники (Пасха, Рождество). У каждой хозяйки есть свои особенные рецепты любимых блюд. Многие из них держались в секрете и передавались из поколения в поколение.

«Память - это наше право на завтрашний день». Не смотря на все жизненные трудности, которые пришлось пережить греческого народу, они не ожесточились, сохранили традиционные качества – оптимизм, трудолюбие, любовь к музыке и танцу, дружно трудились и переносили тяготы со всеми наравне. Греки обрели свою Родину здесь в казахской степи, С благодарностью к великой степи, что разделила их боль, приняла, дала кров и сегодня живут понтийские греки на Павлодарской земле.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Джуха И. Г. Спецэшелоны идут на восток. С. 483.
- 2 Иосифиди А. Х., Кочериди М. А., Саруджиди А. Ф. Государственный архив Павлодарской области. Архивные документы, письма.
- 3 Электронный ресурс <https://www.grekomania.ru/>
- 4 Электронный ресурс <http://www.greek-martirolog.ru/http://e-history.kz/ru/contents/view/4963>
- 5 Электронный ресурс <http://greece-portal.ru/o-pontose/pontiyskie-traditsii-i-obryadi.html>
- 6 Электронный ресурс <http://www.pontos-news.gr/ru/article/128389/ot-rozhdestva-do-kreshcheniya-tradicii-pontiyskih-grekov>

7 Электронный ресурс <https://multiurok.ru/files/issliedovatiel-sii-proiekt-fol-klor-viesioluyi-dlia.html>

8 Электронный ресурс <https://infourok.ru/tvorcheskiy-proekt-folklor-dusha-naroda-461818.html>

## ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ БЕСІКТІҢ РОЛІ

ҚАБИДЕН Ә.

7 «Б» сынып оқушысы, № 1 ЖОБМ, Павлодар қ.  
МАМАЗАКИРОВА С.

6 «Д» сынып оқушысы, № 1 ЖОБМ, Павлодар қ.  
ОМАРОВА Ә. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 5 ЖОБМ, Павлодар қ.  
ШАХАРОВА С. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 1 ЖОБМ, Павлодар қ.

Қазақ – көне дәуірден бастау алатын күрделі де бай тарихы, сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі ғұрып – дәстүрі бар, этнографиялық ахуалы әр қилы, пейілі өзінің байтақ даласындай кең де қонақжай халық.

**Бесікке салу** – нәрестені алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Бесікке саларға шақырылған ауыл-үйдің әйелдері шашуын, жол-жоралғысын ала келеді. Баланы алғашқы бөлеу үлгілі ұрпақ өсірген қадірменді әйелге тапсырылады. Бесікке салған әйелдерге көйлек, жаулық сияқты сый тартылады. Үлкендер батасын беріп, баланың ер жетуіне, ананың үбірлі-шүбірлі болуына тілектестік білдіреді

Сондықтан біз ізденіс жұмысымызды бесіктің балаға тигізетін пайдасын зерттеуге, қазіргі замандағы ролін анықтауға арнадық.

Көшпелі өмір кешкен қазақ халқының аса қастерлеп ұстаған мүлкі бесіктің қадір-қасиетін кім білмейді? Бесік – өмірге жаңа келген періште-сәбидің ақ отауы, оның ер жеткенде алаңсыз балалық шағын есіне түсіретін ардақ тұтар асыл бұйымы емес пе?! Бесікке бөлеу – қазақтың ежелгі салт – дәстүрі.

Бесік – қасиетті, киелі құтты мүлік. Сәбидің алтын ұясы болып есептелінеді.

Бесікті баланың нағашы жұрты арнайы жасап сыйлыққа тартқан.

Бесік – нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Кіндігі түскен баланы 5 күннен кейін бесікке салады. Ал бесіктің құрылымы балаға гигиеналық тәрбие беруге лайықталған әрі алып жүруге жеңіл,

ықшам және берік. Ол баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы қойылатын түбек пен шүмек баланың дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына жағдай жасайды. Бұл үй шаруашылығымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, көшіп-қонып жүргенде, баланың өзінің де денінің сау болып өсуіне де тиімді.

### Бесікке қатысты тыйымдар мен ырымдар

1 Бос бесікті тербетуге болмайды.

2 Бесікті сатуға болмайды. Бесікті саудаламайды.

3 Кез келген адамға беруге болмайды.

4 Аяқ астына тастауға болмайды.

5 Бесіктің өзін отпен аластап қояды.

6 Бос бесікті еш уақытта жабусыз қалдырмау керек. Үстіне ақ мата жауып, ең болмағанда ұршығына орамал байлап қою қажет.

7 Бесіктің теріс жағына отырмайды.

### Қазіргі кезде бесік жырын аналар айта ма?

Дүниеге жаңа келген жас сәбидің өмірге деген құштарлығын, айналасына деген сүйіспеншілігін қалыптастыратын алғашқы қадам – ол ана жүрегін жарып шыққан «Бесік жыры».

Айтұға ұят, әрине, қазіргі уақытта бесіктегі сәбиді ұйықтату үшін, ойнату үшін ұялы телефонды нәрестенің бас жағына қойып даңғыраған шетел музыкасын қосатындар баршылық. Ол әлі дамымаған сәбидің психологиясына қалай әсер етеді? Бала түгілі ересектер қолданса зияны көп ұялы телефонымыз бесіктегі балаға өзгеше қатерлі екеніне сол жас аналар неге мән бермейді?!

«Баланың бесігі – кең дүниенің есігі» деген екен данышпан Төле би бабамыз. Бесік кең дүниенің есігі болса, сол бесікте жатқан сәби даңғыраған еш тәлім-тәрбиесі жоқ шетел музыкасын тыңдап өссе, баланың болашағы не болмақ?

«Жас балаға қазақтың әлди-әлди деп басталатын бесік жырын жырлау керек.

Көп жағдайда бесіктің орнына памперс қолданылады. Памперс синтетикалық заттан жасалғандықтан бала денсаулығына зиян, ауа өткізбейді. Ал, оны бесікке бөлемей, ұзақ уақыт памперс кигізіп өсірсе, ер жеткенде түзге отыруының шартты рефлексі жөнді қалыптаспайды. Памперс тек қана су сорғыш есебінде қуық төңірегін жылуын тұрақтандырады. Оны 12 сағаттан арттық кигізуге болмайды. Дәрігерлер памперсті 2 айға дейін ғана қолдануға рұқсат етеді. Ал, бесік жалпы дене жылуын тұрақтандырады.

Қазір баласын бесікке бөлейтін ата-ана аз. Тіпті «бесік зиян...» дейтіндер де бар.

Менің сұраныс өткізген үйлерде:

«Мына бір «памперс» деген пәле болды, – дейді ол ызаланып, баланың бұтын қарығаннан басқа түк пайдасы жоқ. Ана үйдегі келінге бесіктің пайдасын айта-айта шаршадым. Памперске әбден сеніп алған, менің айтқанымды құлағына ілмей жүр», – деп көптеген әжелер ызаланып айтуда.

Енді осы «памперс» біздің қазаққа да келіп алды. Орнығып, іске кіріскеніне тіпті оншақты жылдың жүзі болып қалды.

Әже бұдан соң өздерінің жас кезінде бесікті қалай пайдаланғаны жөнінде жырықпай айта бастады. Оның айтуынша, бесік деген – сәби үшін де, оның шешесі үшін де өте тиімді. Бесіктегі бала:

➤ біріншіден, таза өседі.

➤ екіншіден, асты құрғақ баланың ұйқысы да тыныш болып, анасының мазасын көп алмайды. Ал памперс киіп, емін-еркін жатқан бала ербеңдеген қол-аяғынан шошып, жиі оянады. Ұйқысы тыныш болмаған соң, ол бала мазасыз болады. Дұрыс демалмаған мұндай балалардың зердесі толық жетілмейтіндігі медицинада әлдеқашан дәлелденген.

➤ Үшіншіден, бесікте күн ұзақ құндақтаулы жатқан балаға салқын да тимейді, яғни көп ауырмайды.

➤ Төртіншіден, көп уақытын бесікте өткізетін бала сырт көзден тыс болады. Ал бұл не болса, сол үйір келетін сәбидің тіл-көзден аулақ болуына септігін тигізеді.

➤ Бесіншіден, дүниеге келген сәттен бастап, құндақта жатқан баланың денесі тіп-тік, аяғы түп-түзу болып өсетіні барша жұртқа белгілі. «Нәресте ұйқымен өседі» дейді атам қазақ. Олай болса, сәбидің тыныш ұйықтауына бесіктен артық жайлы орын жоқ.

➤ Алтыншыдан, бесік белгілі бір ырғақпен ғана тербетіледі, бұл жағдай баланың жүйкесін қалыпты жағдайға түсіріп, мінезінің сабырлы болуына негіз болады. Сондай-ақ бесіктегі бала ана әлдиін тыңдап өседі. Ал мұндай бала қайырымды болып қалыптасады. Бесік жырын тыңдап өскен баланың қанына ұлттық қасиет дариды. Бесікте жатқан бала таза болып қана қоймай, жұқпалы аурудан да сақ болады (**№ 1 кесте**)

Бесіктің пайдасы жөнінде біршама әңгіме айтқан көрші әжем мені де ойға қалдырды. Расында да, қолда барда жақсының қадірін біле бермейтініміз рас. Әйтпесе, баланың қалыпты өсуі үшін бесіктен артық не бар? Жастардың соңғы кезде памперске үйреніп алғаны рас. Олар алдымен памперсті баланың құрғақ жүруіне септігін тигізеді деп ойлайды. Содан соң оған кірді жиі

жуудан құтқаратын бірден бір дүние деп қарап, жиі пайдалануға ұмтылады. Памперстің осындай тиімді жақтары бар екені рас, бірақ оны балаға үнемі кигізіп қоюға болмайды. Себебі көпшіліктің айтуы бойынша, памперсті үнемі киіп жүретін бала соған сеніп алып, дәретін астына жібере салуға үйреніп кетеді. Ал бұл әдеттің бала тазалығына нұқсан келтіретіні өз алдына, сәбиді ауру қылатыны тағы бар. Дәрігерлердің айтуынша, памперс жас баланы «ночной энурез» деген науқасқа шалдықтырады екен. Яғни баланың памперске үйреніп кететіні сондай, кейін өсе келе ол дәретін өздігінен игере алмай қалатын көрінеді. Осыдан келіп, баланың жүйке жүйесі нашарлап, неврологиялық ауруға шалдығады. Қазіргі таңда памперсті үнемі киген балалардың дені осындай сырқатпен ауырады екен. Түнде төсекке, күндіз іш киіміне еріксіз жіберіп қоятын баланың өзінен-өзі қорқақтап, жасқаншақ боп өсетіні рас. Ал мұндай жағдайдың баланың мінез-құлқының қалыптасуына теріс әсерін тигізетіні айтпаса да түсінікті. Оның үстіне памперс балалардың жыныс мүшелерінің жетілуіне кері әсерін тигізеді деген де әңгіме бар. Ойланған адамға бұл әңгіменің жаны бар секілді. Сондықтан жастар жоғарыда айтылғандарды қаперіне алып, уақытша жан тыныштығынан гөрі балаларының болашағын ойлағаны дұрыс.

Нәжісті сіңіріп, химиялық жолмен буландырып жіберетін қоспалар адамды белсіздік пен бедеулік ауруына душар ететіні жайлы барлық жерде жазылып жатыр. Дәрігерлер соңғы жиырма бес жылда Еуропада жаппай белең алған белсіздік ауруын тікелей «памперспен» байланыстырады. Өйткені, памперс киіп өскен баланың қуаты қырық жасқа жетер-жетпесте тоқырап қалады екен. Жас бала «памперске» кіші дәретті жіберген мезетте, әлгі табиғи температура бірден жоғарылайды. Аздан кейін «памперске» сіңген зәр қайтадан мұздай болып суиды. АҚШ және Еуропа елдерінде озық ойлы дәрігерлер «памперсті» қолдануға қарсы екенін басылымдардың бірінен оқығанмын. «Негізінен кішкентай сәбиге памперсті барынша кигізіп қажет емес, өйткені ол баланың терісін құрғатып жіберуде мүмкін және аллергиялық қызаруларға әкеп соқтыруы мүмкін. Егер сәби кішкентай болса бесікке бөлеген жөн, ал кішкене есейген кезде горшокқа үйреткеніңіз абзал...» - деген пікірлерді интернетте де жалпы арналарда да айтып отырады.

Мен бұл пікірді қолдаймын. Өзім туып-өскен аулада мен «Бесік бізге керек пе немесе памперс керек пе?» деген сұраныс өткіздім. Сұранысты 30 көрші арасында өткіздім. Сондағы 10 жас ана «керек

емес», ал 15 әже және 5 жас ана «керек» деп жауап берді. Пайызға аударғанда былай болып шықты 33% керек емес, ал 67% керек деп есептеді.

Менің нағашы әпкемде егіз қыз туды. Менің ғылыми жобамның тақырыбы бесік және памперс туралы болғандықтан, мен жазғы демалысымда нәрестелер арасында зерттеу жасауға рұқсат сұрадым. Әжеме маған зерттеу үшін бесік қажет екендігін айтып, бесік сұратып алдым. Сонда біз Әдияні бесікке бөлеп, ал Жәнияні коляскаға салдық. Он күн байқау жасадым. Әдия түні бойы тыныш ұйықтады, Жәния болса, бірнеше рет оянып, мазасызданды. Осы кезден бастап мен Жәниянің неге мазасызданғанын байқай бастадым. Әпкем балаға памперсті ауыстарған сайын мен өзімнің бақылау кестеме уақытын тіркеп отырдым.

Әпкем Жәнияға памперс кигізгенде, бала өзін басқаша сезінететін байқадым. Бірнеше күннен кейін Жәниянің денесінде аллергиялық қызарулар пайда болды, бала мазасызданып, дұрыс ұйықтамады. Сонда біз памперстің баланың денсаулығына қандай зиян әкелетінін байқадым. Памперс киіп, емін-еркін жатқан бала бос жатқан қол-аяғынан шошып, жиі оянады. Ұйқысы тыныш болмаған соң, ол бала мазасыз болады. Дұрыс демалмаған мұндай балалардың зердесі толық жетілмейтіндігі медицинада әлдеқашан дәлелденген. Келесі он күнде керісінше, Жәнияні бесікке бөлеп, Адияні коляскаға салып, памперс кигіздік. Жәния сол кезден бастап тыныштана бастады, Адия бесікке үйренгендіктен коляскада, тіпті памперсте жата алмай, жылады. Тіркеп отырған қағазға қарап, әпкем, әжем үшеуіміз мынадай сәйкестік шығардық. Біз апта бойы екі нәрестеге зерттеу жүргіздік. Зерттеу кезінде барлығымыз екі қыздың әрекетін зерттеп кестеге жазып отырдық. Апта соңында қорытынды жасадық. Мынадай тұжырымға келдік. Бесікке бөленген Адия тыныш жатты. Жәния жиі мазасызданды, өйткені денесі қызарып, жылады. Оған күніне 10 памперс кетті. Памперстің ең арзанын кигізсе, 480 теңге, ал қымбаттырағынан алса, 660 теңге кетеді.

Жаялықтарды зерттеуде әжем екеуіміз дүкендерді аралауға шықтық. Сонда жаялықтардың түр-түрі бар екенін көрдік, бағаларын салыстырдық. Жаялықтардың атаулары көп екен.. Олар: EVYBI, HAGGIES, MOLFIX, MONY, LIBERO, MERRIES, PAMPERS. Бірден бағаларын қарадық. Сонда біз әжеммен жаялықтарды салыстыру үшін EVYBI, HAGGIES, PAMPERS түрлерінің нөмір 1 (2-5 салмаққа арналған) сатып алдық. EVYBI-дің 1 дана бағасы 70 теңге, HAGGIES-тің бір дана бағасы 80 теңге, PAMPERS-тің 1 дана бағасы 90 теңге.

EVYBI-ді сәбиге кигізгенде, мынадай кемшіліктер көзге көрінді:

- сапасы төмен және кигізгенде дене пішімі бойынша дәл келмеді
- іші дымқыл болды
- жаялықтың үстінгі қабаты үлбіреп қалды

HAGGIES-ті нәрестеге кигізгенде, осындай кемшіліктер шықты:

- жағымсыз иіс шықты
- жаялықтың мақтасы қалды
- сапасы төмен

PAMPERS-ті кигізгенде мынадай кемшіліктер пайда болды:

- баланың денесі дымқыл болды
- суды дұрыс сіңдірмеді
- сапасы орташа

Дәрігерлердің айтуы бойынша 2 сағат сайын ауыстырса, сонда EVYBI-ді сатып алғанда күніне 840 теңге, айына 25 200 теңге, 6 айда 151 200 теңге қаражат шығады.

HAGGIES-ті сатып алғанда күніне 960 теңге, айына 28 800 теңге, 6 айда 172 800 теңге қаражат шығады.

PAMPERS-ті сатып алғанда күніне 1080 теңге, айына 32 400 теңге, 6 айда 194 400 теңге ата-аналар қаражат шығарады.

Бесік пен памперстің бағасын салыстырған кезде, бесік бізге арзан болып шықты. Өйткені бесікті әжем 50 000 теңгеге ұстаға тапсырыс беріп алды. Бесікке қоса біз көрпе, төсек орын, матадан жасалған жаялықтарды, үкі, пышақ, қамшы сатып алдық. Барлығына 75 500 теңге жұмсадық.

Шын мәнінде ұрпағымыздың ертеңін ойластыру, халық болғаннан кейін бәріміздің де міндетіміз. Ұрпақ қамы әсіресе оның дұрыс бағыттағы тәрбиесі, тек айтылып қана қоймай бесіктегі сәтінен бастап қолға алынғаны жөн. Ұрпақтың тәрбиелі де мол болғаны – халқымыздың бақыты. Бұрынғылар: «көп қорқытады, - терен батырады» деген ғой. Бұл да есте ұстайтын жәйт.

Алдымызда қойған болжамымызды дәлелдедік. Егер біз бабаларымыздың қалған ең қымбат мұралардың бірі-бесік, бірретік жаялықтарды (памперсті) қолданбай, баланы бесікке бөлеу дәстүрін сақтасақ, дені сау ұрпақты қалыптастыра отырып, қазақ жас отбасының қаражаты үнемдеу әбден мүмкін. Бірреттік жаялықтарды қарапайым отбасы үшін қымбат. Екі жыл бойы қолдану нәтижесінде қамақты қаржыға шығандануы мүмкін. Ал олады үнемдейтін деген оймен ұзақ уақыт ауыстырмай балаға кигізіп қою арқылы денсаулық пен тазалықтан айырылу қаупі туады.



Қорыта келгенде, сәбидің бесікке бөленуі, үй шаруашылығымен айналысқан анаға үлкен көмек. Ана памперсті кигізіп, өзінің уақытша тыныштығын ойламай, ең алдымен өз ұрпағының денсаулығын, болашағын ойлап бесік жырын айтып, бесікке бөлеп, аналық махаббатын сыйлап, бесікті тербетсе, оған артық не жетер?!  
1 Білім және ғылым министрлігінің ресми сайтына ([www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)) жобамыздың ізденістерімен бөлісіп, осындай ұсыныс жібердік. Орыс, қазақ және басқа да тілдерде оқитын сыныптарда еңбек пәні бағдарламасына ұлдарға бесікті жасау, қыздарға бесікке қажетті әдемі, ыңғайлы, жайлы заттарды пішу, тігіу, бесікке бөлеу тақырыптарын енгізу.

2 «Азимут» жиһаз фабрикасының басшысымен кездесіп, ғылыми жобамыздың ізденістерімен бөлісіп, ұсыныс жасадық. Жиһаз фабрикалары бесікті өзіміздің табиғи өнімнен шығарып, дүкендерге қол жетімді бағамен дүкендерде сату. Дүкендерде коляска мен түрлі бала керуеттердің тандауы мол. Жас отбасылар балаға бесік алғысы келсе де, оны таба алмай жүреді. Бесік дүкендерде қолжетімді бағамен сатылса, бесікке салу дәстүріміз жаңғырар еді.

Мәдениет басқармасының ресми сайтына ұсыныс жаздық <http://www.madeniet.pavlodar.gov.kz/> ғылыми жобамыздың ізденістерімен бөлісіп, осындай ұсыныс жасадық. Бесік, оның маңыздылығы мен «Бесікке салу» дәстүрі туралы, отбасының қаражаты қаншалықты үнемделетіндігі туралы жарнаманы белсенді түрде газет-журнал, теледидар, ғаламтор арқылы көрсету.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аманбике Бәйімбетқызы «Бесікке жетер не бар?» мақаласы.
- 2 Әбішев Бағдат «Бесік жырын айта білесіз бе?» мақаласы.
- 3 Әсет Әбдіқазықызы «Ананың ақылы: Денсаулық. Бесік және «памперс» мақаласы.
- 4 Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері, Алматы, 2004 ж.
- 5 «Қазақ Энциклопедиясы», II-том
- 6 Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / М. Қойгелдиев, Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, т.б. – Алматы: «Мектеп» баспасы,
- 7 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері – Алматы, Қазақстан,
- 8 Көкшеева З. Бесік жырлары – эстетикалық мәдениетті қалыптастыруы
- 9 А. Мұсабекова «Бесік» мақаласы.

10 Нурмухамед Алдабергенов «Бесікке салу» мақаласы, 2013 жыл.

11 Өмешұлы Ә. Бесікке бөлеу зиян ба? Парасат, №7

12 Халық ауыз әдебиеті

13 Шайзинда Жанәділов - медицина ғылымының докторы «Бесік не үшін керек?» мақаласы.

14 <http://besik.kz/besiktin-kurylysy/>

15 <http://shymkent.otyrrar.kz/displaziyada-balany-qyndaqtaufa-bolmajdy/>

#### Ұсыныс

1 Мектепте еңбек пәні бағдарламасына ұлдарға бесікті жасау, қыздарға бесікке бөлеу тақырыптарын енгізу.

2 9-11 сыныптарға «Бесікке салу» дәстүрі тақырыбы бойынша үйірме ашу немесе дәріс беру.

3 Жиһаз фабрикалары бесікті өзіміздің табиғи өнімнен шығарып, дүкендерге қол жетімді бағамен сату.

### ҚАЗАҚТЫҢ ОЮ-ӨРНЕГІНІҢ МӘНІ МЕН МАҒЫНАСЫ

МАГЗУМОВА К. Е.

6 «Б» сынып оқушысы, № 7 орта мектебі, Ақсу к.

АХМЕТОВА Ә. Қ.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 7 орта мектебі, Ақсу к.

Қазақтың ою - өрнегі ертеден келе жатқан ою-өрнектерді түрлендіру арқылы мазмұнды қазақтың ою-өрнектерін жасау дәрежесіне көтеруге болады. өнер өлмейді, өнер көнермейді, өнер жеміс ағаштың бұтағындай гүлдеп, жемістене береді. Қазақтың ою-өрнектерімен танысып, олардың дүниетанымы, өз қоршаған орта және сұлулық туралы түсінігі артып, шеберлік қабілеті дамып отырады.

Қазақтың ұлттық ою-өрнектері мен оның атаулары көп. Ғалымдар әзірше 200 – дей түрін ғана анықтады. Біз солардан халық арасында көп тараған мүйіз тектес ою-өрнектерді сөз етпекпіз.

Қазақтың ою-өрнегінің өзіне тән даму жолы мен тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан, сақ, андронов мәдениетінен басталады. Андронов мәдениеті – б.з.б. екі мыңжылдықтың соңғы жартысы мен бір мыңжылдықтың басында батыс Сібір мен Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті. Ал б.з.б. VIII–III ғасырларда сақтар негізінен Оңтүстік Шығыс пен Орталық

Қазақстан жерлерін мекен еткен. Сақ тайпалары туралы құнды тарихи деректер ежелгі заманғы грек және парсы тарихшыларының қол жазбаларында кездеседі. Ол жазбаларда грек тарихшылары сақтарды «азиялық скифтер» деп, ал парсы тарихшылары «сақ» деп атаған. Бұған елімізде ұзақ жылдар жүргізген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел бола алады.

Тарихи – ғылыми деректерге жүгінсек, қазақ халқының ою - өрнек өнері ежелгі замандардан бастау алып, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпалар өнерінің ықпал - әсерімен сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән белгілі бір жүйеге келгенің қапысыз таныр едік.

Бұған дәлел – қазақтың алғашқы ою-өрнек үлгілерінен андронов, сақ, ғұн, үйсін мәдени мұраларын ұшыратқанымызды айтсақ та жеткілікті. Қазақтың ою-өрнегі – ғасырлар бойы дамып келе жатқан өнер туындысы. Халқымыздың қай қолөнер саласын алсақ та, қазақтың ою - өрнектерінің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен орналасқанын көреміз. Оюлардың ежелден келе жатқан нұсқаларында элементтер құстың, гүлдің, жануарлардың түрін түспалдап тұратыны белгілі.

Көне түркілердің түсінігі бойынша, құс – көктің, балық – судың, ағаш – жердің белгісі. Бұйымдарда жан-жануарлардың мүйізі, дене мүшесі, тұяғы, құстың тұмсығы, түлкінің басы, бөрінің құлағы немесе иттің құйрығы т.б. және өсімдіктердің түрлері кеңінен белгіленген.

Қазақтың ою-өрнек өнері – қазақ халқының ауыз әдебиеті секілді мәдени шежіре. Қазақтың ою - өрнегінің теориясы.

Қолөнер шеберлерін, суретшілер мен сәнгерлерді ұлттық рухта тәрбиеленуде ою-өрнектің атқаратын рөлі өте зор. Сұңғат және бейнелеу өнерінде, сондай-ақ қолөнер шеберлері жасаған бұйымдарда ұлттық нақыш анықталып тұруы қажет. Сол ұлттық нақышты айқындап бейнелейтін өнер түрі – қазақтың ою - өрнегі. Қазақ халқының ою-өрнек өнері байырғы ұлттық өнерлердің ішіндегі ең ежелгісі, әрі кең таралған саласы. Бұл ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, адам жанына ләззат сыйлайтын эстетикалық мәні зор өнер. Бүгінгі таңда қазақтың 230 – дай оюының ежелден келе жатқан атаулары бар. Қолөнер шеберлері ертеден ою - өрнек атауларын екі топқа бөліп құрастырған. I – топқа ою - өрнектердің тікелей өзіне, түріне қатысты негізгі атаулар, II – топқа жалпы ою-өрнек қолданылатын бұйымдардың атаулары жатады. Ою-өрнекті теориялық жағынан негіздеу – этнолингвистикалық атаулары лексика – симантикалық топтарға бөлуге қатысты нақты

қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Ою - өрнек тарихы халық тарихымен жасалып келе жатқан төл мұрамыз екені белгілі.

Бүгінгі таңда ою - өрнектің практикалық маңызы артып отыр. «Ою», «өрнек» сөздер де бір мағынаны білдіреді. Бедері түсірілген үлгіні ойып, кесіп, қиып немесе екі затты оя кесіп, киюластыру «Ою» деп аталады. Ал киім – кешекке, түскиізге және т.б. қолөнер бұйымдарына кестелеп бейнеленетін бедер, сол сияқты тоқылатын алашаға, бақұрға және қоржынға түсірілетін түрі. Геометриялық бедерлерді «Өрнек» дейді. Өрнекті тасқа, ағашқа күйдіріп, қашап, бояп түсіруге болады. Қазақ ою - өрнегін көне тәсілмен жасау кезінде шеберлер оның дәлме – дәлдігін сақтамай –ақ, көзбен мөлшерлеп қиып, ою - өрнектің тең пропорциясын жасай білген. Мұны бізге мұра болып қалған көне ескерткіштерден айқын көруге болады. Оюлардың өзіндік көркемдік мәні және сюжеті болады, дегенмен, өрнектегі барлық элементтер ырғаққа бағынады. Ою - өрнек элементтерінде формальді түрде бейнеленетін элемент жоқ, олардың барлығының мазмұны бар.

Ою - өрнек өнері мүсін немесе сұңғат сияқты өз бетімен өмір сүре алмайды, әрқашан қосалқы роль атқарады. Ою - өрнегінің атаулары. Ою - өрнектің көне атаулары – халықтың тарихы мен мәдениетінен, ұлттық ерекшелігінен, ертедегі дүниетанымынан мол мағлұмат беретін құндылық. Олар – халықтың өткен тарихы рухани, мәдени – материалдық өмірінің айнасы. Қазақтың «ою» және «өрнек» деген сөзі бірігіп келіп латынша «орнамент» деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз көп халықтың тіліне сіңген термин, мағынасы – сәндеу, әсемдеу.

Қазақ ою-өрнегі әлі түбегейлі, жан – жақты толық зерттеле қойған жоқ, дегенмен, бұл өнер саласын белгілі бір жүйеге келтіруге этнограф, өнертанушы Садық Қасымов пен архитектор – ғалым Тілеутай Бәсенов ою туралы біраз деректер қалдырды. Ою - өрнек саласын зерттеп жүрген ғалымдар оларды бір жүйеге түсіріп, мынадай топтарға бөлген.

1 Өсімдік типтес ою-өрнек («жапырақ», «үш жапырақ», «шиыршық», «ағаш»);

2 Зооморфтық – ою-өрнек (жан – жануарлардың табиғат және мифтік бейнелері) «қошқармүйіз», және оның түрлі нұсқалары «қосмүйіз», «сынық мүйіз», «қырықмүйіз», сондай – ақ «өркеш», «табан», «ботамойын», «құсқанаты».

3 Космогониялық өрнек («дөнгелек», «ирек», «шимай», «торкөз»)



Сурет 1

Бүгінгі таңда халқымыздың мәдени өзекті бір саласы – ою – өрнек өнері қайта дамып, бай мазмұнға ие болып жаңа түр тауыс, саналы өміріміздің кәдесіне жарауда.

Қазақ және қырғыз қолөнерінде аса бір айрықша көзге түсетіндей айырмашылық жоқ, бұл екі халықтың түр тамырының бір

екенің дәлелдейді.

Эпиграф Сауық Қасмонов пен сәулетші Төлеутай Бәсеновтың ою – өрнектері туралы жазбылған ғылыми еңбектері бұл өнер түрін өз тарихы, даму жолы, задылықтары бар тұтас сала ретінде таныпты. Осы салаға біріңші таңда үлкен үлес қосып жүрген білікті шебер, суретші Сапар Төленбаев шебердің оюлары ұлттық нақышты сақтай отырып, ғарыштық, зооморфтық, жаңа өсімдік мөнерінде қиылған. Жаңа ою – өрнектерді мынандай топтарға бөлуге болады.

- 1 Табиғат көріністері
- 2 Күнделікті тұрмыста кездесетін заттардың сырт пішіні
- 3 Еліміздің рәміздері

Бұл жаңа ою – өрнектер ежелгі ою – өрнек тобынан анықтамай, тек кеңестің және тәуелсіздік кезеңдерінде қосымша пайда болған еліміздің рәміздері қазақ ою – өнерінің басты тақырыбына айналған.

Қазақ ою – өрнегінің арқауы болған «мүйіз» оюы заманымызға сай түрленіп, жаңа ұғымда, жаңа мазмұнда қолдануда. Демек, ою – өрнек көнермейді, ол заман ағымынына қарай өз дәуіріне сай өзгеріп, жаңарып, жаңа туынды ретінде өмір сүреді.

Ол сонау ғасырлыр қайнауымен жеткен жай танба белгі емес, бұл халқымыздың оюмен жазылған шежіре тарихы.

Ою – өрнек – халқымыздың қолтаңбасы, ол өшуге, жоғалуға а жатпайды,

Ою – өрнектегі көңіл – күй мен сезім тереңдігі

Қазақ дәстүрлі мәдениетінде жастарға өзінің тұрмыс жағдайын, ақыл – парасаттың, әдептілік, адамгершілік, мейірімділік, тәлім – тәрбие ұғымдарын кілемшедегі ою – өрнек нақыштардың мағыналық ерекшеліктерімен жеткізіп отырған.

«Аққу қанаты», «жауқазын», «гүл», «жұлдызгүл» - бұл өрнектер «күнің ашық болсын» деген ізгі ниетпен салынған.

«Аққу қанаты» - өрнегі бақыттың, сұлулықтың, тазалықтың, ұлулық пен адалдықтың мағыналық белгісінде өрнектелген.

Сонымен қазақ халқының табиғат, кеңістік жайындағы дүниетанымы ертеден – ақ оның сырт пішінін кілем бетінде өрнектеу арқылы көрініс тапқан.

Ою - өрнектердің актуальдік орны.

Ұлттық ою - өрнектердің қазіргі заман талабына сай қолдану мен оларды күннен – күнге одан әрі дамып, ерекшеленіп, әртүрлі салаларда қолдану тәсілдерімен олардың тарихын зерттеу. Сонымен қатар үлкендердің арасында сауалнама жүргізу мен оның нәтижелерін тиянақтау мен шеберлермен кездесу кезіндегі сұхбаттарымызды айта кетсек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Төленбаев С., Өмірбекова М. Ою - өрнектердің жасалу жолдары.
- 2 Өмірбекова М. Ш. Қазақтың ою – өрнектері. Энциклопедия. Алматы, 2003.
- 3 «Парасат» №1, 1999.
- 4 «Ұлағат» №1, 2 1999.
- 5 «Қазақстан әйелдері» № 1 1994.
- 6 «Қазақ тарихы» 2004.
- 7 «Бастауыш мектеп» 2002.

#### ЭТНИЧЕСКИЕ МОТИВЫ В ТВОРЧЕСТВЕ ЗЛИХИ ТОЛЕГЕНОВОЙ

МУСАБАЕВ А. Д.

ученик 8 класса, Специализированная школа-лицей № 1  
для одаренных детей, г. Экибастуз

Каждый народ имеет свою колоритную культуру, которая формировалась под влиянием исторических и географических факторов. Значимой составляющей национальной культуры казахского народа считается декоративно-прикладное искусство. Его истоки тесно связаны с основной формой хозяйства казахов – кочевым скотоводством. Отдаленность мест кочевания от торговых центров заставляла человека постоянно создавать необходимые предметы быта самостоятельно. Кочевой образ жизни народа предопределил тесную связь с природой, зависимость от нее и сформировал бережное и ответственное отношение к окружающей среде.

Эти факторы повлияли на синкретичный характер культуры народа в целом, в том числе на декоративно-прикладное искусство. Несмотря на то, что данный вид искусства сформировался в далеком прошлом, современные мастера продолжают традиции своих предшественников. Ключевыми особенностями являются функциональность, отсутствие лишних деталей и символичность каждого элемента. Но это еще и средство выражения авторского мировоззрения, представление о жизненных явлениях, демонстрация своего эстетического вкуса и мастерства.

Основным элементом в работах декоративно-прикладного искусства в целом, в частности вышивания, является орнамент. Орнаментом (с лат. ornamentum – украшение) является живописное, графическое или скульптурное украшение из сочетания геометрических, растительных или животных элементов. У казахов он называется «ою», «күрақ» и трактуется как «скомбинировать и сшить из различных лоскутков». Главными признаками орнамента являются ритм, симметрия, повторяемость элементов или мотив. В искусствоведческой науке пока не существует законченной, исчерпывающей классификации орнамента и его мотивов. Чаще всего орнамент делят на зооморфный, растительный и геометрический.

Основным элементом зооморфного орнамента у казахов-кочевников является «мүйіз» (рог). В зависимости от сюжета рисунка меняются только названия: «кошкармүйіз» - бараньи рога, «қырық мүйіз» - сорок рогов и другие. Также часто встречаются орнаменты «төртқұлақ» - крестовина, «күсқанаты» - крылья птицы, «түйетабан» - верблюжья ступня и другие. Растительный орнамент – это изображение цветов (в основном тюльпаны), листья. Геометрический орнамент предполагает изображение геометрических фигур. К космогоническому орнаменту относятся изображения полумесяца, звезд и солнца.

Первые письменные упоминания о казахском декоративном искусстве и орнаменте относятся к началу XVI века. Практически первым автором, написавшем о казахском искусстве и об орнаменте, пытаясь выделить его основные элементы и сопоставить с декоративным искусством соседних народов, был немецкий ученый Карутас, посетивший Казахстан. Он указал на сходство некоторых мотивов казахского орнамента с иранским.

Первой специальной работой, посвященной целиком казахскому орнаменту, была работа С. М. Дудина, вышедшая в 1925 году. Отличая «большой вкус и умение, декоративное чутье и чувство меры», присущие казахским мастерам, Дудин выделил 4

особенности казахской орнаментики, которые являются, по мнению других авторов, основополагающими и придающими ей своеобразие. Это равенство фона и узора, а также равнозначность мотивов как узора, так и фона-действительно весьма примечательные свойства казахского орнамента. Помимо этого, орнамент имеет две другие особенности – ограниченность цветовой гаммы орнамента и наличие верха и низа в орнаментальных композициях. Еще одна особенность казахского национального орнамента состоит в том, что казахские мастера в подавляющем большинстве никогда не пользовались трафаретами, а создавали свои орнаментальные композиции от руки и на глаз. Возникающие при таком способе неточности и нарушения строгой симметрии отражали характер, присущий реальному миру.

Таким образом, орнамент – это специфический вид изобразительного искусства, который в условно-символической форме отражает важнейшие для человека идеи бытия. Вопросы происхождения и классификации казахского орнамента недостаточно изучены, однако можно говорить о наиболее значимых особенностях национального орнамента, отличающих его от этого вида искусства соседних народов. Орнамент используется в работах всех мастеров декоративно-прикладного искусства.

Предметом нашего исследования стала этническая направленность творчества Злихи Толегеновой – одной из самых известных мастериц не только Павлодарской области, но и всей республики. Ее работы имеют место в коллекциях таких знаменитых людей, как Олжас Сулейменов (известный казахстанский писатель) и Ален Ришар (эстет, посол Франции с 1994 по 1999 гг.). Среди ее многочисленных наград имеется похвальное письмо от Президента РК Нурсултана Назарбаева.

Злиха родилась в обычной казахской семье в колхозе Каражар, который в то время относился к Куйбышевскому (Актогайскому) району Павлодарской области в семье охотника, мастера по дереву, кузнеца Толегена. Мама Злихи Кокен-апа была мастерицей шитья. С самого раннего детства Злиха впитывала в себя всю красоту, колоритность народно-прикладного искусства. Наблюдая за процессом создания различных вещей ее родителями, она запоминала все увиденное и, став взрослой, она воспроизвела технику шитья своей матери и стала делать различные предметы обихода, начиная от подушек и корпе и заканчивая шитьем национальной одежды для мужчин и женщин (платья, камзолы, тубетейки).

Каждая вещь отличается от других и при этом каждая-результат вдохновения, фантазии и кропотливого труда. Сначала идея

созревает в голове мастерицы: форма, расцветка, сюжет рисунка, материалы. Злиха-апа покупает и использует разнообразные материалы и ткани в зависимости от их назначения, нитки и иголки, необходимую фурнитуру и шьет на обычной швейной машине. Но при этом её изделия поражают своим необычайно богатым колоритом, затейливым национальным орнаментом, богатой цветовой палитрой, причудливыми переплетениями линий, различными геометрическими фигурами, чудесными листьями и сказочными цветами. Все это удивительно гармонично сочетается в сюжетах ее творений. В них можно увидеть прекрасных лебедей с красиво изогнутыми шеями, прильнувших клювами голубей – символов вечной любви. Её изделия радуют глаз великолепным исполнением и наполняют сердце теплотой и гордостью.

В них чувствуется неукротимый талант Злихи-апа и богатое творческое воображение, своеобразная техника исполнения. Орнамент тускизов повторяется неоднократно, как того требуют традиции. Но при этом он ненавязчив и оригинален. Пропорциональность любого изделия и очень точный рисунок, аккуратность и высокое качество швов создают впечатление фабричных. Сочетание подобранных материалов и цветов, отделка рисунка блестящими тканями и бахромой придают нарядный праздничный вид ее изделиям. Пытаясь выяснить секреты привлекательности творчества Злихи Толегеновой, мы пришли к мнению, что в нем присутствуют многие черты прикладного творчества наших далеких предков: различные виды орнамента переплетаются в причудливых узорах и пробуждают подсознательное желание понять их глубинный смысл; строгость и четкость композиции, контрастность цвета и отсутствие многоцветия определяют чувство меры. Наличие поля по краям изделия придают ему законченный вид. Использование тесьмы и других элементов в серебряном и золотом цвете, бархат и парча создают ощущение праздника-хочется смотреть на такую вещь и получать эстетическое удовольствие. Изделия многофункциональны – это не сувениры, а необходимые для быта и жизни предметы, способные украсить любой интерьер. Те из них, что выполнены для дарения в качестве подарка при внимательном «чтении» раскроют содержание мыслей и пожеланий автора. Все это дополняется качественным в техническом плане исполнением.

Из вышесказанного я делаю вывод, что декоративно-прикладное искусство казахского народа имеет глубокие корни. Оно было необходимым условием выживания в условиях кочевого образа жизни и имеет свои отличительные особенности.

Мастера-кочевники не создавали объединений, а работали в одиночку. Кочевой образ жизни в значительной степени определил синкретичный характер творчества мастеров, многомерность и полифункциональность изготавливаемых предметов.

Основной художественный принцип- декоративность, украшение. Посредством этого вида искусства мастера создавали предметы быта, украшали интерьер жилища и каждый его элемент, передавали свое мироощущение и настроение. Для современного человека огромную помощь в понимании этого вида творчества оказывают народные умельцы, такие как Злиха-апа. Ее высокое мастерство признано и оценено неоднократно на самых разных уровнях.

Пытаясь понять секреты ее искусства, мы пришли к выводу, что уникальность её изделий придает: умение согласовывать форму, цвет, декор изделия и смысловое содержание; глубокое чувство гармонии, единства и завершенности, отсутствие излишеств; качественное техническое исполнение – очень аккуратные, ровные швы; повтор и чередование составляющих узор элементов, которые нельзя повторить, так как они отмечены своеобразием; изделия с этническим орнаментом гармонично вписываются в пространство современного интерьера, они комфортны, удобны, не занимают много места; за каждым изделием стоит глубинная философия, скрытый смысл.

Злиха апа - очень талантливый человек, мастер своего дела с активной жизненной позицией, патриот своего города и своей страны. Ее жизнь и творчество-пример потомкам для подражания. На наш взгляд, историю нашей страны, культуру наших предков нужно изучать не только и не столько на примерах правителей, на событиях войн и подвигах героев-воинов, но и на примерах простых людей, носителей и продолжателей традиций предков. Это - один из эффективных средств воспитания, так как является методом передачи норм поведения, культурных и духовных ценностей от одного поколения к другому, это учит творить и созидать, дарить людям радость.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Асанова С. Ж., Птицына А. П. История казахской национальной одежды и прикладного искусства. Фолиант, 2008 г.
- 2 Аргынбаев Х. Ремесла казахского народа. Алма-Ата, 1979 г.
- 3 Востров В. Общественный и семейный быт казахов. Москва. Просвещение. 1963 г.
- 4 Когабай Ж. «Оюында ой-орман. Өрнегінде акку-каз», «PrimaLux», Экибастуз, 2013 г.

5 Когабай Ж. «Өнердегі алтын көпір», «PrimaLux», Экибастуз, 2011 г.

6 Муқанов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-Ата. 1979.

7 Газета «Отарка», № 39 от 29.09.2016 г.

8 Культура, Википедия, 14:33, 14 февраля 2019 г. [Электронный ресурс]. – URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D1%83%D0%BB%D1%8C%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0>

## «ҚАРА ҚАЗАН» СӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕП ЗЕРДЕЛЕУ

НҰРФАЛЫМ Р.

8 сынып оқушысы, Дарынды ер балаларға арналған  
«Білім-инновация» лицей-интернаты, Павлодар қ.

АДУОВА Б. Т.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Дарынды ер балаларға арналған  
«Білім-инновация» лицей-интернаты, Павлодар қ.

Кей құрдастарым: «Бұл не үшін керек, «қара қазанның» қандай мәні бар?» деп сұрауы да мүмкін. Әрине, мен өнер зерттеуші маман емеспін, бірақ қазақтың баласы болғасын салт-дәстүрден аздап хабарым бар. Халық қазанды жай ғана ас дайындайтын қазан демей, оны «қара қазан» деп қастерлеп айтуының өзіндік және киелілік сыры бар деп ойлаймын.

Бұл жерде «қара» сөзі қасиетті, киелі, берекелі деген ұғымды білдіреді және символдық мағыналары бар [4, 21 б.]. Бұны тіліміздегі «қара шаңырақ», «қара домбыра», «қара қазан» сияқты тіркестерден байқауымызға болады.

Ал «қазан» деген сөзінің мағынасын зерделесек, ол-дәстүрлі қазақ қоғамында отбасының ырыс-несібесінің, берекесінің символы ретінде ерекше қастерленіп, қасиетті саналатын үй мүлкі, ас пісіретін ыдыс. Қазан қоладан, мыстан, шойыннан құйылады [1, 271 б.]. Мыс пен қоладан қалыпқа құйылып, түрлі өрнекпен, аңдар бейнесімен әшекейленген қазандар алғаш рет сақ дәуірі ескерткіштерінен қазып алынған. Бұл кезеңде құрбан шалуға арналған қола қазандар кең тараған. Кейінірек қазан шойыннан құйылатын болған. Қазанды көтеруге ыңғайлы болуы үшін ернеу тұсына сырт жағынан 2-4 құлақ жасалады. Қазанды үш бұтты ошаққа немесе жерошаққа асады. Тұрғылықты жерде қазандыққа орнатылады. Көшпелі елде қазан қирамас үшін

қалың кенеп, киізден арнаулы қазанғап жасайды. Ертеректе қазақтар көші-қон кезінде қазанды салып, арбаның артқы жағына немесе түйенің ашамайына іліп алып жүрген. Қазанның сыйымдылығы әр түрлі. Он екі қарыс немесе тай қазан деп ең үлкенін атаған. Он екі қарыс тай қазаннан бастап, екі литр ғана су сиятын кішкене қазан болады. Дәстүрлі қазақ қоғамында қазан қасиетті саналады [1, 271 б.]. Жерлесіміз ғалым Ә. Марғұлан атамыз «Құламерген» жырының желісіне ерекше назар аудара келе, қазанға байланысты «Қазан – шаңырақ сияқты, бүтіндіктің белгісі», - деп жазады.

Бұл берген жоғары бағадан: қазан – тоқшылық пен бейбітшіліктің, ырыс-несібенің айғағы, қасиетті киелі ыдыс екеніне сеніміміз мол. Күнделікті тәжірибеде киелі саналатын қазанға қатысты наным-сенім, ырым, жоралғылар қазақ арасында жеткілікті. Қазан культі көшпелі халықтардың бірқатарында сақталған. Тіпті Қожа Ахмет Иасауи кесенесіндегі тайқазан – көшпенділердегі береке мен бірліктің символы екені баршаға мәлім.

Қазан – сонау скиф-сақ, ғұн заманынан келе жатқан «жеті қазынаның бірі», ғұрыптық тамақ пісіретін ыдысы. Қазанның басқа ыдыстарға қарағанда, қазақ өмірі мен мәдениетінде алатын орны жоғары. Ертеде қазақ ауылдарында ертеде тайқазан, нарқазан деп аталатын үлкен қазандар болған. Қазақ дастарқанына түсетін тағамдардың барлығы да (қымыздан басқасы) осы қара қазаннан өтеді. Халық қазанды жай ғана ас дайындайтын қазан демей, оны «қара қазан» деп қастерлеп айтады.

Қара қазанның символикалық белгісі туралы этнограф ғалым Сейіт Кенжахметұлының былай деп жазғаны бар:

«Қазақ дастарқанына түсетін тағамдардың барлығы да, ең алдымен, қазаннан өтеді. Халық жай ғана «қазан» демей, оны «қара қазан» деп қастерлеп айтады. Бұл жерде «қара» сөзі қасиетті, киелі, берекелі деген ұғымды білдіреді».

Қара түс түркі дүниесіне, соның ішінде қазаққа да жат емес. Қазақтың сөздік қорындағы «қара тұту», «қара жүрек», «қара жамылу», «қаралы көш», «қара қазан», «қара шаңырақ», «қара ниет» сияқты ұғымдар соның айғағы.

Ал белгілі ақынымыз Төлеген Айбергенов «Қара түс» өлеңінде бұл түсті былай жырлайды:

Құт кірерде қара жерге қақ тұрған,  
Қара қазан қамы бала бақтырған.  
Қара қазақ қауіпті дерт, ауруын,  
Қара қойдың өкпесімен қақтырған.

Қара көздің жасын түнде кептірген,  
Талай қара кезеңдерден өттім мен.  
Бірақ бабам «қара мал» қып ырысын,  
Қасиетін қара шаңырақ деп білген.  
Міне, осыларға қарап қара түс қазақ үшін қасиеттіліктің,  
киеліліктің нышаны екенін аңғаруға болады.

Қазақтың ер ақыны Махамбет Өтемісұлының:

«...Қара қазан, сары бала

Қамы үшін қылыш сермедік...» деп келетін өлеңінде  
халқымыздың киелі символы - қазанның төңкерілмеуі жолындағы  
ерлік күресті айтады. Ал мына бір толғауында:

«Астана жұртын айналған,  
Астына тұрман болсам деп,  
Адырнасын ала өгіздей мәңгіреткен;

Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен» деп, халқы топтасқан  
астананы ұран етіп Махамбет ақын сары далада жойқын күш болған  
батыр бабаларымызды еске түсіреді.

«Қара қазан» тіркесі ХІХ ғасырда өмір сүрген Дулат  
Бабатайұлының:

Сен туған жерді тастадың,  
Теріске елді бастадың...

Қара қазан, сары бала,

Кемпір-шалдың қамы үшін...

- деген жыр жолдарында да ұшырасады. Бұндағы «Қара қазан,  
сары баланың қамы үшін», «Қара қазан сары бала, жылап жатыр көп  
бала» дегеніміз – халық, бұқара халық дегеннің баламасы.

Қазан – сонау скиф-сақ, ғұн заманынан келе жатқан киелі  
қазына, ғұрыптық тамақ пісіретін ыдысы ғана демей, оны «қара  
қазан» деп қастерлеп айтады. Әлемге есімі белгілі мәшһүр Ақсақ  
Темір өзі жасатқан Тайқазанды өзі тұрған Самарқандқа емес,  
Түркістанға әкеліп қоюы-түркілердің қара шаңырағы Түркістан,  
Мағжан ақын айтқандай «Ер Түріктің бесігі» екенін білген.

Этнограф Сейіт Кенжеахметұлының былай деп жазғаны бар:  
«Қазақ дастарқанына түсетін тағамдардың барлығы да, ең алдымен,  
қазаннан өтеді. Халық жай ғана «қазан» демей, оны «қара қазан» деп  
қастерлеп айтады. Бұл жерде «қара» сөзі қасиетті, киелі, берекелі  
деген ұғымды білдіреді.

«Қара сөзді білмейді, сөйлесе тек көмейі бүлкілдеп жырлаған...»

деп М. Көпеев жоғары бағасын берген Бұқар жыраудың:

Ханның жақсы болмағы - қаршаның елдігі,

Қара халық сыйласа - алтыннан болар белдігі, - жолдары бұған  
бір дәлел.

Ал белгілі ақынымыз Төлеген Айбергенов «Қара түс» өлеңінде  
бұл түсті былай жырлайды:

Құт кірерде қара жерге қақ тұрған,

Қара қазан қамы бала бақтырған.

Қара қазақ қауіпті дерт, ауруын,

Қара қойдың өкпесімен қақтырған.

Қара көздің жасын түнде кептірген,

Талай қара кезеңдерден өттім мен.

Бірақ бабам «қара мал» қып ырысын,

Қасиетін қара шаңырақ деп білген.

Міне, осыған қарап қара түс қазақ үшін қасиеттіліктің,  
киеліліктің нышаны екенін аңғаруға болады.

Ал, Қара қазан, сары бала,

Үш Бұлдыртау, маң дала,

Мұсылманды қуалап,

Қалмақ алар менен соң...

деген зар заман жыршысы Мұрат Мөңкеұлы сөздеріндегі  
«қара қазан» тіркесі [10, 120 б.]. ереуіл атқа ер салып, егеулі найза  
қолға алып, отты тілін безеген Махамбет бабамыздың батырлық  
тұлғасындай жырларында өзіндік көрініс табады.

Көне ертегі – жырларда алтын қазан іздеу салты кездеседі.

Сөз тыңда, құлақ салып, балам, маған,

Астында дарияның алтын қазан.

Әкелесің сол қазанды ерлік қылып,

Беремін Күнсұлуды қосып саған..., – деген «Құламерген»  
жырындағы өлең жолдары бұған дәлел.

Бұл жөнінде академик Ә. Марғұлан: «Құламерген» жырында  
теңіз астынан қазан іздеу тайпалар одағының бірлігін сипаттайды.  
Қазан мықты болса, ел де мықты. Қазан – шаңырақ сияқты  
бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды», – деп жазады.

Осы жыр, аңыз-әңгімелердегі айтылған ойдың тобықтай түйіні  
тіліміздегі «қара қазан, сары баланың қамы үшін» деген сөзде сақталған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. (Ж-Ж) - Алматы: Ғылым,  
2011. 6 том, 219-б.

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (К-К) – Алматы: Ғылым,  
2011, 9-том, 271-б.

- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздік II том А 1961. 374-бет.
- 4 Бес жүз бес сөз.— Алматы: Рауан, 1994 ж., 21-бет.
- 5 Дуюсов А. Ұлттық өрнектердің тұлға тәрбиелеудегі рөлі. Электрондық ресурс [www.45minut.kz](http://www.45minut.kz) Республикалық ұстаздар сайты.
- 6 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. А.: Ғылым, 1969, 62-б.
- 7 Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. – Алматы: Қазақстан өлкетанушылар қоғамы, 1991. - 240 б.
- 8 Бабатайұлы Д. Замана сазы. – Алматы: Жазушы, 1991. - 160 б.
- 9 Жеті ғасыр жырлайды: Екі томдық. - Алматы: Жазушы, 2004. - 528 б.
- 10 Серікбол Хасан. Қазан мен қазақ. / «Ақ жол» газеті., 2017. 101-б.
- 11 Бабалар сөзі: «Қарасай-Қазі» жыры., 120-б.
- 12 «Ақиқат» журналы, № 6, 1993, 10-б
- 12 Нұрқатов А. Жалғасқан дәстүр. – Алматы: Жазушы, 1980. - 312 б.

### ҰЛТТЫҚ КИИМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

РАХИМЖАНОВ Э.

5 «Д» сынып оқушысы, № 110 З. Хусанов атындағы ЖББОМ, Шымкент қ.  
ЭШМЕТОВА Т.  
бастауыш пәні мұғалімі, № 110 З. Хусанов атындағы ЖББОМ, Шымкент қ.

Ұлттық мәдени әрекет ретінде, әсіресе қыз баланың қоғамдық рөліне аса назар аударуға бетбұрыс болып отырғанда біз оң босағаға шығару дәстүріне, оның ұлттық дүниетанымы байқатар әрекеттерімен этномәдени сипаттамаларына ерекше көңіл аударуі қажет дейміз.

Біріншіден айтарымыз, оңбосаға шығару тойы қыз баласының мүшелі жасында аталады. Алғашқы мүшелі жас он үш жаста аталынатыны мәлім. Қоғамдық үйлесімділік пен қарым-қатынасжарасымдылығының негізі ұйытқысы – әйел.

Ұлттық эстетикалық талғам қоршаған ортасына өз қабілеті мен жұрыс тұрысы, сөйлеген сөзі, түр сипаты арқылы сұлұлықпен әсемділікті паш етіп, жүрген ортасын сәндікке бөлеп жүрген әйел арқылы танылатыны сөзсіз. Сонымен қатар ата салттың сақшысы, таратушысы, жаршысы да ана мен әже, ене мен келін. Зергерлермен қатар көзі барды тамсандырар қол бұйымдар жасау арқылы елдік өнер таңбаларын жасап сақтаушылар, оларға түсірілген ою-өрнектің мән-

мағынасын баяндап, қолдану тәртібінің егжей-тегжейін ұғындыратында солар. Сонымен әйел заты-ұлттық ұлт болып сақталуына өзіндік орны бар қоғам мүшесі. Бұл қабілеттер мен бұйымдердің қалыптасуы мен дамуына ықпал етуші реттеушілік міндеті басым дәстүрлер мен мерекелер. Олардың ішінде оңбосаға шығару тойындағы қазақ ұлттық киімнің рәміздік мәні анық көрсетіледі. Анасымен әжесі қызы мен немересінің мүшел жасқа келетінін аға-жеңгелері мен әкпе-жезделеріне хабарлап, дайындалуға етініш беріледі.

Қуаныш пен қайғыны ортақ білесе білген қазақ үшін бойжеткен қыздың қатарынан қалмай өз дәрежесіне тең боларлықтай сипат алуы ата-анасы мен туғандарына парыз. Сол себептен күнделікті тұрмыстық киімдермен қатар сауықтық-салтанаттық киімдерде мүшел жасқа толған қызға сыйлық етіп ұсынылған. Қыз баласы оң босаға шығару тойын жасаған. Қыздың жеңгелері, әкпелері шақырылып «біздің үйде бойжеткен қыз бар, оң босаға шығарылды», -деп ескертілген. Келген қызға жасау әкеледі. Қыздың өз үйінен екі ғана нәрсе қосылады, ол белбеу және қыз сәукелесі. Бойжеткенге алғашқы қос етек қойлегі мен мықынды камзолын әкпе жездесі кигізеді. Той үстінде қызға камзол, белдеме кигізіп сәндейді. Қыздың бой жеткеніне арнайы кигізетін күмістен белбеу соғылады. Қалыптасқан дәстүр бойынша асқан ұқыптылықпен безендірілген. Қыз бала үшін белдікті жоғалту арынан айырғанымен бірдей болған. Құсмұрын жүздікті екі жаққа қаратаққан, біріншісі үшін саусақтың сыртына қарай тағуы басы бос, құда түспегендікті білдіреді, ішке қарай тағуы құда түскендіктің белгісі.

Осы күні бойжеткен алғашқы рет шашын бұрым етіп өріп, ұшына шолпы тағып, оның сілдірімен жүресін түзей бастаған. Қызға осы кезден бастап әжесі шашын өріп шолпы тағады, бұл қыздың жүгірмеуіне, секірмеуіне. салмақты жүріп, биязы қозғалуына себеп болған. Бой жеткен қыз ашық-шашық жүре алмайтын болғандықтан шымылдық ішіне жатқызылған. Бойжете бастағаннан қыз қымсынып бүкірейіп жүреді, оның бойы түзелуі үшін, төсегін қатты тік етіп ағаштан арнайы жасатқан. Бұның өзі қыздарға көрсетілген үлкен қамқорлық. Қыздар басына ақ-қара орамал тартпайды. Ақ-жаулықтың, қара қайғының белгісі. Шашбау, шолпы сияқты өрілген бұйымның үшін бекіту үшін тағылатын алтын, күміс тиындар «адам жанының бір ұшы шаш арасында мекендейді» деген наным-сенімге байланысты қоңыраулы, сылдырмақты шолпыны шашқа пәле-жаланы жолатпайды деп таққан.

Алқа -омырауға тағатын, көбіне күмістен соғылатын әйелдердің сәндік, әсемдік бұйымы.



Білезік-білекке салатын, күмістен, алтыннан соғылатын бұйым. Жасалуына қарай алтын, күміс, құйма, сағат, қос , тоспалы, бұрама т.б. білезік атаулары бар.

Бес білезік-алтын, күмістен, асыл тастардан көз орнатылған, күміс шынжыр арқылы бес сақина бекілген аса қымбат білезік.

Балдақ-атһлтыннан, күмістен соғылған жұмыр сақина.

Жүзік-қымбат тас орнатылған жалпақ сақина.

Моншақ-түрлі тастар мен шыныдан жасалған, жіпке тізілген, мойынға, қолға салатын, киімге тағатын сән бұйым.

Маңдайша сәукеле баскиіміне маңдайына тағатын, көз орнатылған күміс бұйым.

Тал моншақ-бірнеше қатар тізілетін моншақтар.

Тұмарша-сәндік үшін омырауға тағылатын үшбұрышты, салпыншақты күміс бұйым.

Сақина-саусаққа салатын, әр түрлі үлгіде күмістен алтыннан металдардан соғылатын бұйым.

Танакөз-шар тәрізді күміске тастан көз орнатылған түйме тәрізді сәндік бұйым.

Өңіржиек- салпыншақтартағып, үзбелеп жалғаған, омырауға сән беретін, түрлі-түсті тастардан көз орнатылған әсемдік алқалар тізбесі.

Қапсырма-әйел камзолына тағылатын, түйме қызметін атқаратын жалпақ күміс бұйым.

Шекелік-сәукеле, тақия, баскиімдерге тағылатын бұйым.

Шаштенге-қыздардың өрілген шаш ұшына тағылатын, жібек бау өткізілген күміс бұйым.

Шолпы-шашқа тағатын, қымбат бағалы сығдырмақты бұрым сәнін келтіретін, алтыннан, күмістен-жасалатын бұйым.

Шашбау-шашпен қоса өрілетін, моншақты, зерлі, күміс шынжырлы әсемдік бұйым.

Шашқап-шашты күннен, шаң тозаңнан қорғайтын, қымбат матадан жасалып, сырты түрлі моншақ жапсырмаларымен безендірілген бұйым.

Сырға-құлаққа тағатын сәнді асыл бұйым. Оның саласына құрамына сай көптеген түрлері болады.

Аттарак-жылқының жіліншігін жарып, жұқалап, оны егеп, тіс салып жасаған ағаш сабы бар тарак.

Үйлену тойына киілетін киімнің жөні де өз алдына ерекше. Қалындықтың бетін ашу және белбеуін шешу күйеуінің жұртындағы өмірдің бастамасын бейнелейтін салт-дәстүрлер.

Күйеуінің үйіне келген соң, бірінші немесе екінші күні қалындықтың белбеуін шешу салт-дәстүрі өткізіледі. Той белбеуіне ерекше мән беріледі, белбеуді шешкен қайын сіңілісі жеңгесіне сырлас болады. Қалындық қайын сіңілісіне белбеуді сыйлап достық антын алып, оны сандықта ескерткіш және тумар ретінде сақтайды. Сонымен қатар, «көрініс» деген салтта орын алады, яғни қалындықтың сырлас, дос, кенесші болады.

Қалындықтың бетін ашу –түркі тілдес халықтарының барлық тойларында орын алатын функционалдық, идеялық , тақырыптық жағынан салт-дәстүрлік іс-әрекеті. «Бет ашу» атты дәстүрі бүгінгі таңға дейін бар. Бетін ашу және белбеуін шешу әйелдің бөгде руға ұрпақ жалғастыру үшін жақындасу шегін анықтайды. Өз үйінен бетін жауып шығу және бөгде үйде оны ашу рәсімі қалындықтың басқа руди «тірілту, жалғастыру» мазмұнын білдіреді.

Белбеуді шешу кезінде айтылатын тілектерде бала туудың аллегориялық формалары ерекше мәнге ие: «Алдыңғы етегіне бала толы болсын һ, артқы етегің малға толы болсын» деп аталады.

Алдыңғы және артқы етек метафоралары қалындықты қоршаған кеңістік және баламен, малмен толтырылатын орта туралы ұғымды білдіреді.

Қалындықтық әйелдер мәртебесіне жатқызылатынын білдіретін шашты рәсімдік сәндеу-көптеген халықтарда кеңтартылған құбылыс.

Шаш қою үлгісін өзгерту әлеммен жаңа қарым –қатынастарға түсетін адамның өмірлік қуатын түзетуді білдіреді. Қалындықтың шашын әпкелері, апалары, кіндік шешесі немесе әжесі өрген. Бұл үшін қалындық оларға жүзік және оқаланған лента тағуы қажет еді. Шамасы, мұнда шашқа қол сұғкшылық үшін ерекше «күнәдән айырылу»орын алады. «Адам жаны шашта орналасатыны немесе жанды жері болып табылатыны және өткір көзге оңай түсетіні үшін шашқа тиісуге тиым салынатынын әсіресе шашты ер адамның көздерінен қорғайтын:олардың жанында шашты жаюға және тарауға тыйым салынатын. Егер әйел баласы жалаңбас немесе шашын жайса, ол дереу адамдардың сөзіне қалатын. Шашты ұстау тек анасына, әжесіне жолдас қызына рұқсат етілетін. Тұрмысқа шығу еріксіз өмір сүру бейнелері тұрмысқа шыққан әйелдің шаш қою үлгісінен айқындалады:кыз бала кезінде өрілген бір бұрым шаш екі бұрымға ауыстылһрылады. Ерікті және еріксіз өмір бір-бірімен «шымылдық» арқылы айырылады яғни мұнда шекараны шымылдық белгілейді.

Қалындықтың шашы аналық бақыт сәттілік және аман саулық тілеу ббұрымдарымен жасалып өрілетін. Бұл рәсім кезінде

осыған қатысты тақпақтар айтылып, шүүдеге үш рет жеңіл шапалақпен ұрылатын яғни шүйдені бір жұдырықпен жауып, екінші жұдырықпен оны соғатын.

Шашты дәстүрлі етіп өруде қалындықтың құрбылары оған түрлі шаш әшекейлерін, салпыншақтарды тарту ететін. Әдетінше, бұл қимыл жасау сәтінде әсем қаңырау шығаратын мол етіп тігілген тиындар. Бұл арам күштерді алыстатын әшекейлер. Онымен қатар, олардың мазмұнында махаббат сиқыры бар, идеясы бар толқыған сезімнің күйін білдіруге септигын тигізеді. Зерттеушілер салпыншақтар өзінің қозғалысымен, сыңғырымен және қоңыраулық дыбысымен жағымсыз арам күшті, аластатады деген түсінік туындаған болатын.

Өзақ қалыңдығына тарту етілген тиындар, салпыншақтар, ең алдымен, қорғау қуралы ретінде қолданды. Кейінгі дамуында салпыншақтар, тиындар әшекей ретінде пайдаланды.

Орамал тағу рәсімі жақсы тілек баталарды және ән айтумен іске асырылатын қыз баланың тақия атты баскиімін әйелдердің орамалына ауыстырылуы-қалындықтың келіншек дәрежеіне етуін бейнелейтін негізгі әрекет. Орамал тағу немесе баскиімді ауыстыру секілді атрибуттар түркі тілдес халықтарды барлығына мәлім. Көпшілік алдында қалындықтың баскиімін ауыстыру рәсімінен соң әйелдер қатарына жатқызылады деген түсінік қалыптасады.

Осыдан кейін қалындықтың беліне белбеу байланады. Осы әрекетті жүзеге асыру барысында айтылатын сиқыр сөздерде түс сиқырының және жағымсыз күштерді аластататын іздері бар деп сенген.

Басына орамал таққан қалындықты құрбылары, жеңге, келіндері жан-жағынан қоршап күннің бағыты бойынша қалындықты ортаға алып айналдырып жүру барысында сазды әуендер орындалады.

Күн бағыты бойынша айналып жүру ең үлкен және жарық жасаудың арнайысы үлгілі болып табылады. Айналып жүру де табыну көптеген халықтардың көне мәдениетінде кездеседі. Айналыс үндеу үлгісін мәәңгілікке және өмірлік күштердің сүйеушілігімен қолданылатынына назар аударылады.

Күнделікті киілетін баскиім болып желек табылатын. Осы баскиімдері әйелдің өміріндегі ауыспалы шақты бейнелеп қыз бала кезінен ана болуға дейін-жас тұрмысқа шыққан келіншек киімінің құрамдастары болып табылады. Жаулық ақ-матадан жасалатын әйелдердің ең негізгі бас киімі. Өз әжелер, асыл аналарды ардақтап, ақ жаулықты деп атайды.

Жаулық-қазақ әйелдерінің ары ажары, беделі мен көркі. Арқа жерінде ардақты әжелер жоғары және төмен деп аталатын қос жаулық тартқан. Мұндай жаулықтар биік ірі көрнекті болғандықтан, әжелер мәртебесі мен ажарын көтере түседі. Ертеде мұндай жаулықтарды көбінесе бейбішілер киген.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Өмірбекова М. Ш. Энциклопедия. Қазақ ою-өрнектері. - Алматы: Алматы кітап, 2003. - 284 б.
- 2 Потапов. Л. П. Одежда алтэйцев // Сб. М/зая антрапалогии и этнографии. - М. -Л, 1951. -XIII. - С. Жәнібеков Ө. Қазақ тілі. Альбом. - Алматы: Өнер, 2005, - 160 б.
- 3 Тохтабаева Ш. Ж. Художественный металл казахов XVIII-XX вв.
- 4 Кенжеәхметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. - Алматы: Алматы кітап, ЖШС, 2006. - 46 б.
- 5 Арғынбаев. Қазақ отбасы. - Алматы, 1990. - 56 б.
- 6 Камалова Н. К. Той-мерекелік салт-дәстүрлік әрекеттер. - Астана: Парасат әлемі, 2005 - С. 66.
- 7 Потапов Л. П. Очерки народного быта туницев, - М., 1969. - С. 268.
- 8 Захарова И. В., Ходжаева У. Д. Одежда казахов Семиречия // - Алмата, 1962 -Т. 16 - С. 218.
- 9 Ибайшина Г. К. Декоративно-прикладное искусство, как отражение национальное самобытности казахской культуры: Авторефераты, диссертации кандидата философских наук: 24. 00. 01. - Алматы, 2005. - 25 с.
- 10 Малова Е. И. Материальная культура киргизов, как источник изучения их этногенеза: Труды киргизской археологии-этнографической экспедиции. - 1959. - Т. 3 - С 49-52.

## КИІЗ ҮЙ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

РАХИМОВА К., ШУМАЙ А.

7 сынып оқушылары, Қ. Ыдырысов атындағы ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Әуелбек с.

АИТИМОВА Р. Қ.

математика пәнінің мұғалімі, Қ. Ыдырысов атындағы ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Әуелбек с.

Қазақ халқының сан ғасырлық ақыл-ойының, өмірлік тәжірибесінің, табиғатты түсінуінің, оған икемделуінің ең көрнекті

туындысы – киіз үй. Өмір сүру ерекшелігіне қарай, көшіп-қонуға ыңғайлы, әрі жеңіл, әрі қолайлы баспананың пайда болуы табиғатқа бейімделу еді. Сонымен қоса, бұл табиғи заңдылық. Бүкіл жан-жануарлардың баспаналары дөңгелек, сфера пішінді болатындығы белгілі. Мысалы, аю, қасқыр апандары дөңгелек үңгір етіп жасалады. Апанның ауыздары оңтүстік-шығысқа қарап қазылады. Торғайдың, құстардың ұясы да сфера пішінді болады. Міне қазақтың киіз үйі де, осындай заңдылық бойынша жасалған.

Киіз үйдің құрылымдық ерекшелігін қарасақ, жинақылығы мен ыңғайлылығы, өз алдына, сәулеттік шешімі мен пішіні сырт тұлғасы мен өзі ерекше сұлулығымен дараланып тұрады. Ғалымдар мен мамандар киіз үйді сәулет өнерінің әлемдік ең озық үлгісінің бірі деген пікірде. Шындығында, бұл асыра айтқандық емес [1, 7 б.].

Қазақтың киіз үйлері жоғары лауазымды, мемлекет басқарған иелерінің дәрежесіне сәйкес: Алтын Орда, Хан Орда, Орда деп аталып, сол аттарға лайық жасақталатын болған. Киіз үй иелерінің рулық, тайпалық түсініктегі мансабына қарай: Үлкен үй, Кішкене үй, Отау, Кіші отау деген аттармен мәртебеленген.

Киіз үй (ағаш үй), Қонақ үй, Ас үй, Ауыз үй, Жорық үй, Жолым үй, Шатпа, Күрке деген аттармен бөлінеді. Киіз үйге тігілу әдісіне байланысты: Жабасалма, Жолым үй, Жорық үй, Шайла деген аттар берілген.

Жалпы ауыз әдебиетінде киіз үйді: Киіз үй, Ағаш үй, Шаңырақ, Қара шаңырақ, Қара үй, Қараша үй деп атау жиі кездеседі. Киіз үйді киізінің түсіне байланысты: Ақ үй, Боз үй, Қара үй деп, үзік, іргеліктері болмайтын үйлерді Туырлық үй деп бөледі. Киіз үй қаңқасын немесе киіз үй сүйегін атадан балаға мирас болып келе жатқан шеберлік кәсіпті меңгерген, өнер қонған шаңырақтар дайындайды. Ежелгі аты «қаңқа» сөзі болғанымен соңғы атау қазіргі ауызша да, әдеби тілде де көбірек пайдалануына байланысты біз де «киіз үй сүйегі» атауын пайдаландық. Киіз үй сүйегі арнайы дайындалған ағаш сырықтар мен бұтақтардан дайындалады. Олар желге, жабылатын киіз салмағына, әсіресе кенеттен пайда болатын дала құйынына шыдамды етіп жасалынуы қажет.

Киіз үй сүйегі (қаңқасы) – киіз үйдің үш өлшемді кеңістіктік сұлбасын шығарып тұрған шаңырақ, уық, кереге, есік (маңдайша, табалдырық, босаға) деп аталатын мүшелерінен тұрады. Киіз үй сүйегін жасауға жарамды ағаштар қазақ байтағының әр тараптарында кездеседі. Киіз үй сүйегін дайындауға сәмбі тал, қара тал, көк тал, боз тал, құба тал секілді тал тұқымдастары мен бірге қайың да пайдаланады. Киіз үй сүйегі көбіне жоса секілді табиғи ертінділермен

боялады. Табиғи сәнін жоғалтпау үшін қайың ағашынан жасаған үйлер боямай, сол табиғи қалпында қалдыратын болған. Соңғы кездерде үй сүйегін әрлеуге қызыл, көк түсті майлы сырлар пайдаланып жүр.

Үйшілер киіз үй сүйегінің барлық өлшемдерін кереге саны мен шаңырақ өлшемі арқылы шығаратыны туралы, әсіресе, шаңырақ шеңберінің ұзындығының киіз үй шеңбері ұзындығының үштен бір бөлігіне тең болатыны ел аузында айтылатын. Шаңырақ өлшемі кереге санына, кереге басына тәуелді. Шаңырақ көздерінің арасы 5-6 см болатын болса, керегелер басының санын, немесе уық санын 5-6см санына көбейту арқылы біз шаңырақ шеңберінің ұзындығын оңай анықтай аламыз. Киіз үй сүйектерінің тұрақты бір сан арқылы жасалатыны туралы айтылды. Біздің зерттеуімізде ол сан «Шаңырақ өлшемі»деп аталып, «А» әрпімен белгіленіп 1м-ге тең деп қабылданды, ал шаңырақ дөңгелегінің сыртқы шеңберінің ұзындығы «Ш» әрпімен белгіленді. Бұл санды (өлшемді) үйшілер өздерінше әртүрлі жобада қабылдауы мүмкін, мысалы 93см, 95см шамасында. Шаңырақтарына өлшеу жүргізілген бірнеше алты қанат үй шаңырағының сыртқы шеңберінің ұзындығы 570см ( $570:6=95$  см) болып кездесе, жеті қанат үй шаңырағының сыртқы шеңберінің ұзындығы 657см ( $657:7=94$  см) болып кездесті. Шаңырақ шеңберінің ұзындығын үйдің қанат санына бөлгенде тұрақты сан шығатыны байқалды. Ол сан бір метрге (93-95 см.) жуық шамаға тең болып, теориялық есептерге бір метр деп қабылданды. Сонымен: Шаңырақ өлшемі «А» = 1метр [2, 13 б.].

Киіз үй сүйегінің барлық мүшелерінің сандық мәні шаңырақ дөңгелегінің ұзындығы «Ш» және шаңырақ өлшемі «А» санының көмегі арқылы жасалады. Үйшіге кереге бір сан, ол кереге саны «К». Үй жасатушы Үйшіге қанша қанат үй жасатқысы келсе, ол өзінің «А» санын кереге санына көбейтіп, шаңырақ шеңберінің ұзындығын табады.  $Ш=КА$ .

Мысалы: тапсырыс берушіге 16 қанат үй керек болса, үйші 16 санын 1 метрге көбейтіп шаңырақ шеңберінің ұзындығын табады. Біздің мысалымызда  $16 \times 1 = 16$  метр.

16 қанат үй шаңырағының диаметрі ( $C=pD$ );  $D=16:3,14= 5,09$  м.

Кереге – киіз үйдің қабырғасы. Оның бір қанатында 14 ерісі, 9 сағанақ, 9 балашық болады. Алты қанат үйдің сағанақтары мен балашықтарының саны 108. Бұл сан Шығыс елдерінде ежелден аспан саны болып есептеледі. Ал, үй сырытынан айналдыра тартатын белдеу, аспан белдеуі – көк көген (зодиак шеңбері) . Сонда белдеу бойында 12 шоқжұлдыз, 12 мүшелдік жануарлар, 12 сағат күн, 12 сағат түн бәрі де өз орын-орнымен сәйкестендірілген. Сол сияқты тәулік

саны, тәуліктегі сағат сандары киіз үй құрылымда сәйкестендіріп, есептеулер жүргізген. Бір сөзбен айтқанда, киіз үй обсерватория қызметін атқарады. Өлшемдер жүргізуге өте қолайлы, мысалы, тіліміздегі сөз тіркестері: «сиыр сәске», «тал түс», «құланиек, «ұлу іңір» уақыттың мөлшерлі бейнесі, мүшелдік жануарлардың уақыт есебіне қолданылғандығын көрсетеді. Тәулік қосарланған 12 сағатқа бөлінеді де, мүшелдік жануарлар арқылы таңбаланады.

Тышқан сағаты (0-2), сиыр (2-4), барыс (4-6), қоян (6-8), ұлу (8-10), жылан (10-12), жылқы (12-14), қой (14-16), мешін (16-18), тауық (18-20), ит (20-22), доңыз (22-24). Мысалы, таңертеңгі сағат 9:00-ді «Ұлу сағаты» дейді. «Жылқы» десе – сағ 12:00, т.с.с. Бұл есепті жүргізу үшін уықтар қолданылады. Уықтың ұзындығы 12-16 қарыс мөлшерінде жасалады. Ал, саны бір үйде 45-120 болады, үйдің қанат санына қарай 45,60,72,90,120 уық болады. Уақыт өлшемін білдіретін «сүт пісірім», «бие сауым», «ет пісірім» деген сөздер мен «күн тұсау бойы», «шідер бойы», «арқан бойы» көтерілді деп айтамыз. Сөз тіркестері уықтың бойына түскен күн сәулесінің жолынан көрінеді. Мысалы, уақыт (1-5 мин.) дейінгі дәлдікпен өлшеуге болады. Егер, үйдегі уықтың саны 72 болса, әрбір екі уықтың арасы 5 градусқа тең. Сонда Күн сәулесі екі уықтың арасын 20 минутта жүріп өтеді. Ал үш уықтың арасын жүріп өтсе 40 минут, яғни, «бие сауым» дегеніміз осы. Аспан әлемінің кішірейтілген бейнесі немесе обсерватория деп отырғанымыз осы.

Шаңырақтан түскен Күн сәулесі ең төменгі нүктеге келуі, яғни, Күннің ең шырқау биікке (зенит) шығуы, шілде айының 22-күніне келеді. Суреттердегі бұрыштардағы ай бейнелері 6 және 2 сандары. Әдеттегі бақан шаңыраққа көлбей тіреледі. Көлбеу бұрышы – 62 градус, яғни, аспан экваторының галактика экваторына көлбеу бұрышы. Түндіктің төрт бұрышы әлемнің төрт бағытын нұсқап тұр. Жабылған түндіктің пішіні айналу пораболоиды, яғни көк күмбезінің кішірейтілген бейнесі. Сөйтіп, киіз үйдің кез келген бөлігі аспан әлімінің бейнесі болып шығады.

«Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» деген мәтел де осы суретте айқын көрсетілген. Қой жылы мен тоқты жұлдызы суреттері екі шеңбердің бойында. Екі арасы, бір жағында – 5, екінші жағында – 7 бөлік. Ошақты центр деп алса екі бөліктің бұрыштары  $5 \times 30 = 150$  градус,  $7 \times 30 = 210$  градус. Бұл өз алдына үлкен бір әңгіме болатын астрономиялық және атомдық құрылыс көрінетін математикалық есеп. Әбжад есебі бойынша 150 – ҚН-қаф, Канон. 210 – РИ. Рәйун. ҚН деген канон(заң). Рәйун – шырын,

нәрлі. Кереге жоғары жағына қарай тартыла береді де, уық арқылы күмбезге айналып кетеді. Уықтарды қонуыстың жасаушылары деп есептесек, төбесіндегі бұрыш 108 градусқа тең. Киіз үйдің негізгі өлшемдері ерекше пропорциялы болып келеді.

Үйдің биіктігінің диаметріне қатынасы жуық мөлшерде 0,62-ге тең. Бұл сан 26 киіз үйдегі негізгі коэффициент болып шығады. Киіз үй пішінінің айналу беттерін, яғни, дөңгелек болуы бұрыштардың болмауы киіз үйдің көркемдігін арттыра түседі. Ендеше, бұрышы жоқ киіз үйдің ішіндегі ауа тұрақты түрде алмасып (вентиляция) отырады. Киіз үйді ойлап шығарудың өзі ақиқат ғылымға негізделген. Міне, даналық!

Киіздердің, баулардың жиектерінің беріктік шегін арттыруға шүберекпен, түйенің шүйда жібімен арнайы әдіптейді. Жылқының қылы, түйенің шүйдасы ең беріктік шегі максимал материалдар. Металл материалдардан жасалған арқандар ат қылынан жасалған арқандардан беріктік шегінен кем болып жатады. Баулар қысыммен киіздерді ұстап тұратын болған.

Үй киіздерін әзірлеп болғаннан, оны ақ бормен немесе күйген сүйекпен борлайды. Бұл әдемі ақ түс береді, әрі киіздердің берік болуына, су, жылу, суық өтпеуіне едәуір әсер етеді. Киіз үй ақ түсті болуы жарық шағылдыру қабілеті өте жоғары болатынын бабаларымыз білген. Ақ түс қара түстен 13 есе, сары, көгілдір түстерден – 2,5 есе артық. Қазақ көшпелі халық болғандықтан уақытының көбін ашық аспан астында өткізеді. Ал, күн сәулесінің ультракүлгін бөлігі атмосфераның жоғарғы қабаттарында нашар жұтылатындығынан адам ағзасына елеулі әсер етеді. Мөлшері нормадан асса әсері денсаулыққа қауіпті. Ал ақ киіз атмосферадағы түрлі сәулелердің, магнит, электр өрістердің, жылу алмасуының т.с.с зиянды әсерінен қорғайды. Киіз үйдің бір бөлшегі – кәдімгі ши. Оны жүнмен орап безендіріп тоқиды. Оны шым ши дейді, ораусыз шиді – ақ ши деп атайды. Ши кереге мен туырлықтың екі ортасына келеді. Шым ши жылылыққа әсері мол. Ши тұрғанда сырттан күрт – құмырсқа, жылан кіре алмайды. Ши кәдімгі фильтр ролін ойнайды десе де болады.

Кереге үйдің барлық салмағын көтеретін іргесі, қабырғасы. Қабырғаға түсетін күш кережелер арқылы тең үлестіріледі. Қазақ атамыз көшпелі халық болғандықтан, үй салмағы көшіп – қонуға жеңіл болған. Үйді қығып үй сүйектерімен, киіздерін жылқы, түйлерге артып, жер ауыстырып отырған. Малмен күн көрген қазақ жазда жайлауға, қыста қыстауға, малға шөбі шұрайлы жерлерге орналасып, қоныс теуіп отырған [3, 2–5 б.].

Қандай ыстық болса да киіз үйдің ауасы таза, салқын болуы конвекцияға байланысты. Конвекция – (латын сөзі конвекцио – тасымалдау деген сөзінен) жылудың газдың ағыны арқылы тасымалдануы. Бауымен керіліп туырлық көтерілсе сырттан үйге кірген ауа қайтадан жоғары өрлейді, өйткені жылы ауа ұлғайады. Ұлғайған ауаның тығыздығы суық ауаның тығыздығынан кем болады, сондықтан жылы ауа қабаты өрлей жоғары көтеріледі. Жылы ауаға суық ауа тарапынан жоғары қарай әсер ететін архимедтік күш жылы ауаға төмен қарай әсер ететін ауырлық күшінен артық болады. Сонымен конвекцияда жылы ауа ағыны жоғары көтеріліп, салқын ауа оның орнын басады. Ошақтың дәл үйдің центріне орналасатының түтін тарту күші сол центрде көп болатындығымен түсіндіріледі.

Киіз үйдің салқын, жарық болуы оның түндігіне байланысты. Түндік қазіргі үйдегі терезенің ашпалы көзінің (форточка) және мұржаның ролін атқарады. Түндіктен кірген салқын ауа төмен түсіп, жылы ауа мен суықта от жаққандағы түтін түндік арқылы сыртқа шығады.

Қазіргі уақытта кез-келген құрылыс, үй-жайын салғанда оның орнықтылығын есептеу ең басты мәселе. Ал киіз үйдің орнықтылығы барынша жетілдірілген, барлық тепе – теңдік шартына жауап береді. Механикада дене орнықты болу үшін ауырлық центрінен жүргізілген тік сызық тіреу бетін қиып өтуі тиіс және ауырлық центрі неғұрлым төмен болған сайын дененің орнықтылығы арта түседі. Киіз орнықтылығы біріншіден киіз үйдің тіреу беті өте үлкен, екіншіден ауырлық центрінен жүргізілетін тік сызықты ұзындығы тіреу бетінің радиусынан әлдеқайда кіші болғандықтан киіз үй төбесі уықтармен сырғауылдар жоғары сақина шаңыраққа бекітілгенде, күмбезденіп жасалады. Үй жел-дауылдарға төзімді, шайқалмайтын екенін білеміз, мына суретте басқа елдің баспанасымен салыстырғанда киіз төбесі жадағай емес, аққыш пішінді етіп жасалған, яғни ата – бабаларымыз күмбездің аэродинамикалық қасиеті жоғары екенін білген.

Дауылды күндері үй шайқалмас үшін оған салмағы бар зат байланады. Желбауға диірмен тастары, бөшке байлаған. Шаңыраққа салмақты зат ілулі тұрғасын бүкіл үй сүйектеріне қосымша салмақпен әсер етеді. Дауылда үйдің орнықтылығы, мықтылығы артады.

Киіз үйдің төбесіне жаңбыр іркілмес үшін 45° шамасында иілген ағаштан күлдіреуіш орнатады. Жаңбыр – шашын тамшылары төбесінде кідірмей, оп – оңай жүн талшықтармен сырғып түседі. Ешқандай өлшеу құралсыз сүйекшілер 45 та ағашты игені де даналық.

Айта кететін жәйт, қазақтар киіз түндіктің көмегімен үйге түсетін жарықтың бағытын қалауынша реттеп отыратын болған. Түндік толық ашылса үйге біркелкі, мол жарық түсетін болған. Ыстық күндері күннің ашы сәулелерінен түндікті күн түскен бетін жартылай жауып, сәулелерден қорғанған. Түндіктің 4 ұшы бар. Күннің көкжиекте аууына байланысты кезекпен әр ұшы шешіліп, күннің бағыты бойынша байланған. Керісінше, салқындау күндері жарық жылы беру үшін үйге сәулелері кіретіндей түндікті ашып отырған [4, 56 б.].

Киіз үй – көшпелі обсерватория болған. Байыптап қарасақ киіз үй қанқасы мен құрылысынан көшіп-қонуға ыңғайлы обсерваторияның қарапайы сұлбасын байқайсың. Бұл туралы Еуропа және орыс ғалымдары тамсана отырып айтса да, даланың тыныс-тіршілігінен бейхабар олар тұжырымды ештеңе дей алмайды. Сондықтан киіз үйдің қарапайым құпиясын өзіміз шешуге әрекет жасап көрелік:

1) Киіз үйдің ортасында отырған адам «шаңырақ» арқылы наурыз және көкек айларында аспанның солтүстік жартышырында біздің жерімізге көрінетін ең басты жұлдыздар мен шоқжұлдыздарды көре алады.

а) Солтүстік нүктеде – Темірқазық, Жетіқаракшы және Айдаһар.

ә) Шығыс нүктеде – Егіздер, Орион, Персей, Возничий, Торпақ және Үркер.

б) Батыс нүктеде – Бүркіт, Лира, Акку, Геркулес, Волопас.

в) Солтүстік нүктенің төменгі жағы-Кассиопея, Пегас, Тоқты, Балықтар, Сукұйғыш, Ешкіміз, Кит шоқжұлдыздары.

Жыл маусымдарымен бірге айлар да орын ауыстырған сайын бізге көрінетін шоқжұлдыздардың орны да өзгеріп отырады. Мұның себебін жұлдыздардың тұрақты орнын сақтамайтындығынан емес, керісінше, Күн мен Күнді айналған Жер мен Айдың осы шоқжұлдыздар арасында қозғалып жүретіндігінен деп түсінуіміз керек.

2) Астыңғы ұшы керегенің торкөзіне байланып, үстіңгі ұшы шаңыраққа шаншылатын уықтар киіз үйдің ішінде отырып көрінетін аспан жарты шарын градустарға бөлініп қарастыруға қолайлы.. Аспан жарты шары 360 градус деп белгілеп, оны шаншылған уық санына бөлсе, екі уықтың арасындағы градус мөлшерін білуге болады.. Осы мөлшер арқылы түнде-түнгі уақытты, күндіз-күндізгі уақытты, сондай-ақ Айдың өзгермелі фазаларын ажыратуға мүмкіндік туады.

3) Киіз үй әдетте алты қанат немесе он екі қанат болады. Қазақстан жерінде жыл маусымдары 6 ай қыс және 6 ай жаз болып

болып екіге бөлініп есептелген. Алты ай жазда халқымыз-жайлауда, алты ай қыста – қыстауда болады.

Киіз үйдің үш қанаты 6 ай жазды(наурыз,көкек,маусым,мам ыр,шілде,тамыз) немесе 2 маусымды (көктем және жаз) қамтыса, қалған үш қанаты 6 ай қысты (қыркүйек,қазан,қараша, желтоқсан қантар,ақпан) немесе 2 маусымды (күз және қыс) қамтиды.

4) Киіз үйдің есігі 7 қанат болып есептелмегенімен, шеңбердің ауқымын сәл кеңейтуге септігі тиді. Киіз үйде есік қандай қызмет атқарады?

А)  $30\text{ күн} * 3\text{ ай} = 90\text{ күн} * 2\text{ мақсым} = 180\text{ күн} * 2 = 365\text{ күн}$

Ә)  $360\text{ күн} + 5\text{ «қонақ»} = 365\text{ күн}$

Яғни, киіз үйдің есігі жыл санатынан тыс қосылатын «Бес қонақ» күндерінің мөлшерін білдіреді.

Ағаштан түйін түйген шеберлер, асыл тастардан маржан тізіп, темірді төске салған зергерлер мен ұсталар, өрімші-тоқымашылар талай жұртты тамсандырған хас өнеріміздің қайталанбас өнегелі өкілдері болатын. Киіз үйдің ішіне кіргенде іргесі төңіректегі көкжиекті, уық – шаңырағы аспан күмбезін елестетсе, ішкі-сыртқы безенген көркі әсем табиғатты жоқтапайтындай әсерге бөлейді. Ендеше ғасырлар бойы қалыптасқан тілімізді, дінімізді, тәрбиемізді, ұлттық салт-дәстүрлер, үлгі-өнеге үйреніп, бойымызға сіңіріп, күнделікті тіршілігімізге пайдалану керектігі де осы зерттеу жұмысымыздың өзекті мәселесі болып отыр.

Біз бұл жұмысымызда ата-бабаларымыз табиғатпен келісе отырып, ойын фигураларды зерттейтін ғылым – геометрия және математика ғылымымен ұштастырғанына көз жеткіздік. Сөйтіп мектепте математика ілімімен танысқаннан кейін, қызыға келе, қазақтың қасиетті шаңырағы – киіз үйдің математикалық заңдылықтарын зерттедік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 2008.
- 2 Ақпанбет Ф. Дүние өлшеммен жасалған. – Алматы, 2010.
- 3 Қани М. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: Жалын, 1993.
- 4 Доспамбетов Ә. Қырық қазына. – Алматы, 1997.

## ДОМБЫРАНЫҢ ҚОҢЫР ҮНІН ТАБИҒИ ІШЕК АРҚЫЛЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ

САЙКЕН Н. Е.

7 «А» сынып оқушысы, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

ШАИХОВА Б. Б.

музыка пәнінің мұғалімі, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Домбыраның қоңыр үні адамның жүрегін тазалайды. Домбыра тартқан адам пәндәуи қиянатқа бармайды, кісіге қасақана жамандық жасамақ түгілі, ол туралы ойламайды да. Өйткені домбыраның алқоңыр үні жүрекке махаббат болып егіледі, жанға рухы дауа боп дариды. Күй тыңдаған адамның ниеті-пиғылы жамандық шақырмайды, домбыра сазының сәулесі жүрекке қонақтайды. Міне сондықтан да өзіндік тылсым үнімен жан баласын еліге алатын асқан құдіретті күшке ие аспаптың үнін қастерлеп, құрметтеген адамның жан дүниесі ешқашан тазалығынан айнымайды-деген екен күйші Жанғали Жүзбаев.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 2018 жылдың шілде айының бірінші жексенбісі жаңа мейрам-ұлттық Домбыра күні деп белгіленді. Сондықтан домбыра аспабына деген қызығушылығым одан әрі артып, шығу тарихын білгім келді және алғашқы домбыраның үні қандай болды екен деген сұрақтарға жауап іздедім. Сонымен қатар Елбасымыз «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламасында ұлттық дәстүрлерімізді сақтауымыз керек деген болатын. Кітаптардан, интернет желісінен көптеген мағлұматтар ала отырып, ата-әжелерден сұрастыра отырып, көнені жаңғырту мақсатында домбыраға қойдың ішегінен жасалатын табиғи ішекті жасап көргім келді.

Домбыра – текті аспап. Тарихқа үнілсек Алматы облысы Жамбыл ауданында табылған таңбалы тастағы домбыра суретінің жасы 6000 жыл. Музыка мәдениетінің, оның ішінде ішекті аспаптардың қайдан шыққанын осыдан аңғаруға болады. Себебі музыка аспаптарына қатысты, бұдан көне жәдігер жер бетіндегі ғылымда жоқ. Сол себепті еуропадағы классикалық музыка аспаптарының арғы аталары қазақ жерінен шыққан деуге толық негіз бар. Домбыра ойнау, айту, жаттау еңбек нәтижесі. Ал оны үйрету – педагогика ғылымы. Оған Қорқыт, Баласағұн, Асанқайғы, Бұхар, Абылай, Абай Құрманғазы, Махамбет, А. Жұбанов, Байтұрсынов т.б еңбектерін жатқызуға болады. Қазақ музыка аспаптану ғылымы Ұлы Қазан социалистік революциясынан кейін ғана даму жолына түсті.

Оның дамуы А. Затаевич, академиктер А. Жұбанов, В. М. Беляев, өнертану кандидаты Б. Сарыбаев есімдерімен тығыз байланысты. Аспаптарды жүйелеу арқылы олардың ішкі мүмкіндігін, дыбыстық бояуын құрылыс-құрылымын ажыратады. Осы мақсатқа жеткеннен кейін ғана әр аспапты жеке-жеке алып тереңірек зерттеуге мүмкіндік болады. Өнертану ғылымының кандидаты Болат Сарыбаев «Қазақтың музыкалық аспаптары» деген еңбегінде көптен белгісіз болып келген көне аспаптар жөнінде құнды пікірлер айтып, олардың дүниеге келіп, өмірде қолдануына көп күш салады [7]. Сырт көзге көріне бермейтін, мәні зор домбырадан қалыптасқан тәрбие үлгісі адамның ой-ұшқырлығын шыңдауға, ата-бабадан кәсіп болған дәстүрді дамытуға, өнер арқылы білімге терең бойлауға мүмкіндік туғызады.

Қорқыт, Әл-Фараби, Баласағұн, Асанқайғы, Бұқар жырау, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Абылай, Құрманғазы, Махамбет, Тәттімбет, Дәулеткерей, Кенен, Әміре, Әуезов, Сәтбаев, Жұбанов, Төлебаев, Тілендиев т.б тұлғалар домбыра өнері арқылы өздерінің ірі істерін дамытып, қазақ мәдениетіне өлмейтін мәңгілік үлестерін қосты. Ал осы дәстүрді бойына сіңіріп жалғастыра білген тұлғалар санын саусақпен санауға болады. Олар мемлекет қайраткерлері Н. Назарбаев, Ә. Кекілбаев, И. Тасмағанбетов, М. Оспанов белгілі ғалым, жазушылар С. Қасқабасов, А. Сейдімбек, М. Шаханов тағы басқалар. Демек домбыра аспабын тыңдап, меңгере білген адамдардың бойында ірілік пен ұлтжандылық, көрегенділік пен құндылық қасиеттер сақталады екен.

Домбыра аспабының пайда болуына байланысты, халық арасында «Қос ішек» деген аңыз бар. Бұл аңыз Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының тумасы Арғыбек Қалыбаев атамиздың айтуы бойынша хатқа түсті. «Ертеде бір аңшы жігіт болыпты. Ол бірде биік таудың қиясынан, қалың қарағайдың арасынан теңбіл марал атып алады да, маралды етекке түсіру үшін ішек-қарнын ақтармалап тастайды. Содан арада айлар өткенде, аңшы жігіт аң атуға ұрымтал жер еді ғой деп, баяғы марал атқан жерге соқса, құлағына бір ызындаған дауыс естіледі. Барлап қараса маралдың ішегін қарға-құзғын іліп ұшқан болу керек, қарағайдың бұтағына қос тін болып керіліп қалғанын көреді. Ызындаған дыбыстың сол ішектен шығып тұрғанын аңғарады. Оның өзі бірде уілдеп, бірде сарнап, енді бірде сыңсып жылағандай болып аңшы жігітті алуан түрлі күйге түсіреді. Сол жерде аңшы жігіт «қой, мына ішекке тіл бітейін деп тұр екен, бір амал жасайын» - деп, ішекті үйге алып келеді, бір аспап жасап, соған қос ішекті тағады. Содан тартып

көрсек, шынында да қос ішекке тіл бітіп, сұңқылдап қол береді». Осылайша домбыра аспабы пайда болған деседі.

Жалпы домбыраның күш-қуаты неде? Тыңдаушысын желпінтер де, жабырқатар да негізгі күш-қуаты үнінде. Үн болғанда-табиғи қоңыр үнінде. Қазақ қазақ болғалы домбырасына негізінде қойдың ішегін, кей жерде ешкінің ішегін де таққан. «Домбыра ішегі» сөзінің шығуы соны меңзейді. Бұл туралы қазақ музыкасын зерттеуші, ғалым, композитор Ахмет Жұбановтың еңбектерінде айтылған. Баптап өндеген мамандардың қолынан өткен ішектен ғажап майда қоңыр үн шыққан. Домбыраның ішектері, оның әдемі қоңыр үні туралы классик жазушылар мен өнер қайраткерлері өз шығармаларында әдемі суреттеген. Сол шығармалардан ұнаған үзінділерді теріп жазып алып жинақтадым. Мысалы, Мұхтар Әуезовтың «Татьянаның қырдағы әні» атты әңгімесінде:

«Амал жоқ, қайттым білдірмей,

Апырм-ау, қайтіп айтамын»,..

– деген екі жол, Татьяна сырының басы іркіліп тұрып, шешіле бастаған сияқтанды. Қос ішек бірде баяу басып, біресе шұғыл қатаң үндерге басып, асып қайтып, асып қайтып отыр [9]. Амантай Сатаевтың «Кісен ашқан» атты әңгімесінде күйші Құрманғазының күй шергісін «Тырбиған буынтық саусақтар домбыра мойнына мініп алып, пернелерді ентек басып, үдіртіп барады. Оң қолдың сұқ саусағының мүжілген көбесі мен бас бармақтың мүйіз шеті қос ішектің жанын шығарып, шырқау биікте қалықтап жүрген қос қыранның канат суылын құлағына құйып жатыр» деп суреттеген [4].

Төлеутай Ақшолоқов «Топай көк» атты әңгімесінде Жарылғапберді әнші туралы «Домбырадан шыққан қоңыр үнмен бірге өз жүрегінің пернелері де тербеледі» деп фразеологизмді пайдаланған [8]. Ал домбыраның табиғи ішегі туралы Ғабит Мүсіреповтің «Атақты әнші Майра» атты әңгімесінде Майра апамыздың естелігінен былай дейді: «Ауылда ешкі сойыла қалса, ашы ішегін маған беретін әдет туды. Домбыраға ешкі ішегі үндірек болады. Ақ шимен тегіс сыдыртып алсаң, ешкі ішегінен жарықшақ дыбыс, сыбызғы ызыңы шықпайды» [6]. Бұл үзінділерден домбыраға қойдың немесе ешкінің ішектері тағылғанын және олардан нағыз қоңыр үн шыққанын аңғаруға болады.

Ал соңғы кездерде домбыраға 7-8 нөмірлі лескаларды тағып жүр. Өйткені ол төзімді келеді. Ұзындығы 2м 20 см лесканы тура ортасынан түймеге төрт-бес орап екі ұшын бір шалып, бастау қалдырып, құлақтың тесігінен өткізіп түйеді де, төменнен жоғары қарай тартады. Ішекті таққаннан кейін бірден қажетті үн, керекті дыбысты алу мүмкін емес.

Құлақтарды баяу бұрау арқылы ішектерді бірте-бірте қатайтып отыру керек. Бірден қатты бұрап тастауға болмайды. Тым қатты бұралған ішектің дыбысы ащы әрі күшті. Ал өте бос тартылған ішектің үні әлсіз шығады. Сондықтан, ішекті тек қажетті мөлшерде дыбысты беретін мүмкіндікке жеткенше ғана тарту керек. Бірақ лескадан нағыз қазақы қоңыр үн шықпайды. «Қоңыр» - қазақ халқының құлағына қоңған сөз. Мінезі жақсы кісіні мақтағанда да «қойдан қоңыр» дейді.

Жалпы, «Қоңыр» деген сөз қысқа күрмеу ұғымда заттың түрін білдірсе кең мағынасында жаратылыстың жарасымдылығын білдіреді. Мысалы: «қоңыр күз» дейміз. Шындығында, күздің бейнесі қоңыр емес, сарғыш, жанға жайлы жылы күз ғана «қоңыр күз» делінеді. Ал адамға қатысты айтылғанда оның мінез-құлқы жайдары, жұмсақ, яғни жақсы адам екені ескеріледі [3]. Ендеше, қоңыр үні күмбірлеп шықпайтын домбыра домбыра емес.

Қазақстан халықтары тұтас домбыра аспабын үйреніп менгеру, оны тыңдап түсіну арқылы оның ішкі жан дүниесін ұғынуына мүмкіндік алады. Осы орайда мен –домбырашы, өнертанушы, ғалым, дирижер Жұмагелді Нәжімеденов ағамыздың қоңыр үнді домбыра мүддесіне сай ашқан ерекше жаңалық-домбыра тартуды сандық жүйемен үйрену әдісін құптаймын. Нотаны жете білудің, музыкалық арнайы сауаттылықты қажет етпейтін бұл тәсіл көпшіліктің көңілінен шығып жүр. Өзіміз түгiлi, өзге ұлттар да қызығушылық таныта бастады. Ұлтына, нәсіліне қарамай көпке домбыра үйретудің жеңіл тәсілін көрсетіп, бір сөзбен қазақтың домбырасының туын биік ұстатып, ұлттық өнерімізді жер бетіндегі бар халыққа паш етуді мақсат етеді. Домбыраны тартудың төте жолын ұсынады [1].

Мен де ең алғаш домбыраны сандық жүйемен үйренуден бастадым. Бірнеше күйлер үйрендім. Бұл әдіс маған өте ұнайды. Сандық жүйе бойынша бұрын домбыра ұстап көрмеген қазақты айтпағанда, домбыраның суретін көрмеген ағылшын қызығушылығын танытып, домбыра тартуды бірер сағатта үйреніп алған екен. Сандық тәсіл арқылы кез келген музыкалық аспапты, соның ішінде домбыраны кәрі-жасына, лауазым жұмысына, музыкалық біліміне, ұлты мен жынысына қарамастан, ынталы жанның бәріне үйретіп, дүние жүзіне кең тараған аспаптың біріне айналдыруға болады.

Табиғи ішек пен жасанды ішекті компьютерлік тәсілмен салыстырғанда да, қой ішегінің артық екені дәлелденген екен. Ендеше неге ұлттық дәстүрімізді қайта жаңғыртпасқа? Зауыт цехтарда арнаулы шеберханасы жоқ ата-бабаларымыз ертеде ішек жасаудың тәсілдерін қалай білді екен, қалай жасады екен? Осы сұрақ мені де мазалап,

қызықтырып қой ішегінен домбыраға ішек жасау технологиясын іздестірдім. Өкінішке орай, табиғи ішек жасау жолын оқулықтан, интернет желісінен таппадым. Сондықтан қарт ата-әжелерімізден сұрастыра отырып, көнені жаңғырту мақсатында үй тұрмысы жағдайында домбыраға қойдың ішегінен жасалатын табиғи ішекті жасап көрдім. Тәжірибені бірнеше рет қайталауға тура келді.

Өйткені тұзды суда көп ұстап қойған едім, ішек жидіп кетті де, аз тұрса үзіле берді. Ауа райының қолайсыздығына байланысты да бұл тәжірибе бірнеше рет қайталанды. Өйткені желді күні керіп қойғанда тым кеуіп кетті. Қойдың ащы ішегі алынып тазаланды. Бірнеше күн тұзды суға салып қойылды. Онан соң құрғатылып, жіпше тартып керілді. Шала кептіріліп барып ұршыққа иірілді. Сонан соң біркелкі салмақпен қайта кептірілді. Әлі де эстетикалық талапқа сай болу үшін, таза табиғи үн шығу үшін көп ізденіп, көп оқып, көп жұмыс жасау керек.

Домбыраның қадірін білген адамдардың қайсысы болсын оның қоңыр үніне тәнті болатыны белгілі. Ол үшін домбыраның ішегін атында тұрғандай табиғи ішектен жасау керек. Бұл үй жағдайында қойдың ішегінен жасауға тырысқан ішек бір домбыраға тағылса, болашақта зауытта ішек өндейтін цехтар ашылар деген үміттемін. Зауытта ішек өңдеу цехтары ашылып жатса адамдарға жұмыс орны көбейер еді, әрі еліміздің экономикасына да пайдасы тиер еді. Ғалым, домбырашы Жұмагелді Нәжімеденов ағамыз ұсынған сандық жүйемен домбырамен үйренуді тек қана қазақстандықтар ғана емес, сонымен бірге шетелдіктер де қызығушылық танытып үйреніп жатыр ғой, ендеше олар ескерткішке қазақтың қоңыр дауысты домбырасын сатып алып жатса- экономикамызға пайдасы тиер еді. Медицианың хирургия саласында кедгут жібі пайдаланылады. Ол қойдың ащы ішегінен өңделіп Украинада жасалады екен. Егер осы жіптер де Қазақстанда жасалса, еліміздің ауылшаруашылығына көп пайдасы тиер еді.

Ұлттық Домбыра күні белгіленгеніне байланысты мектептерде домбыра үйрену сабақтары енгізілсе, ұлттық аспабымыздың мәртебесі бұрынғыдан да жоғарылар еді. Сонымен қатар домбыраны табиғи ішекпен ойнау- мен сияқты жасөспірім балалардың домбыраға деген қызығушылықтарын арттыра түседі деп ойлаймын. Қызығушылығы артқан оқушы оны үйренуге көңілі ауып, құлшынысы артады. Домбыраның үніне еліктеу арқылы, ұлттың ойлау қабілеті жүйеленеді. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға дағдыланады.

Көңілім менің қараңғы. Бол-бол ақын!

Алтынды домбыраңмен келші жақын.



Ішек бойлап он саусақ жорғаласа,  
Бейістің үні шығар қоңыр салқын- деген Абай атамыз.  
Ендеше домбыраның қоңыр үнін табиғи ішек тағу арқылы  
қайта жаңғыртайық!

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нәжімеденов Ж. «Домбыра ойнау онай ма?»
- 2 Әсемқұлов Т. «Домбыраға тіл бітсе». 2001.
- 3 Сартқожа Қ. Домбыра. Қоңыр үн. Сандық жүйе. /Егемен Қазақстан, 2009.
- 4 Сатаев А. Кісен ашқан. Ардақ. Алматы: Өнер, 1989.
- 5 Қазақ музыкасы. Антология. 2 том. Алматы, 2005
- 6 Мүсірепов Ф. Қазақ әйелі. Алматы: Жалын, 1982, 132-б.
- 7 Бейсенбекұлы О. «Сазды аспаптар сыры».
- 8 Ақшолоқов Т. Топай көк. Ардақ. Алматы: Өнер, 1989.
- 9 Өуезов М. Шығармалар жинағы. 2-том, 293-б.



Сурет 1



Сурет 2

### КИІЗ ҮЙ ЖАСАУ МОДЕЛІ

ТАКАБАЕВА А.

5 сынып оқушысы, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

ШИЛЬДЕБАЕВА З. А.

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тәуелсіз Қазақ елінің тарихи жаңа кезеңге аяқ басқанын, үшінші жаңғырудың басталғанын жария етіп, рухани жаңғырудың нақты мақсат-міндеттері мен басымдықтары бар екендігін айрықша атап көрсетті.

XXI ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Елбасы мақаласындағы туған жерді құлай сүюге арналған тарауы түйсігі бар жанға терең ой салады [2].

Мен бүгінгі тақырыбымда, қазақ халқының сонау ғасырлардан бергі мың жылдық тарихы бар киіз үйдің шығуы тарихы мен керемет ыңғайлығы жайында атауларды, ата-бабадан қалған жәдігерді сақтап, құрылымдық бөлшектеріне байланысты тілдік бірліктер және олардың қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдеріндегі қолданыс ерекшеліктерінің этномәдени негізі туралы тереңірек ізденіс жұмыстарын жасауға үндеу тастап, зерттеу – жұмысымды ең басты мақсатым деп санадым.

Кез-келген халықта сонда тұрып жатқан әрбір адам жанының бір бөлігін құрайтын жерінің қасиетті бұрыштары бар. Көп ғасырлар бойы киіз үй туралы ғалымдар ерте заманнан беру тамсана жазып оны әр қырынан айтып келеді. Олардың бірқатары-киіз үйдің құрам-құрылыстарын сөз етсе, екіншілері – қасиеті, кереметі жайында әңгімеледі, ал үшінші біреулері – халықтың тұрмыс тіршілігімен, салт-дәстүрімен тығыз байланыстыра отырып зерттейді. Ал енді бір топ ғалымдар киіз үйдің осы күнгі үлгісіне дейінгі даму тарихын қарастырады. Киіз үйді ойлап табу алдында көшпенділердің баспанасын жетілдірудің ұзақ және күрделі жолы болғаны белгілі.

Алайда жеке ғалымдардың зерттеулерінен бұрын ерте замандарда киіз үйдің бейнесі қорғандарда, ескі діни жазбаларда кездеседі. Мәселен, ең көне заттық деректер ретінде Алтайдағы Пазырық және Монғолиядағы Ноин-улин қорғандарында жүргізілген қазба жұмыстарынан шыққан киіз үй үлгілерін айтуға болады.

Ежелгі грек тарихшысы Геродот өзінің еңбегінде ерте темір дәуірінде (б.з.б. I ғ.) өмір сүрген сақтар (бұл тайпа парсы жазбаларында «сақ» деген атқа ие болса, грек деректерінде «Азия скифтері» деп қолданылады) туралы айта келіп, аргиппей сақтарының өмір тіршілігі жайында сөз еткенде, олардың яғни аргиппейлердің баспаналары туралы былай айтады: «Олар ағаштың астында өмір сүреді. Қыста ағашты үнемі ақ киізбен жабады, ал жазда ағашты жабусыз қояды».

Қазақ халқының тарихында алтынмен апталып, күміспен күптелген әсем үлкен киіз үйлер көп болды. Соның қатарында халқымыздың салт-санасын, әдет-ғұрпын, дүниетанымын дәріптейтін сыйға тарту және көрмеге қою үшін арнайы жасалған үйлер де болған. Көшпенділердің тапқырлық шешімін бағалаған әлем ғылымы, мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары дүниежүзілік, халықаралық этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары баға беріп отырған. Мәселен, 1827 жылы Бөкей ордасының ханы Жәңгір Ресей патшасы I Николайға киіз үй сыйлаған.

Халқының өмір тынысын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын көп зерттеген, заманынан озып туған қазақтың белгілі этнографы, өнертанушы ғалымы Шоқан Уәлиханов киіз үйдегі қазақ халқының тұрмысын суреттеп, ол туралы мынадай құнды пікірлер айтқан: «қазақтардың үйі көшпелі тұрмысқа бейімделген, киіз үйдің ортасы түгелімен бір түйенің жүгінен артылмайды. Киіз үй тор көз керегелерден және уық пен шаңырақ киізден тұрады. Керегелер үйл қабырғасын, іргесін қамтиды, ал киіз үйдің ағаш қаңқалараның үстінен жабылады. Сонымен, киіз бүкіл үйді жауын-шашын, қар бораннан қымтайды».

XX ғасырда киіз үй туралы көп айтыла бастады. Оның бастауы ретінде, академик Әлкей Марғұлан көшпелі халықтың төлтумалық тұрақ жайының тарихын және оның құрам-құрылыстарының қадір-қасиеті туралы зерттеуін 1964 жылғы VII антропологиялық және этнографиялық ғылымдарының халықаралық конгрессіндегі баяндамаға арқау қылды. Сол баяндаманың негізінде «Қазақтың киіз үйі және оның жиһаздары» деп аталатын кітап шығарылды. Бұл еңбекте киіз үйдің тарихына көз жібере отырып, қазақтың тарихында болған керемет бай киіз үй-ордалардың түрлері, үйдің құрам-құрылысы жөнінде сөз етеді.

Түркі халықтарының тұңғыш лексикографы Махмұд Қашқари өзінің «Диуани лұғат-ит-түрік» деп аталатын сөздігінде киіз үйдің кейбір атауларын келтірген. Мәселен, сөздікте керегу (киіз үй),

ок/оғ (уық), түнлүк (түндік), үзүклүк (үзік), күүүз/кигіз (киіз) т.б. сөздері кездеседі.

С. Омарбекұлының пайымдауынша, «Қазақстанның солтүстік, орталық, шығыс бөлігінің бар жерінде кийіз үй болып айтылатын осы сөздің орнына Жетісу атырабында қазақ үйі, қырғыздармен шекаралас өңірдің кей жерінің қазағында боз үй, қарақалпақ еліне жақын-жуық отырған жердің қазағының тілінде қара үй (мәселен, Сырдың төменгі бойында), Қазақстанның батысында ағаш үй деген сөздердің қолданылатынын көреміз. Башқұрт, татар жұртымен шекаралас өңірдің қазағының тілінде бұл сөздің тіптен терме үй деген нұсқасы да бар екен».

Профессор Е. Жанпейісов М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілінде кездесетін абылайша, күрке, итарқа, жаппа, қос, ықтырма, лашық, қара лашық, ұранқай, қоңыр үй, қараша үй, отау деп аталатын киіз үй түрлерін және оған қатысты кереге, дөдеге, түнлүк, уық, туырлық, үзік атаулары мен кереге таңу, шаңырақ көтеру, қарашаңырақ тіркестерін қарастырса, классик жазушының тілдік қолданысын арнайы зерттеген еңбегінде түндік, үзік, туырлық этномәдени лексемаларының этимологиясын түрколог ғалымдардың пікірлерімен салыстыра отырып талдайды.

Соңғы жылдары еліміздің барлық аймағында кеңінен таралған киіз үйге қатысты атаулардың грамматикалық нұсқаларының барлығы тіл қойнауында жатқан бай мұраларымыздың бір бөлшегі болып табылады. Сол себептен аймақтық сөздікке енген киіз үйдің сүйектеріне, киіздеріне, бау-шуларына қатысты атауларға жеке тоқталып өтуді жөн санадық. күн кешті. Уақыт пен табиғаттың тылсым сырын игеру, төрт түліктің бабын мінсіз үйлестіре білу, соған сай келетін материалдық және рухани мәдениетті қалыптастыру, түптеп келгенде, көшпенділердің мәдениетін орнықтырып, өркениетін дамытты.

Киіз үй өзінің бітім-пішінімен, құрам-құрылысымен көшпенділердің дүниежүзілік сәулет өнеріне қосқан үздік бір үлгісі болып табылады. Шын мәнінде, киіз үй көшпенділердің мәдениет өрісін кеңейтіп қана қоймай, бағзы заманнан бергі барша рухани өмірдің байлығын, оның қыр-сырларын өз бойына жинап, дәстүрлі шаруашылығы, әдет-ғұрпы, дүниетанымы ұқсас қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдеріндегі киіз үйге қатысты атаулардың және олардан туындаған тілдік бірліктер осы халықтардың сөздік қорында өзіндік із қалдырғаны сөзсіз.

Демек, тілде халықтың бүкіл тыныс-тіршілігі, оның шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы сақталған. Осы халықтардың ертедегі мәдениетін зерттеу және оны білу, бүгінгі күндегі мәдениетті игеру үшін ең алдымен тілді негізгі бір құрал ету, оның күдіретін, қазіргі замандағы рөлін айқындау қажет. Бірге қайнасып кеткені соншалықты, қазақ, қарақалпақ, қырғыздардың сәні де, әні де, сәлемі де, рухани әлемі де киіз үйге қатысты атаулардан көрініп жатады.

Қорыға келгенде, қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдеріндегі киіз үйге қатысты атаулардың лексика-семантикалық, этнолингвистикалық қырларын олардан туындаған тілдік бірліктер арқылы ашуға, сондай-ақ киіз үйдің когнитивтік, лингвосомиотикалық табиғатын түсінуге тырыстық. Осыған орай киіз үйдің зерттелу жайы, оған қатысты атаулардың танылу деңгейі сараланып, тілдік бірліктеріне талдау жасалды.

Зерттеу барысында киіз үй халықтың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып кеткені соншалықты, қазақ, қарақалпақ, қырғыздардың салт-санасы, дүниетанымы, философиялық көзқарасы және рухани әлемі киіз үйге қатысты атаулардан, тілдік бірліктерден айқын көрініс тапқанының дәлелі нақтылана түсті. Киіз үй және оған қатысты атаулардың танымдық тұрғыдан қарастырылуының негізгі үлгісін, олардың ішіндегі ең өзекті «ШАҢЫРАҚ» этномәдени концептісінің когнитивтік моделі «Шаңырақ – баспана», «Шаңырақ – отбасы», «Шаңырақ – кіші әлем», «Шаңырақ – обсерватория» деген микроконцептілер арқылы анықтауға тырыстық. Соған сәйкес киіз үй элементтерінің лингвосомиотикалық бірліктері талданып, оның құрылымына қатысты атаулардың уәжділігі әлеуметтік-мәдени, табиғи-тарихи ортамен байланысты қарастырылды.

Біздің заманымызға дейінгі II ғасырдан бастап, біздің заманымыздың XVIII ғасырына дейін Орталық және Орта Азия даласында негізгі көшпелі мал шаруашылығы болды. Бұл өндіріс тәсілі, әрі өмір салтымен түркі халықтары XX ғасырға да келді. Яғни көшпенділер мәдениеті 3 мыңжылдық ғұмырды бастан өткізген. Олар байтақ даланы жайлап көшіп, төрт түліктің жайын жасап, жыл құсы секілді үнемі табиғаттың қолайлы белдеулерінде күн кешті. Уақыт пен табиғаттың тылсым сырын игеру, төрт түліктің бабын мінсіз үйлестіре білу, соған сай келетін материалдық және рухани мәдениетті қалыптастыру, түптеп келгенде, көшпенділердің мәдениетін орнықтырып, өркениетін дамытты.

Киіз үй өзінің бітім-пішінімен, құрам-құрылысымен көшпенділердің дүниежүзілік сәулет өнеріне қосқан үздік бір үлгісі

болып табылады. Шын мәнінде, киіз үй көшпенділердің мәдениет өрісін кеңейтіп қана қоймай, бағзы заманнан бергі барша рухани өмірдің байлығын, оның қыр-сырларын өз бойына жинап, дәстүрлі шаруашылығы, әдет-ғұрпы, дүниетанымы ұқсас қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдеріндегі киіз үйге қатысты атаулардың және олардан туындаған тілдік бірліктер осы халықтардың сөздік қорында өзіндік із қалдырғаны сөзсіз.

Демек, тілде халықтың бүкіл тыныс-тіршілігі, оның шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы сақталған. Осы халықтардың ертедегі мәдениетін зерттеу және оны білу, бүгінгі күндегі мәдениетті игеру үшін ең алдымен тілді негізгі бір құрал ету, оның күдіретін, қазіргі замандағы рөлін айқындау қажет.

Егер ғалымдардың пікірлеріне көңіл бөліп, соның ар жағына ой жүгіртетін болсақ, қазіргі заманғы халықтың тілінде ертеден қалыптасып, қазіргі таңға дейін өзекті мәселе болып тұрған көшпелі мәдениеттің дүниетанымы, салт-санасы сақталғанын көре аламыз. Қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарының дүниетанымы және философиялық көзқарасы көшпелі мәдениеттен бастау алатыны белгілі. Көшпелі мәдениеттің бір қыры көшпелілердің төлтума өнерінің қайталанбас үлгісі болып табылатын киіз үй арқылы танылып, тілінде үлкен орын алады.

Киіз үй – бүкіл түркі, тіпті оған көршілес елдердің тұрақ-жайы. Ал оны қастерлеп ұстап, ғасырдан-ғасырға оның мән-маңызын өзгертпей жеткізген, осы күнге дейін алып келген қазақ халқы екені белгілі. Ерте заманнан халқымыз киіз үйдің сән-салтанатына, жабдығына және оның жасалуына көп көңіл бөліп, жетілдіріп, бүгінгі күнге жеткізді. Киіз үй халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып кеткені соншалықты, қазақ, қарақалпақ, қырғыздардың сәні де, әні де, сәлемі де, рухани әлемі де киіз үйге қатысты атаулардан көрініп жатады.

Қорыға келгенде, қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдеріндегі киіз үйге қатысты атаулардың лексика-семантикалық, этнолингвистикалық қырларын олардан туындаған тілдік бірліктер арқылы ашуға, сондай-ақ киіз үйдің когнитивтік, лингвосомиотикалық табиғатын түсінуге тырыстық. Осыған орай киіз үйдің зерттелу жайы, оған қатысты атаулардың танылу деңгейі сараланып, тілдік бірліктеріне талдау жасалды.

Зерттеу барысында киіз үй халықтың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып кеткені соншалықты, қазақ, қарақалпақ, қырғыздардың салт-санасы, дүниетанымы, философиялық көзқарасы және рухани әлемі киіз үйге қатысты атаулардан, тілдік бірліктерден айқын

көрініс тапқанының дәлелі нақтылана түсті. Киіз үй және оған қатысты атаулардың танымдық тұрғыдан қарастырылуының негізгі үлгісін, олардың ішіндегі ең өзекті «ШАҢЫРАҚ» этномәдени концептісінің когнитивтік моделі «Шаңырақ – баспана», «Шаңырақ – отбасы», «Шаңырақ – кіші әлем», «Шаңырақ – обсерватория» деген микроконцептілер арқылы анықтауға тырыстық. Соған сәйкес киіз үй элементтерінің лингвосомиотикалық бірліктері талданып, оның құрылымына қатысты атаулардың уәжділігі әлеуметтік-мәдени, табиғи-тарихи ортамен байланысты қарастырылды. Менің қорытынды сөзімнің нақтысы- келешекте мен, әлі оқушы болғандықтан жазғы демалыс айларында өзімнің мектебімнің жанында киіз үй құрылса деп ойлаймын, яғни лагерь де демалытын бастауыш сынып оқушылары күннің өте ыстық кездерінде осы киіз үйдің ішінде демалып, оның пайдалы қасиетін терең ұғынып, келешекте дүниетанымдары, сана-сезімдері кеңінен артса деген ойым бар.

Егер мектепке ата-аналар демеуші болған жағдайда мектеп төңірегінде жазғы демалыс бойы қазақтың әдемі, салқын киіз үйлері болады деген ойдамын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі / аударған Халифа Алтай. Құран шәриф басым комбинаты.
- 2 Жәнібеков Ә. Жолайырықта. – Алматы: Рауан, 1995. – 112 б.
- 3 Геродот. Страна Скифов. – Алматы: Кочевники, 2003. – 168 б.
- 4 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясының» бас редакциясы, 2005. – 728 б.
- 5 Ибн Рузбихан. Мехмана-наме-и-Бухара // Прошлое Казахстана в источниках и материалах (V в. до н.э. – XVIII в. н.э.). – Алма-Ата, М., 1935. – С. 106-111.
- 6 Жанпейісов Е. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.
- 7 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
- 8 Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері (көпшілік-танымдық басылым). – Алматы: Алматыкітап, 2007. – 272.
- 9 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы /Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай/. – Алматы: ХАНТ, 1997. – Т. 1. – 590 б.; Т. 2. – 528 б.; Т. 3. – 1998. – 600 б.

10 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий.– Спб., 1905. – Т. 3, часть II. – 1262 с.

11 Сағидолда Г. Дүниенің (ғаламның) тілдік бейнесі және соматикалық фразеологизмдер (қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша) // Тілтаным. – 2003. – № 4. – 111-114 бб.

12 Диалектологиялық сөздік – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.

13 Орфографиялық сөздік / Құраст.: Н. Уәлиұлы, А. Фазылжанова, К. Күдерінова Ф. Әнес. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480 б.

14 Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі / Жалпы редакт. Басқарғандар: Қажыбек Е. З., Фазылжанова А. М. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.

15 Аронов Қ.Ф. Қазақ тіліндегі халықтық космоимдердің этнолингвистикалық табиғаты: фил. ғыл. канд. дис.: 10.02.06. – Алматы, 1992. – 196 б.

#### ЭТНОСПЕЦИФИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР КАЗАХСКОГО КУЛИНАРНОГО РЕЦЕПТА

ТАЛАСОВА А. Б.

ученик 7 класса, Областная казахская гимназия-интернат  
для одаренных детей имени Ы. Алтынсарина, г. Павлодар

Кулинарный рецепт любого народа представляет собой культурное явление национально-обусловленного характера. Этнограф З.О. Османов, изучая пищу кавказских народов, отмечает, что «пища – один из немногих уникальных в некотором роде элементов культуры, обладающих несомненными многомерными знаковыми, маркирующими свойствами. С одной стороны, ясно просматривается ее конвергентная эколого-хозяйственная природа, ее приспособленность к экологии и хозяйству, с другой – она в процессе культурно-традиционной инерции приобретает безусловные этнокультурные маркирующие свойства» [1, с. 12].

Причем обе эти стороны проявляются в достаточно сильной степени. Будучи самым непосредственным образом связанной с социально-экономическими условиями жизни общества, определяясь ими, пища в то же время обладает значительной устойчивостью национальных черт, длительной сохранностью исторически складывающихся традиций. Все: характер питания народов, состав потребляемых продуктов, блюд, способы, порядок

приготовления и приема пищи, предпочтения и запреты в ней, особенности рациона – зависит от природно-климатических условий проживания и сформировавшихся культурно-бытовых традиций. Виды пищи, способы её приготовления и пищевой режим относятся к числу наиболее стойких культурно-бытовых традиций.

Каждый народ имеет свои обычаи и традиции, характеризующие только его национальные особенности и черты, раскрывающие его национальную сущность. Любой народ, рассматриваемый вне традиций – абстракция. Традиции вырабатываются в длительном историческом развитии, в процессе многообразной трудовой и культурной деятельности. Кулинарная традиция – одна из тех традиций, которая является наиболее прочной и устойчивой.

Особенность кулинарного рецепта казахов – его этноспецифическая природа, вневременной и прогрессивный характер. Рассмотрение проблемы данного исследования осуществлено на основе когнитивного подхода – применена теория фреймов.

В своем докладе предприняла попытку доказать фреймовую организацию культурных знаний казахов, благодаря которой сохранена традиционная основа национальной кухни, ее специфика.

Культурные знания, по мнению когнитивистов, кодируются в памяти человека в виде схем, моделей, составляя своеобразный «депозитарий». На это еще в 30-ых годах XX века обратил внимание американский психолог Ф. Бартлетт.

Схема – способ представления оперативной информации, упорядочивающий поток входящей и исходящей информации (ощущений, импульсов, представлений, чувств). Через эти структурные схемы «реализуется процесс познания мира, состоящий в осмыслении и ментальной организации реальности» (Ч. Филмор) [2, с. 67]. Пытаясь познать новую для себя ситуацию, по-новому взглянуть на нее, человек выбирает уже привычные вещи, выбирает из своей памяти некую структуру данных (образ), с тем чтобы путем изменений в ней отдельных деталей, сделать пригодной для понимания более широкого класса явлений. Возникают условия для активизации фрейма (стереотипные ситуации организуются в виде фреймов).

Фрейм – это когнитивная структура, рассматриваемая как выстроенная система знаний об обозначаемом [3, с. 145], которая является «максимально обобщенным схематизированным представлением об основании значения, ... схемой образа, лежащей в его основе» [4, с. 83]. Словом, фрейм – это способ представления

и обработки стереотипной ситуации (М. Минский ввел в научный обиход это понятие в 70-ых годах XX века в связи с исследованиями в области искусственного интеллекта) [5, с. 58].

Фрейм любого народа специфичен. Его определяют пространство, способ хозяйствования и образ жизни, менталитет и культура. Фрейм конкретизирует, что для данного народа характерно и типично, а что – нет. В разных этнических группах разные фреймы по содержанию и механизмам срабатывания. К примеру, традиция послушания старшим в восточной и европейской культурах проявляется совершенно по-разному. На Западе послушание понимается как подавление активности личности, а почитание старших обеспечивается физиологическим возрастом.

У казахов послушание связано с почитанием старших, обусловлено накопленным ими социальным опытом, умом, мудростью, а не возрастом: «Если младший брат отличается умом, уважай его как старшего». Почитание старших стимулирует в свою очередь ответственное отношение к младшим, помощь в решении проблем. В народе говорят: «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» (У кого есть старший брат, есть решение материальных и духовных проблем; у кого есть младший брат, есть покой).

Так, благодаря традиции послушания старшим сохраняется и развивается еще одна – традиция коллективизма, обеспечивающая защищенность личности перед лицом жестокого мира, что особенно важно в сложной кочевой среде. Почет и уважение, выказанное старшим, приносили человеку, а вместе с ним и его роду, счастье, удачу – күт. Эта незыблемая традиция закреплена во фрейме казахов: нельзя переходить дорогу старшему, нужно уступать ему в споре, приступать к приему пищи после него и т.п.

Итак, фрейм казахов определен кочевым хозяйством и сложившимся на его основе образом жизни, обусловлен особым менталитетом степняка-кочевника, бережно хранящего и чтящего традиции своего народа вплоть до современных дней. «Киргиз-казахи привязаны к своему отечеству, или, лучше сказать, к земле своей», – писал историк А. И. Левшин [6, с. 108]. По аналогии можно сказать: казахи привязаны к своим обычаям, ритуалам. Традиции эти – часть культурных знаний народа, организованных в виде фрейма; они бесспорны, не вызывают сомнения в исполнении у каждого нового поколения, срабатывают автоматически, естественны в жизни каждого. Словом, фрейм регулирует поведение человека, но специфичен для каждого этноса.

Каждый этнос имеет свой собственный неповторимый стереотип питания, приготовления пищи. Иногда он меняется от поколения к поколению. Это указывает на то, что этнос развивается, а этногенез не затухает. Иногда стабилен, потому что новое поколение воспроизводит жизненный цикл предшествовавшего поколения. Этот стереотип формируется на основе комплекса культурных знаний, которые, передаваясь от одного поколения к другому, организуются и хранятся в виде фреймовой сети.

Фрейм «Кулинарный рецепт казахов» отражает традиционную кухню, основанную на потреблении мяса и варке как основном способе приготовления пищи, вялении как способе хранения, срабатывает в определенной стереотипной ситуации.

Общеизвестно, что традиционный кулинарный рецепт казахов основан на мясе и молоке. Мясо казахи не рубят в силу почтительного отношения к скоту, гостям, одариваемым, соблюдают принцип соматизма при разделывании туши животного.

Домашних животных казахи наделяли магическим смыслом, связывали традиционные ритуалы, обряды, связанные с разными этапами жизни. Кулинарный рецепт прост, универсален: нет ни первых, ни вторых блюд, главные блюда быстры в приготовлении, не требуют каких-то кулинарных экзерсисов, вместе с тем очень вкусны и питательны. Фреймовая структура кулинарных приверженностей казахов регламентирует пищевое поведение народа, за внешней простотой рецепта кроется мудрость кочевого народа.

Информация о культуре питания, кулинарном рецепте казахов фиксируется в форме неких структурных моделей – фреймов, сохраняется в виде аккумулированных в опыте культурных знаний, передается из поколения в поколение на протяжении многих веков. Безусловно, в современном виде кулинарный рецепт претерпел изменения в условиях многонационального государства, открытого информационного пространства.

В основе фрейма «Кулинарный рецепт» национальная философия степняка-кочевника: забота о здоровье рода, долголетию, силе через потребление сытного, питательного мяса и очищения, выведения шлаков при помощи кисло-молочной пищи.

Казахский кулинарный рецепт сохранил свою традиционную основу. Жизненность и устойчивость категории связаны с символичностью, естественностью, простотой и универсальностью.

Пища для казахов не просто способ утоления голода, а ритуал священнодействия, наполненный глубоким сакральным смыслом.

Аналогично высказыванию Л. Гумилева: «Искусству народов Востока удалось запечатлеть Время и передать его дух» [7, с. 210], – можно сказать, что казахскому кулинарному рецепту удалось передать и сохранить дух времени – времени кочевничества. Кулинарный рецепт казахов вне времени, национально обусловлен, изначально специфичен.

Современное состояние кулинарного рецепта свидетельствует о позитивных изменениях в силу заимствований кулинарных традиций других народов в условиях полиэтнического государства, открытого культурного пространства. Фреймовая основа культурных знаний казахов не позволила изменить традиционную основу национальной кухни. Все прогрессивное сохраняется в памяти народа на генном уровне и передается последующим поколениям, которые в свою очередь бережно хранят, обогащают и развивают полученные знания. Естественная система фреймов регулирует поведение казахов, помогая вбирать позитивное и отвергать негативное.

Фрейм «Кулинарный рецепт казахов» национально обусловлен, отражает структуру знаний, представлений о традиционной культуре питания, способе приготовления пищи, сохранивших главные особенности в силу своей этнической специфичности.

Таким образом, следует отметить, что в ходе работы по теме исследования «Этноспецифический характер казахского кулинарного рецепта» рассматривалась проблема формирования и развития кухни казахов, ее взаимосвязь с кочевым способом хозяйствования и образом жизни, формы отражения национальной философии и традиционной культуры.

Древние историки, путешественники средневековья, современные этнографы и знатоки казахской кухни сходятся в одном: пища казахов, способы ее приготовления и хранения, потребление, отношение к пище обусловлены кочевничеством.

Современное состояние кулинарного рецепта свидетельствует о позитивных изменениях в силу заимствований кулинарных традиций других народов в условиях полиэтнического государства, открытого культурного пространства.

Фреймовая основа культурных знаний казахов не позволила изменить традиционную основу национальной кухни. Все прогрессивное сохраняется в памяти народа на генном уровне и передается последующим поколениям, которые в свою очередь бережно хранят, обогащают и развивают полученные знания.

Естественная система фреймов регулирует поведение казахов, помогая вбирать позитивное и отвергать негативное.

Фрейм «Кулинарный рецепт казахов» национально обусловлен, отражает структуру знаний, представлений о традиционной культуре питания, способе приготовления пищи, сохранивших главные особенности в силу своей этнической специфичности.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Темиргазина З. К. Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике, учебное пособие. Павлодар, 2009 г., С. 111.
- 2 Минский М.. Фреймы для представлений знаний. Москва, 1978 г.
- 3 Асфендияров Д. История Казахстана с древнейших времен. Алма-Ата, 1993 г., С. 104-114.
- 4 Тимошинов В. Культурология. Алматы, 2001 г., С. 210-211.
- 5 Цурикова Л. В. Проблемы когнитивного анализа дискурса в современной лингвистике // Вестник ВГУ, 2001, № 2. – С. 145.
- 6 Белявская Е. Г. Семантическая структура слова в номинативном и когнитивном аспектах. Дис. ... д-ра фил. наук. – М.: МГЛУ, 1991. – С. 83-84.
- 7 Османов З. О. Пища народов Кавказа, с.12 www.ethnography.freenet.kz.

#### СЫР САҚТАҒАН ТҰМАРЛАР

ТІЛЕУҚАБЫЛ А. О.

8 сынып оқушысы, Нығманов атындағы ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Жаңабет с.

АДУОВА А. Т.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Нығманов атындағы ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Жаңабет с.

Қазіргі кезде тұмар таққан жастар көбейіп келеді. Алайда, сол тұмарды не үшін тағып жүргенін өздері де білмейді. Мұсылмандықтың белгісі ме, әлде ырым-жырым ба? Әлбетте, тұмардың тарихы тым тереңде жатыр.

Сенбесеніз, ел аузында әл-Фараби бабамыздан қалды дейтін әңгіме де бар. Ұлы ұстаз қартайып, бір топ шәкірттерінің басын қосып: «Сендерге аманатым бар, құпияны сақтап, шартын орындасаңдар ғана ашамын» - дейді. «Айтқаныңызды екі етпейміз»-деп шәкірттері де

бірауыздан уәде береді. Сонда ұстаз оларға киізден тігілген тұмарды ұсынып, өз қабірінің басында ғана ашуды міндеттейді. Араға көп уақыт салмай данышпан дүниеден өтеді. Шәкірттері арулап жерлеу рәсімі кезінде әлгі тұмарды ашып қараса, ішінен бір түйір қағаз шығады. Оған: «Бұл – мен туған жердің топырағы. Қабіріме осы топырақты салындар» - деп жазып кеткен екен. Ғұламаның әлгі өтініші үлкен тебіреніспен, толқумен орындалыпты. Ол кезеңдерде дәл қазіргідей туған жердің қадір-қасиеті артық тұрса керек.

Тұмар тағу ырымы түркілік дәстүрдің айқын бір көрінісі болып саналады. Қазақ үшін – көк, күн, от, су сияқты, қара жер де киелі ұғымдардың бірі. «Қара жер» - киелі жер деген мағынада. Бұрынғы көшпелілер тағатын тұмардың ішінде туған жердің бір уыс топырағы болған.

Тұмар сөзінің өзі түркінің «тума иер» - «туған жер» деген сөздерінің кірігуінен пайда болған. Кейінірек мұсылман дінінің орнығуына байланысты тұмардың ішінде дұға жазып салу салт-дәстүрі қалыптасқан.

Иә, тұмар халқымыздың ұғымында өте киелі мағынаға ие болған. Қайырылмас ғасырлар бұрын қағаз жоқ, тауар аз кезде, сауда-саттық жасау мақсатымен алысқа сапар шеккенде немесе соғыс жорықтарына аттанғанда, бабаларымыз мал терісінен жүрекке ұқсатып, үшбұрышты етіп тігілген қалташыққа, яки тұмарға туған жердің топырағын толтырып алып шығатынды. Бұл туған жерге, туған елге деген перзенттік парыздың белгісі болса керек.

Тұмар [араб. **طومار** – бүктелген, үлгі (формат) бір бет қолжазба]. ауырған кісіге ырым үшін жазып беретін дұғасы [2, 150 б.]. **طومار** мн. **طومار** ( **طومار** ) свиток **تاليسمان** мн. **تاليسمان** талисман. Амулет **حزاز** мн. **حزاز** талисман. амулет. [3, 356 б.]. Қазақ тілінде «тұмар» карақалпақ тілінде Тумар, тәжік тілінде «тумор», өзбек тілінде «тумар» деп аталады. Көне түрік тілінде «тумар иер» деген сөз бар. Онысы «туған жер» деген. «Тумар» сол тумар иер сөздерінің қосылуы арқылы шыққан болуы да ғажап емес. Бұрын тұмар ішіне туған жер топырағын, тас қиыршықтарын салған. Онысы «жер ана желеп жебейді», «туған жерге қайтып ораламын» деген сенім. Бұл ұғым қазақ арасында әлі бар. Шашы ұзын қыздар «көзден сақтайды» деп, жас балаларға аналары «көз тимейді» деп ауыл молдаларына тұмар жаздырып алып (араб тілінде) тағатын. Мұны қазақ ауылдарында кездестіруге болады.

Тұмар оюы басқұр, аққұр, кілем, текемет киіздердің шетіне салады. «Тұмарша» деп те аталады. Бұл ою басқа да өрнектердің шығуына негіз болды. Мәселен, «шаршы» (мұны «қос тұмар» деп

те атайды) бұл да киелі ою. Қазақ ою – өрнектерінің төртбұрышты бітімге салуына себепші болған. Дүниежүзінің барша халықтарында талисман, амулет аталынып жүрген «көз тию», «тіл тиюден» сақтайтын түрін қазақтарда тұмар деп атаған. Мұнда «қырғыз немесе қырғыз әйелі өзімен бірге үш бұрышты өзін сақтайтын аяттар жазылған тұмар тағады. Ол адамды бақытсыздықтан сақтайды деп сенеді» (Левшин) деген пікір орынды.

Сонымен бірге, тұмардың өзі бірнеше дәуірді басынан кешіргенін байқауға болады. Алғашында тұмар ретінде өз тотемдерінің бір мүшесі не терісі т.б. болса, кейіннен мұсылмандықтың енуіне байланысты тұмарға құраннан аяттар жазып салатын болған. Бұдан ерте кездегі діндердің өзгерген түрлерінің қазақ халқының ерекшелігіне байланысты мұсылмандыққа да ықпал жасағанын көреміз.

Тұмарды әдетте діни ғұламаларға жаздырып алып, былғарымен қаптап, мойынға тағып жүргендіктен, бойтұмар деп аталады. Құран сүрелерінің емдік қасиеті бар екендігінің мысалын мына хикаядан көреміз. Он бір аяттан тұратын «мұғауузизатайн» (екі қорғаныш) деп аталатын «Нас» пен «Фалак» сүрелерінің түсуіне Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды бір яхуди әйелдің жіпке он бір түйін түйіп, оқып сикырлауы себеп болған. Сикырдан пайғамбар сарғайып бозарып ауырғанда, Жебрейл (ғ.с.) періште осы екі сүрені әкеледі. Он бір аяттың әрбір аятын оқығанда, бір бір түйін шешіліп, пайғамбар құлан таза айығады.

Тағы бір хадисте пайғамбар «көздің тиюі хақ» дейді. Көз тиюден, тілден алдын ала сақтану үшін Айша анаға «көз тимеу үшін үшкіріп ал» дейді. Үшкіртумен қатар тұмар, ішірткі, түтекті жазып қолданып, ұшықтау діни дәстүрде бар. Осындай емдік аят-дұғалар жинақталған кітаптар қолжазба күйінде қазақ даласына көп тараған. Кейіннен ондай дұға жазылған қағазды қадірлеп, күмістен арнайы қорап жасап, қорапты әртүрлі зергерлік техникалық әдістермен безендірілген. Сөйтіп бұл бұйым екі түрлі қызмет тұмар және әсемдік үшін әшекей қызметін бірдей атқарған. Оны әртүрлі пішінде жасайды және мойынға іліп жүретін әсем шынжыр бау тағады. Тұмар немесе әшекей бұйымдарын жасауда қазақтың зергерлік өнеріне көне дәстүрлерді жалғастыру және көршілес елдер мәдениетінің өзара әсері де негіз болған.

Қазақ даласында тұмардың «тұмарша, қолтықша, бойтұмар» сияқты формалары кеңінен таралған. Тұмардың үшбұрышты түрі – тұмарша, бұлшық еттің астында тұратын төртбұрышты түрі – қолтықша, доғал бұрышты түрі – бойтұмар деп аталады. Тарихқа көз жүгіртсек, біздің бабаларымыз тұмар тағудың ғасырлар бойы

ғажап үлгісін жасаған. Мысалы: Хан ордасында – Орда тұмар, қала қақпаларында – қақпа тұмары, үйлерде – үйтұмар, батырларда – бойтұмар, арғымаққа – аттұмар, төрт түлікте – көзтұмар, үйленгенде – қостұмар, қыз ұзатса – жасаутұмар, сәбилі болса – бесік тұмар жастататын болған.

Бұхараның атақты «Көгілташ» діни медресесінің ең алғыр түлегі болған, кейіннен Хан ұрпақтарын тәрбиелеу үшін Қарнақтағы қарилар медресесіне үлкен ұстаз қызметіне жіберілген, елі «Көмекей Әулие» атаған Ислам дінінің білгірі Бұхар баба кезінде Ханның көшпелі Ордасында «Орда тұмар», қарапайым халықтың киіз үйінде «Шаңырақ тұмар», «Үйтұмар», бесікте «Балатұмар», «Назартұмар», батыр - баһадүрлерде өздерінде «Бойтұмар», тұлпарында «Көзтұмар» ілініп тұратын болған. Одан қала берді батырлар жауға қарсы жорыққа шығар кезде «Әзірет Сұлтан» Әулиенің басынан «тәбәрік» деп бір уыс топырақ алып, бойтұмарларына салып та алатын болған. Ол заман керек десеніз қазақ даласындағы Исламның көркейген кезі болатын [4].

В. В. Радлов сөздігінде тұмардың ішірткі қағаздан басқа түркі тілдеріндегі бір мағынасы – «футляр для талисмана». Өзбек тілінде тұмар қорабын «бозбанд» дейді [1, 34 б.].

Енді тұмар сөзінің тұрмыста қолдану ерекшелігіндегі лексика-семантикалық сипаттарына келсек, көптеген теңеулер мен метафораларға тірек сөз болғанына көз жеткізуге болады. Тұмар (қорапша) алтын, күміспен әшекейленіп, асыл тастармен, әр түрлі салпыншақтармен безелді. Осыған орай «тұмар жүзді» деген теңеу ақын-жыраулардың тілінде кездесе бастады.

Халық түсінігі бойынша, малдардың ауруы кей жағдайда көз тиюден болады деп есептелген. Көз тимеу үшін ботаға, түйеге, сиырға, жүйрік аттарға әр түрлі тұмарлар тағылған. Мысалға, ботаға үкі тағып, біраз уақыт жұрттан оңаша ұстап тұмар таққан. Ол тұмар – жіпке өткізілген қара дөңгелек тастар. Бөгде біреу ботаны көріп қалса «тіл-көзім тасқа» деп жерге түкірген. Егер олай етпесе үй иесі одан жаңағы сөзді айтып, жерге түкіруді талап еткен. Сүтті көп беретін сиырға да жеті қара тасты салып, үшбұрыштап тіккен тұмарлар тағып қою әдеті болған. Бұл қазіргі кездегі жиі қолданысқа ие «тіл-көзім тасқа», «тілім тасқа тисін», «көзім тасқа түссін» деген тіркестердің шығу төркіні ретінде қарауға мүмкіндік береді.

«Алпамыс батыр» жырында Алпамыстың серке қоямын деген лағының тұмары болады:

Қоямын деген бас серке.

Бар еді екі лағы.



Сүйкімді көріп суретін.

Мойнына таққан тұмары.

«Ер қанаты – ат» деген ата-бабамыз жылқыны өте қадірлегендігі белгілі. «Жүйрікке – тұмар» деген мақал осыны аңғартады. Ақын-жыраулар тілінде, әр түрлі жырларда тұлпарларға тұмар тағылатындығы жиі кездеседі, тұмарына қарап оның жай ат емес екендігін ажыратқан: Жүйріктің белгісі: Бәйгеге қосқан тұмарлап, Жігіттіктің белгісі. Бедеу мініп астына Жиынға түскен бұландап (А. Керейұлы) Жүйрік аттарға тұмар ретінде мал сүйегі, киіздің қиындысынан жасалған тұмарлар тағылған.

Бұл туралы бір дерек келтірсек: «Локтевая кость овцы, которая, по мнению мулл, имеет сходство с начертанием слова «магомет» и должна следовательно приносить особое счастье, заняла благодаря этому исключительное положение: ее навешивают особенно лошадям». Басқа халықтарда да малдарына тұмар таққандығы белгілі. Моңғолдар қадірлі малын «сетер мал» деп атаған, мал басының аман болуына деп мойнына тұмар байлаған. Бұл малын соймаған. Егер сетер малы түйе, сиыр, жылқы сияқты ірі малдар болса, оны жұмысқа салмаған Сонымен тұмардың тек адам баласына ғана емес, басқа да жаратылыс иелеріне қатысты түрлерінің де болғанын аңғарамыз.

Ш. Уалихановтың «Этнографическое население казахов» атты еңбегінің I-ші томында «Қазіргі таңда қырғыздар (қазақтар) мұсылмандық, кабалистік ғұрыпты пайдаланады, бұны «тұмар» деп атайды» - делінген.

Ертеректе жануарлар сүйектері мен құстардың тырнақтары, қауырсыны, кейде тастарды да тұмар ретінде қолданған:

I Мал сүйектері сүйектері жоғары күшке ие болған. Малдың кәрі жілігі малды ұры қарыдан және қасқырдан сақтайды деп сенен. Қырғыздардың (қазақтардың) сенімі бойынша кәрі жілік ұрылардың көзіне адам болып көрінеді. Аңыз әңгімеге тоқталар болсақ, «ұрылар бір байдың малын ұрламақ болып бірнеше күн жүреді, алайда мал ұрлай алмайды.

Себебі, отар көптеген қарулы адамдар болған. Ұрылар ол үйде байдың әйелі, қызы ғана болғанын және ол үйде ұлы не жалшылары болмағанын білді. Осыны білген олар байдың үйіне қонақ болып барады. Бай қонақтарына қой сойып тойдырады. Сол кезде олар өздерінің ұрылар екенін көптен бері отардан мал ұрлай алмай жүргенін айтады. «Айтыңызшы - деп сұрады ұрылар, сіз қандай кереметіңіз бар». «Ешқандай кереметілігім жоқ, -деп жауап береді бай. Менің тек бұлжытпай орындайтын ережем бар. Әкем өмірден өтер шағында

маған бір өсиет айтып кеткен. «Балам мен саған өсиет айтамын, оны орындасаң өмірде бай боласын. Қанша мал сойсаң да малдың кәрі жілігін тастамай есік пен шаңыраққа байлап қой», - деген.

Мен әрқашан сол өсиетті орындап келемін, құдайға шүкір малымның жоғалып, не қасқыр алғанын көргенім жоқ». Ұрылар киіз үйдің сыртына ілінген сүйектерді көріп қанша қарулы адам болса сонша сүйекті көреді.

2 Үкінің басы, аяғы, үкісі жын періден сақтайды деп сенген. Бұларды киіз үй мен бесікке байлайтын болған. Киіз үйлерден жабайы ұлардың басын көруге болады. Ұлардың еті шешек ауруна ем болады.

3 «Ешек тас» өткір көз бен тілден сақтайды. Негізі бұл ешектің асқазанында болатын тас, алайда саудагерлер құмырсқаның жасыл саз балшығын сатады [4, 94 б.]. Бойтұмар адамдарды түрлі пәле жаладан қорғайды деп есептеген. Бойтұмар тағу барлық халықтарға тән көне дәуірден келе жатқан дәстүр. Оған кез-келген бұйым (ұлутас, сүйек, т.б.) немесе арнайы жасалған қымбат заттар да алынған, оларға жазу жазылып, бедер суреттер түсірілген. Бойтұмарды алқаға, кішкене қорапшаға, әмиянға салатын болған. Болмаса былғарыдан, шүберектен жасаған қалташаға тігеді. Үлкендігі мен пішіні әртүрлі болады. Ол көз тиюден, пәле-жаладан, апаттан қорғайды деп сенген.

Сондай-ақ, «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайында тұмарлардың түрлері көп, атап айтар болсақ, «бала тұмар», «қолтық тұмар», «бесік тұмар», «бойтұмар» және тағы да басқалары. Осы тұмарлардың ішінде өте қызықтысы «ЕПК тұмар» да кездеседі. «Етік тұмар» археологиялық қазба кезінде Ескі Сауран, Қаратөбеден табылған. Қазба барысында табылған заттардың арасында қызықты да ерекше керамикалық етік түріндегі тұмар болған. Тұмар тығыз саздан жасалып, сапалы түрде күйдірілген. Тұмардың бір беті шамасы көбірек күйдірілгендіктен болса керек, етіктің бір беті қара түсті. Етіктің биіктігі - 4,5 см. Қонышының диаметрі - 2,8 см. Етіктің өлшемі - 4,5 см. Етіктің тұмсығы оң аяққа арнап біраз жонылған.

Қонышы кендеу, жоғары жағы жіп (бау) тағуға арналған тесік саңылау (4 мм) жасалған. Қонышының жоғарғы тегіс жеріне тағы да бір тесік бар. Бұл тесік те бау тағуға арналған. Қонышының қырына өткір құралмен күйдіргенге дейін алты бұтақты «Өмір ағашының» бейнесін салған. Бұтақтың арасына бұтақтың ұрықтарын бейнелеген. Ішкі және сыртқы суретте аз ғана өзгешелік бар. Сирек кездесетін декор бұл етік қонышындағы «Өмір ағашының» бейнеленуі. Мұндай етіктегі өрнек түркі халықтарында (орта ғасырлық Иран мен Ауғанстан) кездеспеген. Соғдылардың ер адамдарының

киімдерінде тоғыз бұтақты болып кездеседі. Ертеректе етік адам өмірінде жоғары орын алған. Көпшілік халықтар оң аяққа аса көп көңіл бөлген. Жаңа түскен жас келін он аяқпен босаға аттауы да, киелі орындарға он қадам жасау да осыны айғақтай түседі.

Сонымен қатар, «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының зерттеуші ғалымы, археолог М.Тұяқбаевтың айтуынша халықтар арасында ислам діні толық қабылдас бұрын тұмар ретінде тастар, қыштан жасалған тұмар, аң-құстардың тырнақ және т.б. таққан. Ислам діні енгеннен кейін бұндай заттар ислам дінінің кейбір бөлшектерімен алмастырды. Сол кездегі халықтардың сеніміндегі тұмарлардың ішін қуыс жасап, оның ішіне Құран сүрелерін салып қоятын болған.

Етік адамның азат екендінін білдірген, аяқ киімі жоқ адам құлмен тең болып есептелген. Ол кезде құлдар да ғана етік болмаған. Сонымен бірге, түркілер заманында әрбір азат адам мойнына пышак немесе қанжар тағып жүретін болған. Ол қанжар бір жағынан қорғанытын қару болса, екінші жағынан бөле жала жамандық атаулы адамға жуымайды деген сенім болған.

Тұмар – Түркі халықтарының дәстүріндегі туған жерді қадірлеп, кастерлеуден шыққан сенім. Аяулы дәстүр. Осы бір дәстүрді барша қазақ жастары біліп жүрсе екен !

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ Совет Энциклопедиясы. 11 том. 180 бет.
- 2 Әшірбекова Н. Мұражай қорындағы зергерлік бойтұмар әшекейлері /«Түркістан» журналы . № 20-21. – 10 сәуір. – 2010.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (Т-Ү) – Алматы: Ғылым, 1986, 9-том.
- 4 Дуюсов А. Ұлттық ою-өрнектерінің тұлға тәрбиелеудегі рөлі. Электрондық ресурс: [www.45minut.kz](http://www.45minut.kz) Республикалық ұстаздар сайты.
- 5 Уалиханов Ш. Этнографическое население казахов. I том. 94 бет.

#### ӨЛШЕМ БІРЛІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МӘНІ

ЯХИЯ Б.

10 сынып оқушысы, Атырау қалалық мектеп-лицейі, Атырау қ.  
ЯКУПОВА М. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-мастер, Атырау қалалық мектеп-лицейі, Атырау қ.

Халық өлшемдері - ұлт мәдениеті мен тілінің қызықты салаларының бірі болып саналады. «Халық айтса, қалып айтпайды» дегендей халық өлшемі анық өлшем десек қателеспейміз. Өйткені оны ата-бабаларымыз бірнеше ғасырлар бойы қолданып және сол арқылы өлшем негіздерін жасаған. Халықтың өзі белгілегендей, салмақ өлшемі, көлем өлшемі мен мөлшері, ұзындық өлшемі, қашықтық өлшемі, уақыт және мезгіл өлшемдері деп бөлуге болады.

Өлшеу техникасы жөніндегі оқулықтар мен техникалық әдебиеттерден «ярд», «дюйм», «фунт» сияқты ескілікті өлшемдердің күні бүгінгі дейін маңызын жоя қоймағандығын байқауға болады. Өндірістік маңызы бар кейбір ұзындық өлшемдері (мысалы, құбырдың диаметрі) қазірдің өзінде дюйммен берілетінін талай естігенбіз. Өйткені мәдениеті жоғары, сауда-саттық қатынасы жедел дамыған елдерде байырғы өлшемдер алғашқы шыққан күйінде қалып қоймай «цивилизацияланған», яғни нақтылана түскен. Бұл келтіріліп отырған мысалдардан қазақтың халықтық терминдерінің шығу тәркіні, қолданылу мақсаты, өміршендігі, аталу сәттілігі жағынан да басқа халықтардың ұлттық өлшемдерімен деңгейлес болғанын байқауға болады. Алайда түрлі тарихи себептерге байланысты өлшеулік мәні бар байырғы терминдеріміз ұлт шеңберінен аса алмай, нақты мәнге ие бола алмаған. Сондықтан да қазақтың «бармағы» мен «табаны» немесе «құлашы» мен «қарысы» арық пен семіздің, ұзын мен қысқаның жекелеген мүшелеріне тәуелді күйінде қалып қойған.

Өткен ғасыр мен осы ғасырдың басында біздің көшпенді өмірімізді зерттеген кейбір ғалымдар халық арасында кеңінен таралған мынадай мәліметтерді келтіреді: ат шаптырым жер - 20-25 шақырым, құнан шаптырым- 8-10 шақырым, тай шаптырым жер- 5 шақырым шамасында болған [1, 128 б.].

Жылқының артқы аяғының табанынан ең төменгі (бірінші) буынына дейінгі аралық (шамамен 10-15 см) «толарсақ» деп аталады. Осыған орай «толарсақтан келген батпақ немесе қар» деп айтыла береді. Махамбеттің «Толарсақтан саз кешіп» дейтін өлені де бар емес пе? Л. А. Молчановтың «Народная метрология» (Минск,

1973, 77-бет) атты кітабында Ақмола қазақтарының арасында салт атпен күні бойы жүріп өтетін қашықтықты «қоналғы жер» (шамамен 70-80 км) деп атайтындығы айтылады.

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романында аттанып бара жатқан Біржанның әні және үні туралы Абай мен оның өнерпаз шәкірттерінің «Қозы жерге кетті. Әлі естіліп тұр, неткен үн!» деп таңданатыны бар емес пе? Осы іспеттес халқымыздың көшпенді өмірінен туындаған өлшемдері де баршылық. Міне, соның кейбірі: көш жер - 10-15 км, қозы көш жер - 6-8 км. Жыл маусымына, ауа-райына, жер жағдайына басқа да себептерге қарай бұл шамалар өзгеріп отыратын болған. Жаугершілік кезінде немесе төтенше жағдайда кездесетін шалқар көш 35-40 км-ге дейін барған. Шарасыздықтан туындайтын шалқар көш мал шығынына (ішінара адам шығынына да) апарып соққан. Қуаңшылыққа тап болған қиын-қыстау жағдайда, көп шығынға ұшыратпай, мал басын аман сақтап қалу мақсатымен ата-бабаларымыз кейбір жылдары жаз, күз айларында 2000-2500 км-ге дейінгі аймақты аралап сар даланы сыпыра, үдере көшкен кездері де болған (Н.Масанов, Кочевая цивилизация казахов. Алматы, 1995,65-бет).

Бір қора (немесе бір отар) қой 600-800 бас аралығында болса, бір көгенге 30-40 м, оның бұршағы 3 сүйем (51-54 см) шамасында болған. Бір үйір айғырымен 7-8 биеден, ал бір қос- 200-400 аралығында жылқыдан бір келе 10-15 түйеден тұрған. Табын - сиыр малының, сондай-ақ киік, бұғы тәрізді жабайы аңдардың үйірлі тобы. Әдетте бір табында 200-300 сиыр болған [2, 126 б.].

Өлшем бірліктері туралы үлкендерден көптеген жайды естідім. Анам «мөлшер, өлшем» ұғымдарын білдіретін атауларды топтастыру мәселесі оның мазмұнына қатысты термин-ұғымдарға түсініктеме беріп, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне тоқталуды қажет ететінін айтты. Анамның айтуынша, ғалымдар тарапынан алғашқы адамзат баласы қоршаған ортаны өзі қолданған еңбек құралдары арқылы таныды, сондықтан олар (көдімгі таяқ, аң терісі, әр түрлі жемістердің қабығы) шаманы, өлшемді, мөлшерді, санды анықтауда қолданды, келе-келе мұндай өлшемдерді ажырату үшін өзінің қолын, аяғын, немесе олардың бөліктерін, тіпті дауыс дыбыстарын да пайдаланды деген пікірлер айтылады. Ал өлшем тарихы туралы зерттеулердің кейбіреулерінен өлшеуге негіз ретінде алдымен адамның дене мүшелері алынған [4, 18 б.].

Өлшем ұғымдарын білдіретін атаулар жөнінде де кітап беттерінде көптеген деректер бар екен. Қазақ тіліндегі мөлшер,

өлшем ұғымдарын білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін жеке сөз табы ретінде қарастырған пікір де кездеседі. Қытай Халық Республикасының Үрімжі қаласынан шыққан «Қазіргі қазақ тілі» академиялық еңбегінде (2002) бұл сөздер «мөлшерлік» сөз табы деп аталады [3, 128 б.].

В связи с тем, что в области туризм стал развиваться в последние годы, стала возрастать потребность в специалистах, среди них на гидов-экскурсоводов. В целях решения данного вопроса были организованы курсы подготовки гидов-экскурсоводов. В настоящее время в областном историко-краеведческом музее открыт отдел оказания экскурсионных услуг и экскурсоводы проводят экскурсии как в музее, так и по городу Атырау. Вместе с тем, в прошлом году для представителей средств массовой информации и туристических компаний области, был организован рекламно-информационный тур по районам области, где имеются перспективы для развития туризма. По итогам инфотура туроператорами заключены договора с предпринимателями, предоставляющими услуги в данном направлении. В настоящее время в области действует маршрут активного отдыха в Нарын песках Исатайского района, где посетители имеют возможность покататься на квадроциклах, верблюдах и лошадях, дегустировать национальные блюда и по данному маршруту разработан турпакет, в который включены стоимость трансфера, питания и других услуг. Спортивно-любительская охота и рыбалка хорошо развита в Курмангазинском районе. Здесь имеется несколько рыболовецких баз, так как река Кигач содержит в себе богатейший водный мир, где обитают различные виды рыб. Нетронутые красоты природы данной местности позволяют развивать и экологический туризм. В настоящее время руководством района рассматриваются проекты по созданию баз отдыха вдоль побережья реки. В области не имеется национальных парков, однако к особо охраняемым территориям относится государственный природный резерват «Ак жайык». На территории резервата разработаны 3 экологические маршрутные тропы и организованы услуги водных прогулок на катере. Здесь можно полюбоваться представителями флоры и фауны, видами, занесенными в Красную Книгу. В целях организации рыбалки, в определенных местах



на территории резервата для предпринимателей, занятых в турбизнесе, с 2015 года на законных основаниях, выделяются участки в дельте реки Урал и прилегающем побережье Каспийского моря. Отработан и четко работает маршрут авто и вело пробегов по территории области. Эти пробеги совершаются в основном экспедициями из таких стран, как: Франция, Италия, Германия и др. В 2014 году данным маршрутом воспользовались автотуристы из Китайской Республики, с экспедицией «Шелковый Путь – Лонг Марч» и Российской Федерации «Каспий – море дружбы». В целях развития детско-юношеского и социального туризма, ежегодно в рамках празднования Дня столицы, для детей из социально-уязвимых слоев населения организуются экскурсии в город Астану, а также проводится районный и областной этапы экспедиции «Моя Родина - Казахстан». Привлечение инвестиций для реализации проектов в сфере развития инфраструктуры туризма остается одной из главных проблем, требующих решения. Другим приоритетным направлением туристической отрасли является развлекательный туризм. Развлекательный туризм представлен пляжным и круизным туризмом на Каспийском море [2, с. 18].

На проектной территории планируется реализация проекта по экологическому туризму «Сохранение биологического разнообразия в Дамбинском сельском округе (части дельты реки Урал) путем привлечения местного населения в развитие устойчивого экотуризма». Согласно реализации Концепции по развитию экотуризма запланированы организация, обустройство и запуск экотурмаршрута «Водный лабиринт». Главной целью данного проекта является Демонстрация организации экотуризма, путём разработки и эксплуатации маршрута «Водный лабиринт», как примера устойчивого использования биологических ресурсов местным населением.

Разработанный проект является инициативой общественного фонда «Болашак», который обеспечивает эколого-научно-познавательный проекты в Атырау.

Геополитическое положение и природно-сырьевые ресурсы Атырауской области позволяют рассчитывать на увеличение количества бизнес-туристов, приезжающих в Казахстан по вопросам бизнеса и участия в международных конвенциях.

Главная социально-экономическая предпосылка развития экотуризма на проектной территории заключается в существующей реальной возможности превращения его в доходную отрасль экономики за счет устойчивого использования значительных биологических, общественных, социальных и других ресурсов. Жители Атырауской

области и её гости из числа иностранных граждан являются основными потребителями особо охраняемых природных ресурсов дельты реки Урал и Северного Каспия. Они недостаточно информированы об исчезающих и особо охраняемых видах флоры и фауны данной местности. Разъяснительная работа в данном направлении началась практически несколько лет назад различными местными общественными организациями и проектом «Комплексное сохранение глобально-значимых водно-болотных угодий». Местное население региона получит новый вид экономической деятельности – экотуризм для получения устойчивого дохода в семейный бюджет, тем самым снижая антропогенную нагрузку на экосистемы территории водно-болотных угодий (особенно на водную фауну – особо охраняемые виды, такие как осетровые).

В настоящее время на проектной территории нет ни одного туроператора, занимающегося туристической деятельностью, связанной с экологическим туризмом. В настоящее время Атырауской группой реализации проекта готовится проектная заявка по развитию экотуризма. Проект инициирует ОФ «Болашак» [3, с. 27].

Запрашиваемая сумма на данный проект 30 000 долларов. Одобрение и реализация данного проекта позволит развить экологический туризм на проектной территории и даст возможность тиражировать опыт работы и в других сельских проектных территориях. Разработано в настоящее время 2 туристических маршрута по проектной территории: «Еркинкала» и «Дамба».

Разработана концепция «развития экотуризма на проектной территории ДРУ с прилегающим побережьем Каспийского моря». Однако в данной концепции не обоснована рекреационная нагрузка и пропускная способность территории, что будет являться серьезным препятствием при получении лицензии на туроператорскую деятельность. В настоящее время разработано техническое задание на подготовку обоснования и расчетов по рекреационной нагрузке и пропускной способности резервата. Ведутся переговоры с Астраханским биосферным заповедником о привлечении компетентного специалиста для выполнения задания [4, с. 192].

#### **Причины низкой развитости туризма в городе и области.**

Туризм в Атырауской области развивается медленно и «со скрипом». Во всяком случае, все проблемы известны и существуют далеко не первый год. Речь идёт именно о внутреннем и въездном туризме, на котором можно неплохо заработать, да и просто порадовать, развлечь приезжих гостей. Чаще всего, Атырауская

область стабильно ассоциируется с нефтью и рыбой – главными достопримечательностями региона в экономическом плане. Но это давно уже перестало быть «изюминкой», способной заинтересовать туристов, особенно иностранных, которых, зачастую, сложно чем-то удивить. Действующие же в областном центре туроператоры нацелены главным образом на выездной, прибыльный туризм. Между тем, в Атырау есть что показать гостям, - то, что не найти в красочных буклетах и во «всезнающем» Интернете.

Развитию туризма в регионе препятствует, в частности, дефицит экскурсоводов и переводчиков. При этом нужен не просто хорошо владеющий иностранными языками гид, а знающий историю края и способный преподнести материал слушателям. В этом плане кадровый голод стараются восполнить за счёт сотрудничества с Атырауским государственным университетом (АГУ), а также экскурсоводами из областного историко-краеведческого музея. Также впервые открыли в АГУ обучающие курсы. Пригласили местных и республиканских специалистов в области экскурсионного и музейного дела. Образовательная программа была предназначена для всех желающих, пришли руководители и менеджеры туристических фирм, волонтеры, сотрудники музеев и безработные - в том числе, владеющие иностранными языками. Отбор начался уже в ходе обучения. Кто-то понял, что быть гидом – это не просто вызубрить и пересказать некий текст. Настоящий гид должен иметь соответствующий уровень культуры, глубокие познания в области истории и краеведения, быть всесторонне образованным, уметь ответить на любые вопросы и даже оказать первую медицинскую помощь. Сейчас их тестируют на туристических маршрутах, и в итоге, немногие получают сертификаты.

В областном центре очень мало объектов для посещения.

Имеющиеся памятники истории и культуры города можно быстро объехать за пару экскурсий. Практически отсутствует архитектурные постройки конца XIX – начала XX века. А ведь знакомство с любым городом, поселением начинается с его истории. В настоящее время в списке памятников истории и культуры местного значения Атырауской области занесено 22 объекта, 7 из которых расположены в старой части города.

Среди многочисленных загородных туристических объектов топ-10 по посещаемости входят, в частности, мавзоль поэта и бунтаря Махамбета Утемисова, некрополь Ак мечеть (место захоронения родителей Бекет ата), а также славящееся своими целебными водами Солёное озеро в Индерском районе. И желающие

посетить эти места большей частью добираются до пункта назначения самостоятельно.

Иностранцы предпочитают национальную экзотику В 2012 году вышла в свет специальная туристическая карта Атырауской области с указанием мавзолеев, некрополей, древних городищ – памятников республиканского значения. В нём отражены и уникальные по своей красоте экологические маршруты заповедного Прикаспия. Кроме того, карта предлагает туристам посетить не только исторические места, но и показывает, где можно разбить палатку, отдохнуть на природе, искупаться. Но это пока всё только на карте, которую к тому же невозможно приобрести в свободной продаже [5, с. 200].

В целом, Атырауская область имеет все предпосылки для развития въездного туризма. Это и граница с Российской Федерацией, и наличие прямых авиарейсов в Стамбул, Амстердам, присутствие крупных иностранных компаний. Но чтобы предложить клиентам разнообразный и интересный продукт, нам необходимо наличие множества доступных туристических объектов – не обязательно это должны быть только памятники, мавзолеи и древние городища. Создавать новые объекты должны предприниматели, и тут вовсе не надо придумывать что-то грандиозное. Можно, например, предоставить помещение под выставки частных коллекций старинных самоваров, музыкальных инструментов, изделий прикладного искусства. Можно организовать этноаул, а можно просто возле дома юрту поставить, предложить гостям самостоятельно покатать тесто и приготовить баурсаки. Иностранцы в восторге от такой кулинарии

Атырауская область и город Атырау имеют отличные перспективы развития туристической сферы, имея при этом прекрасные ресурсы для развития туризма, в том числе и отличное географическое положение. На данный момент, памятники архитектуры и достопримечательности региона не пользуются большой популярностью, так как большее внимание уделяется активному отдыху. На данном этапе в регионе созданы практически все условия для активного отдыха, рыбалки, охоты и организации круизов по Урал.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Регионы Казахстана. - Алматы: Агентство РК по статистике, 2002 г., стр. 103.

2 Стратегия программы страны (Казахстан) / третья версия // Алматы: Глобальный экологический фонд, 1997 г., стр. 18.

- 3 Тасмагамбетов И. Н. Нефтегазовый комплекс-двигатель экономики Казахстана // Нефть и газ. - 1999 г., стр. 27.  
 4 Ердавлетов С. Р. География туризма Казахстана, 1992. - 192 с.  
 5 Сенин В. С. Введение в туризм. М: Финансы и статистика, 2008. - 200 с.

### АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ, ДАРА ТҰЛҒАСЫ М. Ж. КӨПЕЕВ – АДАМЗАТТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ

БАКИШЕВА Қ. С., БУХАНОВА Д. У.  
 № 47 ЖОББМ, Семей қ.  
 ЕРКИНОВА Д. Б.  
 оқушы, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Бүгінгі күнде жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, әдеби мұрасын аялап, ардақтай білуге тәрбиелеу-басты міндеттердің бірі.

Ұлтымыздың ең ұлық мұраты - тәуелсіздік тұғырына қонғалы бері халқымыз кешкен тарихи оқиғаларға және сол ел шежіресін жасауда ерен еңбек еткен, жұртын өрге тартқан тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан баға беріле бастады. Мұндағы мақсат - бүгінгінің мұратын айқындау үшін, болашақтың баянды бейнесін жасау үшін кешегінің ақиқат баянын байыптау.

Ұлттық поэзиямызда жұлдыздай жарқыраған таланттардың бірі өлеңмен өзі туралы айтқандай 5 жасында-ақ желдей тасып, тоғызға қараған жасында Мұса мырзадай қоғам қайраткерінен «Мәшһүр» атты алған аса зерек, тума талант дарыған, он бесінде біртіндеп емес, бір түнде кеудесіне өнер өлең болып құйылып, тылсым қасиет қонған ерекше ақындық дарынның иесі, халық ауыз әдебиетінің інжу-маржанын жинаушы, тарихшы, шежіреші, аудармашы, философ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы артында аса мол мұра қалдырған біртуар тұлға.

Адамзат қоғамының осы уақытқа дейін ұлы құндылығының бірегейі-адамгершілік. Сол адамгершілік атауының тамырына нәр берген құтты құнар қайырымдылық пен мейірімділік. Егер адамның бойында мұндай ізгілік болмаса, біреуге біреу ақ сезіммен, таза пейілмен жан шуағын төкпесе, тіршіліктегі жамандық атаулының тоңы жібімейді. Осындай ойға қонарлық, үлгілі, өнегелі, сөздерді асыл мағынада Мәшһүр Жүсіп Көпеев атамыз қалдырып кеткен екен.

Атақты ақын, ғұлама оқымысты Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екені елге мәлім. Қаршадайынан оқыған, оқып қана қоймай, көңіліне мол дүние тоқыған білімдар адам болғаны анық. Қазақ халқының біршама мол сақталған әдеби мұрасы – поэзиясы, әсіресе, жыраулар мен ақындар жыры.

Бұлттай жауатұғын менің өзім,  
 Көкірегім – қан, жаспенен толған көзім  
 Жаңбырдың рахмет тамшысындай,  
 Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім М. Ж. Көпеев

М. Ж. Көпеев – ауыз әдебиетін, өзіне дейінгі майталман ақындарды терең білумен қатар, шығыс классиктерін де жан – жақты қамтып мол білім алған ойшыл ақын. Өз шәкірттерін оқыта жүріп, әрі өлең жазған, әрі халық ауыз әдебиетін жинаған. Бұл жөнінде академик

М.Әуезов: «Ол өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек М. Ж. Көпеевте мол екенін естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілу шарт» [13, 358]. деп өте орынды баға берген.

Мәшһүр Жүсіп 1858 жылы қыс мезгілінде, қазақша қой жылы, арабша ережеп айында, жұма күні, бесін кезінде, өзінің айтуынша, Қызылтаудағы Найзатас деген жерде дүниеге келеді. Ата – баба салтымен азан шақырып, атын «Адамжүсіп» қойған. Бұл жөнінде ақын жырында былайша сөз болады:

Жасымда қойылған ат Адамжүсіп.  
 Жұрт кеткен сүйгенінен Мәшһүр – Жүсіп.  
 Қолыма қағаз, қалам алған шақта.

Кетемін қара сөзге желдей есіп, [1, 230]. – деген. Мәшһүр Жүсіп атқа ие болуы жайында да қызық мәлімет бар. Ол ақынның «Өмірбаян» атты өлеңінде:

Бес жаста «бісіміл» айтып жаздым хатты,  
 Бұл дүние жастай маған тиді қатты,  
 Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,

Халық енді қосақтаған «Мәшһүр» атты [1, 250], – деп айтуында үлкен мән бар. Жүсіптің өзі айтқандай тоғызға толған шағында қалың топтың алдында мүдірместен мақамына келтіре отырып, «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастандарын жатқа толғайды. Жиылған қауым дән риза болып, «Баланың аты – Мәшһүр болсын, тіл – көзден аулақ болуы үшін басына үкі тағып қойындар» дейді.

Қара өлең, қайым өлең, жар – жар, аужар, сынсу, батырлар жыры, лиро-эпос жыры, шешендік сөздің неше алуан түрін жастайынан жаттап өскен Мәшһүр он бес жасынан бастап өз жанынан өлең шығара бастады. Оны ақынның мына өлеңінен байқауға болады.

Жабысты маған өлең он бес жаста,  
Жұрт айтты: «Не қыласың» – деді баста.  
Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,  
Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа,  
Шүкірлік бергеніне құдай патша,  
Он бесте шабыттандым жүйрік атша.  
Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде,

Кеудеме өлең толды сызған хатша [2, 280], – деп толғайды ақын, өзінен бұрынғы ақындардың салт – дәстүрін аттап кете алмай. Біз өз уақытысында «Жалайырдың жел жетпес жүйрігі» атанған Бақтыбай мен Сыр бойының ақыны Бұдабайдың да түс көріп, түсінде «көген емес, өлең алып» ақын боп оянғанын да білеміз.

7 жасар кезінен-ақ халық әдебиеті үлгілерін жинаумен айналыса бастаған Мәшһүр Жүсіп шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. Ақынның жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыз бен әңгімелер. Ол ел арасынан «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Нәрік ұлы Шора батыр» тәрізді батырлар жырларын, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ» сынды лиро-эпостық жырларды да жинаған. Мәшһүр Жүсіп 1886 жылы 8 жасында «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын» жырларын Қамар хазіреттің қолжазбасынан көшіріп алғаны мәлім. Зерттеуші ел аузынан түрлі ертегілер де жинаған – «Еділ-Жайық», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Алаша хан», «Ер Төстік», «Әз Жәнібек және бір ұста». Мәшһүр Жүсіп, сондай-ақ, ақындар айтысының да тың үлгілерін назарынан тыс қалдырмаған. Мәселен, «Ұлбике қыз бен Күдері қожа айтысы», «Ұлбике қыз бен қарақалпақ Жанкел ақын айтысы», «Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсін қыз бен Заман қожа айтысы», «Шоң, Торайғыр ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы», «Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы», «Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы». – Мәшһүр Жүсіп өз жазбаларында ескі араб жазбасын қолданған. Қазақстанда бұл кітаптарды аударатын адамдар өте аз. Мен он жасымнан осы жазбаны меңгере бастағанмын және өмір бойы атамыздың қолжазбаларын аударумен айналысып келемін. Оның кейбіреулері 500–600 беттен тұрады, – дейді жазушының шөбересі Нартай Жүсіпов.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әулие атанған қасиет иесі. Ол кісінің әулиелік қасиетіне қаншалықты мән берілді? – Мәшһүр Жүсіп – халқымыздың рухани жебеушісі, кейінгі ұрпақ тәу етер қасиетті әулие. Десек те, біз көбіне «әулие ғой» деумен шектелеміз де, әулиелігі жөнінде көп айта қоймаймыз. Мәшһүр Жүсіп «Өлеңмен берілген аят» атты өлеңінде әулиеден медет тілеп, бата алғандығы туралы баяндайды.

Жалпы, шығармаларында «Ғаусыл Ағзам, сенен медет», «Хазіреті Сұлтан, сенен медет» деген өлең жолдары жиі кездеседі. – Мәшһүр Жүсіптің әулиелігіне байланысты қандай әңгімелер бар? – Мәшһүр Жүсіп бір күні Баянауылға бармақ болып, жанына баласы Шарапиденмен сүйікті немересі Төлеубайды ертіп жолға шығады. Бозбай деген жерден аса бергенде немересі шөлдедім десе керек. Сонда Мәшһүр Жүсіп: «Алдымызда көрініп тұрған үйге барайық, сонда сендерді бір ауқаттандырып алайын», – дейді. Үйге тақай бергенде 12–13 жастағы немересі: «Ата, біздің алып шыққан тамағымыз жоқ қой» – дегенде, қасиетті бабамыз: «Қазір не көрсендер де үндемендер, ештеңе сұрамаңдар», – деп, балаларын төбесі құлаған екі бөлмелі үйге алып келеді. Өзі бірінші боп кіріп, жерге жайғасып отырады. Атты байлап, сонынан балалары да кіреді. Сол уақытта атамыз бір дұғаны оқи бастайды. Кенет өзінен-өзі алдарына дастархан жайылады. Ұстап келе жатқан тірі жан көрінбесе де, ет салынған табак, әртүрлі тағамдарға толы ыдыстар келіп дастарқанға қойылады. Атамыз жақсы көретін өрік-мейіз де бар. Шай құйылған кеселер келіп, босаған ыдыстар жоғары көтеріліп, ауамен қалқып есіктен шығып кете береді. Олардың қайдан келіп, қайда кетіп жатқанын түсінбеген Төлеубайдың қорқып, дұрыс тамақтана алмай отырғанын сезген Мәшһүр Жүсіп: «Қорықпай ішіп-жеп, тойып алыңдар», – деп, көңілі қалағанын жеп отыра берді. Тамақтанып алған соң Мәшһүр Жүсіп тағы бір қысқа дұғаны оқығанда, алдарында жаюлы тұрған дастарқан көзден ғайып болады. Ал жолда балаларына: «Жаңа ештеңе ұқпаған боларсыңдар, бізді тамақтандырған жын-перілер ғой», – депті. Мәшһүр Жүсіп жын-періні өз ырқына бағындыратындай әулиелік қасиетке білімінің арқасында қол жеткізген.

Мәшһүр Жүсіптің өмірбаяны қызыққа толы болған. Бұхарда Мәшһүр Жүсіп шығыс медицинасымен және адамзаттың санасы жете бермейтін тылсым күштердің ілімімен әуестенеді. Оған мына екі оқиға куә болса керек: Біріншісі - белгісіз бір ақсақалдың моншаға түсіруі. Бірде монша іздеп көшеге шықса, алдынан бір ақсақал адам кез болып: - Жұр, балам, мына жерде монша бар, -

деп бастай жөнеледі. Сәл жүрген соң шағындау, көзге қораш бір моншаға әкеліп кіргізіп, Мәшһүр Жүсіпті шешіндіріп, арқа-басын ысып, кәдімгідей жуындырады. «Е, осындайды кәсіп етіп жүрген бір мүсәпір екен ғой» деп ойлаған Мәшһүр атамыз қызметі үшін деп шалға ақша ұсынса, ол алмайды. Ішінен: «Апырмай, шайхы адам екен ғой» деп ойлаған Мәшһүр Жүсіп рақметін айтып, сәл былай ұзай бере артына қараса, монша да, жаңағы шал да жоқ. Бұның не керемет екенін түсіне алмаған ол ертеңінде медреседегі ұстазына баян етеді. Ол қуана тыңдап: «Балам, құдай жарылқаған екен, сенің барғаның Қожа Бахауеддиннің моншасының орны еді. Саған назары түсіп, шомылдырған өзі болар, сірә. Енді саған қасиет қонды, аузыңнан шыққан сөздің бәрі лепес, қабыл болады!» - деп, қолын жайып батасын беріпті. Екіншісі - жұма күні намаз уақытында сол ақсақалдың жерге «Жетпіс үш, жетпіс үш» - деп жазып, көзден ғайып болуы. Бұхарда оқып жүрген Мәшһүр Жүсіп бірде жұма намазынан келе жатса, үстінде қара шапаны, қолында аса таяғы бар ақсақал адам алдын кес-кестей береді. Үлкен кісі ғой, жолын кеспейін деп, Мәшһүр Жүсіп бөгеліп, қол қусырып сәлем береді. Әлгі ақсақал сәлем аларда қолындағы аса таяғын жерге шанша салады. Басында темірі жоқ жаңағы таяқ жерге қадала кіріп, дірілдеп тұра қалса керек. Кенет таяғын қайтадан қолға алған қария Мәшһүр Жүсіпті үш айналып, о жер, бұ жерінен таяғымен түрткілеп, «жетпіс екі, жетпіс үш» деп кері айналып жүре береді. Аң-таң болған Мәшһүр Жүсіп мына кісі маған 72-73 сағатта өлесің деп кетті ме деп айран-асыр болады. Үйге келіп ұйқыға жатқан соң түсіне аруақтар кіріп, мазасын алып шығады. Сөйтіп, шалдың айтқан 72-73 сағатынан аман-сау өтеді. Енді 72-73 күнде дәмім таусыла ма деп, күн санауға айналады. Бұдан да сау-саламат өткесін, ғұмырының 73 жыл боларына сенеді. Аталмыш оқиғалардан кейін Мәшһүр Жүсіп ақ десе алғыс, қара десе қарғыс болып, айтқан сөзі лепес болады екен.

Иманғали Мәненұлы Құрмандомалақ деген жерде қыстап отырған Мәшһүр Жүсіпке сәлем беруге келе жатып, жолда сәл жылынып алайын деп бір малшының үйіне соғады. Амандық-саулық сұрасып болған соң малшы: – Кеше Әбжалап диуана Мәшһүр Жүсіп Көпеевті тосып отырып үсіп қалыпты. Тірі ме, өлі ме, соны білмей дал болып отырмыз – депті. – Ойбай, Әбжалап диуана дегенің Қаржас руының ішіндегі Жәдігерден тараған Жұматай Тышқанбайұлы емес пе? – деп Иманғали орнынан асығыс тұра бергенде, малшы: – Келгенің жаңа ғана еді, асығып қайда кеттіңіз? – дейді. – Әбжалап диуана үйінен жеті қадам

шығып, асасын «Алла хақ» деп жерге соққанда қара құсқа айналып ұшып кететін күдіретті күш иесі ғой, Мәшһүр атамның отырған жеріне кеш батпай жетейін, – деп отырған Иманғали аттанып кетеді. Көп ұзамай Мәшһүр Жүсіп Көпеев түскен шаңыраққа келіп, отырған адамдарға сәлем беріп кіріп келеді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев ештеңе болмағандай сәлемін алып: – Төрге шық, шаршаған шығарсың, демінді ал, – деп өзінің күнделікті орнына отырады. Иманғали шымылдықтың артынан шығып жатқан дауысты естіп, құлағын түрсе: – Я, Алла, бар екенсің ғой. Намазымды Мәшекең шығаратын болды, ризамын, – деп қарқ-қарқ күліп жатқан Әбжалап диуана екен. – Бүгін сен осында қон, ертең азаннан қалмай Әбжалап та жан берер, жерлеп бір-ақ қайт. Ол да бір Алланың еркесі ғой, – деген Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің сөзінен кейін іштей екі-үш күн кешігермін деп жоспарлап отырған Иманғали: – Сіздің айтқаныңыз болады, – деді. Бөлмедегі тыныштықты сырттан естілген ащы дауыстар бөліп жіберді. Бұлар Әбжалап диуаның туыстары болатын. – Хабар келісімен тұра шаптық – деп көздеріндегі жастарын жендерімен сүртіп, ішке енді. Ертеңінде азан уақытында Әбжалап диуана көз жұмды. Мәшһүр Жүсіп Көпеев: – Ал, жігіттер, қайла, күрек алып жер қазындар, – деген соң лажы бар ма. Иманғали және Қаржастың екі-үш жігіті бар бет қаратпайтын аязда Мәшһүр Жүсіп Көпеев көрсеткен жерді қаза бастады. Қыстың аяғында жер борпылдақ күм сияқты қазылар деп кім ойлаған. Ештеңеге түсінбеген жігіттер бір-біріне қарап тұрып қалса керек. Мәшһүр Жүсіп Көпеев: – Кілемді әкеліндер – деп, ортаға кілемге оралған Әбжалап диуаның денесін көтеріп, төрт жігіт те жетті. Құран оқылып болған соң жігіттер кілемді ашса, маскара, кілемде күр кебіні ғана жағыр. – Астафыралла, – деп тұрғандар ештеңеге түсінбей, бәрі Мәшһүр Жүсіп Көпеевке қарап қалыпты. Сонда қабір басында тұрған ақсақалдардың бірі: – Ойбай-ау, жаңа ғана болған мәйіт қайда кетуі мүмкін? – деп, кілемге жақындай бергенде бірнеше ақ шағала құс ұшып келіп, жұрттың мазасын алса керек. Қыстың қақаған аязында өз-өздерімен құс қуып, әуре-сарсаңға түскен жұртқа қарап, Мәшһүр Жүсіп: – Е, Әбжалаптың денесі қабірде жатпас, Мәшһүрдің денесі қырық бір жыл бүлінбес, – деп басын шайқаса керек. Мәшһүр Жүсіптің шәкірті әрі атқосшысы Иманғали Мәненов: «Сүйегі жерленбегендер – Алланың сүйген құлдары. Біріншісі – Қызыр ғалайһу уассалам. Екіншісі – Иса пайғамбар. Үшіншісі – хазреті Ғалы. Төртіншісі – Құлболды әулие. Бесіншісі – Лекер әулие. Алтыншысы – Жұматай әулие деп жазады.

Әбжалап диуанының шын аты – Жұматай Тышқанбайұлы. 1916 жылы 25 маусымда әскердің қара жұмысына Түркістан өлкесінің

және ішінара Сібірдің 19-дан 43 жасқа дейінгі еразаматтарын шақыру жөніндегі патша жарлығы шығады. Жарлық Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік жаппай наразылық тудырды.

1916 жылы көтерілісті баласы Мұхаммед Әмен қолдағанымен, Мәшһүр Жүсіп бұл көтерілісті әрі мағыналы, әрі мағынасыз деп екі жақты таразылайды. Мағыналысы – патшаның әділетсіз жарлығына қарсы көтерілмей отыру ездик болар еді. Ал мағынасызы – патшаның сан алуан соғыс құралдарымен сайланған қаһарлы әскерлеріне қарсы тұрар қазақта сойыл-шоқпар мен қоян ататын бірлі-жарым мылтықтан басқа не бар? Сондықтан Мәшһүр Жүсіп көтеріліске бейтарап қарап, болашағына сенімсіздікпен қарады. Бірақ Мәшһүр Жүсіп жазбаларында: Қаракесек Бекболаттың заманы Қасқыр деген заман еді,

Жамандық пен бұзықты басқа ұр деген заман еді.

Айдабол Тайкелтірдің заманы Түлкі деген заман еді,

Ойын мен мәжіліс, Күлкі деген заман еді.

Қаракесек Алшынбайдың заманы Қарсақ деген заман еді,

Біреудің бір нәрсесін алдап алсақ деген заман еді.

Шүршіттің темір қақпаны, мұжықтың кендір арқаны,

Жетпіс жылда бір шіріп деп еді, – деген өлең жолдары кездеседі.

Демек, Мәшһүр Жүсіптің көтерілісшілерге оң қабақ танытпауынан – заманның өзге қырынан келгендігін ескертетінін аңғару қиын емес. 1986 жылғы жастардың толқуы мұжықтың кендір арқанын шірітіп қана қойған жоқ, тас-талқанын шығарды емес пе? Яғни, Мәшһүр бабамыздың 1916 жылы «Жетпіс жылда бір шіріп» дегені 1986 жылғы оқиғаны мензеп тұрғандай. Бұл ойын Мәшһүр Жүсіп халыққа да айтқан. Бірақ жалындап тұрған жас буын тындамады. – Әулие өзінің өлер уақытын болжап, сол сәтке үлкен дайындық жұмыстарын жүргізген екен... – Солай. Мәшһүр Жүсіптің денесінің 21 жыл ашық жатуы әлі күнге дейін жұмбақ. Мәшһүр Жүсіп үлкен баласы Шәрәпиденге: «Мен өлгеннен кейін қырық бір жылға дейін денем бұзылмайды. Тек жаздың ыстық айлары ақыретімді айырбастап отырыңдар, қыс керегі жоқ. Сонда көздерің жететін болады», – деп өсиет етеді. Біреулер денесін шірітпейтін арнайы дәрілік шөптер ішкенін айтады. Ондай дәрі болса, басқа әулиелер немесе бақсылар, тіпті байлар неге қолданбады екен? Тіпті топырақтың құнарлығында алға тартатындар бар. Қалай болғанда да, бұл – Алланың әмірімен болған жағдай.

Қалай болғанда да күн сәулесінің қаншалықты көлемде түсетіні мен зиратының басынан шығатын, биіктігі бір жарым, ені бір кезге таяу, қалыңдығы 20-30 сантиметр жалпақ ақ тасты қабырғаға ілгізуі жұмбақ күйінде қалмақ. Қалай дегенмен де бұл - Алланың әмірімен

болған жағдай. Д. Әбілев өз естелігінде: «Біз барғанда Мәшекен болашақ мавзолей-зиратының астыңғы қабатынан лайықталатын бөлме - өзі жататын орнын қазып жатқандардың қасында тұр екен. – Қазындар! Терең қазындар. Мәшһүр қашып кете алмайтындай етіп қазындар! - деп сылқ-сылқ күледі де кең қазындар он-он бес адам сыятындай кен болсын, кірпіштері берік қалансын, - деді.

– Тірлігінде ұры-қарылардың, озбыр, қиянатшыл, аю мінез әкімдердің қара халыққа жасаған қиянатын қызыл тілмен қылыштаған Мәшһүрдің шатағы аз боп па? Тірімде тістері батпаған сол сойқандар мен көз жұмғансын өш алуға үстімнен арыз жаудырып, мұнкір-нәңкірге тергеттірмей қоймас. Сонда менің мұндағы дұрыстығымды қорғауға бірнеше періштелер келер... Кең қазындар, - деп Мәшекен сылқ-сылқ күлді. Қазушылар да күлді», - деп жазады. 1927 жылы дүниеге келген Қалиұлы Қаратай Ескелдіде Мұхаммед Фазылды көргенін баяндап берген болатын. «Мен және 1926 жылы дүниеге келген Ермек, Қанапия деген екі бала жаяу Ескелдіге келдік. Келсек, мұғалім /Мұхаммед Фазыл/ күрең биесін жегіп келіп, енді кіріп жатыр екен. Есіктен кіргенде бұрышта пеш тұр. Оның бойында насыбай үккіш тұрды, қалғандары есімде жоқ. Мұғалім құран оқыды. Берген ақшамызды алмады. – Біз әдейі келдік қой, атамыздың жатқан жерін, түрін көрейікші - деп өтіндік. Сонда мұғалім: /Мұхаммед Фазыл/ – Әй, болмадыңдар ғой, көңілдерің қалмасын, – деп, адам бойы қазылған төменгі жаққа сатымен түсіп, шам жақты. Ешқандай да қақпақ көрмедік, шаммен төмен түсетін жер, ортада тұрса керек», – деп Қаратай ақсақал сыр шерткен болатын. Ал 1921 жылы дүниеге келген Серік Аманжарұлы «...Қасенғали ...төмен түсіп, шамның жарығымен атаның үстіне ақ жаптық. Мен көрейінші деп өтіндім... Содан бірінің үстіне бірін жаба берген ақ маталарды дененің ортан беліне дейін көтердік. Сонда алғашқы жабылған ақ маталардың қурап жерге түсіп жатқанын көрген Мухаммед Фазыл «күнә болар, жерден жинап алайық», - деді. Біз солай істедік. Жарықтық, атамыздың бет-бейнесі сол қалпы жатыр. Бейне ұйықтап жатқан жан тәрізді...» - деп сөзін аяқтаған болатын.

Мәшһүр Жүсіптің немересі Қуандық Фазылов былай дейді: «Бала кезден есімде 1947–1948 жылдар болуы керек, бейіт ауыз үйден және төр үйден тұратын. Төр үйінің есігі қылуғеттің қақпағындай. Адамдар қақпақты көтеріп ашып, сатымен түсетін. Екі қария дәретін алып түсіп, денесіне ақ жабады. Алдынала жағып, дайындап қойған шамды маған «алып бер» дейді. Апарып беремін. Бала болсам да құлағымда мына сөз қалып қойыпты. Уәли деген ауылдық кенестің төрағасы бар еді, сол

карын тұсын саусағымен басып көріп, «былқылдап, жұмсақ жатыр», – деді, сосын тек бақайының тырнақтары түсіп қалғанын айтты.

Мәшһүр Жүсіптің немересі Сүйіндік Көпеев марқұм да өз естелігінде: «1946 жылы Сәбит Мұқанов келіп, қабірдің ішіне түскен еді. 1950 жылы өзім де түсіп, денесін сипаған едім, сонда жадағай жерде жатса да, біртүрлі хош иіс шығып тұрды. Ешбір құрт-құмырсқа, көрді жайлап алатын сасық күзен, тышқанның ізі білінбеді», – деп жазған болатын. Мәшһүр Жүсіп бабамыздың мазарына қызыл өкіметтің жендеттері талай келіп, ішіне кіре алмай немесе жолда ажал құшқан адамдар да кейін қарғысқа ұшырап, оңбай кетсе керек. Тіпті ұрпақсыз кеткенін көрген жұрт «әулиенің ісі ғой» десетін. Мәшһүр Жүсіп өзі қайтыс болғаннан кейін де қазақтың азаптан арылмасын болжап:

Күншілдер көрінгенге қуғын салып,

Ақыры күнәсізге жала болар.

Үлгілі өнегелі салты құрып,

Қаптаған айналасы қала болар, – деп, қуғын-сүргін мен отырықшылыққа көшірудің зардаптарын жырға қосады. Енді бірде: «Ақиқат жолында жалындап, Алланың жазуымен емес, адамның қолынан қаза болғандардың ғасыр соңында жұлдызы жанар», – деген екен. Демек, Қазақстанда орын алған сталиндік саяси қуғын-сүргіннің бетпердесі ашылып, тұлғаларымыздың ақталарына сенген болар.

– Әулиенің кесенесіне зиярат етіп келушілер көп пе? – Мәшһүр Жүсіп өзінің көпшілікке тигізер шарапаты бар екенін сезген және оны өзі үнемі айтып отырған. Оны ақынның:

Дүниенің базарында арзан нарқым,

Нарқым арзан болса да, қымбат даңқым.

Тіршілікте ағайынға қадірім жоқ,

Өткен соң «өттеген-ай» дерсің, халқым, – деген өлең жолдарынан да байқауға болады. Иә, әулие бабамыздың халыққа тигізіп жатқан шарапаты шексіз. Дертіне шипа тауып, нәрестелі болған жандар қаншама. Кеңес заманында заман тоталитарлық тәртіптің қаталдығына қарамастан әулие кесенесіне зиярат етушілер саны көп болатын. Қазір де тіпті өзге ұлт өкілдері де қаптап келуде. Ескелдідегі Мәшһүр Жүсіптің бұлағы да киелі. Себебі одан әулие су ішкен, сол жерде өмірінің ақырғы күндерін өткізген.

Атақты Мәшһүр Жүсіптің поэзиядағы алатын орны бір төбе болса, оның ел тарихын, жер тарихын зерделеуге қосқан үлесі екінші биігі. Оның қазақ этнографиясын, әдеп – ғұрпын зерттеушілерге беретін білімі ұшан – теңіз. Өзінің өмір сүрген уақыты – заман деңгейіне көтерілуде,

ондағы оқиғалар мен қоғамдық құбылыстардың мән – жайын жете аңғаруда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көзі қарақты сауаттылығымен қатар табиғи дарын – ақындық, құйма құлақ шежірешілдігі өз алдына болса, жастарға ғылым – білім беруде, ағартушылық педагогикалық көзқарасын жеткізуде үлкен еңбек сіңірген.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» көп томдық шығармалар жинағы. 4-ші том – Алматы: «Алаш», - 2005.

2 «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» көп томдық шығармалар жинағы. 10-ші том. – Алматы: «Ел шежіре», 2010.

3 Жүсіпова Л. Қазақ тарихы туралы жазылған жемісті еңбегі – «Қазақ түбі» / Аңыз адам №19 (79) Қазан, 2013. 26-27 бб.

4 «Қазақ әдебиеті» газеті, №4, 1994 ж.

#### ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ ҚАЙТАЛАНБАС ТҰЛҒАСЫ – ҚАБДЫЛ-ҒАЛЫМ НӘСІРҰЛЫ ҚАРЖАСОВ

БАЛЫКОВА Д. И.

халық этикет тобының тәрбиеленушісі,

Қ. Даржұман атындағы ұлттық жаңғыру мектебі, Павлодар қ.

Мен неге бұл тақырыпты тандап алдым деген сұрақтар туындауы мүмкін, себебі осы адамның есімі тарихта өшпес із болып, оның істеген ісі бізге үлгі ретінде қалу керек деп ойлаймын. Мен № 1 көркем мектебіне барып жүрмін, сабақтардың бірінде Ғ. Қаржасовтың суреттерімен танысқан болатынымын. Содан туындылары ұнап, қылқалам шеберіне қызығушылық пайда болды. Зерттеу барысында өзім үшін көптеген деректер жинап, жаңа ойлар түйдім. Назарбаевтың халыққа жолдауында «қазіргі уақыт талабына сай жас ұрпақты Отансүйгіштікке, аға ұрпақтың жарқын үлгісінде, ұлттық патриоттық сезімге тәрбиелеу керек» деп атап көрсетті [1, 7 б.].

Ал мен сияқты жастарға ондай үлгіні, яғни сұлулықты сезіну, жоғары эстетикалық талғам қалыптастыру, туған табиғаттың сұлулығын түсіну және бағалауды Ғ. Қаржасовтың бойындағы керемет асыл қасиеттерінен және өнер туындылары арқылы үйретуге болады. Өнерлі адамдар әрқашанда жоғары бағаланып халықтың мәңгі есінде қалады. Ақиқатында өмірбаянға үнілсек, еңбек жолының үлгі алатындай екені көрініп-ақ тұр.

Қабдыл-Ғалым Насырұлы Қаржасов 1954 жылдың 11 қаңтарында Павлодар облысы Ертіс ауданы Үлгілі ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Төртағайынды. Ғалым мектепте сурет сайыстарында үздік болып танылды.

Үлгілінің мектебін, одан кейін Ертіс ауданы орталығындағы орта мектепті бітірді. Ауылда театр ашып, ән-күй айтады. Ғалым мектептен кейін шаруашылық ісіне араласады. Одан Отан алдындағы борышын ақтауға әскерге шақырылды. Онда ол жүргізуші мамандығын игеріп, елге қайтқан соң шофер болып жұмыс істейді.

Әр адамның бойында өзіне тән өнері болады. «Жігітке жеті өнер де аз» деген сөздің бір мағынасы сол өнерлерді өз бойынан тауып, оны дамытуға үндейді. Павлодар қаласына келген Ғалым сол өнерді үйренуді қолға алады. Нақтырақ айтсақ, Ғалым Қаржасовтың сурет өнеріне шындап бет бұруына ағасы Қабылшәріп себепкер болды. Қабылшәріп Павлодардағы елге танымал болған алғашқы қазақ суретшілерінің бірі еді.

Осы кезеңнен бастап өнерге деген нық қадамдар жасалды. Сөйтіп, Қабдылғалым Қаржасов 1976 жылы Н. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесіне түсіп, тәмамдайды.

Шығыс үндестікті Ф. Қаржасовтың «Көне», «Аужар», «Кербез», «Көш», «Төр», «Шашу», «Сенім» секілді туындыларынан аңғаруға болады.

Суретші өз картиналарында кейіпкерлердің бас бейнесімен киіз үй, жан-жануар, қазан-ошақ және тағы басқа қоршаған табиғатты қосып көрсетеді» [2, 21 б.].

Ф. Қаржасовтың халық өмірін бейнелейтін кескіндеме шығармалары: «Кешкі саулым», «Ошақ басында», «Аңсау», «Әңгіме». Белгілі тұлға мен кейіпкерлеріне де арнаған: «Шәкәрім», «Қорқыт ата» атты туындылары, сонымен қатар махаббат, сүйіспеншілік, әйел бейнесі де бар. Мысалы, «Махаббат символы», «Роза шайы» [3, 6 б.].

Қаржасов қатысқан жүз сан көрмелер мен жеке көрмелері болды. Қылқалам шеберінің суреттері 1986 жылдан бастап Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында Алматының, Астананың, Павлодардың, Мәскеудің, Омбының көрмелері қойылып, жоғары бағаланды. Талай суреттері Америка, Франция, Англия, Германияда көрсетілді [4, 4 б.].

Атақ-дәрежелері:

1997 жылы Қазақстан Республикасы Президенті стипендиясының иегері,

2001 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды.

«Жеті атасын білмеген жетесіз» - деген қазақтың мақалы адам өмірін жалғастыратын, руды саралайтын құнды ғұмырнама. Оны білген және абырой мақтаныш сезіммен түсінетін Ф. Қаржасовтың суреттерінен туған-туыстарына, жары мен балаларына арналған тақырып ерекше орын алады. Ғалымның осындай жан-жақты азамат болуына ата-анасының даналығы, аялы алақаны, ақыл-кеңесі үлкен ықпал етеді. Суретшінің шаңырақ құрған жары Роза апай екі баланы дүниеге келтірген абыройлы ана. Олар: Бейбарыс, Айнур. Қазіргі уақытта олар Павлодар қаласында өмір сүріп, уақыт өткізуде. Жанына жақын адамдардың бейнелері - «Менің анам», «Әкем», «Роза»...

«Өнерлі өрге жүзеді» дейді атам қазақ. Өнер - таусылмас байлық. Ал оны бойына дарытып, сақтай білу – меніңше, үлкен әрі жауапты іс.

Мен сурет салуды ұнатамын. Мәнді, мағыналы сурет салу арқылы қазақ халқының өнерге деген талғамын жоғары етіп, жақсы суреттермен толықтырсам деймін.

«Сегіз қырлы, бір сырлы»-демекші, жан-жақты болған Ғалым атамыз Қазақстанның халық әртісі, режиссер-продюсер Досхан Жолжақсыновтың «Құнанбай» көркем фильмінде бидің рөлін орындаған..., ұлттық аспабымыз домбырада да ойнайтын. Бірнеше шығармаларында бұл аспапқа деген сүйіспеншілігі жеткізілген [5, 5 б.]. Сондықтан мен ең алдымен білімді жетілдіріп, өзімді мәдениетті, білімді, өнерлі, адамгершілігі мол ете түскім келеді.

2016 жылы 8 шілдеде Павлодар жұрты өнер иесін ақтық сапарға шығарып салды [6].

Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді, – дейді, дана халқымыз. Осы ретте, Ғалым Қаржасов артына өшпес мұра қалдырған белгілі қылқалам шебері. Ұлтын ұлықтаған халық, ұлының ұлы өнерін еш ұмытпасы анық. Сонда да, өкінішке орай, кейбір мен шамалас жастар өзіміздің жерлес «алтын есімді» тұлғаларымызды білмей жатады. Мен осы тақырып бойынша сауалнама өткіздім. Мұнда келесі сұрақтар болды: Ф. Қаржасов кім?, Қандай шығармаларын білесіңдер? Сонда достарымның 65 пайызы білмейді. Сол себептен сынып жетекшімен келісіп, болашақта Ф. Қаржасов туралы сынып сағатын өткіземіз. Және көркем музейіне саяхатқа барамыз.

Ғалым атамызды халық сыйлады, бұл – шындық. Өйткені құрметке бөленудің астарында сабырлық, еңбекқорлық пен жұмысқа деген жауапкершілік жатыр. «Елінің елеулісі, халқының қалаулысы» бола білді. Соның нәтижесі болар, марқұмның мерей тойына бүгінгі күндері көркемсурет музейінде «Мәңгілік сурет әлемі» атты еске алу кеші өтуде. Бұған автордың 100-ден астам шығармасы дайындалды.



Мен Алия Кәрібайқызымен сол көрмеге барып, суретшінің әріптестерінен және көрме ұйымдастырушылардан Қаржасов туралы тағы көптеген қызықты мәліметтер алдым. «Он саусақтарынан өнер тамған дана» – дегендей Ғалым Қаржасов сияқты бір атаның баласы емес, бүкіл қазақ еліне жанашыр, рухы биік, саналы, салуатты азаматша болғым келеді. Мен осы адам туып-өскен, аяғы басқан жерде туғаным мақтанамын...

Өзімнің Қаржасов туралы сөзімді Секербек Жабықпаевтың «Қазақтың қара баласы» (Қабдыл-Ғалым Қаржасовқа арналған) деген өлең жолдарымен аяқтағым келеді [2, 31 б.]:

Қамалдай болған Тұлғаңнан  
Нәзік бір жаның көрінген.  
Жарқырап жанған сұлбаңнан,  
Өнердің нұры төгілген.  
Суретке толы ғаламың  
Оныншы, мүмкін, мыңыншы.  
Ертістік қара баласың,  
Болашақ біздің да-Винчи!  
Жолдарға алыс жетелер,  
Киелі бабам даласы!  
Киелі орын сұрап тұр  
Суреттер мынау, карашы!  
Болашақ ұлы қазақтың-  
Суретші ұлы баласы!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

**БАСЫЛЫМДАРДЫ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ СИПАТТАУ:**

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар

**ЖУРНАЛДАҒЫ МАҚАЛА:**

Жұматов Ф. Қаржасов әлемі: (Суретші Қабдыл-Ғалым Қаржасов - 60 жаста) // 2014 ж.

**РЕСМИ ГАЗЕТТЕГІ МАҚАЛА:**

Жұматов Ф. Суретші Қабдыл-Ғалым Қаржасов: «Бейнеледім қаламмен ел тынысын» // Сарыарқа самалы. - 2004. - 15 қаңтар. – 6 б.

Жеңіс Көкенұлы, СУРЕТШІ ҒАЛЫМ ҚАРЖАС «ТҮРКІСТАН» ГАЗЕТІ 15 МАМЫР 2014,

Абубақарова Т. Чем не бий?: [павлодарский художник Г. Коржасов участвует в съемках фильма «Кунанбай»]. // Версия. - 2015. – 11 мая. - С. 5.

Қабдыл-Ғалым Қаржасов: (Некролог) //Сарыарқа самалы. - 2016. - 7 шілде. - 18 б.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС:**

Горбунов С., Рассказут о художнике картины., Павлодар, 16 Августа 2016.

<https://www.kazpravda.kz/fresh/view/rasskazhut-o-hudozhnike-kartini>

### ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ КАРТОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНА СІЦІРГЕН ЕҢБЕГІ

БЕКМУХАМЕТОВА Г. Е., ХАСЕНОВ Р. Е.

10 «А» сынып оқушылары, № 22 ЖОББМЛ

САГЫНБАЕВА Х. Ш.

география пәнінің мұғалімі, № 22 ЖОББМЛ

Шоқан Уәлихановтың картографиялық еңбегі. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың (1835–1865) есімі Қазақстанның мәдениеті мен қоғамдық-ғылыми ойының тарихында заңды түрде құрметті орын алады. Осынау бір аса көрнекті ғалым әрі ағартушы Шығыс халықтарының география, тарих, этнография, фольклор салаларында айтарлықтай толымды да жемісті ғылыми зерттеулер жүргізді және сол бір кезде сыры-қыры ашылмаған беймәлім елдерге асқан қауіп-қатерге белін буып, батылдықпен саяхат жасады. Шоқан еңбектері бұрын бір жақты қарастырылып, оны Ресейдің офицері, тыншысы ретінде бағалау орын алып келгені жасырын емес. Ал шындығында ол Ресей әкімшілігіне қызмет ете жүріп, өз Отанының өткен тарихын, табиғатын зерттеген, сол жолда өзінің дарынды байқағыштығы, кадет корпусында алған білімін елінің бақытты болашағы жолына жұмсаған шығыстанушы ғалым. Оны география саласындағы саяхатшылық, әрі ғалымдық қызметіне ерекше тұрғыдан қарауымыздың негізгі себептері осыдан туындайды. Қазақстан жерін, табиғатын зерттеген басқа саяхатшылар еңбегімен Шоқан атқарған істі салыстырсақ, оған көзіміз анық жетеді. Олардың көбі Қазақстан территориясының белгілі бір бөліктерін ғана географиялық жағынан танып білу ісіне қатысса, Ш. Ш. Уәлиханов жалпы мағынасындағы аса зерделі географ-саяхатшы екенін көреміз. Оның көзқарасына

табиғатты тұтас, кешенді түрде тану тән. Егеменді еліміздің үлкен тарихи жетістіктерінің бірі Елбасының салихалы саясатының арқасында Қазақстан жерінің батысы мен шығысы, солтүстігі мен оңтүстігінің географиялық объектілерінің шекараларының анықталуы. Бұл Шоқанның географиялық еңбектерінің ең негізгі арқауы болған. Ш. Ш. Уәлихановтың ғалымдық, саяхатшылық қызметінің, соның ішінде дипломатиялық еңбегінің-егеменді ел болуымызда, өркениетті елдермен жаңаша қарым-қатынас орнатуда үлкен ролі бар. Тамаша қазақ ғалымының толымды туындыларында орыс ғалымдары П. П. Семенов Тянь-Шаньский, И. В. Мушкетов, Н. И. Веселовский, Н. А. Аристов, Н. И. Березин, Г. Е. Грум-Гржимайло, Г. Н. Потанин және басқалар лайықты баға берді. Ш. Уәлиханов артында мол ғылыми мұра қалдырды. Ол Орта Азия мен Қазақстанның тарихына, географиясына және этнографиясына арналған аса маңызды қыруар еңбектер жазып үлгерді, сондай-ақ оның қаламынан қоғамдық-саяси тақырыптарға арналған көптеген шығармалар туды. Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбектері арасында оның Жетісу, Ыстықкөл, Тянь-Шань және Шығыс Түркістан бойынша тарихи-географиялық шолуға арналған зерттеулері өте-мөте көңіл аударарлық. Орта Азияны зерттеп білу оның ежелгі арманы болатын. Сондықтан да ғалым өзінің күллі өмірін осы игі іске бағыштады. Міне сондықтан да Ш. Уәлихановтың өзі зерттеген аймақтың табиғаты мен физикалық-географиялық ерекшеліктерін танып-білуге ғана емес, сонымен қатар оның адамдарына, олардың әдет-ғұрыптарына, салтына, тіліне, көне аңыздарына да қызыға зер салуы өзінен-өзі түсінікті. Жүріп өткен жерлердің зерттелу деңгейіне және олардың танып-білуге қолайлылығына қарай Шоқан өз саяхаттарын екі кезеңге бөледі: бірінші кезең Жоңғарды аралап, Жетісу, Іле өлкесі арқылы Ыстықкөлге барған жолды қамтиды. Бұл жерлердің физикалық-географиялық сипаты орыс саяхатшыларының зерттеулері бойынша жақсы белгілі деп есептеген Уәлиханов өз еңбектерін олар елемей немесе аңғармай кеткен деректермен толықтырды. Зерттеген аймағының географиясын қарастырған кезде Шоқан ең әуелі жер бетінің құрылымын, сондай-ақ жалпы сол ауданның табиғи жағдайларының ерекшеліктерін айқындап алады. Семей өңірінің «сортаң шөлейт даласы», Арқат шоқысы, Жоңғар Алатауы және Солтүстік Тянь-Шаньның алқаптары мен жоталары туралы оның байқаулары, міне осыны дәлелдейді. Географиялық әдебиетте Уәлиханов тұңғыш рет Тянь-Шань Сыртын ашты және оның климат ерекшеліктері мен жаратылысын негізінен дұрыс сипаттады. Оның ойынша, Тянь-Шань Сырты Зәуке асуынан Теректі Дауанға дейінгі

кеңістікті алып жатыр және ол «биік таулы әрі күзды-шыңды атырап» болып есептеледі. Сырт 4000 м биіктікте орналасқан, сондықтан оның климаты өте қатаң болып келеді. Ұланғайыр Сырт таулы өлкесінде Шоқанға дейін ешбір саяхатшы болып көрмегенді. Сондықтан жас ғалым бұл өңірге барынша ден қойып, мұқият бақылау жүргізеді және көрген-білгендерін түгелдей күнделігіне жазып жүреді. Ш. Ш. Уәлиханов-өзі зерттеген елдерді картаға түсіру ісіне елеулі үлес қосқан ғалым. Оның архивінде толып жатқан чертеждер, карталар, схемалардың сызбалары сақталған, олардың көпшілігі осы күнге дейін сыры ашылмай және қалпына келтірілмей жатыр. Уәлиханов еңбектерінің тап осы бөлігі күні бүгінге дейін ең аз зерттелген сала болып қалуда. Тәп-тәуір сурет сала білген Шоқан жас шағынан бастап туған өлкесінің көзартар көрікті жерлерін, өз ауылының күзгі-қысқы қоныстарын және т.б. суретке түсірумен әуестенген. Олардың қатарына «Сырымбет таулары», «Сырымбет тауларынан батысқа қарай Есіл өзенін мекендеген қазақтардың күзгі-қысқы қоныстары», «Құсмұрын дуаны ауылдарының қоныстану планы», «Құсмұрын бекінісінің планы», «Құсмұрын мен Үй бекініс аралығындағы бекет жолдың схемасы» және т.б. суреттер мен чертеждерді жатқызуға болады. Олар 1852–1853 жылдарда сызылған. Мұның өзі балауса Шоқанның өлкетанушы-географ болуға талпынған өзінше тұңғыш қадамы іспеттес. 1855–1856 жылдары Орталық Қазақстанға, Тарбағатайға, Жетісуға саяхат жасаған ғылыми экспедициясының құрамында Ыстықкөлге сапар шеккен кезінде Ш. Ш. Уәлихановтың алдында ғылыми қызметін өрістету үшін кең өріс ашылды. Ш. Уәлихановтың сол саяхаттарының күнделік жазбалары жүрген жолдарының схемалық карталарымен және түрліше схема, чертеждермен толықтырылған. Мәселен, «Ыстықкөлге сапар күнделігінде», «Хоментовский отрядының Торайғыр таулары арқылы маршруты», «Торайғыр тауларынан Күнгей Алатаудың көрінісі», «Отрядтардың Мерке өзенінде түнеуі», «Шарын өзенінің шатқалы» атты суреттері келтірілген. Ол тұңғыш рет «Қарқара өзені алқабының схемалық картасын», «Солтүстік Тянь-Шань асуларының карта-схемасын» жасап, оларда осы күнгі Алматы облысы оңтүстік-шығыс бөлігінің орографиясы мен гидрографиялық торын өте-мөте дәлдікпен бейнелеп, суретке салды. Ыстықкөлдің шығыс жағалауын топографиялық съёмкаға түсіру алғаш рет сол көлдің шығыс беткейінің дәлме-дәл карталары қолға тиді. Ш. Ш. Уәлиханов дипломатиялық тапсырмамен Құлжаға сапар шеккен кезінде өте құнды картографиялық материал жинады. Ол Алтынемел шоқысынан Құлжа қаласына дейінгі жолдың схемалық картасын жасады. Құлжа қаласының жобасын,

Зәуке өзенінің жоғарғы сағасын, Орталық Тянь-Шаньның асуларын, Қашқар қаласының сұлбасын, Жаркент қаласының толық жобасын, Ақсу қаласының дарбазалары мен қол өнер оындары орналасқан кварталдарын, Қашқариядан Ташкентке дейінгі жолдың картасын сызды. Қазақстан мен Орта Азияның қалалары мен халықтарын зерттеп білу үшін картаның зор маңызы болды, сондай-ақ ол Қазақстан территориясының тарихи топографиясы бойынша құнды әрі сирек кездесетін ескерткіш болып саналады.

Петербургта болған кезінде (1858–1861) Шоқан бірқатар карталарды қайта қарап, оларға дәлме-дәл толықтырулар енгізді және сонымен қатар бас штабтың тапсыруы бойынша бүкіл Орта Азия мен Шығыс Түркістанның картасын қарастырумен шұғылданды. Сол картаны жасау үстінде ғалым толып жатқан тарихи документтерді, бұрын шыққан карталарды, Орта Азия мен Шығыс Түркістан жөніндегі сан алуан көне әрі жаңа деректерді пайдаланды. Архив документтері, міне, осыны дәлелдейді. Соғыс министрінің Бас штабы департаменті батыс Сібірдің генерал-губернаторы Г. Х. Гасфортқа 1860 жылы 21 сәуірде жолдаған хатында былай деп мәлімдеген: «Санкт-Петербургқа келген штабсротмистр Уәлихановтың жәрдемімен Соғыс министрінің бұйрығы бойынша бұл күнде кіші Бұқардың және Ыстықкөл көлі алқабының картасы жасалуда». Ғалым жасаған схемалық карталар негізінен оның саяхаттарының маршруттарын бейнелейді. Әлбетте, оларда осы заманғы картографиялық ғылымға тән жетістіктер жоқ. Соның өзінде ол карталар жүріп өткен жолдар жайында алғашқы мағлұматтарды беріп, үлкен көдеге жарады. Олар географиялық негізгі объектілерді: тауларды, адыр-қыраттарды, өзендерді, елді мекендерді көрсетті. «Орталық Тянь-Шань асуларының» схемалық картасы сол аймақтың зерттеу тарихында осы тектес карталардың тырнақалдысы болды. Ш. Ш. Уәлиханов онда жоталардың орналасу қалпын біршама дәлме-дәл берді. Ондағы таулардың бағыты осы заманғы картадағыларға мүлде дерлік сәйкес келеді. Орталық Тянь-Шаньнан бастау алатын өзендердің, олардың салаларының атаулары берілген. Теріскей Алатаудың солтүстік беткейінен ағып шығатын өзендердің (Зәуке, Қызылсу, Жырғалаң, Түргенақсу, Текес, Түп) бастаулары дұрыс көрсетілген. Картадан Нарын өзенінің қайнар көзі Шәһарқорым тауының оңтүстік беткейінен басталатын өзендерде жатқаны байқалады. Толып жатқан оң салалары бар ең үлкен өзен Сарыжаз өзені болуға тиіс, ол картаның шығыс қапталында бейнеленген.

Алайда аталмыш картада кейбір жаңсақтықтар жіберілген. Оның ең басты кемшілігі-кеңістік ауқымының бұрмалануы. Солтүстік-

Сельское журналистское движение берет свое начало с основания газеты, и писать про недостатки было делом небезопасным.

Алиакпар Аябергенов стал первым редактором «Колхоз тілі». В 1937 году он был репрессирован и как «враг народа» осужден на 10 лет.

Первым редактором газеты «Иртышский колхозник» был назначен Николай Трофимович Карандашов.

Первые сотрудники нередко осуществляли и набор, и печатание газеты. Это были подлинные энтузиасты своего дела. Нелегко было обеспечивать регулярный выпуск, поскольку не хватало квалифицированных кадров журналистов, крайне бедным и примитивным было типографское оборудование.

В годы Великой Отечественной войны работа газеты не прекращалась.

Сводки фронтовых новостей, вести о успехах тружеников тыла, были очень важны. Они поднимали дух и веру в скорейшую победу над врагом. Районная газета «Иртышский колхозник» часто публиковала письма с фронта, адресованные своим землякам. Редактором газеты в годы войны была Ксения Николаевна Лемберт, заменившая на этом

посту первого ее редактора Николая Трафимовича Карандашова, который храбро сражался на фронте. Газета, не смотря на многие трудности, выходила. И читатели ждали ее выхода, читали от первой и до последней строчки, особенно с письмами земляков, надежде, может кто что – то сообщит о их близких от которых уже долгое время не было ни какой весточки. Летописец газеты в №321 писала: «С непередаваемой радостью встретили трудящиеся Иртышска сообщение о военной капитуляции Германии» [3, с. 1].

Пожелтевшие от времени газетные полосы хранят память о творческом вдохновении коллектива редакции.

В послевоенные годы все также основное внимание в газете уделяется вопросам жизни в районе, работе Иртышского райсовета народных депутатов, освещается деятельность школ, библиотек, райпо и т.д.

В октябре 1956 года в жизни района произошло еще одно знаменательное событие – 15 октября вышел последний номер районной газеты «Иртышский колхозник», которая начала издаваться с 7 ноября 1930 года. Первый номер обновленной газеты «Иртышская правда» вышел 1 ноября 1956 года. Она выходила на четырех страницах, периодичностью три раза в неделю- вторник, четверг, суббота. Редактором был утвержден Павел Васильевич Моряков [1, с.209].

В это же время переехал в Иртышск (1958 году), Мубарак Каримович Жаманбалинов. Он работает в Павлодарской областной газете «Қызыл ту» корреспондентом по Иртышскому, Краснокутскому и Железненскому районам. После выхода на пенсию возглавил Иртышскую районную организацию «Қазақ тілі». В 1991 году организовал выпуск в Иртышском районе газеты «Ертіс нұры» был ее первым редактором. В мае 2003 года объединенную газету «Иртыш» и «Ертіс нұры», по настоянию акима района Адамова А. А., разделили на две самостоятельные газеты, что значительно увеличило информированность населения о происходящем в районе и за его пределами.

Газета «Иртыш» является источником информации и отражает практически все стороны жизни нашего общества [3, с. 4].

Список редакторов Кызылагашской районной газеты «Колхоз тілі»

- 1930-1956 г.г : 1 Аликпар Аяпбергенов
- 2 Каирскаков Мубарак
- 3 Тулеуов Сабит

Иртышской районной газеты «Иртышский колхозник», «Иртышская правда», «Иртыш»:

- 1 Карандашов Николай Трафимович-1930-1938гг
- 2 Панкратов Федор Прокопьевич -1938-1942гг.
- 3 Ксения Николаевна Лемберт -1942-1946 гг.
- 4 Трусова Мария Федоровна -1946-1953гг.
- 5 Растовский Михаил Андреевич - 1953-1955гг.
- 6 Павел Васильевич Моряков.
- 7 Ураевский Михаил Михайлович -1984-85гг.
- 8 Алистратенко Анатолий Федорович
- 9 Тимлер Виктор Иванович
- 10 Жаманбалинов Гельмиден Мубаракевич

Первым редактором «Ертіс нұры» - Мубарак Каримович Жаманбалинов.

В заключение нашей работы можно подвести следующие итоги.

Газета «Иртыш» была основана в 7 ноября 1930 года. Она играет большую роль в жизни жителей района. Хотя газета несколько раз меняла название, суть её оставалась одна, отражать все происходящие события в районе и республике [1, с. 332].

Многое пришлось пережить газете в нелегкие 90-е годы, в период перемен. Она все-таки выжила и продолжает радовать читателей и по сей день. Зачастую журналисты называют себя четвертой властью, и, действительно, принизить роль журналистики в жизни любого общества невозможно. Именно корреспонденты создают образ власти.

Новые технологии позволяют любому человеку с компьютером распространять информацию так же широко, как это делают крупнейшие СМИ. Но грамотно оформленный сайт в Интернете, как бы хорошо он ни был написан и сколь бы часто ни обновлялся, не обязательно служит надежным источником новостей [2, с. 12]. На самом деле в нашем сложном мире, где информация перестала быть дефицитным товаром, роль журналиста как никогда важна. У каждого средства массовой информации сейчас сохраняется свое место в их системе, свое предназначение. Вместе они производят комплексное, объединенное воздействие на человека и массовую аудиторию. В перспективе, с дальнейшим развитием новых технологий, возможно возникновение мультимедиа – средства массовой информации, объединяющего возможности нынешних элементов системы СМИ, в том числе и газеты.

Газета – кривое зеркало мира, составленное из мириад осколков реальности. Каждый освещенный факт – в зеркальной мозаике



мировой прессы воссоздает мир таким, каким мы его видим воочию. Все газетные материалы в совокупности составляют как бы единую картину нашего времени.

И наша газета следует этому принципу.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 В. В. Тышенко Земля Иртышская – родина батыров и хлеборобов. - Павлодар: НПФ «ЭКО», 2003 - 372 с.

2 Навигатор по страницам истории моей малой Родины. - Павлодар, 2017 - 227 с.

3 Подшивки газеты «Иртыш»: Воспоминания современников тех лет.

4 Гуревич С. М. Место и роль газеты в обществе. [http://textfighter.org/text10/03.php#\\_top](http://textfighter.org/text10/03.php#_top)

### ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНАН ХАЛЫҚТЫҢ КӨШІ-ҚОНЫН БАҒАЛАУ

ҚАЙДАР Б. Н.

10 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы  
№ 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

КИНАШОВА А. Ж.

10 сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы  
№ 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

ТЮЛЕГЕНОВ С. Б.

география пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы  
№ 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасы Конституциясында еліміздің басты байлығы ретінде адам мен оның өмірі белгіленген. Демографиялық мәселелер қазіргі кезде адамзаттың басты ғаламдық мәселелерінің бірі ретінде танылып отыр. Жер шары халық санының өсуіне қарамастан, халықтың жастық құрамында қарт адамдар үлесінің арту тенденциясы байқалуда. Бұл үрдіс экономикалық тұрғыда дамыған елдерге тән болып отыр. Әлемдік тәжірибеге көз жүгіртетін болсақ дамыған елдерде халықтың жаппай әл-ауқатының жоғары болуына қарамастан, ұлттың қартаю мәселесі туындап жатқанын байқаймыз.

Халық санының өзгеру динамикасына байланысты туындайтын адамзаттың ғаламдық демографиялық мәселесі әлемнің әрбір мемлекетін демографиялық саясатқа көңіл бөлуін талап етеді. Осы

орайда халық санының табиғи өсім арқылы ғана емес сонымен бірге көші-қон (механикалық өсім) арқылы өзгеретінін де ескереміз.

Тәуелсіздігіміз жарияланған жылы еліміздің халық саны 16,7 млн адам болса, 1991-1999 жылдар аралығында экономикалық дағдарыс салдарынан халық саны 1840000 мың адамға азайып 1999 жылы алғашқы халық санағында 14,9 млн адамға жеткен, 2000 жылдан бастап елдің экономикалық әлеуетінің артуы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етіп, 2009 жылы өткен екінші санақ кезінде 16,2 млн адам тіркеліп халық саны өсімінің он динамикасын байқатты [1].

Еліміздің жаппай тұрақты демографиялық жағдайын біле тұра, жеке облыстардың демографиялық ахуалын назардан тыс қалдыруға болмайды. Павлодар облысы еліміздің ірі өнеркәсіптік және аграрлық аймағы екенін ескере келе аймақтық демографиялық тенденцияларды анықтап, облыс халқы санының болашақта өзгеру мүмкіндігін болжау жұмысы аса маңызды теориялық мәнге ие болып отыр. Аталған жұмыс облысымыздың болашақта еңбек ресурстармен, оның ішінде еңбекке қабілетті жас аралығындағы экономикалық белсенді халықпен қамтамасыз етілу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Аталған бағыттағы теориялық зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде Павлодар облысының Статистика департаментінің 2010-2018 жылдар аралығындағы мәліметтеріне талдау жасалған болатын.

Түбегейлі үдемелі жаңғыртуды ерте бастау әсері бастапқы кезеңде, эмиграция ауқымының өсуіне, ал кейіннен 2000-2005 жылдары ел экономикасының тұрақталуы – эмиграцияның құлдырауына, заңды және заңсыз еңбек иммиграциясының (гастарбайтерлер) өсуіне әсер етті.

Кесте 1 – Павлодар облысы халқының 1999, 2010 жылдардағы миграция сальдосы (жасы бойынша) [2].

	1999 ж.		2010 ж.	
	Миграция сальдо,адам		Миграция сальдо,адам	
	Павлодар обл.	Қазақстан	Павлодар обл.	Қазақстан
<b>Барлығы</b>	-16332	-123627	-405	15465
0-4	-741	-4967	44	2366
5-9	-1188	-8057	56	1915
10-14	-1709	-10864	24	1579
15-19	-1872	-14001	-20	1509
20-24	-1469	-11932	-93	2578
25-29	-1273	-9991	-80	2803
30-34	-1219	-8446	-22	1688

35-39	-1632	-10717	-33	1183
40-44	-1322	-10063	-6	1561
45-49	-1089	-8513	-8	876
50-54	-737	-6467	-63	-19
55-59	-590	-4728	-67	-363
60-64	-631	-6032	-59	-474
65-69	-355	-3405	-23	-192
70-74	-284	-3031	-24	-628
75-79	-126	-1356	-25	-300
80-84	-51	-613	-6	-254
85+	-44	-447	0	-63

1999 жылы миграция сальдосы -16332 адам болса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 40 есе төмендеп -405 адамға жетті. Аталған екі жылдың ішінде облыс халқы механикалық қозғалыс әсерінен 16737 адамға азайды. Берілген мәліметтерді жас топтары бойынша сараптай келе (кесте 2), миграцияға әсер етуі мүмкін деген себептер бойынша топтастырылды:

0-14 жас -----16 % (3514 адам) ата-анасымен көшкендер;


15-24 жас -----22 % (3454 адам) оқу себебімен көшкендер;

25-44 жас -----35 % (5587 адам) жұмыс істеу үшін көшкендер (еңбек миграциясы);

45-54 жас -----13 % (1897 адам) зейнеткерлік жасы жақындағандар;

55-85 жас -----14 % (2285 адам) зейнеткерлік жастағы адамдар (балаларына, туыстарына көшіп кетуі) (диаграмма 1).

Диаграмма 1 – 1999, 2010 жылдары Павлодар облысы миграция сальдосының жас топтары бойынша құрамы



Көші-қон айырмасының (16737 адам) 70 %-ы 15-54 жас аралығындағы экономикалық белсенді халықтың кетуі облысымыздың еңбек ресурстарының сапалық және сандық құрамына теріс әсерін тигізеді. Оның ішінде 15–24 жас аралығындағы жастардың (22 %-ы) оқу себептерімен кету тенденциясы аландатушылық туындатады. Бұл мәселеге екі жақты көзқарас ұстануға болады: Біріншіден, түлектердің шетелде не болмаса еліміздің беделді оқу орындарында сапалы білім алып қайтуы облыстың ілгері дамуына септігін тигізетіні аян болса екінші жағынан, әзірше уақытша оқу миграциясын жасаған студенттердің оқу бітірмей жатып Қазақстанның ірі компанияларымен еңбек шартын жасатып жұмыс жолдарын басқа аймақтарда бастайтын болады. Көп кезде жастар ірі орталықтарға, оның ішінде Астана мен Алматыға (мүмкіндігі жоғары қалалар деп есептейді) қызығушылық танытады. Бұл жерде әрбір жасты өз потенциалын ашу, өз өзін толық жүзеге асыру (самореализация) қажеттілігі итермелейді.

Павлодар облыстық статистика департаменті және Павлодар облысының 2010-2018 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық паспортының статистикалық мәліметіне талдау жасалып облыс аумағындағы миграциялық үрдістерге талдау жасалды [3].

Кесте 2 – Павлодар облысының миграция көрсеткіштері (2010-2018 жж)

Жылы	Барлығы	Сыртқы көші-қон айырымы	Соның ішінде		Өңір аралық ішкі көші-қон		
			ТМД елдері	Басқа елдер	көші-қон айырымы	келгені	Кеткені
2010	-2225	-403	-980	577	-1822	3053	4875
2011	-3794	-1608	-1893	285	-2186	3092	5278
2012	-2757	-2209	-2136	-73	-548	3769	4317
2013	-1816	-1953	-1828	-125	137	4363	4226
2014	-2631	-2370	-1995	-375	-261	4913	5174
2015	-2624	-2121	-1925	-196	-503	5103	5606
2016	-1404	-1106	-945	-161	-298	4903	5201
2017	-3369	-1554	-1333	-221	-1815	4632	6447
2018	-5579	-3698	-3245	-453	-1881	4942	6823

Өңіраралық миграцияның теріс сальдосының ең төменгі көрсеткіші -2186 адам болып 2011 жылы тіркеліп отыр. 2012-2013 жылдар аралығында сальдо көрсеткіштері төмендейді. 2013 жылы сальдо күрт төмендеп, он сипатқа ие болып, максимал көрсеткішіне 137 адамға жетті. 2017 жылы кеткендер мен келгендердің айырымы -1815 адамға жетіп, 2010 жылдың көрсеткіштеріне жақындады.

2010-2014 жылдар аралығында облыс халқы 13223 адамға азайып, сыртқы миграция сальдосы -8543 адамды құраса, ішкі (өңір аралық) миграция сальдосы -4680 адамға жетті. Аталған мерзімде облыс аумағындағы миграциялық үрдістерде сыртқы миграцияның ішкі миграциядан 2 есе артық болғанын көрсетіп отыр. Ол өз кезегінде Павлодар облысының ғана емес Қазақстан халқының да механикалық қозғалыс есебінен азаюын білдіреді.


2014 жылы республикадан тыс 2965 адам 2010 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге көп кетті, ал сырттан келгендер саны 595 адам (2010 жылға қарағанда 2,7 есеге аз келді). Шет елдер ішінен негізінен Германия мен Ресей мемлекеттерімен халықтың көші-қон процесінің теріс сальдосы қалыптасты, ал Моңғолия мен Қазақстан арасында миграцияның оң айырымы тіркелді. 2016 жылғы қаңтар-сәуір аралығында облыстан 2366 адам көшіп кетті, олардан республика шегіне 1078 адам, соның ішінде ТМД елдеріне 965 адам, әлемнің басқа елдеріне 113 адам қоныс аударды. Қазақстанның басқа өңірлеріне 1288 адам көшіп кетті, олардан 25,5 % – Астана қаласына, 16,8 % – Алматы қаласына. Облысқа келгендер саны 1664 адамды құрады, олардан сыртқы көші-қон бойынша 111 адам көшіп келді, соның ішінде ТМД елдерінен – 86 адам, ал әлемнің басқа елдерінен 25 адам көшіп келді. Қазақстанның басқа өңірлерінен 1553 адам көшіп келді, олардан 27,5 % – Астана қаласынан, 20,6 % – Шығыс Қазақстан облысынан. Көшіп келгендер арасында ең көп үлес салмағын орыстар (47,7 %) және қазақтар (32,4 %) құрайды. Көшіп кетушілер арасында басым көпшілігі орыстар (72,6 %) мен украиндар (9,2 %).

Көші-қон қызметі органдары ұсынған мәліметтерді өңдеу нәтижесінде, 2018 жылғы қаңтар-маусымда елімізге тұрғылықты тұруға келгендердің тіркелу саны 2017 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 4,3 % азайып, 2909 адам құрады. Елімізден кеткен көшіп-қонушылардың тіркелу саны 14,5 % азайып 5478 адам құрады, көші-қонның айырымы – 2569 адам болды.

Облысқа сыртқы көші-қон бойынша 239 адам көшіп келді, соның ішінде ТМД елдерінен – 191 адам (62,3 % Ресейден келген), ал әлемнің басқа елдерінен 48 адам көшіп келді (31,3 % Германиядан).

Ресми статистикалық деректерді пайдалана отырып, 2010–2018 жылдар аралығында сыртқы, ішкі көші қон сальдосының динамикасы көрсетілген диаграмма жасалды (диаграмма 2).

Диаграмма 2 – 2010-2018 жылдар аралығындағы Павлодар облысының көші-қон сипаты



Миграциялық үрдістер халықтың жастық құрамында қарт адамдар үлесінің артуына әсерін тигізуде. 2015 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 0-15 жастағы балалардың саны 13,3 мың адамға (8,5 %) ұлғайды, 16–62 (57) жастағы 12,1 мың адамға (8,5 %) азайды және қарт адамдардың саны 8,5 мың адамға (8,9 %) ұлғайды. Павлодар облысы аумағындағы көші-қон үрдісінің халық санының өзгеруіне тигізетін әсері жан жақты сараланды. 1991 мен 2018 жылдардағы Павлодар облысының миграциясына қатысты статистикалық деректері талданып, көші-қон процесі қарқынының өскені байқалады. Соңғы сегіз жылдың ішінде орташа есеппен, әр жыл сайын облыс халқы 2898 адамға азайып отыр. 2010-2018 жылдар аралығындағы миграция сальдосы тек 2013 жылы ғана оң нәтиже көрсетіп, қалған жылдары теріс көрсеткіштерге теңеліп облыс аумағында халық санының механикалық қозғалыс нәтижесінде азаю тенденциясы тұрақты сипат алып отыр.

Сыртқа кетушілердің жастық құрамында 15–30 жастағы келешегі бар жас мамандар үлесінің жоғары болуы салдарынан Павлодар облысының еңбек нарығы бүгінгі күннің өзінде білікті жұмысшылар мен мамандардың жетіспеуінен зардап шегуде. Сонымен бірге сыртқы миграцияның ішкі миграциядан басым түсуі еліміздің халық санының төмендеуіне әсер етіп отырғаны анықталды. Облыс жастарының шетелге, еліміздің басқа аймақтарына қызығушылық таныту ахуалы жаппай сипат алуда [4].

Жүргізілген теориялық зерттеу жұмысының нәтижесінде облыс аумағында көші-қонның теріс сальдосын қалыптастыратын негізгі себептер анықталды:

- 1) экологиялық жағдайдың нашарлауы туралы көзқарас (тұрғындардың денсаулық жағдайы, оба ауруы үлесінің артуы);
- 2) кейінге қалдырылған көші-қон (ата-аналардың өз балаларын шетелге білім алуға жіберуі);
- 3) жастардың жоғары білім алу мақсатында жасалатын уақытша миграциялар;
- 4) саяси-тарихи себептер (орыс, неміс диаспораларының өз отанына қайтуы);
- 5) Кіші отанға деген ұлтжандылық, патриоттық сезімнің төмен деңгейі.

Эмиграциялық ағын қарқыны жақын арада бәсеңдемесе болашақта келесі мәселелерге әкелетінін аңғаруға болады: халық санының азаюы, қарт адамдар үлесінің артуы («ұлттың қартаюуы»), еңбек ресурстарының таусылуы, білікті мамандардың тапшылығы («ақылдың ағылуы»).

Жоғарыда аталған мәселелерді алдын-алу мақсатында арнайы билік органдары тарапынан миграция ахуалын реттеу қызметі қажет болып отырғаны анық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / В. Усиков, Т. Казановская, А. Усикова, Г. Зөбенова. 2-басылымы, өңделген. - Алматы: Атамұра, 2009.

2 Қазақстан Республикасындағы 1999 жылғы халық санағының қорытындылары. Қазақстан Республикасы халқының ұлттық құрамы. I том, Алматы, 2000. 6-8, 21-22 бб.; Мусабек Е. О миграции и демографической ситуации в Республике Казахстан. – Алматы, 2007. – С.1-2 и др.; Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. – Алматы, 2005. 7, 88 бб.

3 Павлодар облысы әкімдігінің ресми сайты: <http://pavlodar.gov.kz>

4 <http://www.myshared.ru/slide/459554/>

## МҰРАЖАЙ-ТУҒАН ӨЛКЕМІЗДІҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

КАКЕЕВА С. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Северный ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Ертіс ауданы

АҚЫЛБЕК ӘЛІМЖАН

5 сынып оқушысы, Северный ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Қай халықтың, қай елдің болмасын мәдениет деңгейі мұражай арқылы анықталары хақ. Алғашқы «музей» термині Ежелгі Грециядан өз бастауын алады. Грек философтарының ерекше салтанатпен безендіріліп, жиын жасауға арналған сәнді ғимараттары антика дәуірінде «музейон» немесе «музалар храмы» деп аталған. Ал, біздің қоғамымызда бүгінгі ғылымда қалыптасқан «музей» ұғымына, оның негізгі талаптарына анағұрлым жақынырақ мәдени орындар XV-XVIII ғасырларда Еуропа елдерінде ашыла бастайды. Бұл уақытта әлем тарихына, дүниетануға жаңа ғылыми әдіс қалыптасып, үлкен жаңалықтар мен өзгерістер кезеңі енгені баршамазға белгілі. Әр түрлі коллекциялар қойылған көрмелерді «кабинет» немесе камера деп атаған. Өз коллекциясын қалыптастырып, кабинет ашу адамның әлеуметтік мәртебесінің жоғарылауына да үлкен әсерін тигізген. XVI-XVIII ғасырларда сирек кездесетін бұйымдар мен бейнелеу өнерінің туындыларынан құралған коллекциялар болса, XVIII ғасырдан бастап жаратылыстану ғылымының соңғы жетістіктеріне сәйкес ұйымдастырылған жануарлар, өсімдіктер, минералдар әлемі жөнінде кабинеттер көптеп ашыла бастайды. Мұндай орындар әсіресе Италия, Франция, Англия мемлекеттерінде кеңінен өркендейді. Ерекше атап өтетін жайт-бұл орындардың басым көпшілігі қалың жұртқа ашық қызмет көрсетіп отырады [1,б.6].

Халық пен тарих егіз төл ұғым, ұлттық тарихы жоқ халық болмайды. Бүгінде егеменді ел болған Қазақстан жаһандану дәуіріне аяқ басып, замана дәуірімен бірге ел, оның тарихы, жады қайта түлеп, танымы жаңа мазмұнға ие болуда. Еліміз өткен өміріндегі құндылықтарды түгендеп, ұлттық тарихын қайта қарап таразылау, оның сабақтары мен үлгілерін жұртшылыққа таныту мүмкіндігіне ие болып отыр. Ал осы құндылықтарымыз бен ұлттық тарихымызды жұртшылыққа танытар, болашаққа жеткізер тағылымды тәрбие орны - мұражай болып табылады. Осы орайда киелі Ертіс ауданының Северный ауылының топырағында орын теуіп, өлкенің тарихын зерттеу мұражайының алар орны ерекше.

«Тарих-туған жерден басталады» демекші, әр мектептің өз мұражайы болуының маңыздылығы зор, өйткені мұражай-халқымыздың рухани-мәдени байлығы, рухани отауы. Ертис ауданының Северный ЖОББМ мұражайы 2018 жылы салтанатты түрде ашылды. Мұражай екі бөлімнен тұрады. **Өлкетану тарихы мен мектеп тарихы** [2, б. 3].

**Өлкетану бөлімі** ауыл тарихынан бастау алады. Северный совхозы 1930 жылы құрылды. Ол ірі ауыл шаруашылық орталығы болғандықтан, бұл саладағы көптеген көрмелерге қатысқан. Атап айтсақ,

– 1954 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысқаны үшін куәлікпен марапатталды. Бұл жерде ВДНХ көрмесіне қатысқан ауылдастарымыздың фотосуреттері мен арнайы жолдаумен барған Жунусова Нұрыш апайымыздың куәлігі берілген.

– 1970 жылы В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіндегі социалистік жарыстағы табыстары үшін дипломмен марапатталды.

– 1978 жылы мемлекетке бидай өткізуде жоғарғы көрсеткіштері үшін Бүкілодақтық Орталық Кеңестік Кәсіби Одақ Президиумнің құрмет грамотасымен марапатталды.



Сурет 1 – Алғашқы тың игерушілер

Кеңес Одағының тың игеру саясаты 1954 жылы басталды. Сол жылы Драчук Владимир Степанович пен Иванова (Иовлева) Ольга Сергеевна жолдауымен біздің ауылымызға келді (1 сурет).

Қазақ халқының қанына сіңген қонақжайлылығымен жерлестеріміз Садыковтар отбасы оны туған қызындай өз әулетіне қабылдады. Сонымен қоса, жергілікті тұрғынымыз Мүтәләп ата 13

жасынан бастап тынайған жерлерді игеруге атсалысты. Сол үшін Ертис ауданының Құрмет Азаматы атағына ие болды [2, б. 3].



Сурет 2 – «Ер есімі-ел есінде» қабырғасы

Ал **«Ер есімі-ел есінде»** қабырғасында Северный ауылынан 600-ге таяу адам майданға аттануы туралы айтылады. Солардың ішінде:

- оралып келгендер-349 адам;
- қаза тапқандар-193 адам;
- хабарсыз кеткендер саны-58 адам болған (2 сурет).

Бүгінгі күні Ұлы Отан соғысының ардагері **Печелатов Алексей Сергеевич** 92 жаста біздің ауылымызда тұрып жатыр. Ол 17 жасында майданға аттанып, шығыс шекарамызды қорғады. Яғни бұл Жапон соғысында қабықшаларды майданға тасымалдау қызметін атқарды. Ал осы соғыста ірі шайқастарға ерлікпен қатысқан тағы бір жерлесіміз **Айтмақұшев Насреддин Айназарұлы**. Жапон мемлекетінің капитуляциясы 1945 жылы жылдың 2 қыркүйек айында болса да, бұл кісі тек 2 жылдан кейін 1947 жылы Отанына оралды. Сол үшін көптеген медальдармен марапатталды.



Сурет 3 – Ауыл жауынгерлері

Ауған соғысына 14 ауылдасымыз қатысты. Ауған соғысының ардагері **Дунаев Сергей Геннадьевичтің** формасы ұсынылған. Өкінішке орай, 1983 жылдың 14 қазан күні ауыл тұрғындары үшін аза тұту күніне айналды. Бұл күні Криворучко Николай Анатольевичтің «Жүк-200» мәйіті ауылымызға әкелінді. Бүгінгі күні мектеп оқушылары өз құрметін білдіріп Николай Анатольевичтің зиратын жинастырып, гүлдендіріп, жалпы күтім жүргізеді.

«**Жауынгерлік Даңқ**» бұрышында Ауған соғысы сарбаздарының, ХХ ғасырдың 40-жылдардағы шекарашылардың және заманауи десантниктердің әскери формасының күнделікті үлгілері көрсетілген. Әскери формалардағы өзгерістерді көріп тұрсақ та, осы жерде сарбаздардың күнделікті өмірде тамақтануға қолданатын заттары өзгермегенін көруге болады (3 сурет).

**Мұражайымыздың екінші бөліміне, яғни мектеп тарихы** бөліміне де келіп жеттік. Ауылымыздың бірінші 7-жылдық мектебі 1930 жылы ашылды, 3 жылдан кейін 10-жылдыққа ауысты. Мектеп мұғалімі Путинцеваның естілігінен бір үзіндіні оқысақ... Түсініп тұрғаныңыздай мектептің бірінші түлектері өздерінің соңғы оқу жылында, яғни 1942 жылдың қыс мезгілінде Ұлы Отан соғысының майданына аттанды. Северный савхозында 1956 жылы комсомол жолдауымен келген студенттер бастап, ауыл тұрғындары аяқтаған 2-қабатты жаңа мектеп салынды және 1968 жылы 2-ші ғимараты тұрғызылды. Осы мектебіміздің қабырғасы 1987 жылы қаланды да, тұрақты қолданысқа 1991 жылы берілді.



Сурет 4 – Оқу озаттары

Мектеп түлектерінің арасында 16 оқушы мектепті **үздік бітірген**. Солардың қатарында алғашқы болып «Алтын белгімен»

1962 жылдың түлегі **Алимова Нина Петровна** аяқтап, соңғысы 2013 жылдың түлегі Аулабаева Айнұр болған. Осы ветринада Айнұрдың күнделігі, «Алтын белгісі» мен спорт медальдары және мадақтау қағаздары көрсетілген (4 сурет). Сонымен қоса, мектеп формалары ілінген бұрышта қоңыр түсті форма біздің тағы бір оқудың озаты, мектеп қабырғасында жалаугер болған **Могилин Владимир Федоровичтің** мектеп формасы сақталған [3, б. 396].



Сурет 5 – «Ұстаз жолын таңдаған» түлектер

Мектеп түлектердің қатарында «Ұстаз жолын таңдаған» түлектер де аз емес. Солардың ішінде бүгінгі күні 18-і туған мектебінде кәсіби қызметін атқаруда. Сонымен қатар, Северный мектебінің оқушыларының спортағы жетістіктері, әсіресе қысқы түрлерінде әрдайым жоғары болған. Сонау 19... жылы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің негізін қалаған Топоренко Иван Семеновичтің бастамасымен бүгінгі күні Мақышев Болат Қайкенұлы жалғасуымен оқушылардың спортқа деген қызығушылығы жоғары. Осы стеллажда көрсеткіштері жоғары болған оқушылар берілген (5 сурет).

Сондай-ақ, мектеп мұражайында «**Ұстаз ардагерлері**» ұсынылған. Мұнда ерекше назар аударатын тұлға – Варпаховская Ядвига Браниславовна. Ол педагогикалық қызметін толығымен Северный мектебінде 1953 жылдан бастап, 1976 жылға дейін атқарған. Оның ішінде 1956 жылдан бастап, яғни 20 жыл бойы мектеп директоры болды. Мектептегі оқу-тәрбиелік үрдісіне көп өзгеріс, реформа деп айтсақ артық болмайды енгізген тұлға болып саналады. Осы жерде Ядвига Браниславовнаның дипломы, қаламы мен сағаты және кәсіподақ ұйымының билеті көрсетілген [4, б. 256].



Сурет 6 – Түлектер-мектеп мақтанышы

«Түлектер – мектеп мақтанышы» қабырғасында **Жучков Сергей Сергеевич** туралы айтылған. Ол сынақшы-ұшқыш, парашют спортынан әлем рекордшысы. Тағы бір мақтанышымыз-**Жүсіпов Сәбит Мүтәләпұлы**. Ол Павлодар қаласының І емханасының тамыр хирургі қызметінде жұмыс істейді. Екі жыл бұрын ТМД елдері дәрігерлердің назары Сәбит Мүтәләпұлы жасаған отада болған. Павлодар қаласының зауытында бір жұмысшы өндірісте жарақаттасып, бір қолынан айырылды. Қысқа мерзімде бұл жұмыскер емханаға жеткізілді де Сәбит Мүтәләпұлы оған жәрдем көмек көрсетті. Күрделі ота жасап, жұмыскердің қолын толығымен қалпына келтірді. Сонымен қоса, Сәбит Мүтәләпұлы Республикалық «Алтын Скальпель» байқауының жеңімпазы. Осы ветринада оның сертификаттары бар. Сондай-ақ, Павлодар облысында медицинаның дамуына үлес қосқаны үшін облыс әкімі оған «Лада Гранта» автокөлігін сыйға тартқан. Сонымен қатар, медицина ғылымының кандидаты Степкина Алена Леонидовнаның мектеп формасы сақталған екен. Сонымен қатар **Кеңес Одағы** кезеңінде Бүкілодақтық пионерлер ұйымының вымпелдері, ұрандары жазылған жалауы мен тулардың үлгілері көрсетілген. Бұл стеллажда салыстырмалы түрде алғашқы пионерлер ұйымы мен қазіргі ҚР-ның бірінғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының атрибутикасы көрсетілген. Мұнда Кеңес Одағы кезіндегі бастауыш, орта және жоғарғы буында берілген таңбалары, сонымен қатар ҚР-ның бастауыш буында (Жас қыран) мен орта буында (Жас ұланның) таңбалары көрсетілген. Галстуктің түсі екі кезеңде де мемлекет туының түсімен үйлесімді болғанын көрінеді (6 сурет).

Қорытындылай келе, қазақтың киелі саны болып саналатын, жеті жәдігерден тұратын «атадан ұрпаққа мұра болып қалған» асыл

қазынамызды көзіміздің қарашығындай көріп, оңайлықпен келмеген тәуелсіздігіміздің арқасында ұлттық қазынамызды сақтайық демекпін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н. Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. // Егемен Қазақстан. 18 наурыз 1998 жылы (№53). – б. 6.

2 Мукашева М. Северный ауылының тарихы // Ертіс нұры. 6 қыркүйек 1995 жыл (№16). - б. 3.

3 Жаманбалинов М // Әйгілі аудан - Ертісім. 8 желтоқсан 1998 жылы (№35). - б. 396.

4 Жаманбалинов М // Әйгілі аудан - Ертісім. 2т. 20 ақпан 2003 жылы (№10). - б. 256.

#### ИНСТИТУТ ГОСТЕПРИИМСТВА В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

КАРИБАЕВА З.  
ученик 8 класса, СОШ № 7, г. Аксу  
СЕЙЛЬХАНОВА Г. А.  
руководитель

Исследование гостеприимства у казахов в качестве особой структуры повседневности важно не только в историко-культурном аспекте. Оно позволяет углубить представления о характере социальных связей в обществе, алгоритмах общественного и индивидуального поведения, в целом – о мировосприятии народа. Изучения этого социально-культурного феномена не укладывается в рамки традиционных для этнографий объектов.

В исследованиях традиции, сыгравших важную роль в экономических и культурных контактах разных народов в прошлом, достаточно полно показана роль гостеприимства как формы индивидуальных и групповых контактов. Сценарий приема послов в средневековых государствах азиатского региона во многом соответствовал ритуалу гостеприимства, поскольку именно традиции приема гостей легли основу посольского этикета.

Мое исследование базируется на фольклорно - этнографических материалах по казахам, опубликованных в разное время и на материалах известных авторов. Проводились исследования по теме в Павлодарской области.

В прошлом у казахов так же, как и у других народов, существовала дифференциация гостей, в которой выделялись две основные категории: «шақырулы» - приглашенные и «шақырусыз» - не приглашенные. Среди них различались, в соответствии с характером дружеских, родственных, деловых взаимоотношений, принадлежностью к возрастной и социальной группе, разное по статусу категории гостей (например, «құдалар» - сваты, «жакын туыскандар» - близкие родственники, «алыстан келген қонақ» - гость издалека и другие).

Характерным для категории «шақырусыз қонақ» является многообразие лексики и лекических выражений, связанных с понятием «гость» - они обозначают различные ситуации и обрисовывают «типы» гостей. В этом материале зафиксировано более десятка таких обозначений – характеристик («кезбе» - «бродячий», «жауыз» - «коварный», «қыдырма» - «гулящий», «жабайы» - «дикий», «көлденең» - «случайный», «қылғыма» - «прожорливый», «жел қонақ» - «легкомысленный», «құдайы қонақ» - «от бога», «сыпайы» - «вежливый» и другие). Важное значение имел прием «құдайы қонақ» - случайных, незнакомых путников. Их считали спутниками Қыдыра – доброго ангела. Достойная встреча такого гостя – священная обязанность каждого хозяина, который должен предоставить путнику все необходимое. Афганская поговорка гласит: «Доля гостя (средства на его содержание) приходит раньше гостя. Необходимость приема таких гостей по правилам как «құдайы қонақ», казахи мотивировали тем, что это прежде всего нуждающиеся в приюте, заблудившиеся путники.

Путникам, ищущим крова и пищи, в прошлом мог оказаться акын или бий, прием которых был желанным в любом доме.

В прошлом к категории «шақырусыз» относились и те, кто, родственников-единоплеменников, разъезжая по аулам. Характеристика таких гостей негативна: «кезбе қонақ - әр аулды кезіп жүреді» - люди разъезжающие по аулам (попусту тратя время) с целью вкусно прокормить себя. В устном народном творчестве легко обнаружить сюжеты, когда, например, бай, не оказавший гостеприимство человеку, не соответствующего его рангу, был посрамлен или наказан. Гость, не встретивший достойного приема, имел права призвать к ответу негостеприимного хозяина перед лицом биев. Мифорелигиозные установки имели важное значение в регулировании взаимоотношений хозяина и гостя: так, существовало поверье о связи приема незваных гостей и плодородия, счастья: «қонақ келсе құт келер» - «придет гость - придет благополучие и

достаток»; «қонақты қуа берсең, құт қашады» - «прогонишь гостей – прогонишь благополучие и достаток».

Представляется важным для понимания категории «шақырусыз қонақ» разграничение норм этикета и морали, мировоззренческих представлений и реальной практики приема. Правомерно замечание А. К. Байбурина о необходимости дифференциации стереотипов поведения и самого поведения. Еще Махмуд Кашгари рассуждая о том, что «хорошо, когда много гостей», «принимай гостей и твое имя прославится», приводит противоположные примеры: «...ушли те из мужей, которые если увидели гостя, то считали это за счастье и благо. Остались те, которые, если увидят мираж или призрак в пустыне (принимая его за гостя), разрушают свой дом из страха, чтобы не остановился гость» [1, 34 с.].

Многообразие ситуации, которые сопровождаются приемом «шақырулы қонақ», связано с традициями семейных праздников, в числе которых настоящее время юбилей, дни рождения. За последние десятилетия добавились возродившиеся традиции приглашения гостей на «наурыз», «құрбан айт», поминальные «ас», «шілдехана». Прием таких гостей ярко отражает один из главных принципов гостеприимства: взаимность (обязанность ответного приглашения), устоновление близких (родственных, соседских, дружеских) отношений. Так, взаимоотношения между сватами – «құдалар» - воспринимались в прошлом не только на уровне общения двух семей, но и гораздо шире – двух кланов, родов.

Суть этих связей можно прояснить, обратившись к концепции М. Мосса: «Во всех этих обществах спешат давать. В любой момент, выходящий за рамки повседневности..., вы должны пригласить друзей..., вы должны распределить среди них все, что раздается на потлаче, где человек был приглашен. Казахи очень близки к соблюдению тех же правил: «Барын қонаққа беріп отырады, казак өзі жемесе де қонаққа жаяды» - «Казахи все лучшее из продуктов берегут для гостей, отказывая зачастую даже себе». Прием гостей в масштабе всего «сообщества» (например, «сүндет той», «ас» собирают до ста-трехсот человек и в настоящее время) составляет «фундаментальный акт признания»: «...хозяина», «признают», ему становится «признательными». То есть гость обязан помнить об оказанном гостеприимстве и, при возможности, оказывать услуги или ответное гостеприимство. Хозяин, приглашающий гостя, уверен в том, что в свою очередь будет приглашен в качестве гостя: «Қонаққа салған көрпе-өзіңе салған көрпе» - фактически: уважение



гостя – заявка на взаимное уважение. Но понятно, что это ожидание не демонстрировалось [2, 25 с.].

У М. Мосса есть замечание и по этому поводу: «каждый предлагает свое гостеприимство или подарки так славно они никогда не должны ему быть возмещены». Однако, если «принятое» гостеприимство не возвращается, то речь идет о «потере лица». Выражение «қатардан қалу» (букв.: «отстать от ряда». Смысл: Оказаться в немилости, вне сообщества, потерять уважение друзей, соплеменников и вообще всего аула) применительно к этой ситуации точно передает императивный характер обязанности возмещать [2, 26 с.]. Приглашение гостей в прошлом и в настоящее время осуществляется заранее – за несколько дней и недель. В прошлом для приглашения сватов («айттыру») посылали вестников («хабаршы»). Это были обычно близкие родственники хозяина (два-три человека), хорошо знающие нормы этикета, умеющие вести беседу, авторитетные люди. Их самих принимали как гостей, они могли провести у сватов один-два дня. Этот визит призван показать особое уважение приглашающей стороны к сватам. Во всех остальных случаях приглашение гостя осуществлял обычно сам хозяин или его дети. В настоящее время, когда сложилась практика приглашать на юбилеи или свадьбы по приглашительным билетам, сохранилась традиция приглашения почетных (пожилых) гостей самим хозяином. Личное приглашение хозяина выступает как проявление уважения, оказываемого гостю. Хозяин может направить своих детей для приглашения друзей, соседей и родственников, которые тесно общаются с его семьей. На практику приглашения и приема гостей оказал влияние и современный ритм жизни, разграниченный рабочей неделей и многочасовым рабочим днем: гостей принимают в выходные дни или, накануне, в вечернее время. Так, «қудалық той», свадебные или юбилейные тои проводят в пятницу или в дни отдыха. В прошлом дни приема гостей определялись благоприятными днями («Сәтті күндер»: «жұма күні – қайырлы күн, жолы ұзақ болады») [2, 28 с.].

Встреча гостей – важный момент: от правильного соблюдения этикета встречи зависит дальнейшее общение хозяина и гостя. Хозяин сам встречает гостей перед воротами, перед входом в дом; если гости приезжают издалека – то перед въездом в аул, на дороге. Не выйти на встречу гостю – значит проявить неуважение к нему. В некоторых случаях хозяин демонстрировал «обиду»: когда не встречал, например, «құда», приехавший просить прощение после

воровства невесты. Гости, ожидая такого приема, не расценивали это как неуважение и «не обижались».

Взаимодействия, совершаемые хозяином и гостем, можно разделить на вербальные и невербальные (жесты). Традиционные лексические обороты различаются в зависимости от возраста, пола и ситуации (например, давности предыдущей встречи). В момент приветствия, по этикету, завязывается небольшой диалог. На вопрос «калыңыз қалай?», «мал – жаныңыз аман ба?» («Цел и невредим ли скот и люди?») «Благополучно ли со скотом и людьми?») дается всегда положительный ответ – «аманбыз, өзіңіз?» . Пришедший в дом нежданный гость, несмотря на возраст, первым произносит приветствие. В случае же встрече приглашенных гостей хозяин приветствует гостя первым: «Қош келдіңіз, төрлетіңіз!» - «Добро пожаловать, проходите на почетное место». Молодые люди должны приветствовать гостя стоя, хозяин также не садится, пока не посадит гостя и не дожидается от него приглашение сесть.

При приветствии мужчины обмениваются рукопожатием, причем в значительном уважении к возрасту и статусу гостя принято подавать обе руки. Дистанция между гостем и хозяином зависит от степени родства, знакомства, личных симпатий. Так, близкие родственники, не видевшиеся долгое время, заключают друг друга объятия и целуют в лицо. При встрече друзей, ровесников, соседей сослуживцев достаточно простого рукопожатия. Все совершаемые действия и произносимые приветствия направлены на высказывания уважения к гостю, проявление наивысшего почтения.

Подготовка к приему гостей – этап, который включает наведение порядка, во дворе, подготовку застолья. Закупаются продукты, обновляются постельные и столовые принадлежности («қонақты тазалықпен күту – сый көрсету») - «Чистоплотный прием гостя – уважение к нему»). Достойный прием гостя требует больших усилий, не подготовиться, как положено – значит «потерять лицо», не выполнит долг хозяина и человека [3, 19 с.].

Помещение для приема гостей в прошлом – специально устанавливавшиеся юрты – «қонақ үй». В настоящее время в сельских домах выделяется «қонақ бөлме» - «самая просторная комната: «үй болғасын қонақ күтетін бөлмесі болады» - «раз есть дом, значит есть (должна быть) и гостиная комната». Эта комната – самая почетная, для гостей – ею не пользовались [3, 28 с.].

Порядок рассаживания за достарханом строго соответствовал статусу каждого гостя, и поэтому хозяин не указывал никому, где

следует сесть. На больших торжествах избирались знающие порядок рассаживания авторитетные люди, следившие за организацией гостеприимства в целом. Позднее их функции перешли к так называемым «асаба» или «тамада».

Почетное место (төр) всегда занимали старшие по возрасту или положению гости (жасы үлкен, жолы үлкен). Эта традиция сохраняется и в настоящее время.

Правая сторона – мужская («ерлер жақ»), более почетная по сравнению с левой – женской («әйел жақ»). Так, при приеме «күдаконак» на правую сторону сжали ровного ему по возрасту и статусу гостя. Место женщины за достарханом варьируется в зависимости от возраста, положения в семье и ситуации приема гостей. На свадебных тоях, торжественных «вечерх», проводимых в «палатке», столовой, ресторане не сохраняется, зачастую, традиционный порядок – мужчины и женщины сидят парами. Почетные места при этом традиционно отводятся «аксакалам», «күда», пожилым женщинам, гостям, занимающим высокие административные посты [4, 24 с.].

Достархан для казахов – своеобразный субъект, который ассоциируется с домом и хозяином. Пожелания достатка и благополучия семье выражаются благопожеланиями именно достархану: «Дастарқандарың қайырлы болсын». Представления о щедрости, широте души также опосредованно связаны с достарханом: Қазактың көңілі кең ғой, қазактын дастарқаны да кең». «Какова широкая натура казаха, таков же и обильный достархан. Существовали этикетные правила обращения с достарханом, нарушения которых могли вызвать несчастье, строго соблюдается порядок обращения с ним:» Дастарқан жайғанда төрге қарай жаяды. Бата дастарқанда беріледі, бата берген кезде тамақты алып кетеді, қалған тамақты балаға, итке береді, бата солармен кетіп қалады» - «Достархан (скатерть) расстилается в сторону высоких гостей. После уборки еды и посуды со скатерти (при этом скатерть остается) достархану дается «бата» - благословение с наилучшими пожеланиями. Ни в коем случае нельзя давать «бата» неубранному достархану, так как считается, что благословение может уйти с остатками пищи, а остатки пищи, как правило, отдают кошке, собаке и т.д.

Трапеза является центральной частью ритуала приема гостей. Порядок трапезы (сначала «шай беру», потом «ет беру») мотивируется по – разному: «асықпай, әнгіме айтып отыру үшін; кейбіреулер кешігіп келгендіктен» - то есть, сначала дают возможность собраться гостям в полном составе, вести

неторопливую, продолжительную и исчерпывающую беседу. Но часто традиционный порядок нарушается. Характер трапезы в различных ситуациях был неодинаков: так поминки отличались скромностью ассортимента блюд. В настоящее время происходит заметные изменения в порядке «шай беру», «ет беру», «престижных» продуктов и блюд, которые считаются традиционно казахскими.

В прошлом, на больших празднествах или во время приема особо почетных гостей в организации застолья и обслуживания принимали активное участие молодые женатые мужчины и юноши. Женщин не допускали даже наливать чай. Отстранение женщин в этом случае связано вовсе не с мусульманскими представлениями, а с трудностями при обслуживании достархана, когда число гостей, например на асах могло достигать 5 тысяч человек. Участие мужчины в приеме гостей всегда указывало на важность ситуации. Считалось, что перед лицом старших – почитаемых аксакалом – не должны сидеть молодые девушки, снохи. Чай разливала хозяйка дома или хозяйин. В настоящее время подавать чай – прямая обязанность женщины. От её умения наливать и подавать чай во многом зависит атмосфера застолья, уровень приема гостей [5, 12 с.].

«Шай беру», как в прошлом, так и сейчас, выступает самой продолжительной частью трапезы. Для казахов гостеприимство – это прежде всего возможность общения, и если среди гостей были люди, владевшие умением вести беседу, вернувшиеся из дальней поездки, знающие сказания о прошлом, знаменитых людях, акыны и күйши, то застолье естественным образом продлевалось. Вытеснению общения способствовала традиция произношения тостов, сложившаяся относительно недавно. А ведь в прошлом именно в гостях обменивались информацией, наблюдениями, жизненным опытом, обсуждали и решали насущные вопросы.

Перед второй частью трапезы – «ет беру» - проводится омовение рук («су құю»). Раньше начинали эту процедуру с возглавляющего достарханом гостя, и сейчас сохраняется это правило. Далее поочередно обходят всех гостей, начиная с лева или права. Перед едой моют только руки. При этом вода должна быть теплой. Исполнение ритуала «су құю» расценивалось, как почетное право и обязанность молодого зятя. Если в семье нет зятя, то эта процедура возлагалась на сына хозяина. Девушка к проведению этой процедуры допускалась редко. Важной представляется мотивация смысла ритуала – получение младшим благословения старших – «бата алу».

Трапеза «ет беру» начинается с разделки головы животного. Её подают в начале застолья возглавляющему достарханом гостю. «Нельзя есть голову барана казаху имеющему в живых отца, во избежание смерти последнего. Порядок передачи головы гостю существует в двух вариантах: она должна быть обращена к гостю затылком или передней частью. В прошлом не принято выбивать зубы у головы животного. Но не ясно почему, так как смысл этого правила забыт, но в настоящее время казахи Павлодарской области, так же, как и в других районах Казахстана, все же выбивают (частично) зубы животного.

Мясо подают на одном большом блюде, ставят его в центр достархана или на 2-3 блюдах («бас табақ», »орта табақ», »кіші табақ»). У казахов Северного Казахстана в прошлом был распространен ритуал «асату»: хозяин дома или почетный гость «кормил с руки» всех присутствующих в конце трапезы, выражая таким образом уважение к гостям («күреметтің бір түрі»). Семантический смысл этого действия объясняется также, как благословение старших («Үлкен кісінің қолынан ішу – оның жасын алу»: то есть есть с рук старших (почетных) гостей для молодых непредосудительно – наоборот, это способствует возможности дожить до возраста первых, занять такое же положение в обществе [5, 21 с.].

«Ас қайтару» – выражение благодарности дастархану. После завершения трапезы старший по возрасту произносит благословление («бата»). Эта традиция стала популярной, в настоящее время заучиваются тексты »бата». Нередко их сочиняют сами, ориентируясь на известные каноны [5, 32 с.].

Анализ содержания ритуала приема гостей подводит к мысли, что важное значение имеет формирование позитивного восприятия отдельного индивида в группе, позитивного восприятия всей группы и индивида. Смысл этикетных норм и ситуаций определяется необходимостью проявления максимального уважения гостю.

Таким образом, гостеприимство для нас – это, прежде всего, сфера социального общения, оптимальный способ взаимодействия членов группы, который создает возможность осуществления контактов в течении всей жизни с другими членами сообщества. Это достаточно гибкий социальный механизм отождествления индивида с группой, обеспечения этнической и культурной идентичности, важнейших акций жизнедеятельности семьи и общества.

## ЛИТЕРАТУРА

- 1 Байбурин А. К Этнические аспекты изучения стереотипных форм поведения и традиционная культура, Энциклопедия. 1985. - 34 с.
- 2 Мосс М. Общество. Обмен. Личность. Москва, 1996. - 25 с., 26 с., 28 с.
- 3 Байбурин А. К., Топорков А. Л. У истоков этики. Ленинград, 1990. - 19 с., 28 с.
- 4 Бгажноков Б.Х. Прием почетного гостя, Энциклопедия. 1987. № 2. - 24 с.
- 5 Аргынбаев Х. А. қазақ отбасы (Қазақ отбасының кешегі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми-зерттеу еңбегі). Алматы, 1996. - 12 с., 21 с., 32 с.

## ҮКІБАЙ БИ- ӨНЕГЕЛІ ТАРИХИ ТҰЛҒА

КӘРІМЖАН Ж. Т.

тарих пәнінің мұғалімі, Ғ. Алтынсарин атындағы  
Дарынды балаларға арналған қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

ЖУМАКАНОВА М. Ж.

10 сынып оқушысы, Ғ. Алтынсарин атындағы  
Дарынды балаларға арналған қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Үкібай би кім десеніз, ол халықты төреге билетпеймін деп қарадан шығып аға сұлтан болған Шоң би құрған Төртұлы одағы билерінің бірі еді. Үкібай Найзабекұлы (1778–1856). Үкібай сөзге тапқыр, от ауызды, орақ тілді шешен адам болған. Үкібай би- атақты би, елдің ішкі және сыртқы әлеуметтік- саяси істерін жүргізіп, XIX ғасырдың бірінші жартысында Баянауыл сыртқы округінің негізін қалағандарының бірі. Шоң мен Шорман билердің үзенгілесі. Ол Баянауыл сыртқы округінің Сатылған - Алтынторы болысын басқарған.

Қаржастың бір бұтағы Шоң мен Шорман билер болса, екінші бұтағы Өтеу, Жанқылыш болады. Өтеу бір өзіне оң мың жылқы біткен байлығымен ерекшеленсе, Жанқылыш ержүректігімен әйгіленген. Өтеуден туған Найзабек, Келдібек, Ермек атты үш ағайынды ұйымшылдығымен Сатылған – Алтынторы әулетінің атағын шығарған.

Ал Найзабектен туған Үкібай шешендігі мен тапқырлығы талайды тәнті қылып, тандай қаққызған тумысы ерекше жан екен. «Баянаулада биліктің басы – Шоң, соңы – Шорманның Мұсасы болған. Ал Үкібай би еліне ұйытқы, қорған болған», – дейді көне көз қариялар.

Үкібай би кесенесі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Көкдомбақ ауылы маңында орналасқан. Алғашында мазар саман кірпіштен қаланып, батыс жағында М. Ж. Көпеев биге арнап жазған сөздері қашалған граниттік стелла орнатылған:



Сурет 1

«Қазаққа аты шыққан шешен-би Үкібай, дүниеге екі айналып келмес деймін». 1951 жылы жерлеу орны металл қоршаумен қоршалған. Бүгінгі күні ескі жерлеудің орнында жанадан кесене тұрғызылды, силикатты кірпіштен, алтындалатын күмбезімен. Кіре беріс жағы мен әйнектері аркалы етіп, металл торлармен әсемделген. Кесененің алдыңғы жағында тас стеласы орнатылған: «Үкібай би Найзабекұлы 1778-1856 қаржас-сатылған». Үшбаспалы кесене негізі жабайы тастармен қаланып, металл қоршаумен қоршалған. Екі жағында келушілерге арналған орындықтар қойылған.

Үкібай би дүниеден өткен соң соңында қалған ағайын-жұрағаты «Үкібайсыз бір ел болып» ғұмыр кешкен. Әйтсе де еңкейген кәрісінен бастап, ат жалын тартып мінген балаларына дейін би бабаларының қадыр-қасиетін ұлықтаған. Ақсақалдар Үкібай биге арнап ас ұйымдастырып, аруағын құрметтеген, елге істеген жақсылығын жас ұрпаққа айтып, өнегелі өмірбаянын санасына сіңірген [1, б. 62–64].

#### Үкібай бидің ел аузында шешкен даулы мәселелері

Ел аузында Үкібай би жайлы көптеген аңыз - әңгімелер сақталған. Бидің тапқырлығы мен сөзінің өткірлігін сипаттаған жағдайды жергілікті өлкетанушы Серік Жақсыбаев былай деп жазады: «1852 жылы Қарқаралыда Құнанбай қажы салғызған мешіттің ашылу рәсімі болады да, оған жер-жерден игі жақсылар шақырылады. Бұл жиынға Баянауыл дуанынан Мұса Шорманов пен Үкібай би де қатысады. Осы басқосуға жиналған жұрттың алдында мешіттің есігін алдымен ашу құрметіне кім ие болуы керек» деген сұрақ туады. 1833 жылдың 22-тамызында Баянауыл округі ашылды. (Бұл жөнінде 1933 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Шоң би» романында егжей-тегжейлі айтылған). Округтің аға сұлтанынан бастап, барлық төменгі басшылығына қара қазақтар ие болып, Ресей патшасы Александр -І бекіткен «Орта жүз қазақтарына» арналған жарғының 48-бабы бұзылады. Сонда округке қараған 13 болыстың бірі

қазақ мектебі болып өз іргетасын қалаған уақыттың ішінде бірнеше рет қалалық Білім Департаментінің, қалалық әкімшіліктің мақтау грамотасымен марапатталған. 2007 жылы білім беру қызметі рейтингісінің қортындысы бойынша «Тандаулы білім ошағы» дипломмен марапатталды. 2008 жылы мемлекеттік аралық бақылауды сапалы өткізіп, жүлделі II орынға ие болды. Жалпы мектептің жобалау күші 1568 оқушыға арналған. Мектептегі пән кабинеттерінің саны 47, солардың ішінде шәкірттердің компьютер үйреніп, еркін пайдалануына мүмкіндік беретін екі бөлме бар, интерактивті тақта жұмыс істейді. Әр пәнді терең үйретуге мүмкіндік беретін арнайы оқу бөлмелері өздерінің кеңдігімен, сәулеттілігімен ерекше көз тартады. Мектепте 2 шеберхана, 2 спорт залы, 1 тренажер залы бар. «Ас – адамның арқауы» демекші, мектеп асханасында үзілістерде дәмді тамақ ішуге болады. Мектеп асханасында 320 оқушыға арналған орын бар. Ақпараттық ресурстарға тоқталсақ, мектепте 2 компьютер кабинетінде 34 компьютер бар. 2, 3 қабаттағы компьютер кабинеттері көп қолданылады. Кабинет интернет желісіне қосылған. Ақпараттандыру технологиясын үйрету барысында мұғалімдерге семинар, курстар өтіледі. Ақпараттық ресурстар орталығы іске қосылған. Информатика сабақтарынан басқа Интернетті электронды оқулықты қолданып, мұғалімдер өздерінің компьютерлік сауаттылықтарын ашуға мүмкіндіктері бар. Оқушылардың дебатқа, ғылыми жұмысқа, пән сабақтарына қажетті материалды Интернет ресурстары арқылы алады.



Сурет 3 – Мектеп түлектерінің «Алау» табыстау сәтінен

Соңғы жылдары мектептің педагогикалық ұжымы ақпараттық технологияларды белсене меңгеріп, оқу-тәрбие үрдісінде қолдануда. Мектепте төрт компьютер сыныбы және мультимедиялық сынып бар. Информатика және мультимедиялық кабинеттердің мүмкіндіктері жан-жақты

қолданылады. Мектепте электрондық оқулықтармен, мультимедиялық кабинеттің мүмкіндігі әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен ғылыми жоба материалдарын іздеу барысында, олимпиадаға дайындық, қорытынды аттестаттауға дайындық, ЖОО-на түсуге дайындық кезінде, электрондық пошта арқылы ғылыми-практикалық конференция материалдарын, тапсырыстарды жіберуде, сырттай мектептің тапсырмаларын жіберуде қолданылады. Соңғы жылдағы қолданылған

мүмкіндік дистанциялық оқу болып табылады. Интернет жүйесін оқушылар мен мұғалімдер ғылыми жоба материалдарын іздеу барысында пайдаланады. «Тұңғыш Президент кабинеті» арқылы оқушыларымыз Елбасы жайлы құнды деректер алады. Бұл сыныпта өтілетін іс-шаралардың тарихи маңызы аса зор. Таяуда мектебімізде «Рухани жаңғыру» кабинеті мен заман талабына сай «Teachers office» ашылды. Сондай-ақ шахмат, шашки, «Роботатехника» кабинеттерінің жұмыс жасауы бүгінгі заман талабына сай қазақ мектептерінің даму мүмкіншілігін көрсетеді.

1999-2000 оқу жылында ең алғашқы қазақ түлектері бітіріп шықты. 83 түлек бітірген осы оқу жылында 11 «А» сыныбының жетекшісі Сәуле Рахымқызы, 11 «Ә» сыныбының жетекшісі Абыкен Жеңіс Сартайұлы және 11 «Б» сыныбының жетекшісі Бастемиева Гүлшекер Зекенқызы. 1999-2018 жылға дейінгі аралықта мектебімізден 1305 қазақ түлектері бітіріп шықты. Мектеп әрдайым өзінің үздік оқушыларымен мақтанады. Отыз жылдық таиққа ие мектебімізде бүгінгі таңдағы түрлі маман иелері білім алды. Түлектердің 22 үздік аттестатқа және 7 алтын белгіге бітірген.

Алтын белгі иегерлері: Супекова Ботагөз Бауыржанқызы 2005-2006 оқу жылы «Алтын белгі», Супекова Самал Бауыржанқызы 2006-2007 оқу жылы «Алтын белгі», Мұзданова Айнүр Құдайбергенқызы 2006-2007 оқу жылы «Алтын белгі», Сагимбаев Нурболат Оразбекович 2015-2016 оқу жылы «Алтын белгі», Куспек Айза Қуандыққызы 2017-2018 оқу жылы «Алтын белгі», Жусупова Аружанна Жанаевна 2017-2018 оқу жылы «Алтын белгі», Амангелді Әнел Өтеуқызы 2017-2018 оқу жылы «Алтын белгі»

✓ АНЫҚТА!

Өз мектебіндегі әртүрлі жылдардағы түлектер туралы не білесіз?

**«Алтын белгі» иегерлеріне арнау**

Қазақта жеті саны киелі еді,  
Жеті қат жер Алланың сыйы еді.  
Мен бүгін жеті санын жырға қосам,  
Себебі бар жеті Алтын иегері.

Мектептің тарихында қалдыңыздар,  
Өлшеусіз орын міне алдыңыздар.  
Бүгінгі мектебімнің мақтанышы,  
Себебі Алтын жолды салдыңыздар!



Бар білім мектебімнен басталады,  
Озат шәкірт болса ұстаз мақтанады.  
Ұстазымның ақталса бар еңбегі,  
Қуаныштан көзімнен жас тамады.

Алтын алқа тағынған тарландарым.  
Мен де өзіңдей болуды армандадым,  
Ең алғашқы Алтын алған Бөтагөздей.  
Шәкірттің салған жолын жалғап бәрің.  
Білімнің тас қамалын алғандарым!  
Білемін өздеріңдей Арлан барын!

Білімнің Алтын жолы дара жол ғой,  
Бәрі бірдей жүре алмас сара жол ғой.  
Шәкіртке алтын жолын салып берген,  
Шоқтығы биік тұлға ол ұстаз ғой!

Бұл шаңырақ шынымен киелі еді,  
Самал болды Алтынның иегері.  
Бір отбасында араға бір жыл салып,  
Екі Алтынның болғанын біле ме елі.

Мұның бәрі ұстаздың жемісті еңбегі,  
2007 екі Алтын еншіледі.  
Самал мен Айнұр шәкірт бір сыныптан,  
Ұстазының мерейін еселеді.

Үш Алтынның жалғансын деп сара жолын,  
Нұрболат та салып өтті дара жолын!  
2016 мектебімнің тарихында,  
Тағы бір Алтынменен қоржын толды.  
Өткен жыл тарих бетін парақтайын.  
Ұстаздарым бұл жылды құтқа балайын,  
Әнел, Айза және де Аружанға.  
Білім берген ұстаздарын ҚҰТТЫҚТАЙЫН!

30 жас толған Ордам құтты болсын!  
Бар тілек ән арналып, орта толсын!  
Отызың Орда бұзар жас деп білсем.  
Қырық жылда аларың қамал болсын!

✓ ЕСІНДЕ САҚТА!  
Қандай мұғалімдер еңбек еткен?

### Мектебіміздің ардагер ұстаздары:

Молдахметова Қайынжамал Жұмағалиқызы 1952 жылы 15 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы, Үлкен-Нарын ауданы, Жұлдыз ауылында дүниеге келген. 1970 жылы Жұлдыз орта мектебін бітіріп, Семей педагогикалық институты жаратылыстану факультетіне түсіп, 1975 жылы биология-химия мамандығы бойынша бітірген. 35 жыл ғұмырын білім беру ісіне арнаған Қайынжамал Жұмағалиқызының еңбек жолы шығармашылық пен ғылыми жаңалықтарға толы. Өз ісін жетік меңгерген білікті ұстаз алдынан білім алған шәкірттері бүгінгі күні түрлі мамандық иелері. Әрбір жеке оқушының ерекшелігін ескере отырып, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып жұмыс жасаған ұстазымыздың еңбегі бүгінде ел алдында жоғары бағаланды. Өз ісін жетік меңгерген шығармашыл ұстаз «Деңгейлеп, саралап оқыту арқылы оқушыларды шығармашылыққа жетелеу».

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы арқылы және соның жалғасы ретінде «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жариялады. Жалпыұлттық бағдарламаның жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы. Ел тарихын білу – мектеп тарихынан басталады [3].

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жыл 5 қазан.

2 «Қазақ мектебінің тарихы» 28 бет.

3 «Ұлы даланың жеті қыры» Президент Н. Ә. Назарбаевтың мақаласынан 2018 жыл, 22 қараша Отарқа газеті № 47 [1455].

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ ЖАҢҒЫРУДА – ЕСТАЙ ӘНДЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

КУЛЬМАҒАНБЕТОВА Р. А.  
тарих пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.  
ЖАНАЛИДЕН Ә. Н.  
6 «Г» сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

*«Бабамның салып кеткен ізіменен,  
Әуелете салған асқақ жырменен,  
Қазаққа мәңгі мұра баба жолы.  
Ақ туын көтерейін әнімменен!»*

Тағы да бір тойынды дайында, Аға! Ән салсаң қосылайын қайырмаңа.

Естайдың есіл әнін есті бүгін – Ағайын, Ақкөл менен Жайылмада-деген өлең шумақтары ақын ағамның 150 жылдығына арнау еді.



Сурет 1 – Жаналиден Әнел Нұрболқызы 6 «Г» сыныбы

Егемендігіміз ел басына қайта бұйырған шақтан бастап, еңсемізді көтеретін елеулі істер көптеп жасалуда. Ертис-Баянның өңірі тарихи есімдері алтын әріптермен апталған аяулы тұлғаларын әспеттеп, ұлықтауда. Бұл елдіктің белгісі, Тәуелсіздігіміздің жемісі. Киелі Ақкөл Жайылманың

төрінде, Әулиекөлдің жағасында теңдессіз дарын иесі Естай бабамыздың 150 жылдығына арнайы өткізілген дүбірлі той, алқалы жиын соның дәлелі болды. Жүйрігі ән мен жырдың желдей ескен, Естайдың ауылы осы кіндік кескен – деген Қаражар ауылы дүбірлі тойға келген қонақтарын құшақ жая қарсы алды. Қатпарлы тарихты Қаражар даласы осы жерді мекендеген ежелгі қауым мәдениетін құшағына алып жатқан әулиелі мекен. Халқымыздың белгілі әнші композиторы, әрі ақыны Естай Беркімбайұлы 1868 жылы қазіргі Павлодар облысының Екібастұз ауданына қарасты «Қаражар» ауылында дүниеге келген [1].

Ақын, композитор, ҚазССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері. Естай өндік-ақындық ортада өскен, анасы Күлипа мен ағасы Байтолым белгілі әншілер болған. Естай олардан жыр, дастандар мен толғауларды

орындау мәнерін үйренген. 16 жасында халық әндерін талантты орындаушы, халықтық музыка дәстүрін жалғастырушы тұлға. Оның «Жай қоңыр», «Наз қоңыр», «Майда қоңыр», «Хорлан», «Сандуғаш», Түлнәр» әндері көркемділігімен, саздылығымен дараланатын қазақ музыкасының інжу-маржаны. Классикалық «Хорлан» әні Естайдың есімін аңызға айналдырды. Бұл әннің әуені М. Төлебаевтың «Біржан - Сара», Е. Г. Брусиловскийдің «Ер Тарғын» операларында, С. Шабельский мен Л. Шаргородскийдің қобызға арналған концерттерінде қолданады. М. Әлімбаевтың «Естай - Хорлан атты поэмасы Естайға арналған. «Аңыздар» тарауында Естайдың Хорлан атты қызға ғашық болған махаббат тарихы баяндалады.

Халқымыздың музыка байлығы мен сөз байлығы қашаннан-ақ қатарласып өмір сүріп келе жатқан рухани қазына. Жүздеген ақын, әнші, күйші композиторларымыздың қалдырған сарқылмас мұрасы оған дәлел. Бірақ, жазба мәдениеті болмаған кезде өнер иелерінің шығармалары заманнан заманға, атадан балаға ауызша таралып жетті де, кейбіреулері мүлдем ұмытылып, енді біреулері «халық әні», «халық күйі» дәрежесіне көшті. Көптеген әнші, күйшілердің есімдері ғана сақталып, олардың өмірі мен шығармашылық қызметтеріне байланысты ешқандай деректер сақталмады. Ән, күйлер хатқа түспегендіктен уақыт өте келе тарих бетінен біржола ізін суытты. Қазақтың халық музыка өнерінің жүйелі түрде қағазға түсірілуі А. Затаевичтің ерен еңбегінен басталатынын білеміз.



Сурет 2 – Жақышжан апа, Зекен апа, Шәмшия апа (Естай ата шөбересі (ортасында))

Мындаған халық музыка үлгілерінің жиналуын былай қойғанда, жүздеген өнер иелерінің өміріне қатысы бар құнды деректер жазылды. Білімді зерттеушінің жеке-жеке шығармаларға берген пайымдаулары да қазақ музыка тарихы үшін өте құнды, маңызы ерекше. А. Затаевичтің жинақтарында есімдері еміс-еміс естілетін әнші, күйшілерді көреміз. Олар Зұлхия, Соқыр Зейнеп, Ұмсын қыз, Қошан сері,

Сауытбек, Қапаш, Құлтума, Аязбай, Тоқыбас, Ермұхан, Жақсыбай, Есқазы, Өтебай, Майтық, Аманғали, Темірғали, Тоқжан ақын, Будабай,

Сабыр, Жолтай, Ақбас, Маржан, Әмірхан, Айдынғали, Мұстапа ақсақ, Есенжол жыршы, Рзия, Сәлімгерей, Ешнияз жыршы және басқалар. Сондай-ақ, ол халық арасынан шыққан кәсіпқой әнші, күйші, композиторлардың туындыларын да тұңғыш нотаға түсіріп, әлемге паш етті. Солардың бірі Естай Беркімбайұлы. А. Затаевич Естайдың «Дүние» атты әнін Бегішев Әбдірахманның орындауынан жазып алып «Қазақтың 1000 әні» (1925) жинағында жариялады (№ 72). Осы әнге берген түсіндірмесінде фольклоршы: «Бұл тамаша әннің авторы Естай Ақмола губерниясында тұратын қазіргі заманғы халық әншісі. Оның тағы бір әдемі әні «Термесі» Әлікей Өтекиннің айтуынан жазылды (№ 234)», дейді. Аталған жинақтың № 51, 178, 209, 717 сандарындағы «Құсни Қорлан» деген атпен халық әншісінің тағы да төрт әнінің нұсқалары келтірілген [2].

Кеш қонағы Ғалым Жайлыбай ағамыздың мына бір арнауы көптің көңілінен шықты:

Ақынға махаббатсыз бостай жалған,  
Ақкөлдiң аспанына кешкі Ай қонған.  
Ән қалған,  
Артағыға аңыз қалған:  
Дегенде Қорлан – Естай, Естай-Қорлан.

Сезімнің шабыт байлап қанатына,  
Қыз, жігіт шырқай салса, таң атыра.  
Ертістің арғы беті – Арқанаты –  
Ақынын іздейді ме ара-тұра?

Шабыттың ұшпасы анық құсының қолдан,  
Ертістің ерке сылқым, тұсы күй қорған.  
Естайдай есті әуенге салар ма едім,  
Алдымнан шыға келсе Құсни-Қорлан.

Тамылжыр таңғы түстің үзiгiндей,  
Iзгiнiң басып кеткен iзi күндей.  
Өнердiң шын асылын тот баспайды –  
Қорланның қолындағы жүзiгiндей.

Таланттың көңiлi – бұлт,  
Жаны жаңбыр,  
Жуын да сол нәсерге сағына бiл!  
Жағалап қара Ертісті Естай ақын –

Басса ғой «Жай қоңырға» тағы да бір – деп ақын бабамызға деген сағынышын өлең шумақтарымен жеткізе білді. Кейінгі ұрпаққа мәңгі өшпес із қалдырған Естай бабамыз жайлы құнды деректердің тәрбиелік мәні мен Қазақстандағы мәдени жаңғыруда Естай әндерінің тарихи маңызы аса зор.



Сурет 4 – Естай шығармаларын талдау сәтінен көрініс Құлмағанбетова Р. Ә. оқушысы Жаналиденова Әнелмен

Осы әндерге берген сипаттамаларында белгілі музыка зерттеушісі Естай туындыларының қасиет қадіріне, музыкалық ерекшеліктеріне тоқталып, өз пікірлерін келтіреді. Оның өмірі мен шығармашылық қызметі жайында академик А. Жұбанов «Замана бұлбұлдары» кітабында

біршама қамтып жазды. Естайдың әндерін жазып алып, жинақтауда көп еңбек сіңірген зерттеушінің бірі Б. Г. Ерзакович. Ол халық композиторының өз орындауында әндерін нотаға түсіріп, өміріне байланысты деректерді жазып алды. Естаймен бірге жүрген, оның мінезқұлқына, түр сипатына қанық адам Рақымжан Татыбаев әнші туралы естелігінде: «Естай көк көзді, ер мұрынды, қызыл шырайлы, келбетті болыпты. Өте сәнді киінетін, тазалықты жақсы көретін. Өзінің сүйікті домбырасын әр уақытта әспеттеп орап қоятын. Көрінген адамға ұстата бермейтін. Естай ән салған уақытта тамағын кенеп, омырау түймесін ағытып әлек болмайтын, салмақты пішінмен бір орыннан қозғалмай отырып әнді әдепті салатын. Ол домбыраны солақай тартатын. Әнді салар алдында домбырасын көзбен бір шолып алып, құлағын бұрайтын, сол сәтті домбыраның құлағы босап, не тиегі жылжыса, жиналғандардың әңгімесіне араласа отырып, түзеуге кірісетін. Әбден күйіне келгенде барып ән салатын. Әнді бір салғанда біразға шейін шарықтап, бөгелмейтін» [3]. Халқымыздың белгілі әнші композиторы, әрі ақыны Естай Беркімбайұлы қазіргі Павлодар облысының Екібастұз ауданына қарасты «Қаражар» ауылында туды. Осы арада Естайдың туған жылы туралы да бір пікірге келе алмай жүргенімізді айтқым келеді. Академик А. Жұбанов өзінің «Заман бұлбұлдары» (1963) монографиясында Естайдың 1874 жылы туғанын жазады. Қазақ энциклопедиясында (4 том, 194 бет) осы уақыт қайталанады. Ал, ақынның басына қойылған құлпытаста оның 1873 жылы

туылғандығы көрсетілген. Бұл мәселенің басын ашып алу көп қиындық келтірмейді. Өйткені Естай Беркімбайұлы 1940 жылы Қазақстан Композиторлар одағының мүшелігіне сайланғанда жазған өмірбаянында 1868 жылы туғанын растап, өзінің қолын қойған.

Ал, 1941 жылғы 5 мамыр айындағы Павлодар облыстық Мәдениет бөлімінің Қазақстан Композиторлар одағының ұйымдастыру комитетіне Естайдың шығармаларын басып шығару жөнінде жазған катынас қағазында оның 73 жаста екенін көрсетеді. Бұлжытпайтын тағы бір дәлел бар. Ол Естаймен біраз уақыт бірге жүрген Б. Г. Ерзаковичтің естелігі (қолжазба). Естелікте былай дейді: «Ақындар айтыстарының бірінде, 1939 жылдың наурызында мен алғаш рет Павлодар облысынан келген халық композиторы, әнші, әрі ақын Естай Беркімбайұлының үнін естідім... Айтыста Естайдың өнер көрсетуі, оның өз әндерін орындаудағы шеберлігі, жұмсақ қоңыр даусы мені өзіне бірден баурап алды. Осыдан кейін достарымның бірі мені Естаймен таныстырды. Бірбірімізге деген өзара ыстық ықыласты сезінген біздер бірден әңгімеге кірісіп кеттік. Орысша әжептәуір сөйлейтін. Сол жылы оның жасы 71-де болатын, бірақ өзін әлі де тік ұстайтын, шашына әлі ақ ене қоймаған әнші жас көрінетін. Ол халықтық үлгімен тігілген ақ көйлек, оның сыртынан бешпет, қалындау сұрғылт матадан тігілген шалбар, кебісмәсі, жиегі терімен жұрындалған шағындау бөрік киген екен. Оның жанындағы сұхбаттасуына мейіріммен, ынтаықшылығымен қарайтын түнжырқөк аясы үлкен әдемі көздері адамды ерекше тартып тұратын. Мен айтыс аяқталғаннан кейін Естай мен Көкшетаудан келген әншіақын Шөкен Отызбаевты үйге ертіп келіп қонақ еттім. Біз тек кешкілік қана үйде кездесіп жүрдік, өйткені күні бойы өнер сайысынан қол босайтын. Сөйте жүріп, кейде кешкі астан кейін олардан бірді екілі ән жазып алатынмын». Осы арада ескерте кететін бір жайт, жазбаша деректер қалмаған жерде халық композиторларының туған жылына, ән тарихына байланысты түрлі пікірлер айтылады. Қарап тұрсақ, барлығы да дұрыс сияқты. Біздіңше, сол көптеген жорамалдарды бірбірімен салыстыра отырып, шындыққа жақын фактілердің негізінде бір қорытындыға келген жөн. Ал, бір деректі олай емес, былай еді деп қырық саққа жүгірту оқырмандарды адастырады. Бұларға қазылық айтып, жүйеге келтіретін, соңғы нүкте қоятын кездейсоқ адамдар емес, тәжірибелі, өз объектісін жанжақты білетін мамандар болуы керек. Естай шығармашылығын талдап, саралағанда да осы қағидаларды басшылыққа алған абзал [4].

Естайдың әншілігі, ақындық қабілеті ана сүтінен дарыған десе орынды. Оның анасы Күлипа, нағашысы Байтұлым ауыл

арасында ғана емес, кезінде Кереку өңірінде аттары әйгілі әншілер болған. Естай ат жалын тартып мінуге жарағаннан бастап қолына домбырасын алып, ән айтуға талаптанады. Тойжиындарға жиі барып, ақын, әнші, жыршылардың өнерлерін бойына сіңіріп өседі. «Талапты ерге нұр жауар» демекші, Естай енді өзі де әнжырдың, той думанның басы қасында болып, шамасы келгенше өнерін көрсетіп көптің көңілін аулайды. Оның әнге құмарлығы 7–8 жасындаақ біліне бастайды. Ауылдағы Жақып деген молдандан арабша сауатын ашады, аратұра өлең жаттап, құрбықұрдастарының арасында айтып жүреді. Бір күні өзімен бірге оқитын бала молдаға барып Естайдың ән айтатынын әңгімелейді. Молданың өзінің де аздап өлең жазатыны бар көрінеді, ол өнерпаз шәкіртін қолдап: «Өлең айтса айтсын, оның ризығы өлеңнен болар», депті. Молда ұстазы Естайға өлең айтқызып, жаттықтырады. Қолына домбыра алып, шілдехана кезінде, басқа да халық бас қосқан жиын тойларда өлең айтады. Сөйтіп, талапты жастың атағы біртіндеп елге танылып, 15–16 жасында ауылдастарының құрметіне бөленеді. Ол ән айта жүріп, атабабаларымыздың музыкалық дәстүрін жалғастырады. Әншілікпен қатар, өз жанынан ән шығарушылыққа бет бұрады. Кәріқұлақтардың айтуынша, оның алғашқы шығарған әні «Шолпан қаққан» деп аталады. Естаймен ауылы аралас, қойы қоралас өмір сүрген Құсайынұлы Дауытжанның айтуынша, әннің оқиғасы былай болыпты: «Жазғы уақытта ораза ұстаған қарттар қой күзетіп жүрген Естайға: «Бізді шолпан жұлдызы туған кезде оят, сәресі ішейік», дейді. Естай ораза ұстаған адамдардың үйінің жанына келіп, осы «Шолпан қаққан» әнімен оятқан екен.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Ол кім. Бұл не» төменгі класс оқушыларына арналған 3 томдық энциклопедия. – Алматы: Қаз.сов.энцик. 356 бет. 1985-21 см. 424 бет [1].

2 «Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. Алматы – «Өнер» баспасы, 289 бет. 2013. 2 кітап-360 бет [2].

3 «Өттің, жалған...» әндер жинағы - Құрастырған Мейрам Асылғазин. 28 бет [3].

4 «Дарига, арманым көп, не қылайын?!» Сарыарқа самалы 6 желтоқсан 2018 жыл [4].

## ШЫҒЫСТЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

КУРМАНБАЕВА Ж. К., КАЖЫБАЕВА Ж. О.  
тарих және география пәнінің мұғалімдері, № 47 ЖОББМ, Семей қ.  
ЕРБОЛ А., АМАНГЕЛДЫЕВА А.  
9 сынып оқушылары, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы біздің қоғамға қозғау салып, санамызға тың серпін берді. Халқымыздың материалдық және рухани әлемі – атамекен, жер-су, әдебиет, өнер мен мәдениет саласын жандандыруда шамшырақ тәрізді қалың жұртшылықтың қызығушылығын, ерекше ықыласын тудырды. Елдік ұлы дәстүрді сақтай отырып, ұлттық модернизация жасау қоғамды дамыта, көркейте түсері даусыз. Ұлттық мұрат жолында жүзеге асыратын игі істердің бастауын Елбасы: «Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – деп нақты айқындап берді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Тәуелсіз еліміздің дамуы үшін мәдени рухани жетістіктерді келешек ұрпаққа қалдырудың үлесі зор. Ол үшін бүгінгі өскелең ұрпақтың саналы да, тәрбиелі болып өсуіне көңіл бөлуіміз қажет. Осы мақсатта жүргізілген сауалнамаға 340 респондент қамтылды. Нәтижесінде киелі жерлерді танып-білудің тәрбиелік мәні зор, қолдануға қажет деп респонденттеріміздің 80-85 %-ы жауап берді. Бұдан біз жастарды тәрбиелеуде жалпыұлттық қасиетті орындар мен олардың алатын орнын бойларына сіңіруіміз керек екенін анықтадық.

Зерттеу жұмысының мақсаты: өзіміздің жерімізді, тарихымызды, рухани-мәдени мұрамызды бойымызға сіңіру, жаңа деңгейде танып-білу. Жасөспірімдердің бойында елге, жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыра отырып, адамгершілік қасиеттерін арттыру.

Зерттеу жұмыстарының міндеттері:

1 Әлеуметтік сауалнама арқылы қасиетті рухани құндылықтардың тәрбиелік рөлін анықтау;

2 Сауалнама нәтижелерін пайдалана отырып, тәрбиелік рөлінің маңызын ашу.

3 Көпшілікті таныстыру негізінде зерттеу нәтижелерін беру.

4 Баспа беттеріне мақала даярлау; 5. Бейне түсірілім әрі сұхбат жүргізу

Біз үшін Отанымыздың әр сүйем жері қасиетті болып саналады. Азуын айға білеген жыраулардың жалынды толғауларында, жаугершілік замандарда үріккен елдің басына түскен зауалда «Елім-айлаған» азалы жырларда, басына күн туып, ел іргесі сөгілген қаралы көштерде туған, кіндік кескен жерімен қоштасу өлендерінде, қазақтың қара өленінде және ақын-жазушылардың елдік рухты өлтірмейтін үздік туындыларында біздің киелі атамекеніміз әсем де терең суреттелген.

Сараптамалық кеңестің шешімімен қасиетті орындар жалпыұлттық деңгейлі және жергілікті маңызы бар қасиетті нысандар болып бөлінді. Қазіргі кезде жалпыұлттық деңгейлі 186 нысан мен кешендер тізімге енді [1].

Еліміздегі барлық қасиетті нысандар бес топқа жіктелді:

– Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар.

– Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар. Бұл топқа қалашықтар, бекіністер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған ортаға сырлық қалалар к

– Діни және ғибадат орындары болып табылатын орындар. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне түркі дәуірі және ортағасырлардағы, сонымен бірге, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды.

– Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жүздің батыр-билерін жиып, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор орындар алынып отыр.

– Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсарлықты насихаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел жадында өшпес із қалдырған қасіретті орындар мен қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нышандары еніп отыр. Осылайша, қасиетті жерлер мен нысандарды анықтап, өңірлерде жүргізіліп

жатқан ғылыми-сараптамалық жұмыстардың бағыт-бағдарын, дәйектемесін жасау жұмыстары алға қойылды [2].

Ең бірінші мақсатымыз – өзіміздің жерімізді, тарихымызды, рухани-мәдени мұрамызды бойымызға сіңіру, жаңа деңгейде танып-білу. Қазақ халқының ұлттық санасының ерекшелігі сонда – оның өзінің туып-өскен жерін, өнген ортасын кие тұтып, қадір-қасиетін бағалай білуімен құнды. Елдегі қастерлі жерлерді анықтап, тізімге алғанда, олар бізге не береді дегенге келетін болсақ, біріншіден, киелі нысандар біздің ұлтты рухани жұтаңдықтан сақтайтын символдық қалқанымыз және ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек [3].

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында. Осы орайда Шығыс Қазақстан облысында қасиеті ел аузында аңызға айналған киелі жерлер жетерлік. Соның бірі – Тарбағатай ауданындағы есімі ерекше құрметтен аталатын Ырғызбай Досханаұлы тарихи кешені, Абай ауданы, Тоқтамыс ауылынан 18 шақырым жерде орналасқан Қоңыр әулие үңгірі және т.б. 20 жер Шығыс Қазақстанның киелі жерлер қатарына жатқызылды.

Тарбағатай ауданындағы есімі ерекше құрметтен аталатын Ырғызбай Досханаұлы тарихи кешені Мұнда орта есеппен, жыл сайын 5 мыңға тарта адам келіп-кетеді екен. Шығыстың рухани бұлағы, қасиетті де атақты емші Ырғызбай Досханаұлы 1787 жылы туып, 1850 жылы дүниеден өткен. Кесенесі Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданында Тарбағатай тауының теріскей бетіндегі бұйратты құба белде, Ақсуат ауылынан Кіндікті ауылына баратын жолдың бойында, солтүстікке қарай 5 шақырым жерде

Күмісті бастауының қасында орналасқан Бұл кесененің басындағы барлық іс-шаралар мен тазалыққа 2001 жылдан бері Тағабаев Болат Құнанбайұлы басшылық жасап келеді.

Кесенеге қазақ халқына сыйлы Сабуровтар әулеті атынан және алаштың ардақты ұлы Бәделхан Камалханұлы тарапынан 2014 жылы қайта жаңғыртылу жұмыстары жүргізілді. Бәделхан Камалханұлы идея авторы бола тұрып, осы жобаны өзі тікелей іске асырды. Барлық материалдарға Сабуровтар әулеті басшылық ететін «Ағзам» асыл тұқымды жылқы зауыты демеушілік жасады. Ескерткіштің негізгі материалдары болып тұрған қызыл және жасыл гранит тастар 1100 шақырым болатын Баянауыл жерінен тасылып әкелінді [4].

Кесене Сырдария сағасындағы маңдай беттегі кіре берісте екі ойығы бар екі камералы ескерткіштердің дәстүріне жатады. Ескерткіш жоспары жағынан 6,5x6,4 м. болатын тік төрт бұрышты қызыл гранит тастардан өңделіп соғылған. Құрылыс материалдары ретіндегі тастар Баянауыл жерінен тасылып әкелінген. Кесене порталды-күмбезді, екі камералы, болып келеді. Кесененің бұрыштары өлемнің төрт бұрышына қарай бағытталған. Жерлеу камерасына кіреберіс оңтүстік қабырғаның ортасына қойылған. Осы дәлізден жерлеу камерасына кіретін есіктің батыс және шығыс қабырғаларында пішіндері үшбұрышты терезелер жасалған. Кіреберіс бөлменің қабырғасы 2,8x2,0 м, Тас сандықшаның өлшемдері 3x1,2 м. Қызыл мрамордан жасалған «Әулие Ырғызбай» деген жазуы бар қасбеттің биіктігі 3,4 м. Қабырғасының биіктігі 3 м, ал адыңғы екі мұнараның биіктіктері 3,7 м, артқы екі мұнараның биіктіктері 2,4 м. Кесененің күмбезінің төбесінде орналасқан «аймен» бірге қосқандағы жалпы биіктігі 9,2 м. Кесене әшекейлі тас қалауымен безендірілген. Төменгі жағы таған ретінде жасыл түсті граниттан жасалған. Өз кезегінде осы палитра ескерткішке керемет өң береді. Күмбездің жоғарғы жағында жарық түсіп, ауа алмасу үшін жасалған төрт саңылау бар.

Абай ауданы, Тоқтамыс ауылынан 18 шақырым жерде орналасқан Қоңыр әулие үңгіріне ағылушылардың қатары бір толастамайды. Бірі сонау жердің түбінен Қоңыр әулие үңгіріне жанын қинаған дертіне дауа, еміне шипа іздеп келсе, тағы бірі осынау таңғажайып мекенді өз көзімен көріп, тамашалауға асығады. Абай ауданына барған сапарымыз кезінде осынау киелі де, қасиетті жерге біздің де жолымыз түскен болатын.

Нағыз махаббаттың символына айналған «Еңлік-Кебек» ескерткіші «Махаббат мұнарасы» аталады. Бұл билер сотының кесімі бойынша құрбан болған қос ғашық – Еңлік пен Кебектің

зиратына қойылған ескерткіш. Ескерткіштің қазіргі тұрған жері бұрын «Шұбартөбе» аталған. Ол ғасырлар бойы жаугершілік уақытта қарауыл қарайтын, ас пен тойларда бәйгеге қарақшы тігіп, көмбе болатын жиын орын болған. Жидебай қорығы - тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық, экологиялық аймақ.

Мемлекет қамқорлығын аалынған. Семей облысы, Абай ауданы жерінде орналасқан. 1990 ж. Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың 150 жылдық мерей тойы қарсаңында ұйымдастырылды. Қорықтың жалпы аумағы 64 кв. км.

Қорық құрамына Абайдың әдеби-мемориалдық мұражай-үйі, Абай, Зере, Ұлжан, Оспан және Шәкәрім, Ахат, Құдайберді, Ғабитхан молда, Шәукен бай, Еркежан зираттары т.б. тарихи - мәдени ескерткіштер кешені енген. Бұлардың бәрі күрделі жөндеуден өткізілді. Жидебай қорығы. облыстық, республикалық туристік саяхат жасайтын қасиетті орынға айналдырылған [5].

Жидебай – Абайдың ат қонысы. Қарауыл өзенінің жайылмасында жатқан қалың қорық, шұрайлы жер. Жидебайды Тобықты руының Жігітек атасы мекен еткен. 19 ғасырдың орта тұсында Жидебай, Борсықбай, Баракты - аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлы иемденіп, қыстау салдырған. 1850 ж. Құнанбай Жидебайдан 15 шақырым жердегі Ескі Там қонысына медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. Абай 8 жасынан бастап осы медреседе оқып сауат ашқан. 1880 ж. Абай Жидебайда өз қаражатымен жаңадан медресе салдырған. Құнанбай қажы дүние салған соң, 1885–91 ж. Жидебай қонысы Құнанбайдың Ұлжаннан туған баласы Оспанның еншісіне тиген. 1891 ж. інісі Оспан қайтыс болғаннан кейін қыстау Абай иелігіне көшкен. Қазір мұнда ақынның мұражай-үйі жұмыс істейді. Жидебай Еуразия материгінің орталығы, нақ ортасы болып есептеледі.

Қазақстандағы көне музейлердің бірі – Семейдің облыстық тарихи-өлкетану музейі 1883 жылы саяси жер аударылған орыс демократтары Е. П. Михаэлис, М. И. Долгополов, П. Д. Лобановский және қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың бастамасымен құрылған болатын. Сонымен қатар музейдің ірге тасын қалауға А. А. Леонтьев, А. А. Блэк, Н. Я. Коншин В. Н. Филипов, М. И. Суворцев сияқты жер аударылғандар үлестерін қосқан. Музейдің және қоғамдық кітапхананың құрылуына қолдау көрсеткен Статистика комитетінің төрағасы, губернатор А. П. Проценко болды. Әр уақытта музейдің қалыптасып, дамуына ұлы Абай, оның талантты шәкірті, ақын, философ Шәкәрім Құдайбердиев, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтер қолдау көрсеткен. Музей құрылғалы 8 рет қоныс

аударған екен. 1978 жылдан бүгінгі күнге дейін музей 1895 жылдары салынған генерал – губернатор үйінің ғимаратында орналасқан. Революция және азаматтық текетірес кезінде бұл ғимарат «Бостандық үйі» деп аталған. Осы ғимаратта 1917 жылы Алаш қозғалысының басшысы Әлихан Бөкейханов қала тұрғындарымен кездескен. Сол жылы осы ғимаратта қазақтардың бірінші облыстық съезі өтті. Съезде Қазақ автономиясын құру туралы шешім қабылданды [6].

«Киелі жер - ел мұрасы» атты зерттеу жұмысының әлеуметтік мониторингісі

Оқушылар қауымының қатысуымен жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесі ұрпақ тәрбиесінде ерекше орын алатыны анықталды. Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған әлеуметтік сауалнама материалдары осыған дәлел.

Сауалнамаға зерттеу объектісі ретінде №47 орта мектептің 8-9 сыныптарынан 340 респондент қатысты.

1-кестеде респонденттердің «Қазақстандағы киелі жерлер туралы естідіңіз бе?» деген сауалға берген жауаптары көрсетілген.

1 «Қазақстандағы киелі жерлер туралы естідіңіз бе?» деген сауалдың рейтингісі (%)


Диаграмма 1



Рейтинг көрсеткіші бойынша респонденттердің 70%-ы Қазақстандағы киелі жерлер туралы өздерінің хабардар екенін атап көрсетті.

2 «Қасиетті жерлерді насихаттау қажет деп ойлайсыз ба?» деген сауалға респонденттердің 44 %-ы әрине қажет, 25 %-ы мүмкін, 16 %-ы ата-бабамыздан қалған мұра деп жауап берген. Бұдан байқағанымыз киелі жерлер туралы білу, оны насихаттау бүгінгі ұрпақтың рухани-құндылығымызды танып-білуге деген құштарлықтарын көрсетеді.

Диаграмма 2




«Киелі жерлердің болашақ өміріңізге қажеті бар деп ойлайсыз ба?» - деген сауалға респонденттердің 60 %-ы иә, 20 %-ы мүмкін деп жауап берді.

«Киелі жерлердің болашақ өміріңізге қажеті бар деп ойлайсыз ба?» - деген сауалға респонденттердің 60 %-ы иә, 20 %-ы мүмкін деп жауап берді.

Киелі жерлерді қадірлеп-қастерлеу ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміз болғандықтан оның болашақ өмірімізге қажеті бар екенін жауаптарынан көруге болады.

Диаграмма 3



Киелі жерлерді қадірлеп-қастерлеу ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміз болғандықтан оның болашақ өмірімізге қажеті бар екенін жауаптарынан көруге болады.

Қасиетті, киелі жерді анықтаудың түпкілікті мәні – туған өлкеңді тану, түсіну, бағалау, оған деген махаббат-сүйіспеншілікті тереңдету сынды отаншылдық сезімнің оянуын меңзеп, мәңгілік мекен идеясын ұрпаққа сіңіруге қызмет ету болып табылады. Тәуелсіз еліміздің дамуы үшін мәдени рухани жетістіктерді келешек ұрпаққа қалдырудың үлесі зор. Ол үшін бүгінгі өскелең ұрпақтың саналы да, тәрбиелі болып өсуіне көңіл бөлуіміз қажет. Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Біз өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды қалай сақтап жүрміз дейтін болсақ, өкінішке қарай, өте нашар сақтап жүрміз. Кеңес кезінде көптеген ұлттық құндылығымызды «ескінін қалдығы» деген сылтаумен көзін құртпақ болды. Сөйтіп ұлттың өзін жоюға тырысты. Егеменді ел болғаннан бері елжанды азаматтар ұлттық құндылығымызды қалпына келтіруге ниеттенуде. Қазіргі ұрпақтың, ХХІ ғасырдағы қазақ ұрпағының міндеті – экономикамызды дамыта отырып, ұлттық құндылығымызды

қорғап, дамытып, сақтай отырып әлемдік қауымдастыққа кірігу. Егер ұлттық құндылығымызды сақтай алмасақ жаһандануға жұтылып кетеміз. Жаһандануға жұтылып кетпей, президентіміздің алдыға қойған мақсаты «Мәңгілік Ел» болып қалу үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтап, қорғай білуіміз керек. Себебі, ұлттық құндылық – ұлттың тірегі!

Қорыта айтқанда, аталмыш жобаның толыққанды жүзеге асырылуы біртұтас еліміздің ұлттық-рухани тамырынан нәр алған жаңғыру үдерісін қарқындатпақ, ал бұл жас буынның болашаққа сеніммен қарап, нық қадам басуына, олардың бойына қазақстандық патриотизм мен мемлекетшілдік рух сіңіруге қызмет етпек. Тәуелсіздік жылдарында халықтың рухани бағытын өзгерту мақсатында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында көптеген тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртылғаны көпшіліктің есінде. Сол үшін де қасиетті, киелі нысандар – халық жүрегінен мәңгілік орын алады. Ұрпақ дана болса ұлы дала жетімсірмейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аманжолов К. Р. Түркі халықтарының тарихы. А., Білім, 2005. 320 бет.
- 2 «Ана тілі» Ұлт газеті, 2018.
- 3 Бердібай Р. А., Қазақстан, 1996. - 256 б.
- 4 Жұмабаев М. шығармалары жазушы, 1989,
- 5 Сүлейменов О. О. Народная культура-летопись мира // - 1988 - №8, 106-111 б.
- 6 Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. - Алматы: Атажұрт, 2001. 551 б.
- 7 Халық аузынан.
- 8 Интернет сайттарынан.
- 9 Мәдени мұра бағдарламасы, 2008.
- 10 Қасиетті Қазақстан нысандары, 2018.
- 11 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна», 2005.



## МӘШҲҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА ҚАЛДЫРҒАН МҰРАСЫ

КУЧУКОВА Г. А.

Тарих пәнінің мұғалімі, № 35 ЖОББМ, Павлодар қ.

САХИЕВА Д. А.

11 сынып оқушысы, № 35 ЖОББМ, Павлодар қ.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында өмір сүрген «даңқты ақын, атағы жер жарған» деген қосалқы атқа ие болған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларын Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасына орай зерттеу ісі жандана түсті. «Дала уалаяты» газетіне мақала, хат-хабары жиі жариялана жүріп, Мәшһүр-Жүсіп атанған ол, өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Сондықтан, Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығындағы ұрпақ тәрбиесіне тоқталуға жөн көрдік.

Заманның ұлы ойшылы, дін қайраткері, қазақтың білгілі ақыны, фольклортанушысы, ғұламасы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлын алты Алашта білмейтін жан кемде-кем болар.

Дүниені керек қылмай, байлықты мол білім деп ұққан атамыз, шығыс пен батыс ғылымы мен мәдениетін терең меңгерген ғұлама, терең ойлы фәлсафашы. Өрнекті өлеңдері насихат шашқан үлгі мен өнегеге құрылған ақын. Қай ілімін, артта қалған мұрасын алып қарасаңыз әлі күнге дейін мән-маңызын жоймағандықтан, керісінше өмір ағымына қарай құны мен қасиеті арта түскендігін көреміз. Ел балаларын оқытып, ағартушылық, ұстаздық қызмет атқарған. Тұңғыш шыққан кітаптарында халыққа ғылым мен білімді кең насихаттаған, ел санасының оянуына түрткі болған.

Мөшекең қолжазбаларының арасында уақыт безбеніне түсіп, талайлы тағдырға тап келіп, түрлі қиянат, озбырлықтың салдарынан жоқ болып кеткен немесе жариялауға, зерттеп-зерделеуге тыйым салған жылдарда болмаса ғұламаның өмірі, көріпкелдігі мен әулиелігі хақында еңбектер жарияланып келеді. Әлі де жариялана бермек. Өйткені, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің ілім-білімге толы мол қазынасы әлі зерттеліп, оқылып бітпеген. Оқыған, зерделеген сайын тереңіне шым-шымдап тартып, бойлатып әкете беретін ұшы-қиыры жоқ теңіздің тереңдігіндей тұңғыық ілім.

Мәшһүр-Жүсіптің діни фәлсафасына (философиясына) келсек, дінге насихаттау, халықты Аллаға құлшылық етуге, дін жолына түсіп оны үгіттеу, жалпы ұлттық болмыс-бітімді сақтаудың бір

барысы болғаны шындық. «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» атты өлеңінде былай дейді:

Құдайдың шын нансаңдар бірлігіне,  
Ерлердің күш қосындар ерлігіне.  
Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,  
Тілек қыл дін мұсылман бірлігіне [1, 73–74 б.].

Ақын өлең жолдарымен бірлік идеясын ортаға салады. Бұл маңызды тақырып. Өйткені, бірлік тұтасы - дін. Ұлттық бірлігі болса, тіршілік бар екендігі сөзсіз. Алғашқысында ұлттық бірлігі жөнінде ой қозғалса, кейінгісінде мұсылмандық бірлік. «Белгі мұсылманның – ынтымағы», - деген ұран сөздерімен іспеттес ой тастап, жай үндеу емес, тікелей іс-қимылға шақырады:

Ынтымақ, ауыз бірлік қылу үшін,  
Бас қосқан мұсылманның білімдісі.  
Тауып ал, тұман түспей тұстасыңды,  
Жолдас бол, сынап алып қостасыңды.  
Баласы дін – мұсылман ұрандасып,  
Қосыл кісі санына, қос басыңды [4, 64 б.].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының аңыз дастаны «Ібіліс шайтан хикаясы» діни-ойшылдың сопылық ілімін терең біліп сезінетінін аңғартады. Сопылықтың мақсаты - ихсан, яғни адамды толық адам - «инсани камил» (толық адам – Алланың затының, сипаттары мен есімдерінің айнасы) дәрежесіне жеткізу, нәпсінің қамалынан босату, тазалау [1, 76–77 б.].

Нәпсіні тәрбиелеу мәселесі, діндар Мәшһүр-Жүсіптің негізгі шығармашылығындағы тақырыптарының бірі. Дегенмен, Мәшһүр-Жүсіп дін фәлсафасындағы ең маңызды мақсаттарының бірі - «толық Адам» дәрежесіне жету, нәпсінің шаңдарынан арылту, болмыстың сырына жету, Аллаға қауышу:

Бір іске өкінбейсің деп ойласаң,  
Нәпсінің достық айтқан алма тілін.  
Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,  
Міне қалса жортқызып, желгізбей бақ.  
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,  
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ,

– деп нәпсіні тыюға, құмарлық ноктасында кетпеуге шақырады. Нәпсіні тыю үшін ерік, ақыл, ар, таза жүрек, сенім, ерлік керек [1, 78 б.].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Құдайым жексенбі күн Жер жаратты» еңбегінде ойландыратын терең ой – толғамдар, фәлсафалық ой-түйін, рухани құндылықтар туралы деректер берілген. Кез-келген діни

тұрғысынан ойшылдың еңбегін оқысақ, ислам әлемі туралы білімі бір тұншық, өте терең де жан-жақты. Оған күмәніміз жоқ. Тіпті әлемдік дін мәселелерінде тоқталсақ та, олардың хабары жетік. Оған куә болатын діни-ғылыми шығармалары. Жоғарыда аталған еңбегінен үзінділерді дәлел айтылған ойларға дәлел болсын деген ниетіммен келтірмекпін:

Құдайым жексенбі күн Жер жаратты,  
Жер-суды әуел бастан бір жаратты.  
Тау мен тас, ағаш пен шөп, көл мен өзен  
Түріндей текеметтің түр жаратты.  
Аспан-биік, жер-төмен, тау, тас-қатты,  
Ат аяқты болғанда, құс қанатты.  
Заһардан бал, тікеннен гул шығарып,  
Жұма күні жаратты адамзатты.  
Құдіретпен он сегіз мың ғалам болды,  
Бәрі-қабық, маңызы адам болады.  
Құдайдың құдайлықпен қылған ісі,  
Жаралып алты күнде тәмам болды [1, 72 б.].

Ақынның ірі дастаны - «Гүлшат пен Шеризат». Гүлшат пен Шеризат туралы қазақ дастандарына негіз болған парсы хикаятын қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпына негіздеп берген де Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Араб, парсы тілін жете меңгерген Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы бұл дастанда да парсы сөздерін ішінара пайдаланып кетіп отырған. Менің ойымша, бұл кейіпкер әрекетін, бейнесін танытуды мақсат еткен кезде қажеттілік сай ұтымды шығып отырған [2, 45–46 б.].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының тілі жете оқыған адамға жеткізеді. М. Ж. Көпеев «Қыз Жібек» жырын оқып қана қоймай, ел ішіне өз бетінше жырлаған кісі. Махаббат тақырыбы да М.Ж.Көпеевтің қаламынан тыс өтпеген. Әсіресе, элегия жанрына XIX ғасырдың ішінде бірінші барған да М.Ж.Көпеев деп білеміз. М.Ж.Көпеевтің «Лала гүл және махаббат» элегиялық шығармасында:

Ғашықлық бір мырза дүр қатты,  
Құшақтасып ебіспек дүр ғылажи,  
– деп бір қайырып барып тоқтайды да:  
Кел ай сәлік көзің ғибрат билан аш,  
Махаббатсыз кісіден қош болып қаш,  
– деп түйіндейді [3, 291 б.].

Ақынның «Жалқаулар туралы» айтқан өлеңінде, жалқаулықтың адамның желкесіне шықпауы үшін, балалардың талпынып, оқу-білімге құштар болуға шақырған:

Балалар жалқау болмай оқы сабақ,  
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ.  
Айырылса оқу оқып, білгенінен,  
Біз оны деп атаймыз: «арамтамақ!»  
Балалар, жалқау болмай шабан тартып,  
Ілгері ұмтыла бас, күн-күн артып.  
Арқаны кедейліктің-еріншектік,  
Желкеңнен жібермейді мықтап тартып [1, 87 б.].

Қорытындылай келе, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы - заманнан туған дара тұлға, көрнекті ақын, шежіресі, қазақтың халық ауыз әдебиеті үлгілерін жалықпай жинап, олардың бәрін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, ағарту саласының белді өкілі, соңына қазыналы мол мұра қалдырған Алаштың біртуар перзенті. Ол өз халқының тарихы мен мәдениетін, ұлттық рухани құндылықтарын, этнографиясы мен поэзиясын мейлінше жетік білген. Араб, парсы тілдерін меңгерген. Өзінің саналы ғұмырын ағарту саласына арнап, ізгілікті, адамгершілікті, парасат пен терең пайымды насихаттап, дәріптеп өтіп, тер төгіп еңбектену нәтижесінде өз заманының озық үлгідегі, мол рухани қазынасын қалдырды.

Өзі де, сөзі де бөлеп жаратылған асыл бабамыздың жарық көрген шығармаларын ел ішінде таратып, әрі қазақтың жүрегіне жеткізуге жан салу қажет. Өйткені, Мәшһүр-Жүсіп бабамыз, жаны үшін емес, ар-намысы үшін, жанына жиған, жүрегіне мықтап түйген, қазақ даласының мол рухани байлығын болашақ қазақтарға жеткізуге аманат.

Әлі де толық қаралмаған, ақыл зердесінен өтпеген шығармаларын тезірек жарыққа шығаруға ұмтылуды өзімізге парыз деп білейік. Аталы мұраға салғырт қарау қазақи қанға сініп, сүйектен өтіп кеткені жанды қинайды. Әрине, қазақтың біртуар ұлы ақыны бүгін ортамызда. Жаны жанатта болсын! Рухы асқақтай берсін! Қазақ елі тірі де, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы бабамыз тірі болмақ.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында өмір сүріп, таусылмас қазына қалдырған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлына арналған мына бір өлең тармақтарымен ойымды қорытындыласа керек:

Үш жүзге ат ізін сап келген жиһан,  
Таралды қанат жайып жазған қисан.  
Құнына еңбегіннің жете алмайды,  
Жалғанның марапатын түгел жисам.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тұрышев А. Қ., Кәрібжанова А. О., Оралова М. О. «Мәшһүр тағылымы». Жинақ 2 том – Павлодар, 2009. – 72, 73, 74, 76, 77, 78, 87 б.

2 Сүтжанов С. Н. «Мәшһүртану курсы»: Дәрістер жинағы - Павлодар, 2006. – 45,46 б.

3 Сыздықова Р. «Абай шығармаларының тілі» – Алматы: Ғылым - 1968. – 291 б.

4 Өкпеннің Кәрімтайы «Менің естіп білгендерім Мәшһүр-Жүсіптің зираты туралы» // Өкпеннің Кәрімтайы // Сарыарқа самалы. – 1995. – 6 б.

**ДИНИ ТҰЛҒА – ШҮКІР МОЛДА**

МАҒАУ Т. Б.

11 сынып оқушысы, А. Иманов атындағы ЖОББЛМ,

Май ауданы, Баскөл а.

ЕСКЕНДІРОВ Б. Қ.

жоғары санатты дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Кенес дәуірінде талай діни тұлғалар тағдырдың не бір тар жол тайғақ кешуінен өтсе де еш мойымай Алланың ақ жолымен жүріп, халыққа имандылық тәлімін беріп, өнеге көрсетіп өтті. Оларға «бай баласы» деп те, «дін таратушы молда» деп те айып тағып, абақтыға да қамады, «ит жеккенге» де айдатты, жазықсыздан атты да.

Міне, осындай тағдыр тәлкегінде талай қиямет-қайым қиыншылықтарды басынан өткерсе де, алты жасынан намазға жығылып, он үш жыл дін білімімен сусындаған, «бай баласы, молда» деп он жылға сотталса да, «дін таратушы» деп қуғын-сүргінге түссе де, Алланың ақ жолынан таймаған, өмірінің соңына дейін халыққа имандылық нұрын шашып, дінімізді насихаттап, тағылым-өнеге көрсетіп өткен діни тұлғалардың бірі – Шүкір молда.

Оның есімі Май өңірінде ғана емес, облысқа қарасты бүкіл Ертіс өңірінде құрметпен аталады. Шүкір ақсақал Ақбалық хазіреттен бата алған, Салахиден хазіреттен оқыған, Троицкіде діни білімін жетілдірген білімді де білікті әрі халық ортасында аса беделді молда болған.

Шүкір молданы бала кезінен білетін едім, - дейді есімі облысқа белгілі, көпті көрген көнекөз, өңір тарихын жете білетін Нұрғалиев Жұбай ақсақал. - Әкем Троицкіде оқыған ірі молда болатын. Шүкірді әкесі Ахмет сол кісідей білімді молда болсын деген ниетпен көктем

шыға жазғы жайлауға көшкен кезімізде біздің үйге әкеп тастайды. Содан қашан қар жауғанша, қыстаққа қайта көшкенше біздің үйде болып, әкейден дәріс алатын.

Шүкірдің әкесі қатал кісі еді. Алты ай бойы үйіне баруға рұқсат етпейтін. «Балам, оқуың керек. Өміріңе алдымен керегі - білім» дейтін. Шүкірдің әкемнен үш жыл бойы осылай дін ілімін жалықпай ынтамен үйренгенін көзіммен көрдім. Шүкір өте зерек болатын. Әлі есімде, 1927 жылы әкем жетпіс үш жасында қайтыс болды. Сонда кешегі әкемнен дәріс алған жас бала Шүкір ұстазының қазасында молда болып келіп, ақ арулап соңғы сапарға аттандыруға, жаназасын шығаруға қатысты. Сол кезде-ақ оның білікті молдалар қатарына қосылып қалғанын байқаған едім.

Бұдан кейін, кеңес өкіметінің байларды, молдаларды қудалауы, мал-мүлкін тәркілеп, абақтыға жабуы, ұжымдасу деп жұрттың қолындағы малдарын сыпырып алуы басталды ғой. Мұның жалғасы 1931-1932 жылғы ашаршылыққа ұласты. Міне, сол кезде бір жерде ұйытқыдай ұйып отырған қазақтар жан сауғалап, жан-жаққа бытырап көшті. Біз Алтай өлкесіне барып паналадық. Шүкір де қуғын-сүргінге ұшырап, Ресейге кетті, - дейді Жұбай ата.

Шүкір жеті ағайынды болған дейді. Екеуі – ұл, бесеуі – қыз. Қазір солардың ешқайсысы да жоқ. «Байдың баласысын», «молдасын» деп Шүкір қуғынға ұшырағанда аштық жылдары Ресейге қашады. Жолда Шүкірдің әкесі де, шешесі де, апаларының көбі және соңынан ерген жалғыз інісі Көшербай да аштықтан жолда көз жұмады. Шүкір олардың сүйектері қай жерде қалғанын да білмейді. Өлдім-талдым дегенде Новосібір облысына жетіп, жан сауғалайды.

- Біз, - дейді Шүкірмен бірге шет жайлап, тағдырлас болған Асылханов Монтай ақсақал, - сол жылдары Новосібір облысы Ворошилов атындағы кеңшардың екінші бөлімшесінде тұрған едік. Сол кезде Шүкір кеңшардың орталығында болатын. Ол жақта да діндарлар қудалауға ұшырады ғой. Соған қарамастан Шүкір молдалық құрып, дінімізді уағыздап жүрді. Біз тұрған бөлімшеде нағашымыз Қайдаров Қаймолда қайтыс болғанда Шүкір молданы арнайы алдырып, марқұмның жаназасын шығартқанын көзім көрді. Шүкір отырған жерде жұртшылық оның ғибратты әңгімелерін сілтідей тынып тындайтын. Ал шариғатты айтқанда бүкіл адамдарды аузына қарататын. Ол жақта да Шүкір білікті де білімді молда ретінде танылды.

Содан кейін елге оралдық. Шүкір Май ауданы Қызыл еңбек орта мектебінде шаруашылық ісін басқарды. Қайда қызмет істесе де адалдығымен, әділдігімен, мейірімділігімен назарға ілікті. Иmandылық

жолда діни қызметін де атқарып жүрді. Дүниеден озған марқұмдарды ақ арулап, соңғы сапарға аттандырудан да қалған жоқ. Кейіннен біржола дін жолына түсіп, ауданның бетке ұстар молдасы болды.

Шүкір біздің немере ағамыз Құмашев Шаймарданмен Троицкіде бірге оқыған екен. Екеуі құрдас болатын. Кездесе қалса, Шаймарданның үйіне барып, Троицкіде оқыған кездерін еске алып, ұзақ әңгіме-дүкен құратын, - дейді Монтай ата.

Шүкір молда негізінен соңғы бар ғұмырын Кеңтүбек ауылында өткізді. «Дін-апиын» деп молдалардың адымын аштырмай, имандылыққа қадам бастырмай тұрған Кеңес өкіметінің қылышынан қан тамған идеологиясы үстем кездің өзінде әсерлі діни уағызбен, имандылық тағылымымен, тәлімді ғибрат сөзімен халықтың жүрегіне жол тапты. Үйінің екі-үш бөлмесін қосып, кең намаз оқитын жер жасап, шаңырағын имандылық орнына айналдырды. Дүниеден қайтқан адамдардың үйіне барып, марқұмдардың жаназасын шығарып, соңғы сапарға шығарып салудан қалған емес...

Шүкір қандай жағдайда болсын (ауырып жүрсе де) ораза ұстайтын. Ауылда ол уақытта небары төрт-бес адам ғана ауыз бекітіп жүрді. Оның өзін жасырын санайтын. Сонда Шүкір молда «Заман осылай тұра бермес. Халықтың ешкімнен именбей ораза ұстайтын, имандылыққа бет бұратын, дінімізге жол ашылатын кез келеді әлі» дейтін. Құдайға шүкір, бүгінде оны да көз көрді.

- Май ауданына алпысыншы жылдары келіп, қызметке кіріскен едім. Сол кезден бастап Шүкір молданы білемін, - дейді ол кісімен бір ауылда тұрған қадірменді қария Пішенбаев Құдайберген ақсақал. – Мен ауылдық кеңестің төрағасы болдым. Көп жағдайда ол кісімен басымыз қосылып қалып жүрді. Сонда Шүкір ақсақал отырған жерде артық сөз болмайтын. Ол кісі діни терең білімді ғана емес, ғибрат аларлық, тағылым боларлық аңыз әңгімелерді көп білетін және оны айтқанда жұртшылық ұйып тындайтын. «Абайдың имандылық жөнінде мынандай айтқаны бар» деп таң атқанша Абай өлеңдерін жатқа тақпақтайтын. Мұны өз көзіммен көрдім. Ол сөйлегенде халықтың назарын өзіне аудартып, тындаушысын еріксіз баурап алатын. Оқығаны да, тоқығаны да көп ғажайып жан еді. Молдалар оны ерекше сыйлайтын. Шүкір молданың беделі халық алдында өте жоғары болды. Ол партияның дін жөніндегі солақай саясатынан да қаймыққан жоқ. Намазын оқып, құранын шығарып, имандылық жолында күн-түн демей толассыз халыққа қызмет жасады, - дейді Құдайберген ата.

Шүкірдің атасы (Ахметтің әкесі) ірі бай болған екен. «Байдың ұрпағы әрі молда» деп Шүкір қуғынға ұшырайды. Апасы он жылға

сотталып кетеді. Ағайын-туыстары бұл қатерден Шүкірді аман алып қалудың амалын ойластырады. Сөйтіп, бір кедей ағайыны дүниеден өткен Шүкірмен шамалас баласының құжатын береді. Ол кезде құжаттарда сурет болмайтын. Осылайша Шүкір (шын аты Ғабдышүкір) Кеңес өкіметінің кесірінен Мағау Тұрғанбайұлы деген атқа ие болады. Алайда, бұл жалған ат та Шүкірге қорған бола алмайды. Соңына түскен біреулер «Шүкір жалған құжатпен жүр. Ол байдың баласы, әрі молда», деп көрсетіп, Мағау (Шүкір) Тұрғанбайұлы он жылға сотталады. Он жылдың жеті жылын тар жол, тайғақ кешуде жүріп, қиын-қыстау жағдайда өтейді. Бармаған жері, татпаған дөмі қалмайды. Мурманскі, Қазан қалаларында да болады. Шүкір молда түрмеде жатса да, айдауда жүрсе де бес уақыт намазын қаза етпейді, Аллаға құлшылық жасаудан танбайды. Сол қасиетінің арқасында ол өмірінің ақырына дейін өзі өскен Май өңірінде имандылық жолдың қадір-қасиетін танытып, өнеге көрсетіп, жұрттың ыстық ықыласына бөленіп, абырой-құрметке ие болып өтті. Шүкір молда аудан орталығында мешіт салуды армандайтын еді. Бірде «Әй, Жұбай, басқа жерлерде мешіттер салынып жатқан көрінеді. Біз де бір тіршілік жасайық. Осыған мен бас болып, ақша шығарайын, сен қоста. Ауданның әлеуметтік қамсыздандыру бөлімін басқарып отырсың ғой. Қарттардың, зейнеткерлердің бәрін білесің. Солардан ақша жинайық, мешіт салдырайық» деді. Жарайды деп келісіп, өзі бас болып ақша қосып, халықтан ақша жинадық. Сол кездегі аудан әкімі кеңшарлардан 50 мың теңге қаржы жинап беріп, Курчатов қаласы басшыларымен келісіп, мешіттің іргесін қалауға блоктар алдырды. Осылайша аудан орталығында мешіт құрылысы басталды. Қабырғалары көтеріліп болған кезде Шүкір молда «мешіт салынып бітіп, оның имамы болып, алғашқы намазды өзім өткізсем, арманым болмас еді» дейтін. Алайда, ол арманына жете алмады, - дейді Жұбай ақсақал.

Шүкір молда бірыңғай имандылық жолға түскен, дінге шын берілген кісі болатын. Үй шаруасына мойын бұрмайтын. Біреу қайтыс болса, күн демей, түн демей баратын. Ол үйде міндетті түрде қонатын. Қасына екі-үш молданы алдыртып, отыз парадан бөліп алып, түні бойы құранды толық оқып шығатын. Содан соң барып, қайтыс болған адамға құран бағыштайтын, жаназасын шығаратын. Шүкір молда мұны орындауды өзінің парызы санайтын. Сондықтан ол дүниеден өткен марқұмды ақ арулап, соңғы сапарына шығарып салудан қалмайтын. Ал қырқы, жылына баруды міндет санамайтын. Бірақ, халық барлық жағдайда Шүкір молданың келуін қалайды. Сондықтан оның үйде болатын кездері сирек еді. Кейде

балалары «Әке, қайтыс болған адамның үйіне неге қонасыз. Үйге келіп жатпайсыз ба» дегенде, «Мен үйдің адамы емеспін, түздің адамымын. Халыққа қызмет етуім керек» дейтін.

Шүкір молда садақа берген адамдардың тізімін жасап, ол ақшаға қол сұқпайтын. Тізім бойынша түскен садақаларды есептеп, ақшасын түгелдей Павлодар қаласындағы Бижан мешітіне апарып тапсыратын. Тапсырылған ақшаның түбіртегін жинап, әбдіреде сақтайтын. Есеп жағына өте мұқият еді.

Академик Жабайхан Әбділдиннің әкесі Мүбәрак көзі тірісінде «олай-бұлай болып кетсем о дүниеге ақ арулап өзін жөнелтесің» деп Шүкір молдаға арнайы алдын ала тапсырған екен. Жалғыз Мүбарак емес, мұндай тілек білдірген қадірлі ақсақалдар көп болған. Олардың ішінде «көз жұмсам Шүкір молданы әкеліндер» деп тапсырған 105 жасқа келген қадірлі Қарабек ақсақал да бар. Бұл Шүкір молдаға деген үлкен сенім, ерекше құрметтің белгісі еді.

Шүкір молда қартайған сайын «діни білім алуға құштар жастар болса ғой, ізімді жалғастыратын» деп көп ойланатын. Жоғары білімді ұстаз Қайырқанат Болатұлы медресеге баруға тілек білдіріп келгенде қуанып қалды. «Салынып жатқан мешіттің құрылысы аяқталғанша сен оқуынды бітіріп келерсің, мешітке ие боларсың» деп ақ батасын беріп, діни оқуға аттандырып салған еді.

Бұл күнде Қайырқанат Шүкір молданың сенімін ақтап, Павлодар қаласындағы Ақ мешіттің бас имамы болды, Меккеге барып, қажылық парызын өтеп келді.

- Шүкір ата діни білімі терең, дүние танымы мол, Алланың ақ жолымен жүрген адал да, әділ, қарапайым да мейірімді жан болатын, - дейді Қайрқанат ұстазы жайлы.

Айта кететін бір жайт, Шүкір молданың үйінде жаңа жыл, туған күн сияқты мерекелер тойланбайтын. Оның есесіне айт күндері ерекше мерекеленіп өтетін. Айттың бірінші күні бүкіл ел болып, Шүкір молданың үйінде тойлайтын. Ол балаларын да осыған баулып өсірді.

Шүкір молданың бұрынғы әйелінен перзент болмайды. Ол қайтыс болғаннан кейін қырық тоғыз жасында үйленген зайыбы Көкештен тоғыз бала көреді. Қартайғанда көрген балаларын маңдайынан шертпей аса мейірімділікпен мәпелеп өсіреді. Шүкір молда ешқашан ашуланбайтын, балаларына дауыс көтермейтін. Ұрпағын имандылыққа тәрбиелеп өсірген еді.

Шүкір молдадан тәрбие алған, сондай болуды арман еткен шәкірттің бірі – Жұмат Төлебаев. Ол да Меккеге барып, қажылық

парызын өтеп, Шүкір молданың ізін қуып, имандылық жолында жүрген молда.

- Шүкір молда ерекше жаратылған жан еді ғой, - дейді Жұмат қажы. – Ол кісімен талай бірге болдым. Ол кісі сөйлегенде әр сөзінен ғибрат аласыз. Шарифат айтқанда төгіліп кетеді. Бір ойды бір ой қуалап, үзбей үздіктіріп, қызықтырып отырады. Ал енді құранды өте таза оқитын, әр сөзін анықтап айтатын.

Отырған жерде әркім өз шаруалары жайында айта бастаса, «қанша жасармын дейсің, менен ғибратты асыл сөздерді тыңдап қалсандаршы. Көп нәрсе тыңдаусыз ішімде кетеді ғой» дейтін. Шындығында Шүкір молданың іші тұнған тұңғиық шежіре болатын. Ата-бабаларымыздың шешендік сөздерін майын тамызып айтатын. Әйгілі бабаларымыз туралы әңгімелегенде тыңдаушыларын ұйытып отырушы еді. Өз басым Шүкір молдадай болсам деп армандаймын, - дейді Жұмат қажы.

Шүкір (шын аты Ғабдышүкір Ахметұлы) молда 1994 жылы 9 мамырда 83 жасында қайтыс болды. Қадірлеп өткен аудан халқы қазасын естігенде аза тұтып, ақырғы сапарына бәрі жиналды. Облыс өңіріндегі Шүкір молданы білетіндер түгел келді. Халық көп болды.

Сол кезде облыстық «Қазақ тілі» қоғамын басқарып жүрген Жеңіс Мардановтың ұйымдастыруымен Түркиядан келген жоғары діни білімді Миллетхан ұстаз шәкірттерімен келіп, елінің құрметіне бөленген Шүкір молданың жаназасын шығарды.

Тағдырдың тауқыметіне мойынсұнбай, дінімізді насихаттауда жанын аямаған, кеңес өкіметі тұсында, мешіт жоқ кезде үйінің бөлмесін кеңейтіп, имандылық ошағына, намаз оқитын, уағыз айтатын орынға айналдырған, жүрекке жол таба білетін шешен сөзімен де, ғибратты іс-әрекетімен де халыққа үлгі болған Шүкір молдамен жұрты осылай қоштасқан еді. Оның имандылық жолындағы тағылымды тәлімдері ешқашан ұмытылмақ емес.

Бақыт БАЙМҰРАТҰЛЫ  
(«Сарыарқа самалы» газеті, 2007 жыл)

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Б. Баймұратұлы «Діни тұлға Шүкір молда», 2007 ж.
- 2 Д. Аяшинов «Сырым руының шежіресі», 20-23 беттер, 2010 ж.
- 3 Б. Жапарова «Ақбалық хазірет» кітабы, 2018 ж.
- 4 Ж. Тілеке «Молда неге мұнаяды», «Дауа» газеті, 1994 ж.
- 5 Б. Жапарова «Абаймен араласқан Ақбалық хазірет» «Сарыарқа самалы» газеті, 2018 ж.

6 Б. Ескендіров «Ақпатшаға қарсы шыққан Ақбалық», «Шамшырақ» газеті, 2018 ж.

7 Б. Жапарова «Шүкір моллп» кітабы, 2004 ж.

## БЕСІККЕ БӨЛЕУДІҢ БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

МЕЙРАМ Ө., ХИБАДАТ А.

11 сынып оқушылары, № 6 ЖОББМ, Павлодар к.

МАТАЙБАЕВА Ж. С.

ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,  
№ 6 ЖОББМ, Павлодар к.

«Ел болу үшін, бесігінді түзе» – деген нақыл айтып кеткен Мұхтар Әуезов атамыздың бұл бір сөзіне ой жүгіртсең, елдің сапасы сонау бесік тәрбиесімен байланысы зор екенін айтады. Қазақ даналығының алтын қазынасы тіл мен тәрбиеде жатқаны анық. Ғасырлар бойы көшпелі қазақ жұртының өмірден жиған тәжірибесі, бүгінгі күнде Қазақстан Республикамыздың тағдырына үлкен үлесін қосуда.

Бесік – қазақ қауымы үшін аса қастерлі, қасиетті мүлік. Оны адами өмірдің бастапқы ұясы деп біледі. Бесік – көшпелі ғұмыр кешкен бабаларымыздан қалған қасиетті мұра. Қазақта «Есік көргенді алма, бесік көргенді ал», «Бесік көрмеген ессіз болып есікке енеді», «Есік арқалағаннан бесік арқалаған артық», «Төрінде бесік тұрса, төре де бас иеді» деген ұлағатты сөздер содан. Бесіктің бала тәрбиесіне ыңғайлылығы мына жақтардан көрінеді: біріншіден, көшіп-қонғанда түйеге артып жүруге қолайлы, екіншіден, баланы емізгенге өте ыңғайлы. Баланы жүргектен шешіп жатпай-ақ ана бесікке сүйеніп отырып емізе береді. Үшіншіден, дене мүшелерінің, яғни бастың қисық болмай домалақ болуына, аяқтың да түзу болып өсуіне бесікке жатудың маңызы өте зор. Төртіншіден, бесік бала денесінің тазалығына, ұйықтауына қолайлы. Баланың дәреті денеге жайылмай шүмек түбек арқылы кетеді. Денесі құрғақ болса, бала жайлы жатып тыныш ұйықтайды. Ал, бала денесінің өсуі үшін ұйқы аса қажет.

Баланы бесікке бөлеу қазақ халқына тән ұлттық қасиет. Бесік киелі. Бесікке бөленген баланың ұйқысы тыныш, бойы жылы, тәні таза болады. Бүгінгі таңда қазақтың қасиетті бесігі қолданыста жоқ. Ара-тұра көргеніміз болмаса, қазіргі әрбір қазақтың шаңырағында, төрінде тұр деп ауыз толтырып айта алмаймыз. Ата-баба аманатының

бірі киелі бесік ғасырдан-ғасырға жетіп, тек бүгінгі ұрпақтың көзіне оғаш көрініп, қолданыстан шығып қалғаны өкінішті.

Бесік – нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Бесікті Орталық Азия мен Кавказ, Үндістан, Қытай жерін мекендейтін халықтардың басым көпшілігі пайдаланады. Тек әр түрлі үлгіде жасалады Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік көшіп-қонуға ыңғайлы болады. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені арнайы орнатылатын түбек пен шүмек бала дәретін жайылдырмайды. Түбектің түбіне күл салып, жиі-жиі ауыстырып отырады. Шүмек қойдың асық жілігінен жасайды, кейде айрықша аппақ болуы үшін сүтке қайнатып алады. Бесіктегі баланың аяғы, кеудесі қатты байланатындықтан, оның қан айналу жүйесіне керісінше әсер етеді.

Сондықтан баланы бесіктен босатып, қол-аяғын қозғап, арнайы жаттығулар жасайды. Бесікпен қоса құс төсек, жастық, қолбау тізебау, тізе жастық, бесік көрпе даярланады. Бесіктің жер бесік, аспалы бесік (әлпеншек) деген екі түрі кездеседі.

Қазақта бесік қасиетті, киелі құтты мүлік болып есептеледі. бесіктің жасалуы мен басқа да жабдықтарына тоқталсақ: қазақ бесігі талдан, қайыңнан иілсе, бұрышы имек болып, ал қарағайдан жасалса, тік бұрышты болып келеді. Иіп әуелі бесік қазақ бесігінің негізгі түрі. Ең әуелі бесіктің екі басын тұтас қайыңнан, талдан иіп не төрт бөлек қарағайдан қиыстырып доға тәрізденіп жасайды да, оның алрақтарының ортасынан бір шабақ салып, шабақтар үстіне тактай төсеп, оның түбек орнататын жерін дөңгеленіп ояды. Бесіктің доға тәрізденген екі басы дәл төбесінен жіңішке жұмыр арқалықпен біріктіріледі. Бесік бөлшектері бір-бірімен желім, ағаш шегелер арқылы бөрік қиыстырылатындықтан, тербетіп қозғаған уақытта сықырлаған бөтен дыбыс шықпайды. Бесіктің әр басының аяқтарын дөңес табанмен біріктіру, оның зіркілсіз, жұмсақ тербетіліп, баланың мазасын алмау жағын қарастырғандық.

Бесік арқалығы: біріншіден, оның үстіне жапқан көрпені баланың бетіне түсірмеу үшін; екіншіден, бесікті тербету үшін; үшіншіден, оған әртүрлі сылдырмақтар, ойыншықтар іліп тұмарлар тағу үшін аса қолайлы. Бала бесікте ояу жатқан кезде сол сылдырмақтармен ойнайды. Ол үшін оянған екі қолын бос қояды. Көшпелі ата-жұрттың дәстүрін жалғастырушы қазақ халқы бесікті көпке дейін сақтап, бірден бірге мұра есебінде қалдыра береді. Кездейсоқ жағдай болмаса өздігінен оны сындырып отқа жағуға болмайды. Қазақ халқы

көшпелі өмір сүргенімен де әр мүлікті қастерлеп, оларға өзіндік ырым-тиымдар жасайтын болған. Біреулерден ауысып келген немесе жаңадан жасатқан бесікке ең алғаш бөленген бала қайтыс болса, оны ешуақытта пайдаланбайды, бесікті шетінеген баланың қабіріне бірге апарып қояды. Бесіктің екі жақ басында, арқалығында қыздырылған темір басып қарыған таңбалар өте көп кездеседі. Бұл да дінге сену, отқа табынудың бір түрі. Бесікті қару әдеті баланы алғаш рет бесікке саларда, бала әлде қалай ауырып қалған жағдайда жасалады. Көбінесе қыздырылған шүмшеуірмен қарылады.

*Бесіктің құрылысына тоқталсақ, олар:*

1 Арқалық. Ол ұзындығы 70–75 сантиметр, ұстап тұруға ыңғайлы, бесіктің ең үстіңгі көлденең жұмыр бел ағашы. Оны арыс деп те атайды.

2 Жақтау. Ол – төртеу. Екі үлкен жақтаудың ұзындығы арқалықпен бірдей, қос бөгеннің аңғарларын керіп тұратын екі қысқа жақтаудың ені бесік еніне тең.

3 Шабақ. Бұл да – төртеу. Екі бөгеннің аяқтарын қосып тұратын ұзын жақтауларға біркелкі қашықтықта көлденең қашалып бекітілген бесік еніндей тақтайша.

4 Сабау. Ол – екеу. Екі бөгенді қосып тұратын екі ұзын жақтаудың астына түсетін, бесік ұзындығына тең жұмыр ағаш.

5 Жорға. Бұл да екеу. Бөгендердің иілген басына қарама-қарсы бекітіледі, оның астыңғы қыры қайқы – бесіктің табаны. Табанның қайкылығы бесіктің бірқалыпты жеңіл тербелуін қамтамасыз етеді. Бесіктің осы бөлігі – жорғаны казактар табан деп те атай береді. Ұзындығына тең жұмыр ағаш.

6 Тақтай. Бесіктің түбек орналасатын, төсек салынатын ортасындағы бөлігі.

7 Шүмек. Бесіктегі сәбидің кіші дәреті үшін қойдың асық жілігінен бір басы тесіліп, екінші басының төменгі жаны ойылып жасалған түтікше. Кейде айрықша аппақ болуы үшін оны алғаш пайдаланар алдында сүтке қайнатып алады. Қыз баланың шүмегін ескі, көп ұсталып майсінді болған уықтың қарынан (иінінен) жасайды, ойығын үлдікіне қарағанда сәл сопақтау етіп ойған жөн. Шүмек баланың денесіне баптау үшін қырларын тегістеп жылтыратып, зәрді сорып алмауы үшін майға қайнатып алған соң пайдалана беруге болады.

8 Түбек. Сәбиді бесікке бөлегенде жаялығы былғанбас үшін бесіктің ортасындағы тақтайды тесіп орнататын алмалы-салмалы киіз қалта. Шағын шыны құтылар (банкілер) пайда бола бастасымен содан түбек жасалатын болды. Шүмектің ұшы түбекке сұғынып тұрады.

*Бесіктің жабдықтарына:*

Құс төсек, жастық, жөргек, тарпа бау, кепіл, жапқыш жатады. Әр жабдық терең оймен жасалған. Әрқайсысының ерекшелігі мен балаға беретін пайдасы бар.

- Құс төсек -жұмсақ төсеніш. Дәрет жүру үшін арнайы ойығы бар. Баланың денесіне жұмсақ болуы үшін төсейді

Пайдасы: шалқалап жатқан баланың, денесі түзу болады

- Кепіл- түбек маңына төселетін арнайы жастықша. Баланың төнін қажымау үшін төселеді.

- Жастық- бас жағына төсейтін жабдық. Баланың дем алуын жеңілдетеді. Емізгенде қолайлы.

- Тартпа бау- біреуі көкірек, екіншісі тізенің үстінен тартылады. Неғұрлым қатты тартылуы керек

Пайдасы: Тартпа баумен баланың аяқ қолын тартып, бесікке бөлегенде, нәтижесінде денесі келісті болып өседі

- Жапқыш –жұқа матадан тігіледі. Сәбиді күн көзінен, суықтан қорғайды.

Бесіктің көлеміне сай, жұқа матадан тігілген, кестеленген арнаулы жабуы болады. Ол бесікке бөленген жас нәрестені маса-шыбыннан, желден, шаң-тозаннан, күн көзінен, суықтан қорғайды.

Қазір баласын бесікке бөлейтін ата-ана аз. Тіпті «бесік зиян...» дейтіндер де бар. Бұл баяғы кеңестен қалған көзқарас. Кешегі кеңестік дәуірде мединституттың оқытушылары шәкірттеріне бесікті жамандап оқытатын арнайы тапсырма болған. Ол заманда жек көрген нәрсеңзді «ескіліктің қалдығы» десеңіз жетіп жатыр. Дәлелдің қажеті жоқ. Сөйтіп, бесік қолданыстан шығып қалды. Әйтпегенде, жүздеген ғасыр сынақтан өткен бесікті пайдасыз деп кім айтады? Бесіктің пайдасы өсіп келе жатқан ұрпақ үшін ұшан теңіз.

Баланың ұйқысы тыныш болу үшін және жын – шайтанды қуу мақсатымен адыраспанды отқа жағып, түтетіп, баланы бесікке бөлерден бұрын бесікті айналдыра ырымдайды. Кейде бесіктің бел ағашына қыздырылған темір тигізіп, те ырымдайды.

Бесік жыры арқылы баланың тілі ерте шығатынына бүгінде мән бермейміз. Бесік жырын тындап өскен баланың есте сақтау қабілеті жақсы жетілетініне көңіл аудармаймыз. Бүгінгі ұрпақ шешендігінен, әншілігінен, ақындығынан, сабырлылығынан, парасаттылығынан ажырап барады. Бұл да - аландатарлық жай. Біздің елде ауыздан қалмай келе жатқан аңызға бергісіз әрі біздің әулетке қатысты бір әңгіме бар. Ертеректе бір келіншек бесігінен ажырамай жүрген баласын бесікке бөлеп, әлдебір жұмыстарымен шығып кетсе керек.

Отағасы да сырттағы тіршілігімен кеткен. Жолай демалмақ болып тоқтаған бір жолаушы киіз үйдің тұсына келіп: «Кім бар-ау!» деп дыбыс берген екен. «Кіре бер» деген дауысты естіп, ішке кірген жолаушы аңтарылып тұрып қалады. Үйде бесікте ұйқысынан ояңған баладан басқа жан жоқ. «Өреде ашыма бар, өзің де іш, маған да бер» деген екен бала жолаушыға. Қазақтың баласының тілі жатықтығын, ерте шыққанын байқаймыз бұдан.

Бесік жырын көбісі қазақ үйде отырған әжелері орындаған. Әжелеріміздің берген тәрбиесі ананың сүтімен, кең даланың таза ауасымен сәбиге сіңген. Бесікте жатқан баланың шырылдап жылағаны әжелердің мағыналы, сабырлыққа толы жырымен жұбатады. Сәби кезінен әжесі балаға сабырлық, төзімділік, батыр болуға итермелейді.

Баланы бесікке салу дәстүрі.

1 Бесіктің жабдықтарын орын – орындарына қою. Кіндігі түскен баланы бес күннен кейін бесікке салады. Бұл томалаққа жиналған ауылдың көрші – қолаң әйелдері шашуларын ала келеді. Баланы бесікке салардан бұрын ауылдың жасы үлкен, беделді әйелі бесік жабдықтарын орын – орындарына қояды. Содан кейін бесікті адыраспанмен аластап шығады.

2 Адыраспан түтінімен бесікті аластап шығу.

Баланың ұйқысы тыныш болу үшін және жын – шайтанды қуу мақсатымен адыраспанды отқа жағып, түтетіп, баланы бесікке бөлерден бұрын бесікті айналдыра ырымдайды. Кейде бесіктің бел ағашына қыздырылған темір тигізіп, те ырымдайды.

3 «Тыштыртыма» ырымын жасау

Баланы бесікке бөлерден бұрын тыштырма ырымы жасалады. Бесіктің түбек тесігі арқылы бауырсақ, кәмпит және басқа тәтті дәмдер жапа тарамай астына тосылған алақандарға тасталады. Басқарушы әйел, «тышты ма» дегенде, қасындағы әйелдер іле – шала «тыштым» деп шу ете түседі. Әрбір жақсылықты үнемі шашу шашумен қарсы алатын халқымыздың бұл дәстүрі балаға бесік құт дарытсын деген ниетпен туған рәсім.

4 Бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе жабу.

1 – бесік көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тон жабу, жүген және қамшы сияқты бұйымдармен жабады. Тон, шапан жабу ержеткенде халықшыл болуына, жүген тез өсіп, ат үстіне ойнақ салсын. Кебенек пен қамшы – ел қорғайтын ер болсын деген тілек.

Әженің сөзіне сүйеніп бесіктің пайдасы туралы өзіме жаңалық аштық. Бесіктің анаға және балаға пайдасы бар екенін анықтадық.

Балаға беретін пайдасы мол.

Біріншіден – қол-аяғын ербендетіп бос жатқан сәбидің ұйқысы тыныш болмайды. Ұйқысы қанбаған баланың зердесі толық жетілмейді.

Екіншіден – баланың мазасыздығы ананың психологиясына әсер етеді. Бұндай жайсыздық сүт арқылы сәбиге беріледі. Сондықтан бесікке жатпаған бала болашақта сабырсыздау болады.

Үшіншіден – баланы бесіктен шешкен кезде сәби керіліп-созылып, рахаттанады. Денесінің әртүрлі күйде болуы оған демалыс сыйлайды.

Төртіншіден – сәбидің тұлабойы таза болып, тазалыққа бойы үйренеді.

Бесіншіден – бесіктегі баланың денесіне дымқыл, сыз дарымайды. Құрғақ болады. Ол мықты денсаулық кепілі. Әрі қол-аяғы сыптай болып өседі.

Алтыншыдан – бесік белгілі бір ритммен ғана тербетіледі. Баланың жүйкесі бір жүйе, тәртіпке түседі

Жетіншіден – бесіктегі балаға ана әлдиі әбден сіңеді. Қайырымды мінез қалыптасады. Бесік жырын тыңдаған баланың қанына ұлттық қасиет дариды.

Сегізіншіден – бесік сәбиді сырттан келетін кері энергия немесе тіл-көзден сақтайды. Бұлар бесіктің толып жатқан пайдасының бір парасы ғана. Бесікті пайдаланбау арқылы қаншама ұлттық дәстүрімізден айырылып жатырмыз. «Бесікке салу», «Тыштырма», т.б. жоғалды.

Бірақ сонда да жас аналар баланы бесікке бөлемейді. Оның себебін алыстан іздеген жоқпыз. Аналар бесікке бөлемеу себептерін анықтадық.

Олар: Біріншіден, бесікке жатқан балаға ауа жетпейді. Денесін қымтап орап тастаған соң, сәбидің қаны еркін жүрмейді Екіншіден, тұмшалап орап тастаған сәби қатты терлейді. Терлеген соң ол тері ауруларына шалдығады.

Үшіншіден, көп терлеген бала рахит ауруына шалдығуы мүмкін. Төртіншіден, бесікке жатқан баланың қан айналымы дұрыс болмағандықтан басы үлкейіп, аяғының ұршығы шығып кетеді. Қазір екі баланың бірі дисплазия ауруымен ауырады. Демек, бесікке таңылған баланың жамбас буыны ішіндегі сүйек дұрыс жетілмейді деген сөз. Бесіншіден, ағашқа маталған баланың бұлшық еттері дұрыс дамымайды. Бұлшық еті дұрыс дамымаған бала шымыр болып жетілмейді. Алтыншыдан, баланы еркін қойғанды жөн көреді. Баланы аяйды. Жетіншіден, жөргекке ораған тиімді деп санайды. Сегізіншіден, қорқыныш сезім: Бала қараңғыда жатады, емізгенде тұншығып қалады деп ойлайды. Тоғызыншыдан, бесікке бөлеуді білмейді. Бесік зиян деп



айтты. Әжеміздің және жас аналардың сөздері бір-бірімен ұштаспады. Бұл аналардың жауаптарнан кейін менде 2 ой туды. Баланы бесікке бөлеген дұрыс па әлде бұрыс па? Осы сұрақтарға жауап табу үшін, балалар дәрігерімен көріскенді жөн көрдік.

Біз Павлодар қалалық балалар ауруханасының педиатр дәрігерімен кездесуге келдік. Зерттеу барысында туған ойларға көз жеткізу үшін, дәрігерге келген себебімізді айттық. Дәрігер сұрақтарымды тыңдап, жауап берді.

1) Біздің бірінші Сұрағымыз: – Бесік туралы көзқарастар екіге бөлінген. Үлкен қауым бесікті дәріптесе, қазіргі жас аналар неге бесікке қарсы шығады? Әлде бесіктің зияны бар ма?

Дәрігер Жауабы: – Бесік бала денсаулығына қолайлы. Тек дені сау баланы бесікке салған жөн. Бесікте жатқан баланың денесі шымыр болады. Қазіргі жастар осыны түсінбейді. Сәбиіне қарап аяушылық сезімі пайда болады. Мысалы бөпені машинаға отырғызғанда, немесе тамақтануға арналған арнайы орындыққа отырғызғанда қауіпсіздік белбеулерін кигізетінін білесің. Бесік те сол автокресло сияқты, сәби оның ішінде жатқанда қауіпсіздікте болғанын білуі қажет. Сонда ғана, шошымай, тыныш жата алады. Бірақ бесікте 3–4 сағат уақытында бөлеу керек. Бір мезгіл баланың денесін бос жіберген де жөн.

2) Екінші сұрақ: – Оның ішінде бала тұншығып қалмай ма?

Дәрігер жауабы: – Жоқ, тұншығып қалмайды. Бесіктің іші бізге тар болып көрінгенмен, жас сәбиге ол мүлде басқаша көрінеді. Ол бесікте жатқанда өзінің анасының құрсағында жатқандай сезінеді. Өйткені бесіктің іші ана құрсағындай тар және қараңғы. Керісінше бос жатса қол аяғынан шошынып, оянып кете береді.

Дәрігермен сұхбаттасқаннан кейін жұмысымды аяқтауға бел будық. Өйткені маман сөзі, әрқашан шындықты талап етеді.

Халық арасында әлеуметтік сауалнама жүргіздік, сол бойынша зерттеу жасадық: Бесікке бөлеу бала денсаулығына әсер ете ме? деген сұраққа Павлодар облысында көбінесе басқа ұлттар тұрғандықтан, бұл өңірде кейбір қазақтың салт-дәстүрлері сақталмайды, бесікке бөлей қоймайды. Бірақ та бала денсаулығына жағымды әсер ететіні туралы өз пікірлерін айтты.

Қазақтың бесігі жайлы тек қана жақсы дүниелерді айтуға болады. Мәселен, оның көшпелілер өміріндегі пайдасын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Басы иілген, төрт аяғы, астында төсегі, арқалығы бар бесіктер үстіне қанша жапқыш жапқанмен сәбидің жатуына жайлы болған. Бала ешқашан тұншықпаған, ауасы кен

болып тұрған. Қазақтың бесігі баланың өміріне өте лайықты ойластырылып, шебер дайындалған.

Қазақ халқы бесікті киелі деп санаған. Мұхтар Әуезов атам айтқандай «Ел болам десен бесігінді түзе» деген сөзді бекерге айтпаған. Сондықтан жас аналарға киелі мұрамызды жоғалтпайық деп айтқымыз келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл, ISBN 5-89800-123-9, II том.

2 Ғаламтор жүйесі.

3 Бала тәрбиесі бесіктен басталады / Алматы қаласы, 2011 жыл.

4 Өмешұлы Ә. Бесіккее бөлеу зиян ба? / Парасат, № 7.

5 Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері / Алматы, 2004 ж.

#### ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА БӨДЕНЕЛЕРДІ КӨБЕЙТУ

МИРҚОСИМОВА Ш. М.

мұғалім, № 108 Хамза атындағы ЖОББМ, Шымкент қ.

АЧИЛОВА Д. М.

мұғалім, № 108 Хамза атындағы ЖОББМ, Шымкент қ.

ОСМАНАЛИХАНОВ Қ. И.

5 сынып оқушысы, Хамза атындағы № 108 ЖОББМ, Шымкент қ.

*«Бөдене жеген өлмейді.»*

*Халық мақалы*

Сіз білесіз бе? Жапонияда әрбір бала күніне екі бөдене жұмыртқасын жейді. Ресей президенті Владимир Путин де оны күн сайын шикілей ішетін көрінеді. Ал, тарихқа көз жүгіртсек, Шыңғыс ханның өзі жаралы жауынгерлеріне жұдырықтай ғана бөдененің жұмыртқасын ішкізіп, аяққа тұрғызған екен

Асылында, бөдене қазаққа таңсық құс емес. Қырғауыл тұқымдастарына жататын қанатты құс туралы «Бөдененің үйі жоқ, қайда барса, бытпылдақ» деген мәтел бар. Бұған қоса, ол кей аңыз-әңгімелер мен ертегілердің де «кейіпкері». Бұрынғылардың «Бөденедей жорғалап, бақыт келсін басыңа» деп бата беруі тегін емес. Демек, бабаларымыз бұл құстың киелі екенін білген. Қазіргі күні оймақтай шұбар жұмыртқаны сауда орталықтарының сөресінен

жиі кездестіреміз. Шымкент қаласында бөдене өсіру қарқынды дамып келе жатыр.

Менің ғылымы ізденісімнің мақсаты Бөдене жұмыртқасының емдік қасиетін ашу, оның қандай ауруларға ем екендігін айтып отырып, бөдене құсын өсіруге көңіл аудару.

**Бөдене** – тауықтәрізділер отряды, қырғауылдар тұқымдастарына жататын құс. Қазақстанда шөл даламен биіктігі 3000 метрден жоғары таулардан басқа жерлердің бәрінде ұялайды, бірқатары республикамыздың қиыр оңтүстігінде қыстап та қалады. Дене тұрқы 20 см-дей, салмағы 80–150 г шамасында. Ақшыл жолақты кішкене сұр құс. Мекиенінің тамағы ақ, жемсауы мен көкірегі теңбіл болады. Бөдене – жыл құсы, соның ішінде түнде қоныс аударатын жалғыз түр. Бөдене ұялайтын жеріне көктемде ұшып келеді де, қыстау үшін Оңтүстік Азия мен Африкаға ұшып кетеді. Далада, шабындықта, егістікте жерді шұңқырлап, құрғақ шөп төсейді де, 7–20 шұбар жұмыртқа салады, оны мекиені 15–17 күн басады. Бөдене өсімдік тұқымымен және өркенімен, кейде жәндіктермен қоректенеді. Бөдене әуесқой аңшылық мақсатта көп ауланады, сондай-ақ, үйде де ұсталады [1, 168 б.].

Бөдене шалғындықтарда далада егінді далада бұтақтардың астында қалың шоптың ішінде онша терең ем-ес шұңғырға ұя салады. Ұяға құрғақ шоп не мамық қаурысын төсейді. Ұяда өдетте 8-20, кейде 24-ге дейін қоңырлау өзара- қоңыр теңбілді жұмыртқа салады. Ең соңғы жұмыртқаны салғаннан бастап ұрғашысы күн ұясынан қозғалмай басады. Ал еркегі жұмыртқа басуда балапандарды бағып кутуде қатыспайды. Балапандар жұмыртқадан әлсіз қанаттарында қысқа жұмсақ нәзік қаурсындармен мамық жүнімен шығады. Балапандар құрғақ болысымен ұяны тастап кетеді. Жас бөденелер тез өседі бірнеше күннен кейін олар бір жерден екінші жерге секіре алады ал 35-40 күннен кейін бөдене мөлшеріне жетеді.

Олардың мраморды, фараон түрлерін жұмыртқа ет алу мақсатында үй жағдайында да, өндіріс көлемінде де көбейтеді. Үй бөденесінің еркегінің тірі салмағы 110 грамға ал ұрғашысыныңкі 150 грамға жуық. Жапон үй бөденесі 50–60 күндігінде жұмыртқалай бастайды / салыстыру үшін тауықтар 180–210 күннен кейін жұмыртқалайды [2, 204 б.].

Әрбір үй бөденесі бір жылда 300 одан да көп дәмді әрі пайдалы әр бірі 10-12 грамды жұмыртқа туады. Бөдене жұмыртқасын ондіру тауық жұмыртқасынан арзанға түседі, ал оларды көбейту өте тиімді. Сонымен бірге бөдене еті жоғары сапалы диетік

тағам болып есептелегенді. Бұрын Русте бөденеден дайындалған тағамдар тек қана патша тағамы делінетін. Бөдене жұмыртқасы көптеген қоректі заттарымен тауық жұмыртқасынан асып түседі. Салмағы жағынан 1 тауық жұмыртқасына 5 бөдене жұмыртқасы тең онда 5 есе калий, 4,5 есе темір, 2,5 есе витамин В1, В2 көп. Бөдене жұмыртқасында витамин А никотин қышқылы фосфор, мыс, кобальт аминокислоталар ерекше көп. Мысалы; тауық жұмыртқасында ақуыз 55,8 пайыз ал бөденеде 60 пайыз. Бөдене тұқымы адам ағзасы үшін қажет биологик қоспалы заттардан құралған.

Басында балапандар ұя маңайында дүреді соңынан егіс далаларына кетеді. Бұл жерде олар ұшып кетуге дейін шабындықтан-шабындыққа өтіп кунелтеді. Егістік жоқ жерде шалғынды далаларда жүреді. Күзде бөденелер семіріп үшіп кетуге дайындалады. Күзгі жылы жерлерге қоныс аударуы біртте-бірте басталады, солтүстік аудандарда білінбейді де себебі құстар бір бірлеп ұшады. Ұшып кету бұл жерде тамыз қыркүйектің соңында өтеді. Оңтүстік аудандарда ұшу анық білінеді себебі олар топ топ болып ұшады.

Бөденелер бір жылда бір рет толық тулейді. Бөдене негізінде өсімдіктен қоректенетін құс. Өсімдіктің тұқымы мен өсімдіктермен ал жаз уақытында өте көп мөлшерде құрт –құмырсқа және басқа да омыртқасыздармен қоріктенеді.

Жастары алғашқы кезде тек мал азықтармен көбінесе құрт-құмырсқа мен олардың личинкаларын жейді. Біртеп олардың азық рационына шөп-шаламдар тұқымдары мәдені өсімдіктердің төгілген тұқымдары кіреді. Төгілген нәрселер мен зиянды құрт-құмырсқаларды жеп, бөденелер ауыл шаруашылығына пайдасын тигізеді. Кәдімгі бөдене кең тарқалған спорттықда болып есептелегенді. Кейбіреулер оны үйде сән ретінде торда үй құсындай ұстайды [3, 51 б.].

#### **Бөденелерді өсіру.**

Үй жағдайында бөденелерді көбейту үшін жұмыртқаларды жасанды түрде инкубациялайды. Инкубация үшін арнайы дүкендерде кішігабаритті тұрмыстық инкубаторлар системасы сатылады. Оны қолдан жасаса да болады.

Бөдене жұмыртқаларының инкубация дәуірі 17 күн тауықтарда –21 күн. Бөдене балапандарының жұмыртқадан шығу актив болып, 4–6 сағатта аяқталады.

Бөденелерді бір күнде 2–3 рет азықтандыру қажет. Азық су беретін науаларды сырттан торға іледі. Науаларды жиі-жиі тазалап отыру қажет. 100 ұрғашы бөденені өсіру үшін күннен 2,5–3 кг. азық

кажет. Бір айға 90 кг. жұмсалады. Осы уақыт ішінде бөденелер 2200-2300 жұмыртқа салады.

### Ветеринар кеңестері

Кейде үй бөденелері ауырып қалуы мүмкін. Ауруды болдырмау үшін оның алдын алу қажет.

1 Бұл мақсатта әр күні оларға азық бергенде, көріп шығуды ұмытпаңыз. Құстың сыртқы түріне, қауырсындарының жағдайына терісіне, басының қозғалуына, қанаттары мен аяқтарына назар аударыңыз.

2 Сау құстардың белгісі- бұл олардың сіз үйренген әр күнгі жағдайы. Сау бөденелер үнемі белсенді, көп қозғалады, олардың төбеті жақсы. Олардың қауырсыны тегіс, жылтыр таза ашық реңде.

3 Ауру құстардың қауырсындары үрпіген аяқтары әлсіз, отырықшылай береді. Қанат пен аяқтарының қозғалу жүйесінің бұзылуы байқалады.

4 Егер сіз өзіңіздің бөденеңіздің өзгергенін сезсеңіз оның жағдайында ауру белгілері байқалса, ауру құсты сау құстардан оңаша ұстаңыз. Оны бөлек торға не жәшікке жайғастырыңыз. Оған алғашқы жәрдем көрсетіп, ветеринардан кеңес сұраңыз. Егер мүмкіншілік болса ветеринарды шақыртыңыз немесе оған құсыңызды өзіңіз жеткізіңіз. Онымен бірге ауру құстың емдеу жолдарын анықтаңыз, әрі сау құстардың ауруының алдын алыңыз.

### Бөдене жұмыртқаларының емдік қасиеттері

Биологиялық құндылығы жөнінен бөдене жұмыртқалары тауықтың жұмыртқаларын басып озады. Бөдененің бес жұмыртқасы тауықтың бір жұмыртқасының салмағымен тең болса, оның құрамындағы калий мен фосфор тауық жұмыртқасынан бес есе көп, ал темір 4, 5 есе, В және В12 витаминдері 6 есе көп.

Тарихи деректерде бөдене жайында талай қызықтар жазылған. Бөдене еті патшалар мен ақсүйектердің жеңік асы болған, дастарқанынан үзілмеген. Баланың иммундық жүйесін нығайтуға да септігі зор.

Бөдене өсіруді алғаш қолға алған – жапониялықтар. Қазіргі таңда жапон бөденесі, мрамор бөденесі, ағылшын бөденесі, фараон бөденесі атты төрт түрі өсіріледі. Бөдененің жұмыртқасы көптеген сырқатқа шипа. Әсіресе, адам организміндегі темір қалдықтары мен шлактарды тазартады. Бронхалық астма, асқазан аурулары, туберкулез, хроникалық холецистика, жүйке, жүрек ауруларына пайдалы. Бөдене қазаққа таңсық құс емес. Қазақ ертегілерінде де жиі айтылады. Бірақ осы жұдырықтай құстың еті мен жұмыртқасында

осыншама емдік дәрумен бар деп кім ойлаған? Еті холестеринсіз, жұмыртқасы дәрумендігі жағынан тауықтан үш есе құнарлы, амин қышқылы, микроэлементтерге бай.

Бөдененің қалыпты дене қызуы 42 градус болғандықтан, оның сальмонелез, құстүмауы сияқты жұқпалы дерттерге қарсы тұру қабілеті күшті. Сол себепті оның жұмыртқасын шикідей жұту өте пайдалы. Жапония мен Қытай да бірнеше ғасырдан бері оның етімен жұмыртқасын халық медицинасында пайдаланып келеді. Тіпті Жапонияда мектеп оқушысының таңертеңгі ас мәзіріне бөдененің екі жұмыртқасы міндетті түрде енгізіледі екен. Бұл балаларды бөртпемен диатезден құтқарады. Сондай-ақ баланың ойлау қабілетін арттырады.

Бөдене көптеген үй құстары сияқты құнды диеталық етпен жұмыртқаның қайнар көзі болып табылады. Қазақстан да кең тараған Жапон сұр бөденесін XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап АҚШ-та лабораториялық жануар ретінде пайдалана бастады және «Аполлон» бағдарламасы бойынша, космостық зерттеу жүргізуге қатыстырылды. Қарап отырсақ, бөдене өсірудің түк қиындығы жоқ көрінеді. Бөдене жұмыртқасынан 37,8 градус жылылықта 17 күн ішінде балапан өріп шығады. Бұл балапандар 45 күннен кейін әр 16 сағат сайын жұмыртқалайды. Бір жұмыртқаның қара базардағы құны 25-30 теңгеден. Айтпақшы, бұдан бөлек етінде іске асырасыз. Бір жылдан кейін жұмыртқалауы сирейтіндіктен, сойып, етінкөдеге жаратқан жөн. Оны да мейрамханалар таңсық ас ретінде пышак үстінен талап әкететін көрінеді.

Ағзаны жалпы мықтау және иммундық балансты қайта қалпына келтіру мақсатында бөдене жұмыртқасын шикілей ішу керек. 3 жұмыртқа таңертең, 3-кешке 40 күн. Қажет болғанда қайталау мүмкін.

Демікпе /астма/ және аллергиядан бөдене жұмыртқасын шағып, азғана балмен араластырады. Тамақтан 3 сағат алдын 40 күн ішіп, 14 күн үзіліс жасап, тағыда қайтарса болады.

Көтерілген температураны лезде мына рецепт арқылы түсіруге болады: 100 мл араққа 5 шикі жұмыртқаны араластырып бір ас қасық құмшекер қосып араластырып ішіп жіберу керек [4, 79 б.].

Бұындардың қақсауын жұмыртқа шайымен емдеуге болады. 6–8 жұмыртқа сары уызын боліп алып, жақсылап араластырып, кесеге құйып 1 шай қасық көк шай ұнтағын араластырып ішкізу керек. Бұл шай қан қысымын да жақсы түсіреді.

Бөдене жұмыртқасын шикілей, қайнатылған, қуырылған, пешке сусыз пісірілген күйінде пайдалануға болады. Оны түрлі салатқа

коссаныз да өз еркіңіз. Ботқаға, картоп езбесіне немесе сорпаға да қосуға болады. Ең дұрысы, бәрінен пайдалысы – шикі күйінде ішу. Сонда ол өзінің айрықша дәрумендерін сақтап қалады.

Токетері, бөдене еті мен жұмыртқасы сырқат адамның жазылуына, дені сау адам үшін аурудың алдын алуға көмектеседі. Таза, әрі табиғи азықты күнделікті қолдансақ, көп шығынсыз түрлі дертке қарсы тұра алатындай денсаулығымызды нығайтуға болады. Бүгінде «ханның асы» саналатын бұл өнім дүкен сөрелерінде толып тұр. Ендеше, тұтынушылар қалағанынша сатып алуына мүмкіндігі бар [5, 1028 б.].

Белсенділігі орташа ересек адамдар аптасына 6-7 жұмыртқадан көп жеуге болмайды. Ал, күніне 1-2 данадан артық болмағаны жөн. Ал, холестерин деңгейі жоғары және қант диабетіне шалдыққандар 1 жұмыртқадан артық жеуге болмайды. Бөдене жұмыртқасын күніне 4-6 данадан тұтынуға болады. Бала 1 жасқа толмайынша, оған жұмыртқа беруге болмайды. Жасқа толмаған балаларға жұмыртқаның кішкене бөлігін де жеуге рұқсат етілмейді.

#### ҚОРТЫНДЫ

Адам ағзасының ауру-сырқауға қарсы қабілетін күшейтеді, ағзадағы темір радионуклидтерді шығарады екен. Бөдене асырау өте жақсы, қызықты, денсаулыққа пайдалы іс. қанша ауруға ем. Мысық асырағанша өзімізге пайдалы, халқымызға пайдалы іспен айналыссақ боладығой. тұқымын балдарымызға жегіссек, жапонияда бала бақшалардың бәрінде балаларға беріліп тұрады екен. Ал Қазақстанда бөдене шаруашылығы қарқынды дамыса қазақстанның болашағы келешек денсаулығы мықты, өсіп келе жатқан бүлдіршіндердің қолында деп есептеймін.

Қазіргі нарықтық экономика жүесінде бөдене өсіріп, оның жұмыртқасын тұтас сатып, табыс көзіне айналдуруға болады.

Мысалы:

100 бөдене 1 күнде 2,5-3 кг жем жейді. Бір айда орташа 90 кг жем жұмсалады. Сонда 100 бөденеден 1 айда 2200-2300 ге жұық жұмыртқа алса болады. Ал енді табыс жолын есептейлік:

90 кг жем – 2700 тг

2200 жұмыртқа х 15 тенге – 33000 тг

33000 теңге-2700----30300 тг

Сойтып, 1 айда 100 бөдене жұмыртқасынан 30300 теңге пайда алып отбасының материалдық жағдайын жақсартуға болады.

Ғылымы ізденісімді қорыта келе бөдене табыс көзі болумен бірге оның жұмыртқасы мен етінің емдік қасиеттері олардан түрлі

тағамдар дайындау мүмкіндігін айтып осы көпшілік қауымға аз да болса септігі тиіп жатса еңбегімнің зая кетпегендігі деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Д. П. Никитин, Ю. В. Новиков. «Қоршаған орта және адам» Москва, Мир. 1980. - 168 б.

2 М. Д. Пигарева «Разведение переполов», Моска, Колос. 1979. - 204 б.

3 Е. Мәмбетқазиев, Қ. Сыбанбеков. «Табиғатты қорғау» Алматы, 2010. - 51 б.

4 Ә. Нысанбаев «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедиясы Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» редакциясы, 1998. - 79 б.

5 Е. Арын. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: «Биология» Павлодар. «ЭКО» ҒӨФ 2007. – 1028 б.

#### СОЦИАЛЬНО-ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ НРАВСТВЕННОГО ОБЛИКА ГЕРОЯ СОВЕТСКОГО СОЮЗА МАХМЕТА КАИРБАЕВА

МУКАШБАЕВА А. Н.

ученик 7 класса, Областная казахская гимназия-интернат для одаренных детей имени Ы. Алтынсарина, г. Павлодар

Изучение исторических явлений через призму отдельных социальных групп, страт и личностей позволяет решить не только конкретные, подчиненные исследовательские задачи, но и вскрыть глубинные социально-экономические, социально-политические, социокультурные процессы, тем самым ответив на принципиальные, ключевые вопросы хода процесса истории.

Биография любого Героя Великой Отечественной войны, в каком бы ранге он не был: солдат или генерал, летчик или танкист, русский или казах – это живая страница истории.

Мотивом выбранной темы данного научного проекта послужило чувство уважения и признательности к Герою Советского Союза Махмету Каирбаевичу Каирбаеву, к его героическим поступкам. Для меня эта тема особенно актуальна тем, что этот человек – мой земляк, его именем названа одна из улиц моего родного города.

Актуальность данной работы проявляется в нескольких аспектах.

Во-первых, актуальна тема исследования, поскольку изучение особенностей социокультурного облика Героя Советского Союза М. К. Каирбаева непосредственно связано с изучением специфики исторического развития Казахстана в составе СССР в XX в.

Этот период является одним из формирующих этапов новейшей истории, проходя через которые, Казахстан качественно, принципиально модифицировался во всех своих составляющих – от экономики и структуры власти до психологии всего народа и отдельных людей.

Изучение подобных формирующих этапов через призму социокультурного облика личностей, чья жизнь и активная деятельность являются отражением и неотъемлемой частью этих этапов, тем более актуально.

Во-вторых, ее актуальность видится также в создании коллективного портрета «фронтового поколения», определении характерных его особенностей, позволяющих выявить ту совокупность факторов, кумулятивное влияние которых обеспечивало высокую социальную активность этих людей и отмечалось государственной властью присвоением им высшей степени отличия – звания Героя Советского Союза.

Полезна работа будет и для призывников – нового поколения защитников Родины: жизненный путь и боевой опыт Героя Великой Отечественной войны М. К. Каирбаева должен стать примером для подражания, вызывать глубокое уважение у тех, кто готовится стать в ряды её защитников.

В данном исследовании я попыталась провести комплексный анализ социальных, политических и идеологических особенностей времени и общества 30–40-х гг. XX в., в условиях которого формировался как личность сын казахского народа, будущий Герой Советского Союза Махмет Каирбаев. Ведь именно в эти годы он окончил советскую среднюю общеобразовательную школу, получил советское среднепрофессиональное образование. Именно в 30–40-е гг. у него, как и его всего поколения, сформировалось советское, коммунистическое мировоззрение.

Поэтому, я полагаю, что при формировании исторического портрета Махмета Каирбаева, нужно начать с особенностей того времени, на которое пришлось детство, отрочество, юность нашего героя, проанализировать те социальные, политические, идеологические условия, в которых он воспитывался, получал образование.

Становление личности М. Каирбаева проходило в сталинскую эпоху, в условиях жестко централизованной административной системы.

Итак, рассмотрим это время.

В 30-е годы XX в. под влиянием коренных изменений, происходивших в различных сферах общества, стал складываться новый тип личности.

В советской историографии этот процесс рассматривался как процесс улучшения природы человека, воспитания в нем новых качеств – коллективизма, товарищества, самоотверженности, преданности социалистическим идеалам, умения подчинять личные интересы общественным.

Одним из важнейших факторов формирования особого типа личности советского человека являлась официальная идеология, утверждавшая в обществе новую систему ценностей, нравственно-этических установок. Она претендовала на всеобщность, на воплощение истины и исторической справедливости, при этом провозглашаемые ею идеалы должны были приниматься на веру, а их осуществление относилось в область будущего.

Кроме того, необходимое для реализации социалистических идеалов радикальное переустройство общества и человека предполагалось осуществить, используя насилие. В новой системе ценностей человеческая индивидуальность ценилась низко, каждый должен был ощущать себя, прежде всего, участником строительства нового общества, готовым пожертвовать всем ради общего дела.

Несмотря на все трудности, масштабность социально-экономических преобразований 30-х годов рождала в людях чувства оптимизма, сопричастности великой эпохе.

В жизнь вступали поколения людей, выросших при советской власти, искренне преданных ей и готовых защищать ее с оружием в руках. Они верили, что в нашей стране создается самый прогрессивный и справедливый общественный строй.

Для советского общества характерны были готовность принять желаемое за действительное, отрицание критики и сомнений в превосходстве собственной модели развития.

Общественное сознание воспринимало и оценивало прошлое и настоящее через призму жестких дуальных категорий. Деление мира на «своих» и «чужих», на друзей и врагов ориентировало, нацеливало общество на борьбу. «Мы» – первая и единственная

страна социализма, «они» – враждебное капиталистическое окружение, столкновение этих двух миров неизбежно.

Психология жизни в осажденной крепости, ожидание войны, необходимость быть бдительными в окружении многочисленных внешних и внутренних врагов прочно вошли в сознание предвоенного общества.

В массовое сознание, особенно молодежи, внедрялась идея советского патриотизма.

Служба в Красной Армии для молодых людей расценивалась как «почетное право гражданина».

Именно с помощью советского патриотизма на протяжении 1930-1940-х гг. советское социалистическое государство превратилось в «высшую ценность», ради которой шли на смерть и тяжелые испытания. В результате мощного идеологического прессинга советский патриотизм явился основополагающей чертой общества 1930-х гг. В годы Великой Отечественной войны он наряду с личностным героизмом стал главным источником Победы.

Как складывался нравственный облик поколения советских людей, разгромивших фашизм, поколения, откуда вышел Махмет Каирбаев? Как и откуда брались у молодых ребят, у него, пришедших на огневые рубежи, те внутренние силы сопротивления, которые вызвали уважение и восхищение у всех честных людей Земли?

Исследуя связь человека и общества, человека и мира, я постаралась высветить социальные истоки этих связей.

Образ советского человека, солдата в полной мере заключен в понятие «фронтовое поколение».

Великая Отечественная война, пожалуй, как ни одна из других войн XX века, в которых участвовал СССР, выявила специфику психологии отдельных поколений и даже породила особое «фронтовое поколение».

Фронтовое поколение советских людей явилось тем особым социумом, специфическая культурная идентичность которого четко определяется его корпоративностью в отношении индивидуальной и коллективной памяти, связанной с событиями 1941–1945 гг.

Понятие «фронтовое поколение» в XX веке мы прочно связываем с одной конкретной войной – Великой Отечественной. Именно к поколению фронтовиков относится Каирбаев Махмет Каирбаевич.

Повесть Григории Бакланова «Навеки девятнадцатилетние» – это рассказ о молодых лейтенантах на войне.

Им приходилось отвечать и за себя, и за других без каких-либо скидок на возраст. Попавшие на фронт прямо со школьной скамьи, они, как хорошо сказал однажды Александр Твардовский, «выше лейтенантов не поднимались и дальше командиров полка не ходили» и «видели пот и кровь войны на своей гимнастерке». Ведь это они, девятнадцатилетние взводные, первыми поднимались в атаку, воодушевляя солдат.

А самое главное – несли груз ответственности: за исход боя, за составление взвода, за жизнь вверенных людей, многие из которых годились по возрасту в отцы. Как раз к этому поколению 19-летних лейтенантов Великой Войны принадлежал артиллерист Махмет Каирбаев (хотя воевать начал в звании лейтенанта в возрасте 18 лет).

Чтобы осознать в полной мере феномен поколения, на плечи которого всей тяжестью обрушилась война, поколения, к которому принадлежит Герой Советского Союза М. Каирбаев, необходимо обратиться к такому сложному, разноплановому, противоречивому явлению, как общественное сознание советских людей, формировавшееся в обстановке 30-х годов, когда в массовом сознании и в социальной практике причудливо сплетались искренняя вера в социалистические идеи и психология страха, трудовой энтузиазм миллионов и массовые репрессии, вполне реальный советский патриотизм и худшие черты тоталитарного мировосприятия.

Все это плюс ход и характер войны, навязанной нашей стране фашистским агрессором, войны, получившей значение национально-освободительной, всенародной борьбы за выживание целых народов, и сформировало психологию людей, отстаивавших государственную независимость СССР [1, с. 147].

Специфика 30-х-40-х годов XX в., отразившаяся в общественном сознании и сформировавшая его двойственный, противоречивый характер, заключалась в том, что «идеалы Октября», сколь бы ни были они утопическими и иллюзорными, воспринимались сознанием миллионов людей как реальные и вполне достижимые.

Преобразования в экономике страны, проводившиеся новой властью, были на первых порах достаточно эффективными в плане достижения ближайших задач выхода из послевоенной и послереволюционной разрухи.

А так как представлялись они именно социалистическими, близость и осязаемость их осуществления распространялась в сознании и на задачу «построения социализма» в целом, вызывала прилив энтузиазма и преданности новому строю; возвышенность

поставленной цели заставляла мириться с «временными трудностями и лишениями», с «неизбежными издержками» в выборе средств по принципу «лес рубят – щепки летят».

Трагедия, однако, заключалась не в том, что расходились цели и средства, но как раз в соответствии этим иллюзорным идеям их материального воплощения. Иллюзии, начав жить самостоятельной жизнью, приобрели характер материальной силы, агрессивной и опасной. Вместе с тем, человек не мог осознать иллюзорности происходящего, потому что на его глазах происходили гигантские по масштабам изменения (которые он считал социалистическими), создавалось ощущение огромного взлета, грандиозности преобразований в рамках одного поколения [2, с. 276].

Однако, объективно стоявшая перед обществом задача преодоления отсталости и нищеты решалась военно-бюрократическими методами всеобщего огосударствления, предельной централизации и жестоких репрессий, что было оплачено дорогой ценой массового голода, разорения деревни в 30-ые годы [3, с. 127].

Забвение многих норм общечеловеческой морали во имя классовых «интересов пролетариата» формировало извращенные представления об извечных человеческих ценностях и привело в результате к нездоровому раздвоению массового сознания и массового поведения в обстановке, когда «донос как форма исполнения гражданского долга оценивается так же высоко, как воинская или трудовая доблесть, и явно выше, чем самостоятельность, принципиальность, товарищеская верность, обычная честность» [3, с. 307].

Таким образом, судьба М. Каирбаева складывалась под влиянием социально-экономических процессов, для которых были характерны, с одной стороны, всеобщий оптимизм и негибкая вера в идеалы социализма, с другой – массовые репрессии, жесткие волевые решения Системы, «выжигающие» историю, этническую культуру и традиции целых народов.

Махмет Каирбаевич Каирбаев не дожил до наших дней.

В годы Великой Отечественной войны Каирбаев Махмет – командир батареи 712-го истребительно-противотанкового артиллерийского полка 17-й отдельной истребительно-противотанковой артиллерийской бригады 2-й гвардейской армии 1-го Прибалтийского фронта, старший лейтенант.

Его фронтовой и трудовой путь отмечен званием Героя Советского Союза, орденами Александра Невского, Отечественной войны первой (два ордена) и второй степеней, Октябрьской

революции, четырех орденов Трудового Красного Знамени и 20-ю боевыми и трудовыми медалями.

Его имя присвоено улицам в гг. Вильнюс, Шяуляу, Павлодар и с. Актогай Павлодарской области.

Халқымыздың қасиетті санайтын мекендері, ел тарихына қатысты аңыздар айдарында туған жеріміз жайлы әңгіме қозғалғанда әрқайсымыз өз өңіріміздегі киелі жерлер жайлы айтамыз. Кейбіріміз Қоңыр әулие үңгірі туралы ол Баянауылда десек, ал енді біріміз Шыңғыстауда деп ойлаймыз. Ал,шындығында біз бүгін осылай аталатын екі өңірде де бар қоңыр әулие үңгірі туралы зерттеуімізді назарларыңызға ұсынамыз. **І. Баянауыл тауындағы Қоңыр әулие үңгірі.** Шежірелі Баянауыл жерінің көне тарихынан сыр шертетін аяулы ескерткіші – Қоңыр әулие немесе Әулие тас үңгірі Жасыбай көлінен үш шақырым жерде орналасқан. Ертеден бері адамзат баласының анасы – Байананың құт мекені осы жер деп есептеледі. Қоңыр әулие өте көне заманнан Жаратқаннан адамдардың тілек тілейтін орны деп саналған. Үңгір тектоникалық жік түсуден, гранит тасына табиғи сыртқы күштердің (жел, күннің қызуы, су шаю, т.б.) әсерінен пайда болған деседі. Қоңыр әулие үңгірінің қасиетіне табыну – тас дәуірінің көне қатпарларынан келе жатқан адамзат баласының ең көне ғұрыптарының бірі. Үңгір қажылықтың киелі жері саналған. Мұндай табынудың себебі болған – үңгір түкпіріндегі қазан, оның түбіне үнемі су жиналады. Бұл су ауырғанға ем, қасиеті бар деген сөз бар. Қай уақытта болмасын үңгір жанына құдайдан жалбарынып перзент сұраған әйелдер қонған және сәби тілеген армандары шынымен де орындалған. Белгілі ғұлама Мәшһүр Жүсіп бұл жердің киелілігін дәріптеп, «Әулиелердің Алладан пәрмен сұрайтын жері» деп атап кеткен. Бұл – адам мүрдесі жерленбеген табиғи құрылым. Тіпті, XVIII ғасырдың аяғында бұл үңгір жайлы еуропалық және ресейлік патша шенеуніктерінің жазбаларында кездеседі. 1790 жылдары «Оренбургская топография» кітабының авторы Петр Рычков Қоңыр әулиеге болғанын жазады. Сонымен қатар, Шокан Уәлиханов пен Григорий Потанин жазбаларында кездеседі [2, б. 8]. Қаныш Сәтбаев 1920 жылы киелі мекен жөнінде көп дерек қалдырған. Кеңес үкіметі кезінде дінге қарсы науқан жүргізілген кезде де бұл жер аман сақталып қалған. Барлық құқығы қорғалған. Баянауыл тауының батыс жағындағы Аққарағай тауының етегінде орналасқан үңгірдің қалай пайда болғаны жұмбақ. Аңыздың бір нұсқасында Қоңыр деген әулие осы маңда жер бетін топан су басқан заманда өмір сүрген-мыс делінеді: «Алла тағала пиғыл-пейілі бұзылған халықты топан суына қарық қылғанда, өмір бойы өз бастарына пайда іздемей, біреудің жоғын жоқтап, қауіп-қатерден сақтандырып, дамыл алмайтын, отбасын құрмайтын үш ағайынды Нұх пайғамбардың кемесіне мінсек, ауыр болып кетер, қырсығымыз тиер, оған да жасаған жақсылығымыз болсын деп екі тақтайды құрап мініп, суда қалқып

жүре беріпті. Аллаға бәрі мағлұм, аяушылығына алып, су қайтқанда, оларды осы Баянауыл тауынан шығарыпты. Қоңыр әулие қазіргі Жамбақы жеріндегі тауларды мекендегені туралы аңыздар бар. Бұл аңыз әлі де егжей-тегжейлі зерттеуді қажет ететін ғажап мазмұнымен қызықтырады. Бүгін қасиетті үңгір қалың жұртқа сая болып, киелі орынға айналып отыр. Үңгірге көтерілетін баспалдақтардың ұзындығы 110 метр, әрбір 10-15 метр сайын демалуға арналған алаң бар. Үңгірдің жалпы ұзындығы 30 метр [3, б. 5].

Қоңыр әулие шатқалы ерекше қорғалатын аймақ болып саналады. Соныдықтан мұнда жол, құрылыс салуға және электр желісін тартуға қатаң түрде тыйым салынған және туристерге машинамен кіруге болмайды. Себебі табиғи байланыс бұзылады. Өсімдіктің 550-ден астам түрі бар. Бұлан, арқар, елік, қасқыр, борсық сияқты аңдар мен құр, шіл сияқты алуан түрлі құстар мекендейді. Кейінгі жылдары қабандар пайда бола бастаған. Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аймақ болып саналатын Баянауыл ұлттық паркіне биыл 33 жыл. Таудың айналасындағы шаруашылықтар кезінде орманын отап ала берген соң табиғаттың құрып кетпеуі үшін 1985 жылы 12 тамызда парк болып жарияланған.

II Ақтас тауының Шыңғыстаудың батысындағы Қоңыр әулие үңгірі есте жоқ ескі заманнан бері киелі орын саналады. Қоңыр әулие үңгірі – көпшілікке бұрыннан белгілі жер. Ол Семей өңірі, Абай ауданының Саржал ауылы мен Қарауыл селосының арасында орналасқан. Үңгірдің тар аузы Шаған өзенінің жарқабақты жиегінен 80-100 метр жоғары тұр. Негізі үңгірдің оң жағында тар қуыс бар, ол үлкен бөлмеге ұласады. Бұдан солтүстік бағытта үңгір төбесі 2 күмбезді болып келеді де, көлге жалғасып аяқталады. Негізгі бөлменің төрінен көлге шығар жолда бөлме бар. Үңгір ауасының температурасы 10 градустан аспайды. Үңгір, оның ішіндегі көлшік суы қасиетті саналып, ғасырлар бойы елдің тәу етіп, құрбан шалатын жеріне айналған. Қазіргі кезде Қоңыр әулиенің басына келушілерге арнап кісі қабылдайтын кешен тұрғызылып, қонақ қабылдау қызметі толық көрсетіледі. Ел арасындағы аңыз бойынша, Қоңыр әулие үңгірінің пайда болуы былайша түсіндіріледі: «Әлемді топан су басып, Нұқ пайғамбар кемесіне күллі хайуанның тұқымы мінген кезде біразына орын болмай қалады. Құлан, Қыран, Қоңыр әулиелер орын болмаған, соң ағаштан сал жасап, Нұқтың кемесіне тіркеледі. Ағынмен келе жатқан кезде үш әулиенің салы үш жаққа кеткен дейді. Топан су қайтып, тау-тастар көріне бастаған кезде әулиелердің салы үш тауға бөгіліп қалыпты. Қоңыр әулиенің салы ең соңғы болып үңгірге тірелген

көрінеді. Қоңыр әулие үңгірінің түп жағында жылап аққан бұлақ көзі бар. Жұрт оны шипалық қасиеті бар деп ем үшін ішеді. Үңгірге түскен, жалбарына барған адам ауруынан айығады, дүниеге ұрпақ әкелуден үміт үзгендер «Қоңыр әулие» үңгірінің қаранғы жерлеріндегі тылсым күштерден тілек тілесе перзентті болады деп сенеді. Үңгір киелі саналып, адамдардың көптеп баратын ғибадат орнына айналған [4, б. 9]. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, ата-бабалары соғыс кезіндегі үзілістерде осы жерге келіп жараларын емдеген. Қоңыр әулие жайында Сонау 1892 жылы «Витебские губернские ведомости» газетінің №63 санында Қоңыр әулие үңгірі жайында мақала жарық көріпті. Онда бұл үңгір жайында: «Қоңыр әулие – қазақтардың Семей маңындағы әулие үңгірі, онда адам бойындай әйелдің мүсініне тәу етуге көптеген адамдар келіп жатады. Оның айналасында тастан жасалған ұсақ заттар, моншақ және қола мүсіншелер шашылып жатады. Әулие маңында құрбандық шалынады, індет болған жағдайда ауырған мал да осы жерге әкелінеді» деп жазылған екен. Кейіннен «Семипалатинские вести» басылымында Семей өлкесін зерттеуші Виктор Брюхановтың Қоңыр әулиеге жасаған сапары туралы жазбасы жарияланады. 1897 жылдан Семей қаласында тұрған ол Семейдегі қалалық училищенің 5-класын бітіріп, 1900–1904 жылдары Семей облыстық статистика комитетінде жұмыс істепті. 1904 жылы шаруалар бастығының іс-қағаздарын жүргізуші қызметін атқарған В. Брюханов Абаймен бірнеше рет жүздесіп, ақынның балалары, туған-туыстарымен, әсіресе, Тұрағұл, Шәкеріммен араласып тұрған көрінеді. Жалпы, Қоңыр әулие үңгіріне қатысты деректерде, осы үңгір қабырғаларының бірінде Ұлы Абайдың арабша жазылған қолтаңбасы бар екендігі де айтылады. Ендеше Абай бұл үңгірге өзінің орыс достарымен де келуі әбден мүмкін ғой. Бірақ келушілер үңгір ішіне шырақтармен кіргендіктен, ол жазуларды ыс басып, көрінбейтін болған. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының «Өкініште» атты тарауында да Абайдың Петербордан келген Әбішті сергіп, серпіліп қайтсын деп Қоңыр әулиеге жіберетіні баяндалады. Сонда үңгірдің маңындағы қорымдарға тандана қараған Әбішке Абайдың інісі Көкбайдың бір хикаяны баяндап беретіні бар. Ол – Қаракерей Қабанбай батырдың Абылай ханның тапсырмасын орындап, қалай «Дарабоз» атанғаны жайындағы сюжет [5, б. 89–90].

Жалпы киелі «Қоңыр әулие» үңгірі Еуропада үшеу, Семейде, оңтүстік Қазығұртта, Төле би бабамыздың туған жерінде Бадам сарқырамасы, Баянауылда және Жайықта бар. Ал Еуропада Мажарстанда (Карпат), Израль мен Иран шекарасында оны «Ескендір Зұлқарнайын яғни Александр Македонскийдің тәу

ететін жері деп атайды. Соңғысы Түркия жерінде. Осыған орай осындай киелі жерлерге қаражат қарастырылса жақсы болар еді. Даму бағдарламасын жасап туристік маршруттар ұйымдастырып, келген туристтер осы жерлердің ерекшеліктері мен қасиетін жан-жақты білсе нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 С. Молдайып «Қоңыр әулие үнгірі» // Сарыарқа самалы 18 қазан 2018 жыл (№ 12) Б-4.
- 2 Ә. Таукен «Баянауылдың қасиетті жерлері» // Баянтау газеті 21 қыркүйек 2015 жыл (№ 8) Б-8.
- 3 С. Молдайып «Қоңыр әулие үнгірі» // Сарыарқа самалы 18 қазан 2018 жыл (№ 12) Б-5.
- 4 Нұрсадық С. Е. Шыңғыстау тауы: Әдеби кітап – ТНК.: Семей, 2011 - 9 б.
- 5 Хамса Т. А. Абай қолтаңбасы қалған үнгір / Т. А. Хамса // Абай зерттеулері республикалық ғылыми конф. материалдары / СМУ. - Семей, 2005 –Т. 2. – 89-90 бб.

#### ГРАФФИТИ СІТУ

САНСЫЗБАЙ С. Б.

оқушы, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

АЙТМҰХАМЕТОВА А.

оқушы, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Тарихи географиялық себептерге байланысты өңірімізде әлі де болсын, қоғамның ұлттық құндылықтарға деген қажеттілігі зор. Әлемде сәулеті мен сәні, өндірісі мен өмірі, тұрмысы мен тіршілігі үйлескен қалалар көп. Бірі демалысқа, бірі мекен етуге, енді келесісі жұмыс істеп, кәсіп жүргізуге қолайлы. Көркімен көз тартып, жанарынды сұлулыққа суаратын, қарағанда өне бойына рухани ләззат алатын ғимараттар жетерлік. Батыстан бастау алған бұл «граффити» өнері қаншалықты қазақ тарихында, қазақ мәдениетіне, сәулетіне жақын дүние.

Бүгінде қала көшелерінен қабырғадағы ашық та қанық түстермен әрленген көз жауын алар суреттер мен жазуларды жиі кездестіреміз. Біреу оған көңіл қойып қараса, енді біреулер мән

бермей өте шығады. Ал бұл туралы шын мәнінде не білеміз? Батыстан бастау алған көше туындыларын өнер деп бағалауға бола ма әлде еріккеннің ермегі ме? Стрит-арт немесе граффитиді өнер ретінде бағалайтындар да, бағаламайтындар да бар. Әркім әрқилы баға береді. Негізінен «граффити мен «стрит арт» деген не?» деп сұрағандарға нақты бір сөзбен жауап беру қиын. Зерттеушілер ойы жеке тұлғаның өз көзқарасын халыққа жеткізудің альтернативтік түрі дегенге тоғысады. Стрит-арт пен граффитидің тарихын ертеден бастауға болады. Ертеде қабырғаға салынған суреттер мен жазылған жазулар ежелгі Шығыс елдерінде, Грекия мен көне Рим аймағында көптеп кездескен. Ежелгі граффитилер біздің заманымызға дейін 30 мыңжылдықта қалыптасқан деген де ақпараттар бар.

Бірақ, осы «граффити» өнері біздің мәдениетімізге қаншалықты жақын және қала, сәулет өнеріне тигізер пайдасы қандай? Біздің ойымызша, «граффити» өнері бүгінгі сәулет өнеріндегі өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеудің мақсаты: Ұлттық, мәдениетті қала жасаудағы «Граффити» өнерінің пайдасын анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

- «Граффити» өнерінің даму тарихымен танысу;
- «Граффити» өнерінің сәулет құрылысы мен қала көркіне тигізер пайдасын көрсету;
- «Граффити» өнері арқылы қала мәдениетін қалыптастыру;
- Ұлттық нақыштағы граффитидің адам өміріндегі маңызын анықтау.

Зерттеудің гипотезасы: Біз өз жұмысымызда граффитидің қала өміріндегі рөлі мен оның ұлттық тарихымыздың жаңдануына деген маңыздылығын қарастыруды жөн көрдік.

Зерттеу нысанасы: фотосуреттер, граффити

Зерттеу әдістері: Кітаптар, журналдар мен ғаламтордан алынған ақпараттар жинағы; Сараптама, сауалнама.

Зерттеу барысында ұсыныстарымыз:

- Құрылыс, ғимарат және орталықтанған көшелерде ұлттық нақыштағы граффити (сурет) салу;
- Аялдамаларда тарихымыздан орнын ойып алар алып тұлғалардың суреттерін салу;
- Саябақ, көшелерде ұлттық музыкамызды қою.

Граффити (итал. graffiti тырналған, сызылған) ғимарат қабырғаларына, металл бұйымдарға, сауыттарға т.б. жазылған арнау мәніндегі және магиялық тұрмыстық сипаттағы жазулар. Көптеген



елдердегі көне, не орта ғасырлардан қалған қалалар мен елді мекендерде жүргізілетін археологиялық қазбаларда мол кездеседі. Граффити ертедегі халықтар тілін зерттеу үшін, палеография ғылымы үшін маңызды болған. Ертеде қабырғаға салынған суреттер мен жазылған жазулар ежелгі Шығыс елдерінде, Грекия мен көне Рим аймағында көптеп кездескен. Ежелгі граффитилер біздің заманымызға дейін 30 мыңжылдықта қалыптасқан [1].

Граффити өнерінің түрлері:

Граффити салу біреулер үшін – өнер, біреулер үшін – ермек, енді біреулеріне – өзгелердің еңбегін бұзу. Өз алдына тарихы бар бұл өнер түрін шын бағалайтындар аз. Өнер ретінде бағалайтындар граффити суреттері мен жазуларын көше әндері секілді дамып өркендеуге құқылы деп есептейді. Ал бүгінгі күнде граффити өнерінің қандай түрлері бар және оны қандай жағдайда, қай жерде, қалай салатының біле бермейміз. Олардың бүгінде белгілі Writing – эскиздер мен скетчтер. Graffiti Studio. Bombing – экстремалды түрі. Scratching, немесе scabbing – бұл сызаттар олар сіз метрода немесе басқа көлік. Мәнерлер граффити Bubble letter - ағылшын тілінен аударғанда «көпіршік». Көпіршікті граффити [2].



Writing

Bubble letter

Scratching



3D«Стрит-арт»

Күллі әлемде өнердің жаңа, жарқын түрі ретінде танылған граффити туындылары, бүгінгі күні біздің елімізде де, жастар арасында ыстық ықыласқа бөленіп келеді. Қалаға ерекше көрік беріп, оны нұрландыра түскен, қабырғаға шебер салынған суреттерді ұнатпайтын жан кемде-кем [3].

Қаланың көркі бұл әсем де, зәулім сарайлар екені анық. Әр қаланың мәдениетті жерлері, қоғамдық орындары, саябақтары бар. Ал, бұл орындар қаншалықта қала көркіне сай немесе өскелең ұрпаққа қандай қырымен таныс. Адам психологиялық тұрғыда есте сақтау қабілетінің ең бір маңызды мүшелірі бұл бізде құлақ анализаторы мен көру анализаторлары.

Көру анализаторы - көру талдағышы ең жақсы дамыған құрылым. Оның қызметі нәтижесінде организм қоршаған ортаны бағдарлап, айналасындағы заттардың түсін, пішінін, көлемін және оларға дейінгі ара қашықтықты ажыратады. Эволюциялық даму барысында көру мүшесі жарық пен түсті ажыратуға бейімделген.

Көз - оптикалық жүйе. Жарық адамдардың айналадағы нәрселерді көруіне мүмкіндік беретін энергияның бір түрі. Алайда көру арқылы ғана біз қоршаған әлемді танимыз. Көру мүшесі – біздің көзіміз.

Есту анализаторы - адам есту мүшесі арқылы қоршаған ортадан әр түрлі дыбыстарды қабылдап талдайды. Есту мүшесі дыбыстарды анықтап ажыратуға көмектеседі. Адамдармен сөз арқылы қарым-қатынас жасайды. Еңбек майданында да есту мүшесінің алатын орны ерекше. Есту мүшесі дыбыс пен тепе-теңдікті сезеді. Анализатордың шеткі бөлімі – құлақ, ол сыртқы, ортаңғы және ішкі болып бөлінеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Культурные связи степных народов предтюрокского времени (по материалам Тепсейских и Орлатских миниатюр) // Северная Евразия от древности до средневековья. – СПб., 1992. – С. 212.

2 Бардавелидзе В. В. Древнейшие религиозные верования и обрядовое графическое искусство грузинских племен. – Тбилиси, 1957. – 305 с.

3 Балерке Әсілхан, Ғайнижамал Арыстанбек «Ақ желкен» журналы, № 8 Тамыз 2018 жыл.

## ЕМШІЛІГІН ЕЛ ТАНЫҒАН ҮМІТ АПА

СЕКЕНОВА М. Ж.

тарих пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы  
№ 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

АБЫЛГАЗИНА Т., САФИТХАН Д.

6 сынып оқушылары, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы  
№ 10 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Арғы замандардан бері аттың жалы, түйенің қомында ғұмыр кешкен халқымызда емшілік кереметтей-ақ дамыған. Өзінің табиғи қабілеті мен тәжірибесіне сүйеніп, әр түрлі ауруларды емдеумен айналысатын адамдар ел арасында ерте кезден-ақ аз емес және ең қадірлі адамдар қатарында болған. Әрине Кеңестік атеистік дәуір емшілікке, халық медицинасына қарсы болып, қуғынға салып, адамдардың бойында күдік ұялатып, оған барар есікті тарс жауып қойғаны белгілі. Десек те, тылсым қасиеті бар емшілікпен байланысты таң қаларлық оқиғаларға халық куә. Солардың бірі тұлғасы биік, талай жандарға емі шипа болған, Керекү өңірінде, Жамбыл ауылында тұрған халық емшісі, ел арасында Үміт апа деп аталған Үміт Ақтанқызы Сұбатылова. Алладан қасиет дарыған Үміт апаны сірә естімеген кісі жоқ шығар. Оның әкесі Ақтан өте қарапайым, ел арасында сыйымды болған деседі. Анасы Кенженің көріпкелдігі бар, көрші-қоланның балтыры сыздап ауыра қалса емдеп, емші атанған құмалақшы болыпты. Большевиктердің тырнағы Апаның да отбасына тиіп, 1932-1937 жылдары аштық кезінде Алтайға көшіп бас сауғалайды.

1937 жылдың ызғары әкесі Ақтанға да әсер еткен болар, ол ерте дүние салады. Жетім қалған кіші қызы Үміт пен үлкені Мәнзурасын аналары Кенже жалғыз өзі тәрбиелеп күн кешті. Ал сұрапыл соғыс басталған жылдары екі қыз аналарынан айырылды. Ата-анадан ерте қалған Үміт пен Мәнзураға күн көру оңайға түспеді.

Анасының емшілік қасиеті дарыған Үміт апа бірде мынадай түс көреді: анасы алыстан байыппен сөйлеп: Үміт айналайын есінді жый, менің емшілік қасиетім өзіне енді қонды. Алдына келген адамдарды емдеуіңе болады. Алдымен ана төсекте тапжылмай жатқан ененді таяқтың сүйеуінсіз тұрғызып жүргізесің, – дейді де жоқ болады. Үміт апа төсекте жатқан енесін таяқсыз тұрғызып жүргізеді.

Бірде дәрігерге көріне алмай жүрген құдасы, ауырып үйлеріне келеді. Оны да Үміттің өзі емдеп, құлан таза жазады. Содан бастап Үміт апа ақырын-ақырын өзіне келген науқастарды жасырын емдеуге көшеді. Ол кезде емшілерге жол ашылмаған кез. Талай рет

қудалауға түскен кезі де болды, бірақ аққа қара жұқпайды, оның аңыз болған емшілік қасиеті ел-елді аралап, тіпті Павлодар өңіріне кеңінен танымал бола бастайды.

1985-1986 жылдары республикамызда, облыс өңірлерінде емшілердің ассоциациясы, орталықтары, филиалдары ашыла бастады. Есімі елге танылып қалған емші ретінде Үміт Ақтанқызы Сұбатылова өзінің емшілік қызметін 1986 жылы бастаса да емшілердің орталығына тіркелмеген еді. Ол республикалық емшілердің орталығы болып есептелетін Павлодардағы филиалына 1991 жылы халық емшісі ретінде тіркеліп, олардың қойған бар талабын орындап, емшілердің тексеру тестінен өтеді. Барлық параметр бойынша емшілік қасиетінің ең жоғарғы дәрежедегі халық емшісі деген бағасын алады. Сол 1991 жылы 3-ші ақпанда Павлодар ауданының Жамбыл ауылында Республикалық дәрежедегі халық емшісі Үміт Сұбатылованың емдеу орталығы заңды түрде ашылды. Жаңадан салынған, жан-жақты жабдықталған орталықты өзі қаржыландырды. Одан кейінгі үш жыл ішінде 70 орынды науқастар үшін жатақхана, емделушілерді қабылдайтын орталық, монша, асхана салынды. Алыстан автокөлікпен келгендер үшін автотұрақ та жұмыс істеді.

Алғашқы 1991 жылы бір жылда 10200 науқас қабылданса, 2002 жылдары күніне 200-400 адам емделуге келді. Орта есеппен жылына 30-35 мың науқас емделіп қайтқан екен. Үміт апа негізінен науқастарды мумие, бал, қызыл май немесе облепиха, спирт, қойдың майы және шөптің 12 түрімен емдеген екен. Науқасына қарай кейде дәрі-дәрмек те жазып берген [1, 15 б.].

Үміт апаның балалық шағы мүлде болмаған. Аштық жылдары мен соғыстың ызғарлы ауыртпалығы оның мектепте білім алуына кедергі жасайды. Дегенмен мектеп табалдырығын мүлдем аттап көрмеген оның өмірден алған тәжірибесі мен білімді білгірлігіне, ұйымдастыру қабілетіне шек қоя алмайсын.

Бір кездегі коммуна болып бірлесіп атқарған жұмыстарды 90-жылдары Үміт апа өз басынан кешірді. Сол жылы әр жерде ауыл тұрмысы төмендеп, көпшілік мезгілінде айлығын, зейнетақысын ала алмай дел-сал болды. Жұмыссыздық пен жоқшылықтың дәмін татты. Осындай қиын қыстау кезде ауылдастарына көмек беріп Үміт апа қайырымдылық жасады. Егін салған кезде тегін жанар-жағармай босатып, ауылға мезгілінде жарықтың беріліп тұруына жағдай жасады. Күн көрісі төмен адамдарды азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұрды. Науқас адамдардың әрбірі аурумын деп қарап отырмай Үміт апамен бірге еңбектенді. Медицина орталығының жанынан жер алып бау-

бақша екті. Маусымдық жұмыстарға ат салысып, қысқа дайындық жасады. Сондай-ақ Үміт апа жетім-жесірлерге де қайырымдылық жасаған, Павлодардағы жетім сәбилер мен балалар үйінде жиі болып, оларға азық-түліктей, киім-кешектей көмек көрсетіп келген. Ауылында жұмыссыз қалған адамдарды өзінің жеке меншік медициналық орталығына алып, оларға да жұмыс тауып беріп, олардың бірі завхоз болса, екіншісі мөнша жағумен, бірі жүргізуші, бірі есепші, бірі наубайханашы, бірі кассир болып қызмет еткен.

Үміт апаның жұбайы Рахметолла кезінде мал бағып, комсомолдық жоспарды орындап озық еңбек үлгісін көрсеткен, тіпті Дінмұхамед Қонаевпен кездескен екен. Сұбатыловтардың отбасы ауылда тұрғындар мен науқастар үшін жеке меншік мешіт салдырған екен. Мұның өзінде бір керемет сыр жатқандай. Науқастарды имандылыққа баули отыра еңбекке де құлшынтуы оның ерекше қасиетінде деуге болады. Мешіт жанынан ауыл балалары үшін медресе ашқан. Жастардың иманжүзді, тәрбиелі болуға баули отырып, жұма намазы күні оларға насихат айтқызып, жаңа үйленген жастардың некесін қиюға мешітте қидыруға мүмкіндік жасаған. Сол ауылдың тұрғыны Үміт апада медбибі болып қызмет атқарып жүрген Алтын Жарықбасованың айтуынша Үміт апа көшіп келгенге дейін ауыл тозған, жастардың көбі жұмыссыз, ішімдікпен айналысып, ұрлық-қарлық жасайтындар көп болған. Дегенмен санасы барлар Үміт апаның халыққа жасаған игілігін түсініп, жаман қылықтан аулақ болып, ерекше бір талпыныс жасаған. Ал санасына жетпегендермен Үміт апа өзі сөйлесті, қажет деп тапқандарды емдеді [1, 40 б.].

Ауыл жастары үшін және емделуге келген қыз-жігіттерге арнап Үміт апа әр түрлі кештер ұйымдастырып, өнерлі деген жастардың басын қосып, ансамбль құрып, кешкілік ауылдағыларға және науқастарға арнап концерттік бағдарлама әзірленуіне араласып жүрген. Ауылдағы барлық мерекелер мен тойлар Үміт апасыз өтпеген.

Үміт Ақтанқызына Қазақстан өңірінен ғана емес, Ресейдің -Новосібір, Омбы, Тюмень, Екатеринбург, Хабаровск, сонау Владивосток пен Оңтүстік Сахалин жерінен, Өзбекстан, Қырғызстан мен Татарстан, Германия мен Ираннан да келіп емделген екен. Негізінен оған енді дәрігерден көмек жоқ, науқасы асқынған, өлім мен өмірдің екі арасындағы науқастар келген екен. Үміт апа ісік ауруы бар, асқазан, өкпе, бауыр, бүйрек ауруымен сырқаттанғандарды, сәби сүйе алмаған әйелдерді емдеген.

Үміт апаның қанша адамдарды емдеп көмектескені жайлы бір мақалаға сыйдыру әрине мүмкін емес. Соның ішінен біраз мысалдар

келтіріп көрейік: 90-жылдары Павлодардағы қазақ музыкалық драма театрының сол кездегі директоры Бектас Тапалшинов науқастанып, дәрігерлерден көмек болмай, қатты қиналып, Үміт апаға қаралып, сырқатынан жазылған екен. Тағы бір мысал: Павлодардағы ет комбинатының директоры, кейін «Ертіс» акционерлік қоғамының президенті болған Зәуре Малғажарқызы ұзақ жылдардан бері кішкентайлы бола алмай, дәрігерлерден күдерін үзіп, апағы келіп қаралған екен. Кереметі осында, Зәуре перзент сүйген, алғысының нәтижесі, Үміт апаның медициналық орталығына арнап автокөлік қоятын гараж салып берген екен.

Айта берсек мұндай мысалдар көп. Алғыс кітапшасына үнілсеңіз, мыңдаған адамдардың сырқатынан айыққандықтарының, жүздеген келіншектердің кішкентайлы болғандықтарының куәсі боласыз. Үміт апаның кереметтігіне, оның қасиетіне бас иесіз.

Таңның атысы, күннің батысы келген науқастарды қараумен бірге ауылдағыларға да көңіл бөліп, әсіресе ауылдағы жұмыссыз жүргендерге ақыл-кеңесін беріп, арақ-шараптан, темекі мен нашадан сақ болу жайында тәрбиелік мәні бар сабақ өткізеді. Тіпті екі жас келіспей жатыр дегенін естесе, оларды алдына шақыртып алып, ақылын айтып кеңес беріп отырған екен. Осының бәріне апа қалай уақыт тапқан, таң қаларлық.

Апа қаншама адамның алғысына бөленген жан, оған арналған естеліктер де, өлеңдер де аз емес:

Үміт менің, апам деймін күбірлеп,  
Қасымнан ол табылғандай күлімдеп.  
Сиынамын апажаным, пірім деп,  
Айтатұғын апам жайлы сырым көп.

- О, Апа! Тәңір берген емшімісің,  
Жарқырап көрініп тұр мерейлі ісің,  
Мың жылға жетсін деп біз тілеп жүрміз,  
Халқыңды қолдайтұғын ерен күшің!

Апаның жолын қуған шәкірттері де бар. Соның ішінде Нелла Ягнышеваға тоқталсақ, Үміт апа оны екі жыл емдеп, жазып шығарумен қатар, ақын, емші әйелдің бойындағы емдік қасиетін де көріп ашқан. Қазір бұл кісі де емдейді, оның үстіне оның шығарған өлеңдерінің ірбір жолы шипа, адамға әсер етеді [1, 49 б.].

«Ведь мы лечимся здесь и казах, и татарин,  
Украинец и немец, бурят и якут,  
Всех, как мать, приютила,

По чинам не делила.»

...Сколько же с того света за все годы вернула.

Скольким жизнь подарила как будто цветы - деген өлең жолдарынан Апаның қайырымдылығын, емшілік құдыреттілігін анық байқауға болады [3, 32 б.].

Емделген адамдардың ішінде Апаны көрмесе де, түсінде көріп іздеп барып емделген жайттар да болған. Оған куә, біздің мектепте 10-сыныпта оқитын Милана деген қыздың анасы қатты қиналып, дәрігерлерден көмек болмаған кезде, түсіне Үміт апаның ақ үйі кіріпті, сол үйді іздеп Үміт апаға барғанда, Үміт апа оны тосқанын айтып, үшкіріп, батасын берген екен, содан анасы жазылып кеткен дейді. Біздің аналарымыз, әжеміз ол кісіні жақси таниды екен. Бұл мақаланы жазған себебіміз, Үміт апаны өлекелік тұлғалардың қатарына қосып, лайықты орнын берсе екен дейміз. Біз осы тақырыпты қызығып, айналысқан кезде дерек аздың қасы еді, тіпті Керекү өңірінің энциклопедиясынан таба алмай таң қалдық. Үміт апаның өңірімізде алатын орны ерекше екенін айтпасақ та белгілі. Қазіргі таңда оның ізін қызы жалғастыруда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Фалия Балтабай, Байтұяқ Жанымбет Емші күдіреті. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2002 ж. -112.

2 Ф.Құсайынқызы Үміт апа // Астана, 2004, қыркүек-қазан № 5, 57-59 б.

3 Мейрам Ермекбайұлы Апа–Павлодар: НПФ «ЭКО», 1999, - 64 с.

4 «Қасиет дарыған Үміт апа» // Қазақстан әйелдері - 2003. № 8, 14-16 б.

5 Аул имени целительницы // [www.caravan.kz/gazeta/aul-imeni-celitelnicy-58045/](http://www.caravan.kz/gazeta/aul-imeni-celitelnicy-58045/)

#### ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ БАС КИІМДЕРІ «ЖАУЛЫҚ» ЖӘНЕ «КИМШЕК»

СЕРІКБАЙ Н.

9 сынып оқушысы, Баянауыл ауданы

АХМЕТОВА Б. Б.

жетекші, тарих және география пәнінің мұғалімі,

С. Торайғыров атындағы ЖОББМ

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында  
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Туған жердің тарихын білген және

оны мақтан еткен дұрыс», сонымен қатар «туған жерге, оның мәдениеті мен салт – дәстүріне айрықша інкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», - деп жазды.

«... халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты.» - деді Елтабы. Ендеше бұл жұмысымының «өткені» мен «бүгінінің» деген сөздерге сүйеніп, қазақ халқының әйелдеріне арналған ұлттық бас киімдері «жаулық» және «кимешектің», тарихын біліп «ертедегі» және «қазіргі» кезде қолданылатынын қарастыру маған өте қызықты болды.

Қазақ халқының ұлттық болмысы өзіне тән оқшау қалыппен сақталып, өзге ұлттардан дараланып тұратындығымен ерекше. Сол қатарда халқымыздың бай тарихи дәстүрге ие ұлттық киім-кешек мәдениетін де атауға болады.

Қыздардың құндыз, көмшат терісімен жиектелген бас киімдері «көмшат бөрік» деп, алтынмен кестеленгені «алтын бөрік», маржандармен әшекейленгені «қалмаржан бөрік» деп аталған. Тақия – барқыттан немесе қамқадан тігілген жаздық жеңіл бас киім. Үкінің үлпек қауырсынымен, күміс және алтын кестелермен әшекейленеді. Сәукеле – әйелдердің бас киімдерінің ішіндегі ең сән-салтанатымен ерекшеленетін, қыздардың тұрмысқа шығардағы бас киімі. Төбесі үшкірленіп, биік етіліп тігілетін ол алтын және күміс тиындармен, інжу-маржандармен, алқалармен безендірілді. Сәукелені ұзатылатын қыздар және сол қызға еріп жүріп сынсу айтатын нөкерлер киген. Қалыңдық күйеудің еліне барғанда да сәукелесімен барған. Келіншек оны той өткенше киіп, той өткен соң желекті жаулық киетін болған.

Кимешек – қазақ әйелдерінің киелі бас киімі. Әдетте кимешек ақ матадан немесе ақ жібектен молдау пішіліп, адамның басын, иығын, кеудесі мен жаурынын жауып тұратын етіп тігеді. Кимешекке қарап әйелдердің жас мөлшерін, тұрмыс-жайын анық ажыратып алуға болады екен. Әйел адамның ұқыптылығы мен салақтығы да кимешегінен аңғарылып тұрған. Кимешектің түрі мен тарихи тұрпаты сан-алуан. Олар көбіне рулық-тайпалық өмір ерекшеліктеріне байланысты.

Кимешек әшекейсіз болмайды. Әшекей орнына алтын, күміс, лағыл, шырымтал, меруерт секілді металл және қымбат бағалы тастар қолданылған. Әрине, олар да әйелдің жас мөлшеріне, алеуметтік орнына орай тағылған. Кимешек пен оның алдыңғы өңірі ою-орнексіз болмаған.

Кимешектің егде және қартаң тартқан әйелдер киетін қарапайым түрлерін шылауыш, күндік деп атайды. Аса қарт бәйбішелер шалма да киген.

Әйелдердің ақ матадан жасаған бас киімінің жалпы атауы – ақ жаулық. Ақ жаулық апаларымыздың ақ ниетінің, иманжүзділігінің, кіршіксіз, адам табынарлық мөлдір мінезінің де белгісі еді.

Бүгінгі күні осы мәйекті дәстүріміз солғындап, ұлттық киімдер күнделікті өмірде қолданыстан жырақтап, оны заман өзгерісімен сирек пайдаланатын болдық. Десе де, ұлттық киім-кешек мәдениеті халқымыздан мүлдем ажырап, ұмыт болып, тарих қойнауына сіңіп жоғалып кеткен де жоқ. Ел арасында ұлттық болмысымызды қастерлейтін ақ жаулықты әжелеріміз әліде болса бар. Сондай-ақ, елдік мереке-мейрамдарда ұлттық киімдерді киіп шығып мереке тойлау дәстүрі де жалпыласып келеді. Біз қазіргі күні ұлтымыздың дәстүрлі киім кию мәдениеті арқылы ұлтты тәрбиелеуге болатындығын білгеніміз жөн. Бұның қоғамда белең алған халқымызға жат батыстың Хиджаб киетін қазақ қыздарына берер тағылымы мол.

Ежелгі қазақ дәстүрінде қыздардың құқықтарына шектеу қоймаған, еркін өсірген. Боз балалармен бірге олар ұлттық ойындарға қатысып, музыкалық аспаптарда ойнаған. Күнделікті өмірде қазақ қыздары ешқашан бетін жабатын киім киген емес. Бет пен шашты қарамен жабу қазақ әйелдерінің табиғатына жат. Шашқа бойжеткен мен оның жеңгелері ерекше құрметпен, күтіммен қараған. Халық өлеңіндегі «Көрінер қыздар сұлу шашбауымен, бұрымын кейін сілкіп тастауымен» деген жыр жолдары бұл сөздерімізге дәлел. Тағы да қазақта мынадай ырым-тиым бар: «Қыз басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ – жаулық, қара – қайғы».

«Жалпы ұлттық киім, әсіресе, бас киім – әйел адамның әлеуметтік мәртебесін, жас ерекшелігін айқындап тұратын дүние. Қазақ қыздары тұрмыс құрғанға дейін бөрік, тақия сияқты жеңіл киім киіп жүрген. Шашы жалпы ашық тұратын болған. Қыз ұзатылған кезде сәукеле кесе, ұзатылып, тұрмыс құрғаннан кейін де жас келіншек жаулық деп аталатын жеңіл бас киім киген. Алғашқы баласын дүниеге әкелгеннен бастап әйелдер кимешек киетін болған. Мұның барлығы қазақи ортада әйелдердің әлеуметтік мәртебесін, олардың қоғамдағы орнын айқындайтын сатылаған киім үлгілері болып табылады» – дейді Тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф Досымбек Қатран [1].

Камал Бұрхановтың мына сөзі: «Казашки не одевали хиджаб. Казашки вели спартанский образ жизни. Они наравне с мужчинами на коне скакали. Вместе воевали». Тіпті, қазақтар шашын көрсетіп жүргендіктен, Алтыншаш, Сұлушаш деген аттар болғанның өз қыз балалар бастарын еш жаппағанын дәлелдейді. «Орамал – ол тек тұрмысқа шықты дегенді білдіреді.

«Мен басына орамал салып жүргендерге еш қарсы емеспін. Біздің аналарымыз да ақ жаулық салып жүретін. Алайда арабтардың бетпердесін жамылып жүру, бұл біздің салтымыз емес». Бұл жолдардың авторын да бірден таныған шығарсыз? Дұрыс. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Міне, менің де айтпағым осы еді [2, 4 б.].

Діни сауатсыздығының нәтижесінде жастарымыз сақал қойып, шалбарының балақтарын қысқартып тастайды. Қара көйлек киіп, беті-аузын түмшалаған қыздарымыздың қатары көбейді. Бұл біздің дәстүрімізге де, халқымызға да жат. Бұған заңнамалық деңгейде тыйым салу мәселесін пысықтау керек. Қазақ қара киімді қаралы кезде ғана киеті, – деді Мемлекет басшысы [3].

Кимешек кигізу салты – дәстүрлі ортадағы келіншектің балалы болған күннен бастап киетін баскиімі. Бұған келіншек өзі де дайындық жасайды. Енесінің, абысын- ажынының көмегімен Кимешек пішіп, әшекей кестелерін өзі тігеді. Екі жағы мен маңдайын айналдыра түрлі-түсті жіптермен кестелейді, кимешек жағы тұсындағы жалпақтығы кестесі екі-үш елідей болады. Өрнегін өз қалауынша таңдайды.

Жас келін перзентті болып, ол қыркынан шыққанда енесі: «сен енді санатқа қосылдың. бұрын бала едің, енді ана болдың. Енді осы үйге толық мүшесің», – деп келінінің маңдайынан сүйіп, батасын білдіреді. Содан соң ауыл әйелдері, бәйбішелер әдейі жиналып келіп, келінге үйінен келген киелі киім кимешекті өз қолдарымен кигізеді. Оны келіннің енесі ұйымдастырады. К. кигізген адам келіннің енесінен сый алады. Арттағы әке-шешелері бұл баскиімді қыздары тез балалы болсын деп сандыққа әдейі ырыммен салады. Бұл киімнің киелі болуы да осы ырымнан. кимешекте, жаулық та ана болған әйелдің белгісі екендігін көрсетеді. кимешекте қасиетті киімге жатады. Кимешектің ана мен баланың тазалығы үшін маңызы зор, көшпенділік өмірге келтіреді. Кимешекке тігілетін кесте әйелдің жас мөлшеріне қарай таңдалады. Жас келіншектер неғұрлым көркем айшықты өрнектерді тігіп, әдемі киінуге тиіс. Ал егде әйелдер кимешектің жағын онша әшекейлемейді. Кестеге бояуы сұйықтау жіптерді пайдаланады. Жасы ұлғайған әйелдердің кимешеккіне жасыл, қоңыр жіптермен иір кестелер тігіледі. 30 жастан асқан әйелдер Кимешектеріне күміс теңгелер мен моншақтар тақпаған.

Кимешек – қастерлі, ел арасынан үзілмей келе жатқан әйел адамның бас киімі. Бойындағы иманы, инабаты, қорғаны, бетжүздігі, талғамы, дәрежесі, мәртебесі. Салтанат сәнімен әйелдеріміздің бетіне әр беріп келген кимешек те басқа киім үлгілеріндей өзіндік пайда болу, даму, құлдырау, қайта өрлеу дәуірлерін басынан өткізді.

Қазақтың ұлттық киім үлгілерінің көшпелі тұрмыс пен құбылмалы ауа райына бейімделе дамуына көрші халықтармен арадағы мәдени-экономикалық байланыс, шаруашылық-мәдени тип, тіршілік қамы мәдениеті әсер еткендігі сөзсіз. М. Мақатаевтың «Ақ кимешек көрінсе» деген өлең жолдарында кимешекті әжелер кигенін және ол ақ матадан болғанын көреміз яғни қара жаулық емес.

Әже, сен бірге жүрсін меніменен,  
Өліге мен өзіңді телімегем.  
Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем,  
Ақ кимешек астынан сені көрем.  
Өңі-түсі өзіңнен бір аумайды,  
Немересін ертпесе жүре алмайды.

Таныс дауыс, таныс сөз, таныс мәсі,  
Көзіме оттай басылып, алаулайды.. [4, 220–226 б.].

Қазақ халқы көшпенділер болғандықтан киімдері осы тұрмыс тіршілікке бейімді болған және бас киімдері де осыған байланысты болды. Ендеше жаулықтың үстінен 2 – 3 метр ақ матаны басына ораған, себебі көшіп – қонып жүрген, жол үстінде келіндері босанса осы матаны қолданған. Осындай 2 – 3 метр матаны баста сақтаған таза әрі қолдану кезінде басынан шешіп алу тез болды. Әрине басқада жағдайларда да қолданған матаны мысалы көшу кезінде адам өлген кезде де ақырет ретінде қолданған [5, 126 б.].

Нұрсұлтан Назарбаев Астанада өтіп жатқан «Жас Отанның» съезінде - Біз - мұсылманбыз. Бірақ исламда түрлі ағымдар бар. Және сендер - «жас отандықтар» осы ағымдарға кірген жастарды жаман нәрселерден тежеуге тиіссіндер. Оларды тәрбиелеулерің керек. Біз өзімізді мұсылманбыз дегенде халықты орта ғасырға қарай тартпауымыз керек. Бізге әр адамның пікірі маңызды. Бірақ біздің қыздарымыз бен әйелдер киіп жүрген араб киімі хиджаб біздің жол емес. Қазақ көшпенді халық болған, біздің ертеден келе жатқан өз жолымыз бар, - деді. Назарбаев қазақтардың исламдағы суннит бағытын ұстанатынын, басқа елдердің мұсылмандарына еліктемеу қажет екенін айтты.

Бүгінгі жас ұрпақ өз елінің, жерінің тарихын, ата-бабаларымыздың тарихын білуі және оның жақсысынан үйреніп, жамананан жиреніп қорытынды жасауы, сабақ алуы тиіс.

Ауыртпашылық заманда бір-біріне көмектеседі, жәрдемдеседі.

Дүние жүзіне аты мәлім ұлы бабамыз Әбу-Насыр Әл Фараби: «Тарихты білмей - өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын» деді. Сондықтан, қорыта келгенде тәуелсіз елімізде тілімізді,

салт-дәстүрімізді, тарихымызды жадынымыздан шығармай, өмірдің іс жүзіндегі тәжірибесінен туындаған көзқарастарды, адамдар күнделікті өмірінде, қандай да бір тұрғыда әрекет етуге шешім қабылдау керек.

## ӘДБИЕТТЕР

- 1 Ф. Ахметжанова. Тамыры терең төл мұра – <https://ummet.kz>
- 2 Ұ. Шүленбаева. Бас киім үлгісі. – Халық республикалық қоғамдық – саяси тәуелсіз апталық газеті. № 8 (963) 28 ақпан 2019 ж.
- 3 Қ. Дүсіпбаева. Киім үлгісінің дамуы – <https://baribar.kz>
- 4 Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт – дәстүрлері. – Алматы: «Алматы Кітап», 2004 ж. 220–226 бет. 2004 ж.
- 5 Қазыбеков Н. Дала өрнектері. Этнографиялық сипаттамалар. – Алматы: «Балауса», 126 бет. 1994 ж.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІ, ҮЛГІ ӨНЕГЕ ҚАТЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫП, САЛТ ДӘСТҮРЛЕРІ

СОЯРКУЛОВА Д. К.

оқушы, З. Хусанов атындағы № 110 ЖОББМ, Шымкент қ.

ЗАКИРОВА Д.

бастауыш сынып мұғалімі, З. Хусанов атындағы № 110 ЖОББМ, Шымкент қ.

Қазақ халқының бала тәрбиесі, үлгі-өнеге қатысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері.

«Алты жыл аш болсаң да

Атаңның салтын ұмытпа.»

Қандай халықтың болмасын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады. Мысалы, қазақтарға тән бауырмалдық, ақжарқындық, қонақжайлық. Қазақ халқының салт-дәстүрлері ұлтымыздың мінез-құлқын, қасиеттерін көрсетеді. Кейбір салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары халықтың тұрмысына, тәрбиесіне мен мінезіне, сеніміне, ырымына қарай қалыптасып келеді. Салт-дәстүрдің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор: бала тәрбиесіне, тұрмыс-салтқа, әлеуметтік мәдени салт-дәстүрлер болып үш түрге бөлінеді. Мен өз жұмысымда халқымыздың бала тәрбиесіне, үлгі-өнеге қатысты негізгі әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді суреттеуге тырыстым.

Балаға ат қою.

Қазақ отбасында нәрестенің дүниеге келуіне байланысты қазақ халқы ат қоюға ерекше мән берген. Бала дүниеге келгеннен кейін

нәрестеге үш күннен кейін атасы мен әжесі немесе ауыл ақсақалы, кейде үлкен қуаныштың үстіне келіп қалған «құтты аяқ» құдайы қонақ балаға ат қояды. Ат қою дәстүрінде халықтың ұлттық ерекшелігі, наным түсінігі, салт-санасы, арман-мүддесі айқын көрінеді. Ерте заманда қазақ елінде қалыптасқан дәстүр бойынша ат қоюшы адам баланың құлағына: «Сенің атын... (баланың аты айтылады)», - деп үш рет қайталайды. Ат таңдаған кезде түрлі ырымдар, түсініктер, тілектер ескеріледі.

Аузына түкірту

Аузына түкірту (ырым). Ертеден келе жатқан ырым бойынша қазақтар белгілі батырлар мен билерге, ақындарға, тағы басқа белгілі адамдарға жас сәбидің аузына түкіртіп немесе оның отырған орнына аунатып алатын болған. Оның мақсаты – сәби сол адамдардай өнегелі кісі болсын деген ұғымнан туған.

Ашамайға мінгізу.

Ұл бала қара табан болып, жетіге дейінгі жерден жейтін таяғынан құтылып, кез келген құрай мен шыбықты ат қып айнала шаба бастасымен өзі құралпы қыздардан бөліне бастайды. Есіл-дерті дүзеге, малға ауады. Ал қыздар көбелек қуып, қуыршақ жасап, сұлу көрініске үйір болып, үйден ұзамауға тырысады.

Қашан да тағдырын малға сүйейтін қазаққа осы малды бағу үшін бала керек.

Бала болғанда-ұл.

«Бір ұлы бардың бір ру елде малы бар, екі ұлы бардың екі ру елде малы юар. Үш ұлы бардың төрт ру елде малы бар. Бес ұлы бардың төбеден салған жолы бар, алты ұлы бардың алладан басқа несі бар» деп Еркенекті Саршуаш би айтқандай, қазақ үшін баланың көптігі жақсы. Баласы көп болса, той-томалақты да көп жасайды. Олардың тез ер жетуіне асығады. Біз сөз етпек ашамайға мінгізу осы асығыстың алды. Ашамай – ердің қарапайым түрі. Ағаштан жасалады. Кеңдігі баланың ауына лайық. Алды-артында ердің қасы сықылды сүйеніші бар. Үзенгісі жоқ. Үстінде жұмсақ көпшігі болады.

Осыны жуас атқа ерттеп, үстіне баланы мінгізеді. Ауыл қалмасын деп басында қол- аяғын байлайды. Сонан соң тізгінді балаға ұстатып, біреу атты алдымен арқан бойы жерге, онан соң алысқа жетектейді. Сөйте-сөйте атпен баланың өзі жүреді, бір-екі күннен соң аяғын байламайды. Сонымен айналасы бір жетіде атқа жақындық қанында бар қазақ баласы ашамайды тастай сап ер-тоқымға мінеді. Үзенгіге аяғы жетпесе, таралғыға салады. Өмірінің

қақ жартысы ат үстінде өтіп, ауы ерде тозатын, қамыт аяқ, қайсар қазақ алғашқы ашамайға мінгізу тойын өткізеді [2, 76 б.].

Бұл той әр әке-шешенің шама-шарқына қарай болады. Байлар ірі-қара сойып кідімгідей той жасайды. Кедейлері бүйрегі бітеу, ұлтабары толатындай майы бар лағын сойып, көршілеріне ірім жасайды. Әулеттілер күзде бие ағытып, сірге жияр бергенде бір құлынға ен салып, ашамайға мінген баласына бәсіре атайды. Жоқтар қолындағы бір биесінің алдыдағы құлынын алдын ала атап қояды. Қазақ үшін алдымен ашамайға, артына тай-құнанға міну ат жалын тартты деген – сөз азаматтың бастамасы: Өйткені қазақ баласы ұдайы жаугершілікте өскендіктен бе, әлде көшпелі өмірдің өзі қалыптастырама өмірге ерте бейімделеді. Ерте үйленеді. Мал соңына ерте ілеседі. Бұл тіршіліктің бәрі бұрын қазаққа атпен бітетін. Сондықтан ашамайға мінгізу ерекше аталады. Осы ашамайға мінгеннен бастап ат құлағында ойнау, кебенек киіп, елдің шеті, боранның өтіне шығу, сауыт киіп, садақ ұстап жау мен шайқасу, бәрі-бәрі ашамайға мінуден кейінгілер. Бұған бейімделмеген бала ер жеткенде:

«Астына ала шолақ ат-мінгізең, Алты ай мініп арытпас. Қолына қырық найза, оқ берсен, Дұшпанға бірін атып, дарытпас» - дегендей көп ынжықтың бірі болып шығады. Ашамайға баланы мінгізіп көрші-қолан, жақын-жуық жиналғанда бұрынғы даналардың жоғарыдағыдай көсем сөздері көп айтылады. Ондай ынжықтарға үксамасын деп үлкендер балаға бата береді. Ашамайға мінгізудің бір жағы баланы баулы болса, бір жағы осы батаны алу... (Күйеу келтір қыз ұзат)

Бауырына салу.

Бауырына салу (ғұрып). Баласы жоқ адамдар біреудің баласын асырап алуы яғни «бауырына салуы» ежелден бар қағида. Мұның да жөн-жоралары бар. Мысалы, жаңа туған баланы асырушы анасы шаранасымен етегіне асылып алады. Қазақтың ежелгі заңы бойынша асыраушы адам жаңа туған балаға атын қойып, оң қолына асық жілік ұстатады. Асық жілік ұстаған бала сол үйдің баласы деп есептеледі. Кейде баланың өз әке-шешесі балаға таласқан жағдайда асыраушы адам «оң қолына асық жілік ұстатып едім ғой» деп дауласады. Бұл үлкен дәлел, куәлік есебінде жүреді. Алайда, бала қайтыс болған жағдайда оның туған әке-шешесінің, аты айтылып, жаназасы шығырылады. Кейде ата, әже өзінің бірінші немересін «бауырына салып» алады. Бірақ ол асырап алғанға жатпайды.

Бесік той.

Бесік той (салт). Туған-туыстары жиылып, нәрестені бесікке салу дәстүрін өткізеді. «Бесік алып бару» - қазақтың жерге келін

болып түскен қызы тұңғышын босанғанда орындалатын дәстүрі. Бесіктің жасауын қыздың анасы даярлайды. Оған қоса киетін зергерлік бұйымдармен дастырқанға қойылатын тәттілерін салып алып барады. Алып барған китінің ішіне тоғыз түрлі заттар салады. Тоғызға бағалы киімнен бастап, ұсақ заттарға кіреді. Тойға жиналған қонақтар асқа отырып, шүйіркелесе әңгімелесіп, құдағилармен танысады. Шай ішіліп, әңгімелер айтылады. Сонан соң «бесікке салу» басталады. Құдағилары алып келген бесікті ашпас бұрын, сол үйдің басқа келіндері көрімдік сұрайды [4, 18 б.].

Бесікті ашатын әйел көрімдігін береді. Жөргектен шығарып, иткөйлек кигізетін сәбиді бесікке әйелдердің ішінен жас жағынан болсы, мінез-құлық, іс-әрекет жағынан болсын парасатты, бойы таза, инабатты, жөн білетін, ел- жұртқа сыйлы, балалы-шағалы болған бәйбішелердің бірі саналады. Баланы бесікке саларда бесікті аластау ырымы жасалады. Бұл отқа табыну дәуірінен қалған ырым. Баланы бесікке саларда бесікті саларда қарт аналардың біреуі шымшыуырды отқа қыздырып, сонымен бесіктің басын, арқалығын қарып кертеді. От пен оның исінен жын-шайтан, дерт-дербезе қашадымыс деп есептеген. Жаңа бесікке нәрестені бөлмес бұрын, бесікке салушы бесіктің жабдықтарын орындарына қойып, шашу ретінде алып келген шайлық тәттілері мен ұсақ, ақшалай сыйлықтарын араластырып, бесіктің түбек байлайтын тесігінен өткізіп, қолын тосқан әйелдерге «тыштұмы» деп, үлестеріп береді. Жаңа бесікке олар байғазаларын береді. Әкелінген бесікке көріп отырғандар баға беріп, бесік әкелушілерге киіт беріледі. Құдағилар білезік пен жүзіктерін бір-біріне сыйлайды. Бесік жыры әндері айтылып, би биленіп, көңіл көтереді.

Кекіл қою

Кекіл қою (ғұрып). «Қарағым, айналайын, кекілдім-ай, Көгілдірі аққудың секілдім-ай» (Халық өлеңі). Жас балалардың шашын тегіс ұстараман алып тастайды да маңдайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды. Оны «кекіл» дейді. Кекіл балаларға жарасымды ажар береді.

Кекіл жылқыда да болады. «Кекілін кескен кер атым-ай, Титтейден өскен бекзатым-ай» (Халық өлеңі).

Кіндік кесер

Кіндік кесер (салт). Ел ішінде «кіндік шешесі» немесе нәресте туған сәтте оның кіндігін кесетін әйелдер дайын тұрады. Кейде олардың «жол менікі» деп аталатын кездеріде болады. Кіндік кесу – мәртебелі абыройлы іс. Байыпты әжелердің шешімімен кіндік кескенәйелге «кіндік кесер» кәдесі беріледі. Кейінде «кіндік шеше»

деп аталатын әлгі әйел сол баланың анасы есепті құрметке ие болады. Кіндік баласын оның өз анасынан кем санамауы керек. «Кіндік шеше» кейін келіп бала үйінен өз қалауын ала алады. Баланың кіндігі түскеннен кейін «елдің қорғаны болсын» деп ер баланың кіндігін ат шаптырым жерге апарып көмеді. Қыз «Отбасының тірегі болсын» деп от орнына немесе тбалдырыққа көмеді.

Қыркын шығару

Қыркын шығару (салт). Ерте заманнан келе жатқан әдет қазақ туғанына қырық күн толғанда баланы қыркын шығарған. Қырық күн өткеннен кейін баланың өмірінде жаңа кезең басталады деп есептелген себебі қазақ халқының ұғымында қырық саны қасиетті сандардың бірі. Қазақ халқының ғұмырында 7, 9, 30, 41 сандары қасиетті деп есептеледі. Ұл баланы қырық күнге жеткізбей, болашақта үйленгенде қалын малы аз болсын деп, 37 не 39 күнде, ал қыз баланы қалын малы көп болсын деп 42 не 44 күнде қыркын шығарған. Нәрестенің ит көйлегін шешкен күні, яғни қыркын шығарған күні аулдағы әйелдер жиналады, ішіндегі немерелі – шөберелі болған кемпірдің бірі, немесе абысыны немесе өзінен үлкен әйел қыркын шығару ырымын істейді. Баланың қарын шашын қалаған адамына (ер адам немесе әйел адам) алғызады, одан кейін қырық қасық суды үстінен құйып тұрып, «отыз омыртқан жылдам бекісін, қырық қабырған жылдам қатсын» деген тілекті айтып шомылдырады да, баланы шешесіне береді. Бла шомылдырып ыдысқа шақырылған ауыл әйелдерің 40 қасық су құйып, сақина, жүзік сияқты заттар салады, теңгелер салған суға баланы шомылдырып, сонан соң шашы мен тырнағын алған. Сақиналарды бала шомылдырған әйелдер өзара бөліскен. Кейбір қарт әйелге көйлектік маталар береді. Баланың қарын шашын алған еркекке де азын – аулақ сыйлық береді.

Баланың қарын шашын алған соң тастай салмай, сақтап қояды. Баланың қарын шашын шүберекке түйіп, тұмарша етіп тігіп, баланың кийімінің он иығына қадайды. Бала қыркын шыққанша әлсіз болады. Сондықтан бір тал шашын тастамай, сақтау керек деп біледі. Ал тырнағын көміп тастайды. Баланы қыркын шығарғаннан кейін, ит көйлекті шешкен соң, оған тәтті бидай ғ жүгері қуырып салып, түйіп иттің мойнына байлап жібереді. Ауыл балалары итті қуып жүріп, мойнындағы «ит көйлекті» шешіп алып, тәттісін бөліп жейді. Ит көйлекті ырым деп, баласы жоқ әйелге береді. Онысы-барлық адамды қуантатын баласын көп болсын дегені. Кейіннен бұл әдет ұмытыла бастады.



Құлақ тесу.

Қыздың құлағын тесу- дәстүрге енген ежелгі ғұрыптың бірі. Әдетте бой жеткеннің немесе балиғатқа толған қыздың (9 жас, кейде одан да ертерек) құлағын тесу үшін қыздың шешесі, жеңгелері, апалары жиналады. Құлақты уқалап, жанын кетіріп, қыздырылған жуан инемен немесе кәдімгі тарымен теседі. Ол үшін екі тарыны құлақтың екі жағынан бірінін тұсынан бірін дәл келтіріп қысады. Бір қызығы тесілген құлаққа қызыл иттің жүнін есіп өткізеді. Үлкен кісілер иттің жүнін өткізсе «құлақ іспейді, қотырланбайды, жара түспейді» дейді. Халық ұғымында қыздың құлағын тесу-оны сүндеттеумен бірдей деген қағида бар.

Сүндет той.

Сүндеттеу (салт). «Һәм оның атқа мінер сүндет тойы, Тойға сойған үйінің жылқы, қойы» (С. Торайғыров), бұрыннан келе жатқан дәстүр. Ең бірінші Ыбырайым пайғамбар мен оның ұрпақтары сүндеттелген және сүндетке отырғызу Құдайдың берген өсиеті болған. Қазақ халқында бұл салт-дәстүрге айналған. Халықтың түсінігі бойынша, сүндетке отырғызудың мақсаты- бала ер жетіп, азамат болды дегенді білдіреді. Қазіргі күні қазақ халқы осы салтты «Сүндет той» деп, жерлерде үлкен той жасап, атап өтеді. Сүндетке отырғызылған балаға тай мінгізіп, келген қонақтары сыйлықтар сыйлайды. Бұрынырақта атқа жабу жауып, ашмай салып, сүндетке отырғызылатын баланы отырғызып, алдына қоржын іліп, туған-туыстарын тойға шақыртуға шығарған. Қазіргі кезде арнайы шақырту билеттерін жасап, оның сүндетке отырғызылатын баланың суретімен шығарады немесе ауызба-ауыз шақырылады. Той басталғанда кейбір жерлерде, арнайы ұлттық киім киіндірген баланы атқа отырғызып, жиналған қонақтардың алдына шығарады. Отырғызатын атын өрнектелген кілемше жабулармен безендіреді. Шашуларын шашып, байғазыларын береді. Тойды өткізетін асаба қонақтарын жайғастырып отырғызып, тойды бастайды. Той бастар өленімен келген қонақтарын қарсы алып, тілектерін айтқызады. Тойға арнайы келген жақын туыстары тілектерін айтып, сыйлықтарын сыйлайды. Би билеп, өлеңдер айтып, ойындар ойналады.

Тымаққа салу

Тымаққа салу (дәстүр). Ел арасында «шала туып тымаққа салып өсірген екен» деген сөздер жиі естіледі. Халықта әдетте шала туған сәбиді осылай өсіретін ғұрып бар. Оның себебі шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі бөлеуге ыңғайлы болады. Және сәбидің неше күні кем болса, сонша күн керегінің әр

басына ілініп қойылатындықтан күн кереге басы арқылы есептеледі. Мысылы: қырық күн кем болса, керегенің қырқыншы басынан кейін бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған баланың рәсімі жасала бастайды. Айталық, ат қою, бесікке салу т.б. (Егер бала қыста туса, онда үй қабырғасына бір неше жерге шеге қағылып ілінеді.

Тіл ашар

